КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

8



КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Сегізінші том

КҮЗГІ ШУАҚ

Өлеңдер, поэмалар, толғаулар мен одалар

"Фолиант" баспасы
Астана - 2009

УДК 821.512.122
ББК 84 Каз 7-5
С 18

С 18 Салықов К.
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.
Т. 8. Күзгі шуақ. *Өлеңдер, поэмалар, толғаулар мен одалар.*
– 448 бет.

ISBN 9965-35-744-7

48843

Белгілі ақын Кәкімбек Салықовтың көптомдық шығармалар жинағының сегізінші томы болып табылатын «Күзгі шуақ» атты бұл жыр жинағына негізінен ақынның үстіміздегі ғасырдың алғашқы бес-алты жылы мұғдарында жазылған өлеңдері енгізілді. Сан тақырыпқа қалам тербеген сергек ойлы ақын жырлары оқырман қауымды бей-жай қалдырмасы анық. Ал жинақтың екінші бөліміне топтастырылған поэмалар, толғаулар мен одалар да шалқар шабыт нәтижесінде дүниеге келген туындылар.

Кітап көпшілік өлеңсүйер қауымға арналған.

С 4702250202
00 (05) 09

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN ~~9965-35-744-7 (Т. 8)~~
ISBN 9965-35-115-5

© Салықов К., 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009

КІСІЛІКТІҢ КІЛТІНЕ ИЕ

Кәкімбек Салықов шығармашылығы хақында өрбіген ой

Өмір көшінің бір биікке шыққанына күмән жоқ. Өйткені Кәкімбектің жасы алпысқа толып, «қариялардың» қатарынан орын алғанына да біраз күн болды. Оның шашы отызға жетпей-ақ ағарып кетті. Кен инженерінің өмірі, әрине, оңай емес. Ол далада жүріп жылқы қайыру емес. Ол қой соңында жүріп әндету емес. Ол – жақсы мен жаманды, асыл мен жасықты айнытпай тану, айыру. Әр қадамы өлімге апаратын қауіпті қайткенде де аттап өту. Өзіңді де, өзіңе сенген бір топ жер астының батырларында өлімнен сақтай білу. Міне, Кәкімбек Салықов атты кен инженерінің өмірінің алғашқы он бес жылы осындай қауіпті күндермен ұштасып жатты. Бірде жеңіліп, бірде жеңіп, бірде жығылып жүріп жас инженер аз жылдың ішінде шахта бастығына дейін көтерілді. Менің оны көрген, кездескен тұсым осы тұс.

1964 жылдың күзі еді. Сол кезде біздің комсомолдың Орталық Комитеті жапай талант іздей бастады. Талант іздеуге орыс әріптесім Валерий Антонов екеуміз алдымен Қарағандыға бардық. Ешкімді кездестіре алмадық. Алдамжар Теміржанов ақынның үйінде конақта болдық та, ертесіне Жезқазғанға аттанып кеттік. Жезқазғанда орыс жастарының әдеби бірлестігі бар екен. Антонов көп таланттардың ортасына кірді де, айы оңынан туып жарылқанды да қалды. Маған ешкім ұшыраса қойған жоқ.

Қалалық комсомол комитеті бір-екі қарияның аттарын атады. Менің іздеп жүргенім жастар еді, әрине. Атақты «Покро-15» атты шахтаны көре кетейік деп Валерий екеуміз рудникке бардық. Бізді шахта тереңіне менен гөрі кекселеу жігіт бастап жүрді. Тереңде көп жүргеміз жоқ. Ол шахта жайын өзінше айтқан болды, біз бәрін түсініп қайтқан болдық. Сыртта машинасы күтіп тұр екен. Ішімнен ойлаймын: «Дәу де болса мына жігіт бастықтардың бірі болды-ау» деп.

Бүкіл Жезқазғанда мені танитын бір адам жоқ еді ол күнде. Сондықтан әлгі инженердің тілегін екі етпестен соңынан ердім. Жеңгеміздің ыстық ықыласына риза болдым. Бейне ескі достарын көргендей қуанып қарсы алды. Біраз әңгімелесіп отырдық. Үй иесінің жұмыс бөлмесінде кітап көп екен. Сол көп кітаптардың ішінде қолдың басындай менің де төрт-бес жинағым көзіме жылы ұшырады.

– Ептеп бала күннен өлеңге әуестігім бар еді. Бәрі мына дәптерде. Ренжімесеңіз көрерсіз... – деді үй иесі қызара қипақтап. Қалың мұқабалы дәптерді ашып оқи бастадым. Әрине, өлеңге ынтық көңіл ғана бар еді ол дәптерде. Өзіме сәл-пәл ұнаған үш-төрт өлеңін көшіріп беруін сұрадым және сәті келсе «Лениншіл жастың» бетінен оқып қалуы мүмкін екенін айттым. Мен Кәкімбектің өлеңінен гөрі өзімнің мүмкіндігіме сендім. Біраз өндесем, сақал-мұртын бассам осы бір өлеңдерді оқырманға ұялмай ұсынатын дәрежеге жеткізермін деп ойладым. Ойлағаным іске асты. Айналасы он шақты күннің ішінде инженер Салықовтың бір топ өлеңі менің шағын алғысөзіммен жарық көрді. Көп өтпей Кәкімбек Алматыға келді. Партиялық жұмысқа ауысыпты. Тағы да бір топ өлең ала келіпті. Ол өлеңдерінің шығуына да қол ұшын бердім. Өлең туралы өзім білетін «құпияларды» оған да түсіндіре бастадым.

Кейін партиялық лауазымы мен ақындығы қатар өсе бастады. Екінші жинағын да алдыма алып келді. Ескі әдетіммен әр-әр жерін сызғылай бастап едім, ағамыз жақтырмаған кейіп танытты. Содан соң жүгіртіп оқып жинағын өзіне бердім. Мен бұдан кейін оның өлеңдеріне сын-пікір айтып әуре болмайтындардың қатарынан табылдым. Өйткені Салықовтың қаламынан туған жырларды Алматы газет-журналдары таласа басатынды шығарды.

Оның «Жезкиігін», «Бір ауыз сөзін», «Жылжиды аққуын», «Аққу жеткенін», «Ұларым» деп басталатын ән-өлеңдерін республика түгел айтып жүр. Әуесқой композиторлардың дені Кәкеңе ән жазғыш. Бұл – қызығатын бақыт. Кәкеңнің өзі де домбыраны консерватория бітірген домбырашылардан кем тартпайды. Өзі де қыза-қыза кеп ән шығарды. Өзінің ұлы бабалары Біржан мен Ақанның, Үкілі Ыбырайдың жалғасы осы Кәкімбек екеніне таласудың қажеті жоқ. Ақын Кәкімбек. Әкім Кәкімбек. Әнші-композитор Кәкімбек. Бірін-бірі толықтырып тұратын бақыт. Әрине,

әкімдігі ақындыққа аздап зиян келтірді. Оны дәлелдеудің қажеті жоқ. Кәкімбек досым қарақалпақты коммунизмге жеткізем деп жүрген бес жылда өлең жазған жоқ. Неге екенін бір Құдай білмесе, адам білмейді. Мүмкін, тоқырау болған шығар. Және Алматы да ақынға бұрынғыдай ыстық ықылас көрсете қоймады. Таласып басатын газет-журнал Салыковтан сырт айналды. Неге екенін адамның пиғылынан, адамдық қасиеттен іздемесек, қайдан іздейміз?..

Кәкімбек Салықовты менімен достастырған да, бауырластырған да оның жетім тағдыры мен ән-жыры, өлеңдері.

Мен Кәкімбектің бар жазғанын бас шұлғып қабылдаған кісі емеспін. Сәттілеріне қуанып, сәтсіздігіне үнсіз ренжіген аз достарының бірімін. Шіркін, қошемет-ай! Әкімге жасалсаң да, ақынға жасалмағаның жөн еді-ау!

Кәкімбек шығармашылығын сынаған екі жігітті білемін. Бірі – Әділбек Абайділданов. Тамаша ақын. Табиғаты таза, әсем жігіт. Соның жазған рецензиясын баспадағылар Кәкеңе көрсетпеді-ау деп күдіктенем. Ол Кәкеңнің өзіне пайдасы бар рецензия еді. Одан кейін талантты ақын іниміз Кәкімбектің бір жинағын Жазушылар одағының жылдық қорытындысында адал сынады. Іниміздің сынына дау айтқан біреу: «Кәкімбек мемлекет қайраткері, оны байқап-байқап сынаған жөн», – деп қалды. Мен ішімнен Сәкен Иманасовты жақтадым. Өйткені бір өткір сын Кәкімбек ақынның шығармашылығының беделін өсірмесе, түсірмес еді. Жүйрікке де қамшы керек. Әйтпесе, жалқауланып, семіріп кетеді ғой. Жазғанымның бәрі алтын дейтіндер – адасқан кісілер. Нағыз талант өзіне-өзі күдіктенумен өтсе керек. «Мен ақынмын ба осы, Тұмаш?» – деп Мұқағали ағам менен сан рет қиылып сұрайтын еді. Мен әрдайым: «Сен үлкен ақынсың, Мұқа», – дейтінмін. Ол сенер сенбесін білмей басын шайқап, менің кабинетімнен шығып бара жатушы еді.

Салықов – мейірімді талант. Оның өлеңдеріндегі жұмсақ лиризм оқушысын қуаныш бесігіне бөлеп, тербеп тұратын сияқты. Өзіне әке орнына әке болған, тәрбиеші ұстаз болған туған нағашысы қатты науқастанып жатқанда Кәкімбек «Сусын жұтшы, ағатай» деген өлең жазды. Өлең басынан-аяғына дейін адамға деген махаббаттан, жанашырлықтан жаралған. Бұл өлеңді оқып отырып, автормен бірге:

Нәр татпай жүзің жұқарып
Қалыпсың жүдеп мұқалып.
Сағынып, аңсап келгенде,
Сауығар деп сенгенде
Сусын жұтшы, ағатай, –

дегің келеді. Хал үстінде жатқан адамға аяныш сезім жүрегіңді де бір шуақты мейірімге бөлейді.

Кәкімбекті жастықтың, махаббаттың, достықтың жыршысы деп айтуымыз орынды.

Қуансақ та есен деген хабардан,
Кездесуде, жүздесуде бар арман.
Тірліктегі тату-тәтті күндерің
Кездесу мен қоштасудан жаралған, –

дейді Кәкімбек. Шын сөз. Кәкімбектің өмірі ылғи біреуге деген сағыныштан, өксіктен, өкініштен ада болған емес.

Мен Кәкімбектің анасын көрген кісі емеспін. Бірақ оның өз анасына жазған өлеңдеріне қарап, мен сол бір арманы көп аяулы жанды шын жүрегіммен жақсы көріп кеттім. Бейне Кәкімбек пен Шотаға еріп барып, сол Сырымбет тауының етегіндегі аласа тоқал тамдағы ананың қолынан дәм татқан сияқтымын. Оның кездейсоқта суалған жанарына қарап, жаным ашып, қалай ғана жақсылық етуге болады деген қиял құшағына кіріп кеткенімді өзім де байқамай қалам. Поэзияның, өнердің күші деп біз осыны айтуға тиіспіз.

Кәкімбектің «Ескі үй» деген елеусіз өлеңінде бір ұрпақтың өмір жолы тұр. Сөнген үміт, өшкен от, кешкен ғұмыр сені де жетім ойларға алып келеді.

Біз тұрған үй қоныстап –
Қуаныш-қайғы шеккен үй.
Аттанарда соғысқа
Әкем салып кеткен үй...

Албыртқан жасым күйініп,
Кеудеме қонды күз менің.
Іздедім үнсіз түйіліп
Анамның басқан іздерін.

Іздедім, қайдан табамын,
Анашым, сені жаны гүл?
Бақытты, ерке бала күн
Көзімнен ұшты тағы бір.

Кәкімбектің алғашқы жинағына кірген бұл өлеңнен-ақ ақынның қалам күшінің осал болмайтынын аңғару қиын емес.

Өзінің балалық жетім күндерін, сол жетім күндердің жарық жұлдызы – жан анасын, ақылды аяулы нағашысын Кәкімбек көп өлеңдерінде жиі-жиі еске алып, тебіреніп толғайды. Мүмкін, бұл ақынның өзінің балалығына деген сағынышынан шығар. Әйтпесе, қимайтын, қилы ойларға жетелейтін туыстарға деген ілтипаттан шығар. Отанымен ошағына адал қаламгер жалпы қоғамға да, айналасына да опалы болмақ. Жанбай жатып бықсып жүретін, айналасына сүйкімі жоқ кісіден қайбір тәуір ой, парасат шығар дейсің?! Бықсығандар бықсыған қалпында өзі де, басқаны да түтінімен улап дүниеден өтпек. Ондайлармен Кәкімбек ауылы көрші қонып көрген емес.

Кәкімбек азғантай жолдармен сурет салуды жақсы көрді. Бұл – оның өзіне тән қасиеті.

Ол киіктер туралы көп жазды. Сарыарқаның сағымының ішінде бұлдырап жүрген даланың еркелері – киіктер Кәкімбек ақынға дән риза шығар.

Киіктер – ақындықтың, адамдықтың символы. Тазалықтың, өмір таңының баламасы. Сондықтан да ақын осы бір тақырыпқа қайта-қайта оралып соғады. Оралған сайын тың образ, тың ой айтады. Біз сонысына қуанамыз. Атақты «Жезкиікті» Қазақстан түгел айтты дедім. Демек, ол халық дүниесіне айналды. Енді ақынның «Топ киік» деп аталатын өлеңін оқып көрейік:

Қара мойыл қос жанары молтілдеп,
Жел кернеген танаулары елпілдеп,
Көз алдымнан бір топ киік өткенде,
Қала берді шоптің басы желпілдеп.
Шаң бұрқырап арттарынан екпіндеп,
Құлшынтады қанат байлап жеткің кеп.
Жете алмадым,
Ішің удай ашиды-ау,
Уа, сұлулық, менен алыс кеттің деп.

Ақын сұлулық алдында қарусыз. Оған салса, ен даланың еркесіне ок шығару күнә!

Шіркін, сұлулық! Біз байғұсты окка да, отқа да апардың-ау сен! Шіркін, сұлулық, ақын біткеннің пірісің ғой сен! Біз болмасақ, сені басқа жабайы көздер көрмейтін де сияқты. Көргенмен табынып бағаламайтын сияқты. Бізді әлсіз ғып, сендерді неге сонша мейірімсіз ғып жаратты екен табиғат? Ақын әулеті жаралғалы бері жырлап келеді. Біреуіміз Мәжнүн боп дала кезіп кеттік, біреуіміз жендет оғынан мерт болдық. Біреуіміз сенің шапағатмейіріңді көре алмаған соң айғайлап арақ ішіп кеттік. Сен бізге емес, айлакерлерге, жүрексіздерге, сырты сұлу, іші қуыстарға бұйырдың көбінде. Сол үшін де ақын әулеті саған аздап өкпелі, сұлулық!

Кәкімбек сексенінші жылдары «Мәңгі шырақ» кітабынан кейін сонеттер жаза бастады. Маған бұл сонеттері құрылымы, ойды беру жағынан аса бір үлкен жаңалық болып көрінеді. Ақын осы тұста өзінің ақындық биігіне жетіп те қалып еді. «Қырандар», «Ұрпақ сыры», әсіресе, «Еңлік гүл» дастандарынан кейін оның сонетке келуі заңды да сияқты еді. Осы тұста Кәкімбек жырларына баспа есігі тарс жабылды. Ағындап шауып келе жатқан ақын ойы бір үлкен қақпаның ар жағына кеп тұрды да қалды. Осы бір зорлық оның көп жылдар үндей алмай қалуына әкеп соқты ма деп те ойлаймын.

Қызғаныштың қызыл иті Салықовты да оңдырмай қапты. Ол сол соққыдан көпке дейін түзеле алмай жүрді. Көп жылдан кейін былтыр жаңа жинақ әкелді. Ол кітап осы үстіміздегі жылы оқырманның қолына тимек. Дүниеге жаңа келетін кітаптың алдын ала жолын бөгемейік. Оқырман толысқан, дүниеге біртүрлі салқын тартқан ақынмен ұштасады.

Белгісіз шахта бастығынан бүгін белгілі ақынға, мемлекет қайраткеріне жеткен аяулы досым, бауырым Кәкімбекке алатын асуларың көбейе берсін демекпін. Мен оның өз айналасына сәулесін төгіп, жақынын қуантып, жатын жақын тарта беретініне сенемін.

Көрер жылың, төгер жырың көп болғай, Кәке!

Тұманбай Молдағалиев,
«Халық кеңесі», 23.01.1992



Бірінші бөлім

ӨЛЕҢДЕР

ЖЕТІСУДЫҢ ЖАҢА ӘНІ

Жетісуға бұйырған мәңгі белгі,
Сыр төгейін сен жайлы әрлі-берлі.
Қайта түлеп қалды деп Талдықорған,
Ақын Сара толқыған әні келді.

Қуанғандай Құлагер шаңдағына,
Ақын Ілияс қарайды жан-жағына.
Алатаудан ерекше сарқырады,
Жеткендей боп Жетісу арманына.

Толқып кетті асулар сан қабатты,
Соққылатты өзендер жарқабақты.
Мұқан аға әндетті Біржан салдай,
Жалау етіп бақытты махаббатты.

Қайта туды, құтты өлке, мың қорғаның,
Жаннат төрге қарашы нұр қонғанын.
Ел сүйсінді елжіреп, елең етіп,
Нар тұлғасын көргендей Нұрмолданың.

Егемендік нығайтса елдігімді,
Талдықорған, қорғадық тендігінді.
Жетісудың жаңа әнін шырқап жатыр,
Балқаш жақтан желпіген жел бүгінгі.

17.01.2001.
Алматы

ТІЛЕЙТІНІМ

Салық Зимановқа

Жүз құбылса өмірдің арай таңы,
Жүзі өзгерді кей достың маңайдағы.
Жүдеп қайтем ондайға,
Жолы болсын,
Жаны сыздап өтті ғой Абай-дағы.

Біреу сыйлар сүйікті ақыным деп,
Біреу қимас қымбатты жақыным деп.
Мен не дейін...
Бұл күнде аулақ жүрсе,
Дос болғандар бір кезде әкімім деп.

Қандай жарға сокса да заман селі,
Құлқы таза қалсыншы адам тегі.
Қарайлама, жалған дос,
Жолың болсын,
Күндер өтті байлаткан маған сені.

Өмір қызық, тамаша майдан алаң,
«Көп достарың, – демеші, – қайда қалған?»
Жаман достар адаскан мал секілді,
Берген Құдай бір өзі айдап алған.

Кештім дүние сан дүркін салған зарын,
Дені таза достықты армандадым.
Барға мәзбіз, беу, тағдыр!
Тілейтінім –
Көпсінбеші қасымда қалғандарын!

20.02.2001

АЛМАТЫНЫҢ АУАСЫ

Алматы ерке сұлудай,
Ауасы шапшаң өзгерді.
Ауысып оқыс жылу да,
Аяз да аңқып тез келді.

Көп сақтауға жоқ шыдам
Нарықтан тозған жүректі.
Тымырсық, сылбыр көк тұман
Тұмшалап жанды жүдетті.

Ауаға бәрі лайық,
Жасамайық ғаріптік.
Шыр бұзбай бекем шыдайық,
Ашылар аспан жарықтық.

Басылар бәрі, қар кетер,
Тұман да тұрмас бұланғап.
Күлімдеп көктем жарқ етер,
Гүл таққан қыздай сылаңдап.

02.03.2001

АУЛАҚ ЖҮР...

Тайға да мініп шаптық та,
Асаумен бастық көңілді.
Бармадық сонда сақтыққа,
Қатерге қиып өмірді.

Үйретіп асау зауладық,
Таласып жолға қарысып.
Әумесерден аумадық,
Өмір мен өлім жарысып.

Тас қопарып тайталас,
Шыңыраудан алсақ таза кен,
Ойнаппыз-ау, жанталас,
Қасында жүрген қазамен.

Шырғалаң шырқау тосын үн,
Бәрі де шапшаң келте еді.
Есейген күнде осының
Көрінді бәрі ертегі.

Болса да қаза қасымыз,
Селт етпейді санамыз.
Ұлғайған сайын жасымыз,
Өлімнен ұзап барамыз.

Көсілген сайын әріге,
Хабарым аз тыныстан.
Аулақ жүр, өлім, әлі де,
Қол тимейді жұмыстан.

02.03.2001.
Алматы

ҒҰМЫРЫМ

Жазғы жасыл орманға кіріп алам,
Сал табиғат жауады нұры маған.
Сұлулыққа ақ қайың қанықтырса,
«Окжетпестің» бойыма пірін алам.

Ем табамын көңілде көп күйікке,
Есен қалам күн сүйіп, тез күйіп те.
«Жезкиіктің» ұмтылам қанатымен
Жібек самал кең жазық, зор биікке.

Туған елдің бәрі де асыл сыйы,
Қайран жүрек салады асыр жиі.
Аққу әнін жалғаса өткен ғасыр,
Жаңа ғасыр жаңаша тасыр күйі.

Шабыт берген осы ғой бар ғұмырым,
Сайда тоты ұлғайтар жан сыбырын.
Қырда жылқы шұрқырап, дүркіресе,
Жалғастырар кеудемде ән дүбірін.

30.01.2001.
Алматы

ЕЛ ТОЙЫНА СЕП БОЛАР

Жұбайы ұл тапса да,
Қыраны түлкі қақса да,
Той жасайды қазағым,
Жалғыз атын сатса да.

Бәйгесін күтсе өріміз,
Әндетіп жатса төріміз.
Той дегенің қашанда,
Театрланған көрініс.

Ақымақ айтар бергенін,
Ақылды айтар көргенін.
Өлеңге қостым тойларда,
Жүректің екшеп тергенін.

Мақтаншақ айтар өз басын,
Зерлі адам айтар жолдасын.
Қызғыштай қорып шындықты,
Кеншідей тердім қорғасын.

Гәп болмас ішкен-жегенім,
Барладым ойдың тереңін.
Аңсарым ауды асылға,
Табам деп жұрттың керегін.

Мәйегі сол ғой ұққанның,
Ұшқыр сөз аулап ныктандым.
Ынтық зарым сарқылмас,
Сұлулыққа сұктандым.

Келген жоқ босқа сабылғым,
Шабытты шақта ағылдым.
Қиядан қағар асылды,
Қанаты бар жанымның.

Қызығы шағын бұл фәни,
Құзырын білсек біз тани;
Ақылмен тойды өткізу –
Қашанда азық рухани.

Сұлу сөз жинап жүйелі,
Іздегіш дәстүр киелі,
Асабаның алғырын,
Алқа той сыйлап, сүйеді.

Айтқанын ұқтым арыстың,
Ұшқынын таптым намыстың.
Ақиық алғыр қырандай,
Асабалармен табыстым.

Қағытпа сөздер шекітер,
Дегізбес: Бекер төкті тер...
Бәрі де ұлттық өрісті
Таспалап өріп бекітер.

Жүйріктер талай жетілді,
Дүлдүлдер бар ғой не түрлі.
Әрбір ой маған ой салды,
Жап-жаңа кітап секілді.

Көргенді жаздым көз тояр,
Ұғынсын ұрпақ ок жонар.
Үйдегі тойлар жақсы өтсе,
Ел тойына сеп болар.

08.04.2001.
Алматы

АЛАТАУДЫҢ АҚИЫҒЫ

Амангелді Дінұлына

Биікте ақын болып самғасам да,
Әкім боп жердің бетін шарласам да...
Алдымда жайраң қағып қарсы алады,
Өзіңдей жақсы інілер әрқашанда.

Бойыңа жарасып тұр ар биігі,
Екі көз қырағы екен әр қиығы.
Құмарттым бір көргеннен мінезіңе,
Самғауық Алатаудың ақиығы.

Айтыстың атасындай ағындадың,
Тапты ғой ұлы дәстүр бабын жаның.
Егемен елдің туын тік көтеріп,
Мәңгілік сөнбес оттай жалындадың.

Жігітсің жақсылыққа құмар жаның,
Бір емес сенің асыл мың арманың.
Әкелді туған елден үлкен алғыс,
Қасымның қос кітабын шығарғаның.

Саялы болсаң елге біткен шынар,
Жемісің қаулап шықты күткен құмар.
Аруағы Абылай ханның қолдап сені,
Жарылғап батыр аунап түскен шығар.

Біреуі алдымызда ақ міндеттің,
Атағын асқақтату Тәттімбеттің.
Қасыңа мен де еріп ту ұстаймын,
Тасыған жырмен қосып ағынды екпін.

Осы ғой өміріңнің бұла шағы,
Әр ісің ұлан-ғайыр сыр ашады.
Дәстүрін туған елдің жалғап жүрсең,
Есімің ұлылармен ұласады.

Затыңа атағың сай, Амангелді,
Бақ құсы тура заулап саған келді.
Қашанда шарықтасын, жалықпасын
Қанатың жарылқаған тамам елді.

ЕСТЕЛІКТЕР ЖЕЛІСІ

Төлеген Досмағамбетовке

Дүлдүл інім,
Тойлы думан кешінде...
Жарысып тұр көп естелік есімде.
Бара жатқан секілдісің сен маған
Мұхтар, Қаныш, Евнейлердің көшінде.

Бізге қанық
Жаным құштар кей сырың,
Бірге өтті ғой
Зер салдырған дер күнің.
Мұхтар аға мүсінін талдап, тәптіштеп,
Евней ағам сені дана дейтұғын.

Қысқа сөйлеп, ыстық сезім жалғайтын,
Нұсқа табар алды-артын ол барлайтын.
Тірі жүрген арыстардың ішінде,
Күй таряны Нұрғисамен парлайтын.

Билік құрған хандай «Алтын Ордаға»,
Одан артық керек қандай зор баға?!
Сен орнатқан мүсіндерді қолпаштап,
Нұрғиса да куанатын қомдана.

Әлібиді көріп шаттық жеңгендей,
Тез қағытты Нұрағаң сұр мергендей.
Деді сонда: «Пәлекетің бар сенің,
Кішкене ағаш үлкен алма бергендей.

Тоқта, – деді, – толқып кеттім, сыр етем,
Алатауға сәйкес мүсін дүрі екен.
Булығар деп «Үлкен үйден» шошынам,
Бұл ескерткіш «Күн көсемнен» ірі екен...»

Әне, солай келді ағаның айтқаны,
Құрсауға алды идеологтар қақпаны.
«Әліби неге Лениннен зор болды?»
Деген сұрақ талқылауда қаптады.

Дәл Төлештей біл мен тілге жатықты,
Бар пәлені жалғыз сөзбен атыпты:
«Әліби ағам Лениннен бойшаңдау», –
Десе жұрттың ішек-сілесі қатыпты.

Көкшетауда ескерткішін Шоқанның
Көрген сәтте бір басшысы Отанның:
– Айырбастайық Алматыда Шоқанмен, –
Деген екен, – қарқынынан от алдым. –

Мен арнасам бүгін өлең – жан құсын,
Бесін емес,
Туды шаңқай тал түсін.
Осыменен естелікті тоқтатам,
Құтты болсын, Төлеш, жеткен алпысың!

Акан сері саған алғыс үйеді,
Кісінейді Құлагер де киелі.
Бірге тұрған секілденіп Біржан сал,
Ақын Сара екі беттен сүйеді.

Абай, Шоқан, Мұхтар келсе ойыма,
Қаныш, Ахмет бой қосыпты бойыңа.
Еркін, Санжар соңдарынан ергендей,
Құттықтап тұр бәрі келіп тойыңа.

13.04.2001
Алматы

ҚАСЫМҒА

Поэзия әлемінде асыл шың,
Ақын Қасым,
Хан Қасымдай батылсың.
Қатал күнде айбат шеккен шендіге,
Қасқа жолың жайнап жатқан асылсың.

Ел қанықты өлеңіңе, әніңе,
Есте қалды қара пальто сәні де.
Сені әлі де аз ардақтап жүр едік,
Міне, бүгін бетін бұрды бәрі де.

Заманында
Асау, асқақ шырқаған,
Кім бар еді қатарласар бір саған?!
Ақын Мағжан жақын тұрса Абайға,
Сен Мағжанға жақын тұрсың біртабан.

06.08.2001

ҚИМАСТЫҚ

Қуандық Шаңғытбаевқа

Жайлаған Алатауды қырдың ұлы,
Қазағың көзін жұмды, жыр дүлдүлі.
Сұңқардай самғап жүріп кете барды,
Тұлпардай тұяқ серпіп тың дүбірі.

Ұстасы дара сөздің, сара сөздің,
Атаулы бірі еді ғой дарабоздың.
Жол құтты-ау махаббаттан маза таппас,
Толқытты-ау жанын талай қара көздің.

Сүйсінтті әр шумағы дүйім көпті,
Тереңдік кемел ойды түйіндепті.
Абайдың өз інісі болса-дағы,
Пушкинді шын жүректен сүйіп өтті.

Сыры мол, тартымды зор ерді сарын,
Өзгеге еш ұқсамас қонды дарын.
Қазанат, қарапайым өр шабытпен,
Халқына жүрегінің берді барын.

Аямас артта қалған сыйын елің,
Хош, аға!
Біз үшін бұл қиын өлім.
Жұрттай көп жабысуды білмейтұғын,
Сырттай дос, аға тұтқан інің едім.

27.02.2001.
Алматы

МЕНІҢ БАТАМ

Бісміллә деген бір бата,
Құраннан шыққан дұр бата.
Өткендер жетсін жаннатқа,
Тіріні жебеп жүр, бата.

Шатасқан сақта төреден,
Адасқан сақта жебеден.
Бастықтан сақта көрсоқыр,
Халықтың қамын жемеген.

Ініден сақта ермеген,
Ағадан сақта сенбеген.
Ағайыннан аулақ қыл,
Қысылсаң қолын бермеген.

Құнсыз сақта теңгеден,
Қайырымсыз сақта жеңгеден.
Қара нанды қақ бөліп,
Кешейік тағдыр елменен.

Қанатты ерте майырма,
Тірідей достан айырма.
Сыйластық Бер, құдалар,
Нағашы, жиен, қайынға.

Шіріген сақта балықтан,
Бүлінген сақта нарықтан.
Тарығар таңды аулақ қыл,
Соғыстан елім зарыққан.

Көшең толсын шаттыққа,
Бармасын көңілің қастыққа.
Мал азайып, жұт келіп,
Соқтырмасын аштыққа.

Ұлы іске бергіз ұлағат,
Бірлессін барлық жұрағат.
Үкімет болсын ұтымды,
Ешқашан баспас бір ағат.

Ішкі даудан сақтасын,
Сырткы жаудан сақтасын.
Жақсылық бастан кетпесін,
Жамандық іздеп жетпесін.

Бісміллә деген нұр бата,
Әрқашан жебеп жүр, бата.
Қазаққа қастық қылғанды,
Қақ төбеден ұр, бата!

19.03.2001.
Алматы

БАҚЫТ ЖЕҢГЕМ

Бақыт жеңгем
Бәйкен аға тірегі,
Қыз Жібектей Төлегеншіл жүрегі.
Ел ағасын барша қазақ сыйласа,
Жалау болған жеңешемнің тілегі.

Жасыбайдың тазалығы жұғыпты,
Сырымбеттің даналығын ұғыпты.
Жетісуға Сара апасы секілді,
Көрсетіпті әз жеңгелік ғұрыпты.

Басқан ізін кең ақылмен өлшетті,
Нар тұлғамен ұл-қыз баулып жол шекті.
Жағаласпай Жарлығына Совминнің,
Ханымдарға кемеңгерлік көрсетті.

Бақытты екен Әшімовтер әулеті,
Бақыт жеңгем – сол әулеттің сәулеті.
Үлесі бар менің осы жеңгемнің,
Қазағымның мықты болса дәулеті.

Сүйеу болса асыл ару асылға,
Қолдаушысы болды берік қасында.
«Жеңгелердің маршалы» деп өтермін,
Біздер шеккен жиырмасыншы ғасырда.

ТЕБІРЕНІС

Құлагердің көз салғандай шаңына
Ақан сері құлақ түрсем зарына,
Ары таза, қаны қызу,
Тебірендім,
Жер бетінде бір қазақтың барына.

Алау қоскан азаттықтың таңына,
Өңкей саңлақ жалау тіккен маңына,
Махамбеттің аруағы дарыған,
Шын сүйсіндім адал қазақ барына.

Мейлі, таны,
Мейлің оны таныма,
Халқын сүю айналыпты заңына.
Ұлт дәстүрін ұран еткен,
Шаттандым,
Ұлағатты нар қазақтың барына.

Келген кезде жетпіс деген шағыма,
Жыр төгілсе тау суындай ағыла;
Мағжандықтың үзімі бар
Бойында,
Толқып кеттім шын азамат барына.

06.11.2001.
Алматы-Көкшетау

ЕЛ ТӨРІНДЕ ҚАРЫШТА

Нығметжан Исаңғаринге

Беу, Нығметжан, айдында зор кемесің,
Желкен жайып
Ел төрінде келесің.
Бесті асаудай қырық жаста көріп ем,
Құтты болсын бүгінгі алпыс белесің!

Батырларша нұсқап болат қалқанды,
Арпалыста бастың талай тарпаңды.
Күліп қана Джавахарлал Нерудей,
Алысқанға көрсетпедің арқаңды.

Әкімсініп жасамадың талқанды,
Ащы термен аштың қауырт әр таңды.
Орыс-қазақ ортасында сақ өсіп,
Сыйлай білдің жолдас-жора – ортаңды.

Достарыңмен моншаға да барасың,
Кейде өшіңді «мизерден» де аласың.
Желікпедің бикештердің соңынан,
Жан жарыңның құштар бабын табасың.

Раушан да сені жақсы бағыпты,
Ару-ана дана мінез танытты.
Рельстей түзу жүрсең сыптығыр,
Махаббаттың жасыл шамын жағыпты.

Егемен ел алғашқы жол басында
Болсаң
Жүрсің бүгінгі істің қасында.
Қазағымның азаматы қазанат,
Із тастадың екі бірдей ғасырға.

Үлкендердің қабыл болды батасы,
Шындықты айтсам
Тумас сөздің қатасы:
Сағадаттай армияны басқарған,
Теміржолшы болдың қауым атасы.

Шартарапқа сіңсе бойда бар күшің,
Өмір күзі ұялтпастай қалды ісің.
Баяғыда жолын түзеп алып ең,
Қарақалпақ халқының да алғысын.

Ол септігің
Көмек берген маған көп,
Сыйластыққа қоя алған жоқ заман шек.
Ұлтжандылық жеңіп кетті сол сәтте,
Құрметтедің алыстағы ағам деп.

Көріп жүрміз өнеріңнің талайын,
Жазушысың,
Тілек айтып қалайын.
Ойлы адамды ерте оятар қыз-шабыт,
Қылқаламға төксін Тәңірім арайын.

Құтты болсын келіп қалған алпысың!
Өзім көрген осы нағыз тал түсің.
Кәрі де емес, жас та емессің,
Ғажабы:
Бойда қуат, сақталады бар күшің.

Ел-жұртына белгілі зор есімің,
Әр қияда көрік тапты шешімің.
Мәскеудегі министрлік төріндей,
Айқарып аш алпыс жастың есігін.

Соңғы жылдар жүрсең бізден алыста,
Таңданбаймын көрсем ертең ғарышта.
Сәкен аға інісіндей сал-кербез,
Нығметжан,
Ел төрінде қарышта!

25.10.2001.
Алматы

ӘН-ЖҰМАҚ

Асқақ ән патшасын тыңдаттың,
Бір емес бал-шәрбат мың таттым.
Бал бұлақ кәусардан шөл қанды,
Ән-жұмбақ орнаттың, сымбаттым,
Туар ма бұдан зор қымбат күн?!

Төсіне ай қонып өткендей,
Есінен танғандар көп мендей.
Ән-шуақ баурады, балқытты,
Жер-жаһан жаңарып кеткендей,
Жүректі жүрегің өпкендей.

Қай сұлу ән салар өзіңдей,
Шаттандым қайталап көз ілмей.
Асыл ән әкетіп барады,
Қыз бала тұтатқан сезімдей,
Бозбала босбелбеу кезімдей.

12.02.2001.
Алматы

ТОЙ ДҮБІРІ

Отарлық пен бодандықтан шаршаған,
Осынау күнге болды құрбан қанша Адам?!
Желтоқсанның дүбірімен ұласқан,
Атты таңым ата-бабам аңсаған.

Сол қуаныш күннен-күнге жетілсін,
Тар бөгетті тағдыр жолдан кетірсін.
Тәуелсіз ел келіп қалды он жасқа.
Төрі шалқып, іргетасы бекінсін.

Алатауда көштің ізі өшпейді,
Құт жайлады Сарыарқадай төскейді.
Есілдегі Астананы көргенде,
Жаның толқып, көңілің қалай өспейді?!

Ортақ табыс – оның тасып-толғаны,
Ол – біздің ел сәулеттірек болғаны.
Ол – қазақтың ақ маңдайы жарқырап,
Нығайғаны бақ-дәулет пен қорғаны.

Ата-бабам жебеп, қолдап, жөптерлік,
Дербес ел боп талпынуға жетті ерлік.
Он жыл өтті,
Шырмауықтан шыққандай,
Аласапыран асуларды өткердік.

Алтай, Атырау тағдыр жолын бір кешіп,
Жетісу мен Жайық жатыр тілдесіп.
Ордабасы Ұлытаумен жалғасты,
Абылай қонған Көкшетаумен бірлесіп.

Сырласқандай самал желдің сыбыры,
Қандай ғажап ұлы тойдың дүбірі?!
Жан толқытқан
Жалғыз ғана тілек бар,
Шексіз болсын тәуелсіздік ғұмыры!
Мызғымасын Қазақстан тұғыры!

18.06.2001.
Алматы

КҮТЕР ҚАРЛЫ ЖОТАЛАР

Нұртаза Ибраевқа

Беу, ағайын!
Мынау үлкен жаңалық,
Той жарлығы дереу жетті таралып.
Жасы кіші деп жүретін Нұртаза,
Бүгін менен алды құтты ағалық.

Таң қалудың басы әзіл, арты сыр,
Шын сыйластық бола берсін салты жыр.
Мені аға деп жүретұғын Нұртаза,
Жетпіс жасқа бұрын жетті жарты жыл.

Үлкендікті қайте берем малданып,
Ала қойшы, ағалыққа бол қарық.
Қалса болды келіншектер көзтаныс,
Менің жастау екенімді аңғарып.
Ақ тілекпен айтарым сол, Нұртаза,
Екеуміз де кетпейік тез шалданып.

Мен болайын бүгін өлең арнаушы,
Ақындықтың шықсын таза зор даусы.
Аршын төстер құпиясын тексерер,
Сен жетпіске бол ақырын барлаушы.

Той әкелсе қызу қарқын үндерді,
Құшақтадың бүгін раушан гүлдерді.
Сол қарқынмен еске алайық баяғы,
Жезқазғанда бірге жүрген күндерді.

Қара бұйра шашың шапшып тұратын,
Қаракөздер көптеу көңіл бұратын.
Идеолог тырп еткізбей бақты ғой,
Аралбаев Жылқыбайдай «братың».

Ол күндердің бәрі қызық, бәрі аңыз,
Солға қарай соқтырмады санамыз.

Не десек те
Майдан кешкен Жықаңдар,
Болды әділ жол көрсетер ағамыз.

Дастарханда бір дәстүрге бағынып,
Жүруші едік үйден-үйге ағылып.
Осы тойды жалғайықшы Таразда,
Мен Жықаңды жүрмін қатты сағынып.

Қазағыма бұрып тұрар жүрегі,
Жәңгір, Мұқаш болды достық тірегі.
Хамза ағамыз сүйеу болып біздерге,
Жезқазғанның атақ-даңқы үдеді.

Сен шапқылап жүрдің егін ектіріп,
Төл төгілттің, қаулап өсті көп түлік.
Көргеніңнің бар екенін байқатты,
Бойыңдағы мырза мейір тектілік.

Оранып ем талай достық сезімге,
Қарсы алып ем бауыр басып өзім де.
Сен тағы да адалдықты көрсеттің,
Еркін аға көзін жұмған кезінде.

Қызықта да, қиындықта сеністік,
Мінезіңде жоқ ешқандай кемістік.
Еркін аға інісіндей көремін,
Алматыда бауыр-достай ең ыстық.

Жетпіс келді,
Сексен де ертең тоса алар,
Тоқсаныңда күтер қарлы жоталар.
Бәріне де томпаңдатып тың күшпен,
Ғарифаны қолтығыңа қоса бар.

Атағың зор, ізің берік жалғанда,
Құт тілеймін алдыңдағы әр таңға.
Ұл-қыздарың, немерелер қуантып,
Әлі де жет алда талай арманға.

Бесті асаудай бұрқырап тұр дер күшің,
Аруларға бер елудің белгісін.
Нұртаза едің,
Болдың енді Нұрекем,
Құтты болсын жаңа белес жетпісің!

29.04.2001.
Алматы

АРНАСЫН АЛЛА АСЫЛЫН!

Сапарбек Құнабаевқа

Құтты болсын елу бес,
Ардақты інім, Сапарбек.
Өлеңім жетсе менің дес,
Қабыл ал берген батам деп.

Бара алмас келдім шешімге,
Бірнеше сырқат қатар кеп.
Әйтпесе жетпей Есілге,
Алатауда жатар ма ек?!

Шаттыққа тойың толғай-ақ,
Бас қосып талай шын жақсы.
Әрдайым бізге болғай-ақ,
Кездескенше күн жақсы.

Арнасын Алла асылын,
Құлшынып әлі тасығын.
Елу бес деген, мен білсем,
Басталған жаңа ғасырың.

Жамандық қуып жетпесін,
Жақсылық бастан кетпесін.
Ағайын, ел-жұрт есен боп,
Құдағилар көптесін.

Ұлыңа берсін терендік,
Темірлан тапсын ерендік.
Шадияр қыз тез өсіп,
Шаңыраққа қонсын кемелдік.

01.11.2001.
Алматы

СЕРІ ҚЫЗ

Алматыдан сері қыз
Астанаға келіпті.
Жайнап кетті төріміз,
Екі көзді телітті.

Таң қалмаған жан бар ма,
Ұнап көздің жауына;
Таққан қара шалбарға,
Балағының бауына.

Жұрт амалсыз қарады,
Қызықты дос пен бақасы.
Тық-тық етіп барады,
Алтын етік тақасы.

Басындағы бөрік те,
Тамсандырды табынтып.
Жоқ өзінде көрік те,
Жіберердей қағынтып.

Жайнап естен жаңылтқан,
Жақын етпек өгейді.
Тақасына табынтқан
Сері көздер көбейді.

25.11.2001.
Астана

МАРАТ ЖАРКЕНОВКЕ

Өлең жазу қиямет-қайым талаптан
Спонсор табу...
Қиын болды-ау, Жараткан.
Марат құдам бір жинаққа жармасса,
Інім Марат, сен қалмадың санаттан.

Солай ғана оң қабағым түзелді,
Қос кітаптың жал-құйрығы күзелді.
Құдағилардың қыбын таппай жүргенде,
Енді солай қыр соңымнан қыз ерді.

Жатыр еді жел көтермей қанатын,
Бір жинағым ел сүйсініп қалатын.
Аударып ем моңғолдың бір ақынын,
Сен туғыздың қазақ оқыр сағатын.

Өз қалтаңнан қаржы көзін ашқанда,
Ағаң да бір құлаш созды аспанға.
Моңғол, қазақ жайлау жыры осылай,
Жер бетінде өлеңдетіп басты алға.

Жас та ұлғайды, уақыт өтіп барады,
Қинап жүрген бір түйіншек тарады.
Сен Күләшті алғашқы рет көргендей,
Жаңа кітап ғашық көзбен қарады.

Тойлы дүбір сен үйленген ақ таңды
Есіме алдым, көңіл қайта шаттанды.
Біз Күләштің бетін алғаш ашқандай,
Жаңа кітап Азияға аттанды.

Шын достықта аға-іні тағдыры,
Осы ағаңның бар тағдыры – ән-жыры.
Жезқазғанның қос түлегі қол қойған,
Бір ізіміз жер бетінде қалды ірі.

2001

СҰЛУ ӘН

Сұлу ән – жер-жаһанның ғаламаты,
Дыбыстан жаратылды адам аты.
Тұтанды алма ағаштың сыбдырынан,
Адам Ата, Хауа Ана махаббаты.

Ән тербеп жан анаңның жатырында,
«Әлдимен» таттың әуен татымын да.
Шыр етіп туғаннан соң әндете бер,
Жетесің арманыңа ақырында.

Ұшқан құс, жүгірген аң жақындағы,
Әндетіп өз әлінше жатыр бәрі.
Атқан таң тәтті әуенін теріп алам,
Жаңбырдың дүбірінен шатырдағы.

Әнқұмар сай мен сала, сырың мәлім,
Бәрін де жақсылыққа ырымдадым.
Баяғы қызыл ішік киген қызға,
Күй тартып, «Гәккулетіп» қырындадым.

Өзіңмен берекелі күнім менің,
Әндетсең мерекеге ілінгенім.
Ей, қалқа! Ақ білектен ұстай алсам,
Қос жүрек үндескендей дірілдедің.

Жайласа жан жайлауын әр нешік сыр.
Сұлу ән асыл сөзді мәңгі етіп тұр.
Тыңдашы, көкте жұлдыз, жерде гүлдер,
Әлемде барлық тілде әндетіп тұр.

07.01.2001.
Алматы

ХОШ, БАУЫРЫМ!

Қаранас Сейтахметовке

Байқап келем өмір, өлім жарысын,
Тірі жанға көрешектің бәрі сын.
Сұм ажал-ай,
Ойда жокта әкеттің,
Ауылымның асыл туған арысын.

Ауыр хабар көздің жасын байламас,
Мұңлы жаным қайтіп бір сөз сайламас?!
Бұл жалғаннан
Аттаныпты бакиға,
Асыл тұлға, азаматым Қайранас.

Бұлт торлады бүгін ашық көгімді,
От найзағай жерге ұшқыны төгілді.
Сол бір сәтте
Күлім қаққан Қайранас,
Қол сілтеген жұлдыз болып көрінді.

Суық хабар жидырмады-ау есімді,
Көп күрсінсем жүрек шеті тесілді.
Қайранас деп
Қайғы жұтып сыңсыған,
Естіп тұрдым аза тұтқан Есілді.

Жаңа жыл да
Кеше келген ескірді,
Бет сипадым, сонда әрең ес кірді.
Алай-дүлей ызыңдаған ақ боран
Елдің зарын әкелгендей естілді.

Ұмыту жоқ балуан тұлға бойын да,
Әрбір үйдің мұңы жатты ойында.
Кеше ғана өзін биік көрсетті,
Молдахмет атамыздың тойында.

Не демекпін ажал жетсе бауырға?!
Не басу бар кенет келген дауылға?
«Қайырын берсін қазаның» деп алыстан,
Көңіл айтам шаңырағына, ауылға.

Кәрі-жасты ақ ниетпен сыйладың,
Сыркат күнде жанталасты тыймадың.
Елің бақұл, сен бақұл бол, Қайранас,
Жаннат төрде серік болсын иманың.

09.01.2001.
Алматы

МЫҚТЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Мұқаш Елеусізовке

Зор тұлғасын берік сақтар ер кісі.
Бәрі ақылдан,
Жетсе алысқа дер күші.
Ағаларым келіп жатыр сексенге,
Ол – мықтылық, ол – асылдық белгісі.

Соның бірі, Мұқаш аға, өзіңсің,
Қос ғасырға болды талай сөзің сын.
Сексеніңде жырға орасам
Інілік
Ілтипатым ақ жүректен сезілсін.

Сен көтердің азаматтық нар жүгін.
Еске түсер сан хикая бар бүгін.
Кездескенде Евней аға үйінде,
Ақтарушы ек тарлан тарих әр күнін.

Қарай қалсақ артта айқын іздерге,
Үндеседі көңіл шерткен жүз перне.
Еске сақтап
Айтсам баптап бір кезде,
Дәрісі құт ұстаз болдың біздерге.

Асқар шыңдай көрінуші ең бір өзің.
Сүймеуші едің айтар сөздің лезін.
Ғибраты мол ақылдының бірісің,
Шын сыпайы Тәңірім берген мінезің.

Керек еді-ау бәрі асау ақынға.
Көп сөйлестік өмір жолы хақында.
Жақындығың білінетін жаны ашыр,
Сарқа сөйлеп,
Тарта берер ақылға.

Шын сыйладың
Жезқазғанның жігітін,
Болды ойында талай қызық үмітің.
Әлі есімде
Әкімдіктен қол үзіп,
Хакімдікке бұра тартқан үгітің.

Ұға білсек, бәрі жөнді осының,
Ғалымдыққа бейім болды-ау дос-інің.
Сол тілегің келді, Мұқа, ақыры,
Мен Қанышқа жақын жүрмін осы күн.

Заңғар тұлға асқақтатсақ атағын,
Дәлдеп басар
Мен де тәлім татамын.
Дана ғалым бар еңбегін паш етсек,
Жөні келер сіздің берген батаның.

Аз өлеңмен
Мәз боп көп сыр екшедім,
Тамаша ғой ұстаз ғұмыр кешкенің.
Селдіретпей қатарыңды есен бол,
Құтты болсын бүгін жеткен сексенің.

Жан емессің үлкенсініп шіренер,
Қарапайым болу сіздей ірі өнер.
Айтарым сол:

Күш-қайратың мұқалмай,
Мұқаш аға, ортамызда жүре бер!

25.12.2001.
Алматы

ЕСКЕРТУ

Жас келген соң алды-артыңды ойлайсың,
Бар ақылды тыңдағанға жолдайсың.
Ішпеймін деп кесіп айтпа, шырағым,
Бұрын ішсең...
Қайта соқпай қоймайсың.
Одан-дағы мықтылыққа бастап кет,
Тастайсың ба, үнсіз ғана тастап кет.

Өз бойыңа үлкен сенім артасың,
Байқап қалар бар достарың, бар қасың.
Кесіп айтпа...
Тартпаймын деп шылымды,
Тағдыр солай. Тағы да бір тартасың.
Жоқ нәрсеге өзіңді өзің мақтамай,
Тартпай-ақ қой еш адамға даттамай.

Бір-ақ нәрсе,
Бір-ақ нәрсе жалғанда,
Ер жігітті қалдырады арманда.
Кесіп айтпа...
Келіншекке барам деп,
Жас ұлғайып, қуат бітіп қалғанда.
Әне, сонда аспайсың да саспайсың,
Бөтен жаққа аяқты көп баспайсың.

10.02.2001.
Алматы

АҢШЫЛЫҚ

Кенжеғали Сағадиевке

Ер жігіттің құштар сәті – аңшылық,
Қыза тартса, қалар артта шаң шығып.
Таудан құсы түлкі шалса құлшынар,
Нар тәуекел, жан шықпаса қан шығып.

Ұзап кетіп шаң-тозаңнан булыққан,
Осы емес пе ақ шуақтан нұр жұтқан?!
Мұң мен шерін тіршіліктің ұмытып,
Тамаша ғой бостандыққа бір шыққан.

Қызғын шақты кім, қалайша шектейді,
Қызарғанға көңіл ұшып жет дейді.
Құралайды қуалай шапқан мезетке,
Бұл жалғанның еш қызығы жетпейді.

Қай сырымды білер дейсің маңайым,
Қызба мезет шамшырағын жағайын:
Құба жонда құйындатса жезкиік,
Қуып жетші, көріп қана қалайын.

Жан баурайды таза нәркес жолдағы үн,
Есің кетер естіп тоты толғағын.
Әр бұтадан жарқ етеді бір сұлу,
Содан деп біл қызу қанды болғаным.

Қызғалдағын дала алдыңа үйеді,
Қымыз ауа самал жел боп сүйеді.
Аққу құстың қыз баладай уыз жас,
Келбетіне жүрек шеті күйеді.

Ақ періште құс патшасы қабағы,
Ақ пейіште мың әуреге салады.
Ең қызығы: үйге оралсаң бәйбішең
Сол аққудай жап-жас болып қалады.

18.01.2001.
Алматы

ДАНИЯР ҚҰДАҒА

Менің де құдам
Құдасы болса Мұсаның,
Ардақтай берем
Алшақтамай үш адым.
Жұпар жеңгем тойында тарту сый еттім,
Жыр кітабы – өлең боп жайған құшағын.

Естелікті енді ойға шақырам,
Алатауды өзімдей мұңға батырам.
Өтіп кетті жеңешем кеше өмірден,
Бет сипасып отыруға шақырам.

Тойымызды, қайғымызды бөлістік,
Бұрынғыдан жақынырақ көрістік.
Данияр, Бақыт, Алматыда болдыңдар,
Туысымыз ең қадірлі, ең ыстық.

Ақиқатты тура айтпауға хақым жоқ,
Жүрмес едім мен өйтпесем ақын боп.
Мұса ағамның балалары үшін де,
Кеттіңіздер біздерден де жақын боп.

Өмір-өзен тоқтатпасын кемесін,
Есте ұстайық өткендердің елесін.
Кездесерміз қуанышты күндерде,
Үкілі бабам аруағы жебесін.

2001

ОҢДАСЫНҒА

Ардақты інім Оңдасын,
Өлеңмен аштым той басын.
Әйгілі әулет ішінде,
Өз жолың айқын ордасың.

Ғалымдық – берік қорғаның,
Ұстаз боп ғибрат жолдадың.
Қылкөпірден өткізді
Бәйкеннің ұлы болғаның.

Сынаушы сансыз сезілсе,
Қаулаған қауым көзінше,
Атақты әке атына
Абырой қостың өзіңше.

Басылмас асау ағынмен,
Бойыңда өршіл жалынмен,
Биікке талай жете бер
Байыпты, бапты сарынмен.

Көрінген көркем көшіңнен,
Жұрағат кетпес есімнен.
Құдағи, құда, мың жаса,
Ботакөзді өсірген.

Беу, құда, тойың сенің де,
Көкшеге тиді себің де.
Жарасып Жасыбай, Сексен көл,
Біз жарыдық келінге.

Қыздырып тойды үдейін,
Алғысты асыл үйейін.
Құдағиым Райхан,
Бетіңізден сүйейін.

Оңдасын, болдың табанды,
Баса бер алға қадамды.
Құтты болсын 50 жас,
Көтерсін Тәңірім бағаңды.

Қыдыр қонып қасында,
Бекінсін бақыт басында.
Қырандай өрге құлшынтсын,
Тағдырың жаңа ғасырда.

21.03.2001.
Алматы

ЕЛДІ ТАПТЫҢ – ЕС ЖИДЫҢ

Мүбәрәк Тыныққұловқа

Ел сыйлаған мықты қазақ атандың,
Алғы шебін бастадың ДОС-қатардың.
Ауыл, аудан, Қызылжарды аралап,
Алатаудың дәмін ұзақ тата алдың.

Қияларға туа қанат сермедің,
Аз емес қой туған елге бергенің.
Дер кезінде жақсы болды сағынып,
Қызылжарға қайта көшіп келгенің.

Көкірегіңде болған емес жат ағын,
Нарықтың да жеңдің «шимай-шатағын».
Көш көлікті, төр көрікті болғай-ақ,
Үлкені осы саған берген батаның.

Шын берілдің аруақты ана ғұрпына,
Сол мінезбен жақтың елің, жұртыңа.
Шырақтай бер,
Бірақ, қайда жүрсең де,
Көнсең болды Лиза келін ыркына.

Тасқындасын тағдыр берген ырысың,
Өрге тартсын бір ісіңді бір ісің.
Бар ағайын ақ тілегі ақталып,
Асып жатсын шығысыңнан кірісің.

Жақсы дейді «еш»-тен сәл-пәл кешіккен.
Айырмасын Алла құтты несіптен.
Үлкендерге біз де аят арнармыз,
Ауылымда Мүбәрәк салған мешіттен.

2001

РОМАНС

Сыртымнан маған ғашықсың,
Құлпырған гүлдей ашықсың.
Құшырың қана бір сүйші,
Құштарлық селін тасытсын.

Көп жылдар берік қамалдай,
Бір көру сәтін таба алмай...
Жүргенде оқыс тап болдың,
Адасып жеткен маралдай.

Тым ұзақ тағдыр жаңылды,
Аңсатқан мезет табылды.
Жайнаған жүзің сейілтті,
Сағыныш деген сағымды.

Таңсығын жаным тауып тұр,
Татқызып дәмін сауықтыр.
Шапағат төккен жүзіңнен,
Махаббат нұры жауып тұр.

Келмейді көптен жасырғым,
Орнады күткен асыл күн.
Жезкиік аңсап жеткендей,
Жалындап бара жатырмын.

Шыдайын өле өпкенше,
Құшаққа ыстық жеткенше.
Армансыз тағы бір сүйші,
Біржола жанып кеткенше.

25.05.2002.
Алматы

РУХЫҢ БАРА ЖАТЫР МӘҢГІЛІККЕ

Жәлел Қизатовқа

Ассалаумағалейкүм, Қызылордам!
Шаһарсың әлмисақтан қызыр қонған.
Қазақтың талай жайсаң арыстары,
Қай жерде туса-дағы
Ұлың болған.

Белгілі соның бірі – Жәлел ағам,
Ол айқын,
Одан да көп терең бағам.
Кешегі Хасан, Еркін, Мұстахымдай,
Табысты нелер саңлақ ерен адам.

Мәңгі ортақ
Қуанышым, мұңым, қайғым,
Осы деп ел бірлігін ырымдаймын.
Аралдың айқасында бірге жүрген
Өзім де осы ауылдың ұлындаймын.

Майдангер батыр Жәлел көз жұмғалы
Сағыныш бәрімізді көп шырмады.
Торқалы сексен жасын атау үшін
Отырмыз салтанатты той-думаны.

Бәйгеге баптағандай кер бестіні,
Өзгерді бүгін біздің ел кескіні.
Тойға той шын ұласып
Қатар келді
Он жасқа толған қазақ дербестігі.

Жалғаған байтақ Сыр мен Есілімді,
Білген жан құрметтейді несібіңді.
Сексенің құтты болсын,
Жәлел аға!
Бар қазақ мәңгі ұмытпас есіміңді.

Сен сүйдің осынау ғажап өлкені көп,
Жеңешем жүрді алдыңда желкенің боп.
Төріңді ұл-қыздарың түрлендірді,
Немере сүйдің талай еркелі боп.

Кең жалған әділет іздеп әлемінен,
Таймадың дертті Арал әлегінен.
Жан аға,
Енді бүгін келіп тұрмын,
Алатау, Есіл, Көкше сәлемімен.

Ту болды
Асыл бейнең туып қайсар,
Игі іс көп ел құрметі ғұрыпты айтар.
Мінеки, соның бәрін жырға орап,
Басыңда үнсіз ғана тұрып қайтам.

Ойымды мерейі мол таң түсінді,
Ұшырдым өзіңе арнап жан құсымды.
Бас иіп Сыр бойына айта келдім,
Сен үшін
Мың-мың мәрте алғысымды.

Есіл мен Сырға ортақ асыл нарсың,
Кешегі өткен отты ғасырдансың.
Жарқ еткен
Қан майданда ұлы ерлігің,
Ұрпаққа үлгі болып асылдансын.

Қалаулы ер, жігіттіктің сұлтанысың,
Жалаулы атаққа сай мың табысың.
Нартай мен Тұрмағамбет ізін басқан,
Әйгілі Ақан сері ұрпағысың.

Жайлаған құлагершіл жыр дүбірі,
Болдың сен адалдықтың шын дүлдүлі.
Басталды бүгін, аға, жаңа өмірің,
Ақтангер қырда туған Сырдың ұлы.

Бойында қайнады өжет әділдік те,
Ойында тұнып жатты сан білік те.
Жұлдызың төсіндегі аспандатып,
Рухың бара жатыр мәңгілікке.

07.05.2001.
Қызылорда

АРНАУ

Қызылорда қаласындағы
№23 орта мектепке Жәлел Қизатовтың аты берілгенде

Өжеттікті мінез етіп сайладың,
Ерлігіңмен берік қазық байладың.
Өзің өтсең,
Рухың қалды артыңда,
Жәлел аға, міне, қайта жайнадың.

Ел құрметін ардақтап та, жөптеп те,
Қуаныштан өз жүрегім көктеп те
Келіп тұрмыз,
Қаумалаған халайық,
Қизатовтың атындағы мектепке.

Көз алдымда жайқалғандай көк егін,
Жауқазын жас балдырғанды көремін.
Алма-кезек оқып жатты балалар,
Батыр аға – ақын аға өлеңін.

Сөз келгенде алғыс айттым оларға,
Одан артық көрімдігім болар ма?!
Жыр жинағын жаңа шыққан сыйладым,
Жас мұражай іші өлеңге толар да.

Білім төрі тапты құтты жарасым,
Лайық екен ағамызға нар асыл.
Сәнді мектеп,
Мұрағат жаңа тақта да,
Көркейтіп тұр Қызылорда қаласын.

Құрмет етіп 80-дегі жасыңды,
Әнмен, күймен, бимен шашу шашылды.
Жәлел аға, дән разы бол осыған,
Өлместікке үлкен белгі ашылды.

07.05.2001.
Қызылорда

ТАСҚЫН МЕН ТОЛҚЫН

Жалғызтауда ауыл бар Бұлақ деген,
Талай сырды талғай бер сұрап менен.
Тап қасында
Қарағай – Жәлел елі,
Еске түсіп хикая құратты өлең.

Бірге бастап өмірге түпкі жолды,
Рашитпен достығы мықты болды.
Келген кезде
Майданнан демалысқа,
Жан досының жұбайы жүкті болды.

«Батыр Жәлел! Ауылға Жәлел келді», –
Деген хабар тамсантты тамам елді.
Жиын топта
Қымсынып Жамал жеңгем,
Саба қарнын бүркелеп сәлем берді.

«Кел, қысылма, Жамалжан, босқа бекер,
Күн асығыс, мен қайта сапқа жетем.
Тасқын болсын есімі, – деп, –
Ұл туса», –
Батыр аға сол сәтте айтқан екен.

Жау тойтарған соғыстың күні тасқын,
Қызу жолда Қизатов үні тасқын.
Ұл да туды,
Тасқын деп ат қойылды,
Қымбат еді-ау желпінген гүлі жас күн.

Соғыс бітті.
Бұлаққа Жәлел келді,
Тамам елге жас батыр сәлем берді.
Шәмшібану жеңешем аяғы ауыр,
Рашиттің үйіне әрең келді.

Бір болған соң достықтың арғы тегі,
Текке тартар тілектің алғы шебі.
Рашит айтты: «Ұл туса Толқын болсын,
Олқым толсын аңсаған көптен бері».

Келді достың осылай сұрағаны,
Толқын туды Тасқынмен бір қадамы.
Ержеткен соң
Шіркін-ай, ерте кетті,
Сол қайғыға Жәкең де шыдамады.

Одан бұрын Руслан ұлы кетті,
Қасарысқан не дерсің құдіретті?!
Шыдамады, батыр да пенде емес пе,
Қос ұлының соңынан ғұмыры өтті.

Естеліктер – азаймас асыл қоймам,
Қай заманда ондайға ақын тойған?!
Тасқын деген інім бар Қызылжарда,
Батыр аға Қизатов атын қойған.

Соңғы жылдар...
Өзгерсе өмір өңі,
Жалғыз ғана бар жақсы көңіл емі:
Тасқын інім Жәлелдей нар тұлғаға,
Тірі жүрген ескерткіш көрінеді.

2001

БАРША ҚАЗАҚ БІРЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ

Жәлел Қизатовтың құлпытасын ашқанда

Қан майданда фашизмді қиратып,
Адамзатты өткен қатты сыйлатып.
Тірі күнде аты аңызға айналған,
Осынау жерде жатыр Жәлел Қизатов.

80 жылдық тойын атап жан-жақтан,
Құлпытасты аштық көркі таңдантқан.
Қызылорда алғыс айтам халқына,
Асыл ұлға асқақ белгі орнаткан.

Куә болдық конған іске ақылға,
Биік екен өнерпаздық татым да.
Зор бағанда жайнап тұрса жұлдызы,
Мәрмәр кітап ашылып тұр ақынға.

Есіл ұлы Сыр бойында жатқаны,
Дос-жаранның ақ сенімін ақтады.
Көз жұмарда жатар жерін өзі атап,
Талай жылғы сыйластықты сақтады.

Ескерусіз қалмас әсте ер кісі,
Құрмет табар тірліктегі зерлі ісі.
Өзім көрген осынау ғажап құлпытас,
Барша қазақ бірлігінің белгісі.

07.05.2001.
Қызылорда

ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ҚЫЗДАРЫ

Қызылжардың қыздары-ай,
Ақ қайыңнан аумаған.
Қызықпассың сен қалай,
Аруға көз жаулаған?!

Таңғажайып мың сұлу,
Жан мазасын кетірді.
Ішінде жүр бір сұлу,
Қыз-қарағай секілді.

Биші қыздар еркіндеп,
Басты заулап былқылға.
Құба талдай желкілдеп,
Қызды қырғын қиқуға.

Ақ күмістей қақтаған,
Көрдік көркем зерлісін.
Бүкіл ауыл мақтаған,
Көрші қызы дермісің.

Қиял-ғайып армандай,
Аппақ қыздар ән-жыры.
Болды аспаннан жауғандай,
Жұлдыздардың жаңбыры.

24.11.2001.
Астана

ЕСЕН БОЛ ӨЗІҢ, АСҚАРЫМ!

Асқар Хасеновке

Көкшенің нұрлы аспанын
Көтеріп қадам бастадың.
Көз тиді-ау, шіркін,
Қос ұлды,
Аз күнде беріп қақсадың,
Айбынды інім, Асқарым.

Жоқ еді асып-тасқаның,
Қиындық көрсең саспадың.
Көз тиді-ау,
Дұшпан қиядан,
Ісіңнің көріп асқанын,
Арқалы інім, Асқарым.

Азалы мезет кас қағым,
Дәл келді-ау ажал аш залым.
Көз тиді-ау, шіркін,
Тез сөнді
Лапылдап тұрған қос жалын,
Қос ұлың кетті-ау, Асқарым.

Көңілдің назын ашқаным,
Қайғыңды осы басқаным.
Көз тиді-ау, шіркін,
Қос ұлың,
Кескендей жолын басқаның,
Есен бол өзің, Асқарым!

06.11.2001

ІНІЛЕРГЕ ЕСКЕРТУ

Есейгенде
Талай ой төкпелейді,
Өзімсіп те біреуді сөкпе дейді.
65-ке келгенде «шалмын» деме,
75-ке келгендер өкпелейді.

Байқап сөйле шықса да есің мейлі,
Жаттап алып, жадынан өшірмейді.
Бәйбішеңді «кемпірім» десең болды,
Сексендегі ағалар кешірмейді.

Ырғалым мен жырғалым салт дегені,
Үлкендердің алдында жалт береді.
Сақ болғайсың,
Шақырған жерге олар,
Уәделі нөл-нөлге нақ келеді.

Өзіңді өзің аса көп еркелетпе,
Аңдап сөйле. Жоқ жерде селтең етпе.
Сөзін бөлме, барлығын ұйып тыңда,
Олар кетпей сол үйден ерте кетпе.

Қызмет жаса шыққандай жекпе-жекке,
Жиі алдырып шарапты жөппелетпе.
Жеңешемнің біреуін сүйсең болды,
Өзгесін де, шырағым, өкпелетпе.

10.02.2001

КЕЛІНДЕРДІҢ ГЕНЕРАЛЫ АТАЙЫҚ

Беу, ағайын!
Той көсілді ең ірі,
Жалғасып тұр Көкше, Алатау өңірі.
Құт әкелді Ұлытауға Іледен,
Ғалиядай біздің ауыл келіні.

Әшірбектей тарланына елінің,
Тер төкпестей туған емес жеңіл күн.
Декабристердің жұбайлары секілді,
Еңбегі зор Ғалиядай келіннің.

Тіршілікке мықты болса сенімім,
Асқақтасын қуанышта берік үн.
Айтарым сол:
Жезқазғанды тамсантқан,
Жасай берсін менің үлкен келінім!

Бәрі ғажап,
Бақ жұлдызы жайнады,
Қыдыр қонып, талай жеміс байлады.
Қайын жұрты құтты болды іниме,
Емін-еркін Алатауды жайлады.

Келініміз алыс пенен жақынды,
Сыйлай білді, дастарханы татымды.
Анасына алғыс айтам мен бүгін,
Ғалиядай қыз өсірген ақылды.

Ұрандаймын бақ-береке қонсын деп,
Заман басқа,
Жөн сөзге ел көнсін деп.

«Қыздың жасы қырықта» емес, ағайын,
Бекітейік дәл алпыста болсын деп.

Ақын көңіл Біржан салдан түйгені,
Ғалияға үлкен алғыс үйгені:
Жақсы болды,
Сара апасы секілді,
Айтыспай-ақ Әшірбекке тигені.

Беу, жамағат!
Құтты тойда не дейік?!
Бата беріп, қол жайысып жебейік.
«Келіндердің генералы» атағын,
Бірауыздан Ғалияға берейік.

05.10.2001.
Алматы

СЕКСЕНГЕ КЕЛГЕН КЕНШІГЕ

Сержан Сауытбаевқа

Қызыл шырай,
Толқын шаш жарқыраған,
Жаның жайсаң, мінезің алтын адам.
Сержан аға,
Мен сізбен жүздескенде,
Бойға қуат, жүз мәрте қарқын алам.

Қорлы саба секілді сарқылмаған
Белгілі ғой зиялы затың маған.
Сағындықтай ерсаңлақ достарың бар,
Осы емес пе болғаның ақылды адам.

Неге айттыңдар демеңдер түсін-өңін,
Іші таза түсірмес түсіне мін.
Кісіліктің бұл да бір кереметі,
Серағаңды осылай түсінемін.

Басындағы толқыған ақша қары,
Сұлулардың талайын аңсатады.
Оны қойшы, мен үшін ол қашаннан,
Кенші қауым ардақты ақсақалы.

Жарқын жүзі жылытса салқын жазды,
Жақсы өмірі тарихқа атын жазды.
Сержан ағам ұқсаса сал-серіге,
Біржан салдың елінде алтын қазды.

Жүрдек аттай еш қамшы салдырмады,
Қыз дегенде сол еді таң құрбаны.
Ғашық болды өзге емес,
Ғайни қызға,
Есесіне төрінен ән тынбады.

Жұмақ құсы қасында Ғайни жеңгей,
Тірі жанды қоймайды үні жеңбей.
Ағамызды жасартқыш сиқыры бар,
Егделікке жүрсе әлі көңіл бөлмей.

Өткерді олар талай жаз-көктемдерді,
Ұл-қыздары ұрпақшыл өркен берді.
Құттықтайық, ағайын!
Қоса ағарып,
Сеңгіріне сексеннің жеткендерді.

Не десем де сыяды, бәрі рас қой,
Бұл сексенің ел сыйлар ірі жас қой.
Серағамды, кәнеки, құттықтайық,
Ғайни жеңгем, әрине, әлі жас қой.

Оған-дағы берейік бағамызды,
Қайнысы да, мінеки, жаңа қызды.
Жеңешеме айтайық үлкен алғыс,
Жеткіздің деп сексенге ағамызды.

Келдік, міне,
Қызықтап күлу үшін,
Сексеннің де бір сырын білу үшін.

Ақ тілекті арнадық Сержан, Ғайни,
Ортамызда әлі көп жүру үшін.

Думан құру –
Емес жай салт жарысы,
Ғибрат алсын жас ұрпақ жалғанысы.
Құтты болсын Сексен жас, Сержан аға!
Кеншілердің бұл да зор мақтанышы!

13.05.2001.
Алматы

* * *

Күн жақсы өтсе
Түн тыныштық береді,
Жыл жақсы өтсе
Үміт-сенім жеңеді.
Беу, достым-ау,
Жақсы өтсе тірлігің,
Сен кеткен соң
Екінші өмір келеді.

04.02.2001.
Алматы

КІНДІК ҚАНЫҢ ТАМҒАН ЖЕР

Жаңға жылы нұр еккен,
Жолға шырақ жаққан жер.
Үнің шығып шыр еткен,
Анаң сені тапқан жер.

Оған еш жер жетпейді,
Ол – киелі арман жер.
Көкейіңнен кетпейді
Кіндік қаның тамған жер.

Құрбы-құрдас табыстық,
Аялады аққан жел.
Туған жерде бәрі ыстық,
Ата-бабаң жатқан жер.

Ауылда жүр барымыз,
Көз ашқалы құмартқан.
Шықтық ұшып бәріміз,
Сол тамаша жұмақтан.

25.11.2001

* * *

Күн аз болды тірлікте өзім деген,
Көпті ойлағыш кен қаздым сезімменен.
Өзге түгіл ұмытам өлімді де,
Ұзақ таңда өлеңнен көз ілмеген.

Сағыныш пен өкініш – батар қайғы,
Тепіреші тірліктің қатарлайды.
Түнде оятса шырылдап қарлығаштай,
Шындық деген тіл қатпай жата алмайды.

2001

СЕРІК ОСПАНОВҚА

Ел алғысы саған ынтық сезілсін,
Ащы әніңе сусындап жұрт телмірсін.
Мен мақтасам Сарыарқаның саңлағын,
Тыңдаған жан Ақан серім деп жүрсін.

Самға, самға!
Қос қанатың тең жүрсін!
Нар тұлғаңа туған елді сендірсін.
Мен қуандым:
Ұлытаудың өрені,
Алатаумен, Көкшетаумен тең жүрсің.

Ән салғаның Астананың төрінде,
Есіл толқып бір серпілді өр үнге.
«Конгрессхолл» сахнасын тербелттің,
Шықты мықтап сенің ащы терің де.

Тұрақтады асыл әуен, өр екпін,
Туды бүгін өнер үшін керек күн.
Көп жаса деп
Мың-мың алғыс айтамын,
Ертең бұдан артықтау бол демекпін.

Серігім-ау, ән салуға зеректің,
Ел жүрегін әсем сазға бөлепсің.
Жүйрік аттай
Қашан көрсек жарау жүр,
Сұлуларды қуантуға керексің.

27.06.2001

* * *

Лала гүлі ажарың,
Ынтық зар назарың.
Аңсатқан, сусаткан,
Аз емес азабың.

Кетердей өліп бір,
Жанарың төгіп сыр;
Жүрегің лүпілдеп,
Бір мен деп соғып тұр.

Ай жүзің мөп-мөлдір,
Балқытты төккен нұр.
Тамсантты, телітті,
Түн бойы шерткен сыр.

Көп сүйсем елгезек,
Көрмедің сен тежеп.
Дегенің тамаша:
«Маған да бер кезек...»

Таркады шерім де,
Сенің де, менің де.
Ұмсынды үздігіп,
Еріндер ерінге.

Тіліңнен сүйгенде,
Төске төс тигенде...
Рахатқа малшындым,
Тұла бой игенде.

Шалқуы-ай көңілдің,
Ырқыңа берілдім.
Бір өліп, бір талып,
Біржола жеңілдім.

Естілмей дыбысың,
Әл берді тынысың.
Сол сәтте тоқтатты,
Жұмыр жер жүрісін.

«Аққуым-Гәккуім»,
Сарқылмас шаттығым.
Тап сондай болып тұр,
Керегің тап бүгін.

Іздеп те гүл тосар,
Бір көріп мың жасар,
Құдай-ау, күн қайда,
Маукымды бір басар?!

18.03.2001.
Алматы

АҚ ТОТЫҚҰС КЕТТІ ҰШЫП

Орын алған
Әнсүйгіш әр көңілден,
Мөлдір, нәзік
Күміс сыңғыр төгілген,
Тоқтай қалды...

Ойда жоқта, кенеттен,
Бір ақ тоты ұшып кетті өмірден.

Үзім үні жанға дәру ем еді,
Сағынышы сарқылмасты жебеді.
Бір мезетке жан күйігін басатын:
«Сағыныш-ай, сағыныш-ай...» дегені.

Оқыс ажал...
Кетті жеңіп қатал заң,
Бірақ әні кетпес мәңгі қатардан.
Ол – Мәдина,
Күләштің бір сіңлісі,
Қазағымның Ақбаяны атанған.

02.08.2001.
Алматы

АЛМАТЫДА «ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫ»

Салтанатпен жайнап алтын қабағы,
Шартараптан келсең қарсы алады.
Егемен ел төр-төбесі атанған,
Алматыда «Тәуелсіздік алаңы».

Бөгенбайлар, намыс жолын дәлдедің,
Исатайлар, қайтты қайсар бар кегің.
Абылайдың орындалған арманы,
Алатауда асыл төрім бар менің.

Қуаныш мол құшақ толған гүлінде,
Сыйластық зор кәрі-жастың үнінде.
Барыс мінген «Алтын адам» сөйлеп тұр,
Мұнарадан көне қазақ тілінде.

Ашық алаң, биік тұғыр, зор жігіт.
Бара жатыр болашаққа жол жүріп.
Күн сөнбесе тәуелсіздік сөнбейді,
Деп сендірген көкірекке толды үміт.

01.01.2001.
Алматы

ТУЛАП ҚАЛ, ЖҮРЕК, ТУЛАП ҚАЛ!

Кездестік бүгін екеуміз,
Дос-жараның алдында.
Жан-жаққа ертең кетерміз,
Анықтап көріп қалдың ба?!

Сағыныш сырын сезбес кім,
Құмарткан қара көзіңнен?
Арайлы таңмен кездестім,
Ауылда қалған өзіңмен.

Бетіңнен сүйсем әдеппен,
Толқыдың кәусар тұнықтай.
Көрсем-ау деген әлекпен,
Жүріпсің көңіл суытпай.

Болғаның бір күн қасымда,
Әкелді қанша жұбаныш?!
Көргендей балғын жасында,
Кернеді бойды қуаныш.

Жүзінен шаттық шашылған,
Тап сондай мені кім баптар?!
Кетеді қазір асыл жан,
Тулап қал, жүрек, тулап қал!

2001

ТОЙ ЖЫРЫ

(Әні бар)

Қанша заман арпалысқан, шаршаған,
Осынау күнге болды құрбан қанша Адам?!
Желтоқсанның дүбірімен ұласқан,
Атты таңым ата-бабам аңсаған.

Қайырмасы:

Алға ұмтылған өмір көші жетілсін,
Бөгеттерді тағдыр жолдан кетірсін.
Тәуелсіз ел жақсы көшке ілесті,
Тірі шалқып, іргетасы бекінсін.

Алатауда көштің ізі өшпейді,
Құт жайлады Сарыарқадай төскейді.
Есілдегі Астананы көргенде,
Жаның толқып, көңілің калай өспейді?!

Қайырмасы.

Мың толқыған тағдыр жолын бір кешіп,
Еділ, Жайық жатыр тәтті тілдесіп.
Ордабасы Ұлытаумен жалғасты,
Абылай қонған Көкшетаумен бірлесіп.

Қайырмасы.

07.01.2001.
Алматы

КҮЗГІ РОМАНС

Жан жүрегін жылытар
Арнау өлең жазамын.
Сонда ару ұмытар
Сағыныштың азабын.

Мөлдір, жылы жанарын
Әнге жаным қосады.
Шын жадырап қаламын,
Ол да аңсап тосады.

Сонда асығыс басталар,
Асау көңіл аптығы.
Сүйіп, құшып қарсы алар,
Талықсып шығып тәтті үні.

Қандай ғажап өмірде,
Үйлескені жанға жан?!
Бір жанып бір сөнуге
Ұмтыласың жалма-жан.

Тірі жұмақ күлгені,
Нұрын шашып не түрлі.
Жұмбақ дерсің жүргені,
Дым білмеген секілді.

Рахат, ләззат татымы,
Талмауратса тән шеккен...
Алғыс алдым ақыры,
Жанарынан жарқ еткен.

2003.
Астана

ҚЫЗДЫРДЫ ҚЫЗЫЛ ЖЫҢҒЫЛЫҢ

Бауыржан Қарабековке

Қайран жастық оралтып нұрлы алаңын,
Жыр оқысаң оранам сыйға қалың.
Бауыржан-ау, Баукеңдей бақытты бол,
Рухы жебеп жүр десең иланамын.

Қызыл жыңғыл қызығы ұстады ма,
Жыңғылды сүй деп біреу қыстады ма?
Батыр аға аруағы дем бергені,
Туған жерде жаныңның құштары да.

Оқышы өлең,
Қызыл жел сағымдатып,
Балауса наз қалайын дәмін татып.
Қызыл жыңғыл дегенде қызып кетем,
Жол тартқандай Созаққа Нарындатып.

Қызыл жыңғыл көргенде қызыл гүлін,
Кісінеген секілді қызыл құлын,
Әр шумақтан аңқиды қыздың исі,
Әр сөзіңнен тамшылап қызыл шырын.

Қызыл ырғақ – Қызылқұм көшкен күмбір,
Даусың жұмсақ қызғылтым ескен сыңғыр.
Қыз сыбыры жан құштар қайта естіліп,
Куә болған кетпейді-ау естен жыңғыл.

Көк жусан мен күйреуік, шытыр да бар,
Бозақ, шайыр қосылып сылқымданар.
Созақ жақтан созылған әсем саздың
Жас әуені масаурап сылқыл қағар.

Тыңдай берем...
Белгілі белес белгі,
Жыңғыл сарын жан баурап, кеңес дейді.
Сен жыңғылмен біздерді жындандырсаң,
Ақ қайыңы ауылымның елестейді.

04.08.2001.
Алматы

ҰСТАЗЫМНЫҢ БАЛАСЫ

Бақытжан Қанапияновқа

Тасқын шабыт,
Бүгін шалқып еркін кел,
Кербез Көкше, сал Сырымбет көркін бер.
Серпілейін Айыртауды аралап,
Келді деп күн қарт қырандай желпінер.

Ұстаз десе –
Жайнар адам санасы,
Күйлі көкірек күмбірлеуін қарашы.
50 жасқа келіп бүгін қуантты,
Мұсахандай асыл ұстаз баласы.

Маңғаз еді аумас сылқым, серіңнен,
Саңлақ еді бар керегін дер ілген.
Әкімшілік әуресінен алшақтап,
Қасиетті жан ұстаздыққа берілген.

Сол дүлдүлмен көп жалғасты мұратым,
Әр дәрістен жаным бір гүл жұлатын.
Не десе де ақыл, сезім бірлесіп,
Әр сөзінен ән естіліп тұратын.

Сұлу сөзге бұрсам жастай кемені,
Ұлы ұстазым мол ғибраты кең еді.
Мен әу баста
Мұсаханнан үйрендім,
Қазақ болып тіл ұстарту дегенді.

Сүйер пенде тағзым етіп Меккені,
Ол – Аллаға сөнбес құрмет еткені.
Ал мен үшін кіші Мекке көрінер,
Сырымбеттегі қазақ орта мектебі.

Бәйкен, Сұлтан, Еркін, Айқын, Нығымет,
Қажыахметтер көшін жалғап шығып ек.
Аманолла, Нұртас, Айша, Шоталар –
Қаулап өскен қарағайдай мығым ек.

Сол мектепті
Мұсахан аға басқарған,
Құтты қолда жол бастауын ашты арман.
Сырымбеттен шықтым Мәскеу төріне,
Сол мектепте балауса жыр басталған.

Біздерді де жалғастырды інілер,
Өңкей асқақ – бірі тасқын, бірі сел,
Құлагер мінез, Ақан сері салты бар,
Бақытжан да шабыт жақты жыр ілер.

Әне, солай ақындыққа табысты,
Ақыл, сезім құлын күннен жарысты.
Сайыскерлік нәсілі төре бергені,
Намыскерлік нағашыдан ауысты.

Болжай білді жақыны мен алысты,
Құдай оңдап Гүлнарменен қауышты.
Ескендір мен Әнуарды мәпелеп,
«Жібек Жолын» ол да бірге салысты.

Бақытжанның әлемге әйгі аты ірі,
Жер шарында көптен де көп жақыны.
Ол Олжастай орысшалап жазатын,
Қазағымның аруақ қонған ақыны.

Құтты болсын,
Дүлдүл ақын, елуің!
Жыр пырағы, үдет шапқын-желуін.
Өз ұлдарың, немерелерің жалғасын,
Дана ұстазым жер бетінде шеруін.

12.2001.
Алматы

ШАДИЯРДЫҢ КӨЙЛЕГІ

Біздің үйге кішкентай көйлек келді,
Көгілдір гүл секілді ермек берді.
«Қызылжарға барамын Шадиярға...» –
Деп шүлдірлеп өзінше сөйлеп келді.

Көк көйлекке қараймын сыбыр етпей,
Иесінің отыр ғой үні жетпей.
Шадияржан, көйлегің құтты болсын,
Ай аспанда ең ғажап суреттей.

Қималаған әдемі өрнегіне,
Сүйсіндім-ау құмартып көргеніме.
Шадияр-ау, қабыл ал осы өлеңді,
Көрімдігім ең тұңғыш көйлегіңе.

Бақытты бол, тіл-көзден сақтанарсың,
Бұл көйлекке тезірек шақтанарсың.
«Мәриям әжем әкелді Алатаудан», –
Деп қыздарға сен ертең мақтанарсың.

24.03.2001

ДОМБЫРА

(Әні бар)

Дүлдүл досым тірлікті бірге кешкен,
Үздігемін үніңе сыр бөліскен.
Реніште тілдестім екі ішекпен,
Қуанышты қақ бөлдім үндеместен.

Қайырмасы:

Көрік берген далама,
Серік болған данама;
Асан Қайғы, Қорқыттың
Күйін құйған санама;
Шертіп, қағып тамсантқан,
Сені ұстауды аңсатқан,
Алғыс айтам бабама.
Бір өзіңсің, домбырам,
Ата мирас мол мұрам
Тастап кетер балама.

Күмбіріңде жылқының дүбірі бар,
Лебіңде жан қалқа сыбыры бар.
«Сарыарқа» мен «Саржайлау» құйқылжыса,
Тыңдаған жан қазақтың сырын ұғар.

Қайырмасы.

Су жорғадай домбырам, құбыласың,
Сонда маған өзіңдей кім ұнасын?!
Жер шарына жеткіздің ән төресін,
Ел көргенде дербестік шұғыласын.

Қайырмасы.

29.01.2001.
Алматы

* * *

Көкірегіңе көп қасірет түйіпсің,
Ашылу аз, жабығу көп, тұйықсың.
Өмірдегі бір жұбаныш сол шығар,
Көрмей жүріп көргендей боп сүйіпсің.

Қиядағы сен жез қанат киіксің,
Көкірегіме көп сағыныш үйіпсің.
Бұл жалғанда құштарлықтың құлы едім,
Құштарлықтан сен ерекше биіксің.

Жүрегіңнің шетін бөлек қиыпсың,
Жырымды оқып жас күніңдей ұйыпсың.
Содан болар, қай қияда жүрсем де,
Сен де менің жүрегіме сыйыпсың.

Тоқтау болмас тіршілікте сезімге,
Қалды бейнең менің екі көзімде.

2001.
Алматы

ЕГДЕЛІК

Жылы тартар жаныңды сүйген пенде,
Көпсінбеймін көркіңді мың көрсем де.
Сені «кемпір» дегенге келіспеймін,
«Шал» дегенге өзімді үйренсем де.

Ағаларым түзетер қате десе,
Мәселе көп бас қатар әлденеше.
Оқ тигендей желкемнен шошып кетем,
Көзім түскен келіншек «Ата» десе.

Енді бекер еркелік сағынтпасын,
Тарту етсін егделік бар ынтасын.
Тоқалды айтып... құр бекер тоқылдаймыз,
Қолда бардан Құдайым жарылқасын.

30.08.2001.
Алматы

ШЫН МАХАББАТ СӨНБЕЙДІ

Көргенде жанарыңды тостағандай,
Ұмытам келгенімді жаска қандай.
Ұстамдық жасай алмай құлшынамын,
Құштарлық бір бүлікке бастағандай.

Тұрасың құлпырғандай кіл таза гүл,
Сол кезде ағындатам жыр ғажабын.
Сөзге орап, ажарыңды әнге бөлеп,
Басамын аңсау, сусау мың азабын.

Сүйсінем келбетіңе елжіреген,
Жалғаймын жан сауалын ем тілеген.
Көңілге көзден тайсаң елестейсің,
Желкендей көк теңізде желбіреген.

Жан тумас сағынышка мендей бекем,
Ғадауат майданына көнбей өтем.
Дақ түспес пәк сезімге тіршілікте,
Ешқашан шын махаббат сөнбейді екен.

23.09.2002.
Астана

КҮРСІНБЕ БЕКЕР

Буының босап,
Сүймесем сусап,
Дей көрме, құрбым, әдепсіз.
Қияда қалған,
Қияли арман
Дерті көп жанның бәрі епсіз.
Бұрылмай солға,
Бұлтармай жолда,
Өтпеспін үнсіз, сәлемсіз.

Көңілім сен деп,
Кетпесе селдеп,
Сақталар есте гүл өңің.

Алданып қалма,
Қайғыға салма,
Өзгелік менің жүрегім.
Көрместі көрген,
Көнбеске көнген,
Ағалық болар тілегім.

Күрсінбе бекер,
Кездесу өтер,
Айрылып қалма еркіңнен.
Шәрбатқа қанып,
Кетпесем жанып,
Бір өлең алдым көркіңнен.
Қалайын мен де,
Жабайы пенде
Үйренген ескі дертіммен.

2002

ҰЛАР ҮМІТ

Беу, жігітім, жігітім,
Қанатты болса арманың;
Бастасын ұлар-үмітің,
Алысқа түссін қармағың.

Сүттен де таза қашанда,
Ұларшыл жанның жүрегі.
Намыспен дәйім бас алға,
Қасында үміт жүреді.

Орайлы болып ойдағың,
Оңтайлы сәттің тапқаны;
Қасыңа келіп қайдағың,
Үміттің шырақ жаққаны.

Әнеки, күліп күн шықты,
Толықсып ай да тамсанар.
Үмітке сенген шын мықты,
Тағдырды үнсіз қарсы алар.

2002

* * *

Саяхатта жүргенде күлкім келді,
Танымадым ба қыз бөксе сылқым белді.
Шоқ қарағай ішінде аппақ қайың?..
Елестетті алыста біздің елді.

Ауылымның қызындай қарай қалған,
Тұрды алдымда баяғы арайлы арман.
Жер де, су да, орман да таң қалдырды,
Ұқсас етіп Жаратқан қалай салған?

Көшіп келген секілді бүкіл ауыл,
Күйші көңіл келтірді-ау мың бұрауын.
Кер биенің соңында қара құлын,
Шұрқыратты жас көктем қоңырауын.

Қаулап кетті сондайда жан сыры да,
Үдеп кетті жүректің қаркыны да.
Қарай бердім көршінің қызына ұқсас,
Ақ қайыңның ақ сазан балтырына.

Деді ақ қайың: «Мен болсам кездесерің,
Бір қажетім бар шығар менде сенің...»
Шыдай алмай сол сәтте тіл қатыппын,
Жүдетпесе жүрегім келмес едім.

01.05.2002

* * *

Алдымда орыс орманы,
Дыбыс бермей мүлгіп тұр.
Қарсы алар жан болмады,
Тез кеткендей біздің шыр.

Көңіл қанат жаяды,
Көргенді ойлап жасымда.
Досың түгіл баяғы
Кездеспейді қасың да.

Жарқ етпесе ескі дос,
Тура кесіп қақ жолды,
Жүзі жылы, көңілі хош,
Сұмдық сұлу тап болды.

Сырттай ниет жалғасқан,
Көптен құштар жан едік.
Сылаң қағып, маң басқан,
Шықты орманнан ақ елік.

17.04.2002

* * *

Күрке тал сәнді ғұрпымен,
Желпініп көзге ашық тұр.
Көк терек ұзын тұрқымен,
Қос иықтан басып тұр.

Көк Терек, сені сыйлаймын,
Талайды көркің шалқытты-ау.
Бірақ, сен кешір, қимаймын,
Күрке тал маған артықтау.

Көптен бір жүрген айта алмай,
Жүректен жылы тартып сыр.
Бәлсінбей, көңіл қайтармай,
Құба тал жақын тартып тұр.

Сиқыры күшті баурағыш,
Киелі күрке түрінде.
Сұлумен жан жаулағыш,
Кездесіп едім түбінде.

17.04.2002

СӘУІР

Баяу жылу тараған,
Сәуір – қызық бір дәуір.
Кең қабақпен қараған,
Не де болса күн тәуір.

Кетпей қысқы дүмбілез,
Іштен үнсіз жаулайды.
Сұлу қыздай желмінез,
Шаңқай түсте алдайды.

Күнге қарап білгенім,
Қыс кетті ғой келмеске.
Жақсы көрем күлгенін,
Не шара бар сенбеске?!

Сәуір – сылқым, қажырлы,
Қарды ерітіп жетілді.
Саспайтын ай сабырлы
Ақылды әйел секілді.

Бойында бар жылуын
Ақ ниетпен береді.
Менің үлкен ырымым:
Жаз бәрібір келеді.

02.04.2002

ҚҰШТАРЛЫҚ

Күнге қара алтын арай шашқанда,
Гүлге қара ақ дидарын ашқанда.
Қарай қалшы жас балаға тұсауын
Кескен кезде, ыршып қадам басқанда.

Соның бәрі шат-шадыман із салған,
Құштар жүрек көзін ашқан ізгі арман.
Сол әмірдің әрекеті емес пе,
Қатар өскен өле ғашық қызды алған.

«Сәлем айтса» есте мәңгі ұстарлық,
Дана сөзін ғибрат етіп ұстандық.
Кездесуге құлыншақтай құлшынсақ,
Өрт салды ғой тұла бойға құштарлық.

Қыз бен жігіт серттескені – құштарлық,
Ләйлі – Мәжнүн дерт шеккені – құштарлық.
Қабағыңның қағысына табынтып,
Жанарыңның жарқ еткені – құштарлық.

Беу, ақыным, сөзіңе ел құмартсын,
Ынтық емес, ынжықты кім ұнатсын?
Айға ұмтылған арыстандай тамсантып,
Жалқы сәтте күлдіртсін де жылатсын.

Салқынқанды самарқаулар, сөкпеңдер,
Түсінеді шын құштар боп өпкендер.
Құштарлықтың адал құлы деп білем,
Мәңгі сөнбес жұлдыз болып өткендер.

12.04.2002

* * *

Күмбірлейді домбыра,
Қозғап Бетпақдаланы.
Басқа дыбыс жоқ, сірә,
Еліктірер сананы.

Екі ішек, сыр білгейсің,
Мұңын шағар ақ сағым.
Кімді көксеп жүр дейсің?
Жезкиікті аңсадым.

Жонға қара ең биік,
Көрмей қалай қияды?
Сыңғыр қақты жезкиік
Қырда алтын тұяғы.

Әне, сонда қосылды,
Қол мен тұяқ екпіні.
Дүрсілін жүрек өсірді,
Жарқ етті киік кескіні.

17.04.2002

* * *

Түні бойы шамың сенің сөнбеді,
Мен не дейін, байқамауым жөн бе еді?..
Әлде мені сағынғаннан жан қинап
Қос жанарың тәтті ұйқыға көнбеді.

* * *

Жас киіктер барады өріп қаптаған,
Лайық па деймін осы тап маған.
Сол бір кезде жүйткіп өтті жезкиік,
Сағынышын жанарында сақтаған.

26.04.2002

* * *

Періштем, мені жебей гөр,
Сұлуға ғажап жолықтым.
Жарасын жүрек тез емдер,
Абзалын көрдім көріктің,
Лебіне ынтық теліттің.

Таңдансын көзім, таңдансын,
Кездестік кербез көктемде.
Ей, қалқа, асыл армансың,
Шалқыдым ән боп жеткенге,
Ұқсаған өрде желкенге.

Балқытты бойды әуенің,
Жұмақтың нұры себелеп.
Не деген нәзік мәуелі үн,
Үзімі жанды жебемек,
Кереметтен де керемет.

Аумаған балғын шынардан,
Саяңды самал құп алам.
Налымай күткен құмар жан,
Құштарлық билеп жұбанам,
Барыңа сенің қуанам.

10.06.2002.
Алматы

* * *

Жарқ етер дәл өзіңдей күлімдеп кім,
Күлкіңмен жанға рахат гүлін төктің.
Сол сәтте кетті ұмыт боп бар әуресі,
Тас беріш жүректе ескі түйіншектің.

Ұмыттым сенен алшақ жылдарымды,
Көрсетпей ай адасып, күн жаңылды.
Сағыныш сары өзені сарқылар ма,
Сейілттің көңілдегі сұр сағымды.

Қараймын жастай ынтық жанарыңа,
Өкініш өрт-жалыны тарады ма?!
Сүйінші сұрағандай сүйінішпен,
Аспаннан нұр жауып тұр қабағыңа.

Көрмеген көп жылдардың аралығын,
Толтырып шаттығы мол қалады күн.

02.05.2002

* * *

Тойымсыз туған «жаңа қазақтар-ай»,
Сендерден күдіктенем.
Көрсетіп жүрсіңдер ғой ғажап талай,
Команда боп іріктеген.

Өтпей тұр күндер әлі басымыздан,
Жүзге бөліп жіліктеген.
Ат жалында өскен ел заты қызба,
Тізгін сүйер құрықпенен.

Жоқшылыққа жетпеген сабыр-шыдам,
Көп көрдім жүріп төмен.
Есік қаққан шошимын қайыршыдан,
Көптен көзге ілікпеген.

Премьерлер бір-бірлеп кетіп жатыр,
Кейбіреулері бүлікпенен.
Елім, жұртым үндемей қалды ақыр,
Қолда аз-маз мүлікпенен.

Моллалар көп тілеген бізге ақ жол,
Арабтар, түрікпенен.
Ілік десек ойлантар бүлік тап сол,
Өз бастары бірікпеген.

Таң жарық ерте тұрып арай көрем,
Сақ қырандай үрікпеген.
Аптықпай келер күнге қарай берем,
Жас кезімдей үмітпенен.

11.04.2002.
Мәскеу

ЖАҢА РОМАНС

Жарқ етсе жүзің, селк еттім,
Қалайша жылдам жаулайсың?
Көңілдің төрін көркейттің,
Ауылдас қыздан аумайсың.

Сан жылдар өтті, көрмедім,
Қосылмай жолдар жаңылды.
Жезкиік туды ермегім,
Жез қанат өлең ағылды.

Ол ма еді,
Әлде сен бе едің,
Ай қабақ күміс еліктей?
Көзіме көрген сенбедім,
Шыдайын қалай елікпей?!

Жаркырап кетті маңайым,
Жаңарды биік аспаным.
Жайнатты жүзің арайын,
Жас күнді қайта бастадым.

Сыбырлап іштен бар сырым,
Сәт туды шабыт жеңгендей.
Төгілді тәтті ән-жырым,
Сұлулық тәңірін көргендей.

Оралды үміт-тілекпен,
Оянды сезім қат-қабат.
Табысты ыстық жүрекпен,
Жоғалған балғын махаббат.

26.02.2002.
Алматы

ПАЙҒАМБАР ТУҒАН КҮНІНДЕ

Сүйемін нәзік шырқауды,
Тамаша бар ғой үніңде.
Әндетші, бізге нұр жауды,
Пайғамбар туған күнінде.

Шаттыққа шалқар жол аша,
Шарықта еркін, күлімде.
Бір сүйші мені оңаша,
Пайғамбар туған күнінде.

Бір маған арнар асыл бақ,
Бал бар ғой сенің тіліңде.
Тағы да сүйші дұрыстап,
Пайғамбар туған күнінде.

Орныксын бізге асыл бақ,
Арадай таңсық гүлінде.
Ай мен күн қалды жақындап,
Пайғамбар туған күнінде.

Сақтайды Алла түлегін,
Көрмеспін кемдік тірімде.
Тағзым етші, жүрегім,
Пайғамбар туған күнінде.

25.05.2002.
Алматы

* * *

Мінезің ашық ғажайып,
Тағылар саған аз айып.
Алсыншы жаның тыныштық,
Қалсыншы дертің азайып.

Жүзіңнен сезіп жылуды,
Жөптедім тұзақ құруды.
Қандай жан сүймес жалғанда,
Сыртынан ғашық сұлуды?

Ақталды асыл талабың,
Мөлт еткен көзбен қарадың.
Жазығым менің бар ма еді,
Өртеніп, лаулап барамын.

Жасырмай айтып себебін,
Ләззатқа шексіз бөледің.
Келбетің кербез тебірентті,
Не десең соған көнемін.

Жасасын асыл теңдестік,
Тумасын бойда сенбестік.
Көңілде жалғыз нүкте бар,
Шіркін-ай, кештеу кездестік...

25.05.2002.
Алматы

ЖҮРЕГІМ КЕТТІ ЖОҒАЛЫП

Сұлулық қоймас сынатпай,
Жарқ етті жүзің жайнаған.
Өрт салып өтті шыдатпай,
Жанарың жіпсіз байлаған.

Бұлбұл ма сайда сайраған,
Сыңарын күтіп алыстан?..
Тарқасын құмар қанбаған,
Күн туды аңсап табысқан.

Кездесу жетсе осылай,
Құлшындым дерттен оңалып.
Тоғайға қонған тотыдай,
Жүрегім кетті жоғалып.

26.05.2002

* * *

Шошытпасын басымда
Шашымның шымқай ақтығы.
Ақ сүтпен сіңген жасымда
Ол – анамның пәктігі.

Ақ шуда толқып көсілген,
Қалыпты сылқым там-тұмы.
Махаббат баулып өсірген
Ол – жүректің ақ гүлі.

Қартаймай күнде жасарған,
Қашанда берік ер кісі.
Ағарса шашым қасарған
Ол – мықтылық белгісі.

25.05.2002

БАҚҰЛ БОЛ, АҒА!

Хасен Нұркеевке

Тұз шөккен ащы көлдей көңіл тұнды,
Әкелді бізге қатал өмір сынды.
Қазақтың ерен туған дарабозы,
Ардақты Хасен ағай көзін жұмды.

Телегей нардың жүгін атқарыпты,
Дос түгіл зор тұлғасын қас таныпты.
Тірліктің сан соққысын көтерсе де,
Тоқсанға тақап барып аттаныпты.

Ақ сүтпен кемеңгерлік ере туды,
Көтерді талай жерде жеке туды.
Жетісу Есіліндей еркелетті,
Басқарды Ертісті өрлеп Керекуді.

Болды елдің елеулісі, қалаулысы,
Ардагер майдан кешкен жалаулысы.
Жер бермес Ресейге саңлақтардай,
Ұлтымның болды өжет санаулысы.

Бұйырған өткен ғасыр зілзаласы,
Аз емес көкірегінде мұң-наласы.
Жүзге де жетер еді-ау,
Қинады ғой,
Соғыстың сырқыраткан үш жарасы.

Бекінсе бұлт оралтпай қабағында,
Өрт кешті Хрущевтің заманында.
Жүз жаска емін-еркін жетер еді-ау,
Қалмаса сұм саясат қамалында.

Сыр берсе кейде күш пен көлігі де,
Зор қайғы ұялады көңіліне.
Жүз жасқа жетер еді-ау,
Батып кетті,
Бәтиха жеңгеміздің өлімі де.

Бітті оған шын бауырмал дана дарын,
Арнады кемтарларға жан аралын.
Өсірді ағасы мен інісінің
Әкесіз артта қалған балаларын.

Жетілді майырылғандар қанатынан,
Сейілді бұлдыр сағым, ала тұман.
Бірін де кем көрмеді жас өрімнің,
Өзінің Рәбиға мен Маратынан.

Септігі тиді жекжат-ағайынға,
Көп көрді сыйлас достар арайын да.
Секілді Кәріпжанов, Бектұрғанов,
Көш құрды кілең жайсаң маңайында.

Қаныққан асыл сыр мен назына да,
Тетелес тату өсті Фазыл аға.
Ардакты досы өмірден ерте кетсе,
Оның да дерті жылдам жазыла ма?

Әр сөзін ізгілікке қолданғандай,
Ағадан асыл ғибрат алған қандай?!
Хасекең, Евней, Сырбай отырғанда,
Үш батыр көрінетін толғанғандай.

Қанышпен аға тұтып қол алысқан,
Данагөй еді нұрлы жаралыстан.
Көруші ем алдымдағы өз ағамдай,
Дүниеден озды, шіркін, шоң арыстан.

Жаны пәк, таза жүрек періште еді,
Пендемен көңіл жығып кейіспеді.
Бақида топырағы торқа болсын,
Бұйырсын жайлы орын пейіштегі.

08.07.2002.
Алматы

ҰМЫТПАЙЫҚ, МҰРТТЫЛАР

Сұлуға жігіт көнеді,
Құмартып, құшып өледі.
Әріге тарту қашанда,
Арудың қымбат өнері.

Көркімен ғажап арбайды,
Жүректі нұры жалғайды.
Бәрімізге жетпейді ол,
Сүймегенін алдайды.

Арбауды жүрсе мүлкі ғып,
Ештеңе жоқ күлкілік.
Жадыңда қалсын, досым-ау,
Сұлулық – қызыл түлкілік.

Жігітті сыйлар қазықтық,
Әлі де сырын аз ұқтық.
Ұмытпайық, мұрттылар,
Сұлулық – таза нәзіктік.

Жігітте көп қой аңқаулық,
Не дейін, Алла, бер саулық.
Ояту – жігіт парызы,
Сұлулық деген – жалқаулық.

24.04.2002

ШЫРҚАШЫ, ҚАЛҚА, ШЫРҚАШЫ

Шырқашы, қалқа, шырқашы,
Жөнделсін күйім самарқау.
Оянсын көңіл ынтасы,
Тұтансын сөнген жанартау.

Жүзіңе дәлдеп қарайын,
Жұлдыздай естен тандырған.
Шырқашы, ләззат алайын,
Тілегім сол ғой тағдырдан.

Толқысын, келсін бабына,
Балқысын денем нұр шарпып.
Дертімді баткан жаныма,
Әніңмен берші жұмсартып.

Шырқашы, өзек жандырып,
Бір күйіп, бірге жанайын.
Қалайын құмар қандырып,
Сүйсінтіп сұлу арайың.

Үніңнен сәуле жияр ем,
Сәскедей көріп іңірді.
Бір мезет үшін қияр ем,
Қызыққа тоймас ғұмырды.

2002

МАХАМБЕТ – ЕРЛІК ҮЛГІСІ

Ақындық десе
Дауылпаз үні күштей ме,
Махамбетті атаймыз бұрын біз кейде.
Батырлық десе, ертегіде тұлпардай,
Сап етіп еске Махамбет қайта түспей ме?!

Ерліктің төрі деп ойладым Нарынды
Нарындықтардың көрінді бәрі дарынды.
Мұң қысқанда Нарыннан алған секілді,
Құрманғазы бабамыз талай сарынды.

Ақ патша елге зардабын салған жылдар-ай,
Ашынған халық дей алды ма: «Бұл қалай?..»
Исатай мен Махамбет сонда жарқ етті,
Тағдыр мен уақыт
Жарлық пен заңын тыңдамай.

Тосқауыл күткен жорықты жолда толғады,
Сол кезде, әне, ұлылық оты қолдады.
Исатайлар аз емес бүкіл қазақта,
Көбінің бірақ Махамбеті болмады.

Сарқылмас аңыз
Артында қалды нұрлы ізі,
Дарабоз осы жүретін демеп тың күші.
«Ереуіл ат пен егеулі найза» жырлатқан,
Махамбет – заңғар ерліктің ерен үлгісі.

Атасаң атын күш-қуат бойға бітеді,
Кеншi-ақын қолым кен тасын ұнтап түтеді.
Исатай мен Мәхамбет үлгі ұрпаққа,
Екіұдай кезде қолдауын жаның күтеді.

Бас имей өтсе екі аяқты адамға,
Ықпалы жүрді ықтырам деген заманға;
Махамбет десең
Момышұлы Бауыржан,
Айбатты тұлға Мағжан тұрар санамда.

Рахымжан оны «Сенімді пірім» деп еді,
Жалыны қайтпас жанартауға теңеді.
Рейхстагқа ту тіккенде атойлап,
Махамбеттің аруағы қолдап, жебеді.

Әділдік – шарты, бостандық – жолдың ақыры,
Сертшіл де кекшіл
Хас батыр сол ғой заты ірі.
Өлеңді жазған найза мен садақ тілінде,
Махамбет тасқын – қазақтың батыр ақыны!

10.02.2002.
Алматы

ШЕКСІЗДІК

Мұнары шексіз тұманы кетпес даланың,
Қиялы шексіз зиялы туған дананың.
Шексіз жылдар ішінде біздер ұшқынбыз,
Жарысы шексіз ескі мен озық жаңаның.

Сұм қара жер,
Шексіздік сенің еккенің,
Адамды жұтып, еш тойымдық етпедің.
Қайғысы шексіз көзімен көрген ананың
Жалғыз ұлға аяусыз ажал жеткенін.

Шексіздік шебі,
Шалғайда елді аңсауда,
Түсінгендіктен сендім ғой көнбей шаршауға.
Жан жарыңмен сыйластықта шек болмас,
Сүйеніш – серік, қай қияға барсаң да.

Асыл ұстаз арманында шексіздік,
Алғыр шәкірт самғауында шексіздік.
Тіршілікте жас ұрпағың ардақтап,
Бірін-бірі жалғауында шексіздік.

Шексіз ой бар жырында біздің Абайдың,
Мұхиттай шексіз Мұхтарға мұңлы қараймын.
Мағжан, Сәкен, Ілиясты атқандар,
Қиямет кешпес қылмысын шексіз санаймын.

Сүйемін шексіз Қыз Жібектің намысын,
Төлегенді күтті ғой таза ары үшін.
Махаббаттың мазасыз ісі деп білем,
Күн мен түннің мәңгі бақи жарысын.

24.02.2002
Алматы

ҒАРЫШКЕР ӘН САЛҒАНДА

Жол ашсам той бастап,
Жайсаңдар жалғатты.
Қол соқтық қолпаштап,
Ғарышкер Талғатты.

Құмарым бір қанды,
Сөз-жұлдыз жайнады.
Хас батыр нұрланды,
Көпке алғыс арнады.

Көркейтіп тұр сәні,
Қазақтың баласын.
Көсілте шырқады
«Көзімнің қарасын».

Сызылтқан сыр қандай,
Көл шеті орманда,
Жас Абай тұрғандай,
Кездесіп Тоғжанға.

Не керек, ғарышкер,
Наздана көсілді.
Ғашықшыл қанып тер,
Көп қонақ қосылды.

Ән кетті алысқа,
Тоқтауға бір көнбей.
Бәріміз ғарышта
Шарықтап жүргендей.

06.08.2002
Алматы

БҰҚПАҒА

Жабал Ерғалиевке

Менің, достар, Бұқпам бар
Осал тау деп ұқпаңдар.
Жер жаннатын көреді,
Биігіне шыққандар,

Көкте ойнатып төбеңді,
Өрге тартар өреңді.
Жан баураса Көкшетау,
Қол сілтейді Зеренді.

Сұлу қыздай күлімдеп,
Сылаң қағар Сырымбет.
Бой тастайды Айыртау
Мен-дағы бір «дүрің» деп.

Дара, дархан күйінде,
Кірмей өзге үйірге,
Жалғызтау тұр қасқайып,
Теріскей жақ бүйірде.

Бұқпа тауға шықпаған –
Осының бірін ұқпаған.
Жер жұмағы сол десем,
Қала мен көл құптаған.

Бұқпамыз бар, қамал бар,
Жер-көкте жоқ самал бар.
Бауыр басқан Бұқпаны,
Ардақты інім Жабал бар.

Беу, ағайын, жарандар!
Көкірек ашып қараңдар.
Жасай берсін жаһанда,
Құтты тау мен Жабалдар!

18.11.2002

ТОЛҒАНЫС

Кейде әкелер түнде көрген түс қайғы,
Көңіл сонда қылқаламды ұштайды.
Асыл аға Еркіні жоқ Көкшетау
Манашы жоқ Алматыға ұқсайды.

Айту қиын кейде осынау хал-жайды,
Тың сағыныш жүрегімді жаулайды.
Достар көшін селдіреткен Жезқазған,
Елі көшкен ескі жұрттан аумайды.

Кейде жылдам дағдарыстар жетілді,
Қиындыққа душар қылды не түрлі.
Төлеш кетіп сескендірді Алматы
Евнейі жоқ Қарағанды секілді.

Ағаларым Алматыда бар менің,
Інілер көп сүйеу болар дәрменім.
Қалғандарын есен сақта, Жаратқан,
Сонда ғана бәсеңдемес пәрменім.

2002.
Алматы

ТОҚТАМАЙДЫ ЖҰМЫР ЖЕР

Есіме алсам өмірдегі әр ізді,
Қарақалпақ елі – жолым маңызды.
Кремльдің солдатымыз ол кезде,
«Мен барам...» деп бергем жоқ қой арызды.

Сол өлкеге арнадым дәл бес жылды,
Арал үшін айқас бастап көш кірді.
Ең ғажабы, жаны ашымас теңізге,
Негізі бар кей есерге ес кірді.

Арал десе қыза түсіп үдеймін,
Егделікті тез ұмытып түлеймін.
Тоқтамайды, жер айналып барады,
Көк теңізге ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жұмыр жердің өтер талай қонағы,
Аралға да бақ жұлдызы қонады.
Бұрынғыдай болмаса да көлемі,
Жылдар өтер, Арал қайта толады.

Жоқ десек те бүгін бізде зор табыс,
Болашағым етер үлкен қолғабыс.
Нақұрыстардың тым надұрыс ісіне,
Табиғаттың өзі берер тойтарыс.

21.11.2002

ТАРИХ БЕРГЕН ҚОСАҚТАР

Кенесары, Ағыбайдың арманы,
Шын үйлессе тарих берген бар мәні.
Мәңгі-бақи үзілместей сол жолда,
Бауыржандар, Рахымжандар самғады.

Не де болса бір Алланың қосқаны,
Қонаевтар Брежневтің достары.
Жерді қорғап Хрущевпен күрескен,
Тәшеновтің келді-ау бүгін тоскаңы.

Тар өткелден елім ептеп оңалып,
Түзелерміз бізде ертең қоң алып.
Мәлік ағам аунап түсті деп білем,
Күлім қақса дана Ілияс Омаров.

Ахмет пен Мағжан қосты алысты,
Сәкен, Ілияс, Бейімбет те табысты.
Ораздар мен Тұрарларды тұғырлап,
Қосып берді Мұхтар менен Қаныштьі.

Кеңес елін дауыл соғып сұлатты,
Дербестікке жетті қазақ тұрақты.
Ту ұстаған Елбасының қасында,
Қозыбаев болды елге шырақшы.

2002

ҒАЛАМАТЫ ӘЛЕМНІҢ

Айгүл Үлкенбаеваға

«Аққуды» Айгүл тартқанда,
Құйылды ынтық нұр қандай?!
Ару құс канат қаққанда,
Нұрғиса тыңдап тұрғандай.

Он саусақ жүйткіп бөгелмей,
Ойнақтап шапты керіле.
Жүрегін үзіп берердей,
Құйғытты күйге беріле.

Шалқыды аққу саңқылдап,
Сынарын іздеп тапқандай.
Салтанат құрды жарқылдап,
Ақ жалын лаулап жатқандай.

Әуенге бөлеп мың түрлі,
Әу-демде оқыс қаратты.
Саңқыл мен қаңқыл құлшынды,
Махаббат әнін таратты.

Бір кезде аққу сұңқылдап,
Сырғыды суда баптанбай.
Аңсатқан ақ құс сикырлап,
Тасаға бара жатқандай.

Күміс көл барын арнапты,
Тербелтті толқын былқылдап.
Тасада ләззат татқандай,
Сүйсінді құстар сылқылдап.

Бір толқып аққу бір шалқып,
Төске төс тақап оңалды.
Бір желпініп, бір қалқып,
Мойынға мойын оралды.

Иірім әуен дүрлікті,
Иіріп саусақ шерткенде.
Екі ішекке тіл бітті,
Аққуды аққу өпкенде.

12.07.2002.
Алматы

АРДАҚТЫ АБЫЗ АҚСАҚАЛ

Бәйкен Әшімовке

Көкшетаудай кербез, маңғаз жаралған,
Ақан, Шоқан, Қаныштардан нәр алған.
Алты Алаштың қыранысың ақиық,
Омырауыңа «Алтын Жұлдыз» қадалған.

Биден де биік асылым,
Бойында бүкіл ғасырым;
Жамандықтан безініп
Жақсылық елге тасыдың.

Көнеден қалған көзімсің,
Көкіректе қымбат сөзімсің;
Ардақты абыз ақсақал,
Бәйкен аға, өзіңсің.

Көрген адам ақылды деп мақтаған,
Жеңешем де таңғажайып жақсы адам.
Жігіттіктің Бас сұлтаны сайлардай,
Жіптіктей ғып сені мығым сақтаған.

Алатауда тұрағың,
Тап қасында жұмағың.
«Бақытың – сенің бақытың»,
Бір кешкен өмір сынағын.

Көнеден қалған көзімсің,
Көкіректе қымбат сөзімсің.
Ардақты абыз ақсақал,
Бәйкен аға, өзіңсің.

Әнге бөлеп ұшырғаным жыр құсын –
Кәрі-жасқа өнегелі үлгісің.
Парасат пен саясатың парапар,
Асыл мінез – бір сырлы, мың қырлысың.

«Ел сенімі – қымбатың»,
Тұлғаңа сай сымбатың.
Халқыма кең тарады,
Даналармен бірге атың.

Биден де биік тұғырың,
Әлемге жетті дүбірің.
Ардақты абыз ақсақал,
Жастарға сабақ ғұмырың.

23.08.2002.
Алматы

БӨРТЕ ХАНЫМНЫҢ СӨЗІ

Шұғыла елін Шыңғыс хан талқандады,
Ақ Бұқа атты патшасын аркандады.
Ай мен күндей құлпырған қызын алып,
Құлан ханым қасында алшаңдады.

Бәйбішеге хан тақсыр хабар қылды,
Мәмілегерді жіберді табар тілді.
Сонда Бөрте сөз айтып хабаршыға,
Ата дәстүр салтына сала білді:

– Әмір солай,
Көлден құс атсын, – деді, –
Сондай едім өзім де жас күндегі.
Хан иеме қызғаныш ете алмаймын,
Жас иіспен қызыққа батсын, – деді. –

Тілегім мол
Ниет пәк жолын бумас,
Мен өкінер емеспін долы қу бас.
Етегінен кім қоңырау қакса-дағы,
Жошы, Үгедей, Шағатай, Төле тумас.

Хан иеме жарасқан еркелігім,
Ұлғайғанда бүлінбес мөлтек үнім.

«Қабат шапан тоңдырмас,
Қабат аркан тоздырмас»,
Жас тоқалдан кемімес Бөртелігім.

27.11.2002

РАУШАН ГҮЛ

Раушан гүлдің алаулап жанғанын-ай,
Рауан нұрын төгіп тұр жаңа құдай.
Қызыл ішік жамылған қызыл кеште,
Сұлу қыздай бауырады қызыл шырай.

Бой қыздырды алаулап қызарғаны,
Бұлқынып тұр қыршын жас ізгі арманы.
Гүл желбезек бүлдіршін жүз құбылды,
Жел сүйгендей қызық-ау із қалғаны.

Көкірек жарды исі аңқып құлпырғаны,
Үлбіреп тұр үлпікер сылқым тәні.
Тұншыққандай талықсып, талмаурады,
Тіл шыққандай құлшынып ынтық жаны.

Сыйлағандай раушан гүл бір көруді,
Жаутаң еткен мезетте жыр төгілді.
Таңғажайып тамаша тамылжыған,
Қандай рахат бір көру гүл-өмірді?!

31.05.2002

* * *

Кондуктор айтып жатыр хабарлама,
Үйрендік автобуспен аяңға да.
«Япырмай, қайдан жүрсіз?..» дегендей боп,
Кіргендер тиіседі маған ғана.

Барамыз орталыққа төтесімен,
Дәл киып Фурмановты шекесінен.
Құлайдың бір бергені осы шығар,
Келеміз Сырбай аға көшесімен.

Көлік көп ерсіл-қарсыл шұрқырағаң,
Ақынша түрі ғажап жыр құраған.
Қаулап тұр жасыл ағаш жапырағы
Шашындай Сырағаңның бұрқыраған.

Сағынған білді ме екен елеңімді,
Бір сұлу танып көңіл бөле білді.
От алып жанарынан бастап кеттім
Сырбайға жаңа арнаған өлеңімді.

11.04.2002

ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ СЕКІЛДІ

Біз төртеуміз тірлікте:
Бәйбішем, ұлым, қызыммен.
Алла сепші бірлікке,
Айнымас құтты ізімнен.

Төрткүл – жатық жаралған,
Бір құндаққа бөленген.
Төрт тармақ сыры сан алуан,
Аумаған сәтті өлеңнен.

Ұлым жақсы қыз алды,
Қызым ұшты ұядан.
Екі бұрыш ұзарды,
Көз тартқандай киядан.

Бұзылды деп төртбұрыш,
Өкінбеймін ешқашан.
Естілместей еш сыбыс,
Көп бұрышпен достасам.

Тоймастық жасар, әлбетте,
Ынсапсыз саумын әуреден.
Бастаған бабам әулетке,
Тілеймін өріс тәубеден.

Ұзақ емес сыр қалың,
Жан-жаққа көшім тарады.
Немере баққан ұрпағым,
Шөбере жаққа қарады.

22.04.2002

ӨЗІ СҰЛУ, СӨЗІ СҰЛУ ЖАН ЕДІ

Ғабит Мүсіреповке

«Гәкку» десек Ғабит еске келеді,
«Қыз Жібек» пен Күләш бірге ереді.
Ақан, Сәкен секілденген Ғабең де
Сылқым маңғаз, керім-кербез сері еді.

Таң қалушы ек басқанына аяғын,
Жұрт сүйетін әсем бипаз аяңын.
Паң келбетін жарқ еткізіп, жалт қарап,
Құмартушы ек серпе салса таяғын.

Шалдық емес,
Таяқ берген салдықтан,
Әлемдегі серілікте барды ұққан;
Сұлу еді көкірегі де, өзі де,
Көркем сөздің бар дертіне шалдыққан.

Кең сөйлейтін тілдескендей Айменен,
Оған таныс сөз болса да қай белең.
Абайды айтса Мұхтарды да тастамас,
Арғымаққа бірге ергендей тай-дөнен.

Сүюші еді атамекен аспанын,
Ойламайтын сонда жеке бас қамын.
Сәбит аға нар тұлғасын еске алған,
Естіп едім сан әңгіме-дастанын.

Бір айтқанын көкейіңе сақтатып,
Кетуші еді мәңгі-бақи жаттатып.
Қызық еді-ау еске салып, пысықтап,
Даналарды отырғаны жоқтатып.

Аз емес қой аға жайлы айтарым,
Сал бойында сездім сиқыр сайтанын.
Сұлу көрсе жоғарғы ернін мүсіндеп,
Мүсірепов мырс еткенін байқадым.

Сыр жүйесін келіп отыр келте еткім,
Асылдарын білді-ау, шіркін, жер-көктің.
Құлагердей шапқан сайын қызатын,
Ғабит аға сұлтаны еді еркектің!

13.05.2002

ҰЛПАННЫҢ БИ-БОЛЫСҚА АЙТҚАНЫ

«Анаңды...» деп боқтамайды қазағым,
Құны жеңіл өзге сөзбен жазаның.
Ана – бүкіл тіршіліктің тірегі,
Адам Ата да тартты ғашық азабын.

Хауа Анаға сүйсінуді ұнатты,
Сол құштарлық серік берді тұрақты.
Бір алманы қаққа бөліп жейміз деп,
Екеуі де тастап шықты жұмақты.

Қыз балаға жақын қазақ жүрегі,
Ақ үкідей сылап-сипап жүреді.
Содан болар,
Қыз баланың ерекше,
Ата-анаға, туған елге жүрегі.

Беу, ағайын! Бұл дәстүрді тастама,
Құнды етейік жол-жораны басқа да.
Қызға жігіт көрсетпесін сотқарлық,
Қыз балаға тіл тигізу масқара.

Ырқын сыйлап салт-саналы жөн істің,
Айттыруға қыз баланы көністім.
Жесірлерін қамап қойып өсірген,
Ұнамайды монастыры орыстың.

Бірақ жөнсіз парқы ерте бөлістің,
Құдалық көп сайлауында болыстың.
Ең әуелі бозбала мен бойжеткен,
Өз ырқымен тіл табысып, көніссін.

Содан кейін айттырайық асықпай,
Жасау сайла қыз көңілін жасытпай.
Қайырымға құдалардың бергенін,
Алайықшы «қалың мал» ғып тасытпай.

Ер мен әйел шын теңдігін қолдаймын,
Соны ойлаған
Жас күнімнен мол қайғым.
Ері өлсе әмеңгерлік тоқтасын,
Бұл пікірді мен ұлыққа жолдаймын.

Жесір сыйлау ұлт дәстүрі бекісін,
Өйтпегенде бітпейді бұл шекісім.
Байы өлгенде артта қалған мал-мүлік,
Жесір ана алсын үштен екісін.

Сүйген жарың – жарқыраған сәулетің,
Ол тырбанып
Құрған өсті дәулетің.
Ару-ана марқайғанда ардақтап,
Дәл өзіңдей сыйлап өтер әулетің.

Міне, қандай білгендіктің өресі?!
Бұл дәстүрдің жаңасы да көнесі.
Аттанғанда би-болыстар бақиға,
Әйелдері болсын елдің төресі.

Ұмытпаңдар Абақ Керей елінде,
Абақ Ана шықты бастап шеруге.
Қаракесек пірі емес пе Қарқабат,
Жасқанбаңдар бізге тізгін беруге.

Беу, Керейім!
Керейім-ау, не дейін?!.
Әйел ісі аз бен көбі кедейдің.
Есенейім мені өзімен тең ұстап,
Көтерді ғой зор береке мерейін.

Қыз баланы ел еркесі етейік,
Ана болар ол да ертең есейіп.
Ана деген – ұлттың жылы ұясы,
Беу, ағайын!
Қазақ болып өтейік!

25.02.2002.
Алматы

МӘҢГІЛІКТІҢ ЖОЛДАРЫ

Күннің де ашық болғаны-ай!
Ғабеңдей сұлу жайдары.
Ақындар қоймас толғамай,
Әншілер еркін сайрады.

Сыйлады ел-жұрт заңғарды,
Үлкен той үздік жасаған;
«Целинный» деген ауданды
Ғабеңе арнап атаған.

Ұлылық толы затында,
Бағалап беріп кеткенін.
Ғабит аға атында
Паш еттік ғажап мектебін.

Алғыс пен елден бата алар,
Сүйсінтіп кетсе ғасырды.
Есімімен аталар
Кітапхана ашылды.

Асыл мұра жайнаған,
Қауласа Ғабең томдары,
Осылар ғой сайраған,
Мәңгіліктің жолдары.

Той дүбірі салмақты,
Тілектің берді есесін.
Қызылжар ашты ардақтап
Мүсірепов Ғабит көшесін.

Зиялы қазақ қауымы,
Ескерткіш ашып шаттандық.
Ғабеңнің туған ауылы
«Жаңа жолға» аттандық.

14.06.2002

ТОЙ ЖАЛҒАСЫ

Ұзақ жолда біршама ес кіріпті,
Ақыл, шіркін, қостайды-ау естілікті.
Күні бойы келеміз дамыл таппай,
Мезгіл жетті-ау ескерер кешкілікті.

Көп келіншек барлаймын көріктерін,
Бірінің де көрмедім зеріккенін.
Үш жеңешем, бәйбішем отырғасын,
Сұлу көрсем сұқтанып желікпедім.

Шын сұлулар ақынның досы екен ғой,
Көңіл-дөнен шылбыры бос екен ғой.
Баяғыдай базарға шығармайды,
Желе жортпас жетпісің осы екен ғой.

Алаңдайды жан-жаққа құмар адам,
Шыр бұзады осылай шыдамаған.
Еркеғали купеден шықпай отыр,
Қаймыққандай қасында Кларадан.

Күйі келсе тоқтамас төкпе қалам,
Шындықты айтсам өтер ме өкпе маған?..
Тұтқындалған немістей тырп етпейді,
Бір жыл бұрын жетпіске жеткен ағам.

Осындайды кезім көп жақтырмаған,
Шабыт қонбас жүрекке сақ тұрмаған.
Аңға шығып келейік, беу, Ереке,
Көрші көлге қоныпты «ақ тырналар...»

13.06.2002

ҒАБИТ ТОЙЫ ҚЫЗҒАНДА

Ақ дастархан жайылған,
Тамаша қандай жолдағы?!
Салынған аппақ қайыңнан
Сарайдай бұл жақ орманы.

Қыздары қандай билемпаз,
Сырнайшы сері ұлдары.
Қуат жүр бастап дүр маңғаз,
Әр сөзі жанға гүл-дәрі.

Кенжеғали, Сері ағаң,
Еркеғали, Әбекем...
Қосылған бізге көп адам,
Ұлы думан сәні екен.

Кәкішевпен биледі,
Омбыдан келген Алтынай.
Шаршауды ағам білмейді,
Алтынай қайтсін балқымай?!.

Айыбы болмас көргеннің,
Қақпай ма қармақ ілгенін?..
Байқадым құрдас жеңгемнің
Жалаң аяқ жүргенін.

Қызығы кернеп ғаламның,
Төгілді алуан күй керім.
Көз шалды құрдас ағамның
Бір сұлуды сүйгенін.

Өлең оқып думанда,
Қызықты біз де молайттық.
Жүзге кеп Ғабең тұрғанда,
Еңсесін елдің зорайттық.

15.06.2002

ҒАБЕҢДІ СҮЙГЕН ЕРІНДЕР

Раиса Мұхамедияроваға

Жан екен сұлу ғаламат,
Арудың дәру асылы.
Ғабитпен шеккен махаббат,
Дананың дара ғашығы.

Жанары оттай жайнаған,
Қыз қалпы келбет, сәні де.
Лықсып қаны қайнаған,
Толықсып тұрды тәні де.

Шыдасын қайтіп ет жүрек,
Қалмассың көрмей шеткері.
Қағады бүлкіл елжіреп,
Ғабеңнің сүйген беттері.

Тараған аңыз, қызық жыр,
Табыскан ынтық дер кезде.
Нұр шашқан осы қызыл гүл,
Ғабеңдей сылқым кербезге.

Отырды толқып, балбырап,
Тал бойы әсем керім дер.
Ушығып кетті албырап,
Ғабеңді сүйген еріндер.

Жеңешем күлсе сызылып,
Отырдым оқшау қонақтай.

Алыстан көрдім қызығып,
Еркеғали жолатпай...

14.06.2002.
Қызылжар

* * *

Жақсы адам әсте мейірбан,
Бойында асыл татым бар.
Қарадан ақты айырған,
Ниетпен ізгі жақындар.

Атағы айға жетсе де,
Кетпейді шалқып тым асып.
Қызықты өмір шексе де,
Жақсыны жүрер мұң басып.

2002

МЕН СЕНІ САҒЫНДЫМ ДЕДІМ ҒОЙ

Мен сені тым қатты сағындым,
Назды өлең жүректе көктейді.
Сау жүріп есімнен жаңылдым,
Түн неге тезірек өтпейді?

Аңсадым жүзіңді көргім кеп,
Шақырған жетті ме дыбысым?
Көзімді ілдірмес белгің көп,
Оятып жіберді тынысың.

Келер деп таңертең ертемен,
Естідім амалым біткенде.
Махаббат отына өртенем,
Тез жетіп келмесең күткенде.

Өзгерді Алматы тағдыры,
Жер-көкке ақ көрпе жапқандай.
Қарлатты наурыз жаңбыры,
Терезе сен келіп қаққандай.

Ақындар шыдауды білмейді,
Кеудесі қаулаған сезім ғой.
Поезың неге тез жүрмейді,
Мен сені сағындым дедім ғой.

07.03.2002.
Алматы

* * *

Ақ сүт – адам жол басы,
Ақ сүт – адам жолдасы.
Сүт, өзіндей тазамын,
Тәңірі алдында қорғашы.

Саумал ақса сызыла,
Жастай таттым қызыға.
Қымыз ішіп қызықтым,
Қызылжардың қызына.

Өскен өмір гүлі боп,
Сүттей аппақ, міні жоқ...
Қасымда жүр қаракөз,
Шаңырақтың пірі боп.

20.04.2002

* * *

Кәмпит жесек қақ бөліп,
Ол көрінер сұлулау.
Масайрасақ шат болып,
Мен әндетем қызулау.

Бөліп жеу де қайырым,
Тұтанбастай біздің дау.
Там-тұм тәтті татқызып,
Көкейімде бұзылмау.

АҚҚУДЫҢ КӨГІЛДІРІ

Мен көрдім аққудың жас көгілдірін,
Өзгертті құс-періште өмір нұрын.
Адасып қалған құсым табылғандай,
Сағыныш сазы толған төгілді үнім.

Тапқандай досын жоғалған,
Әндетті аққу көгілдір.
Жастық шақ қайта оралған,
Не деген ғажап өмір бұл?!

Жайнады бір көруді несіп етіп,
Ойнады құс қамысты кешіп өтіп.
Салды ғой салтанатты саңқылына,
Құштар ән құшағында есі кетіп.

Қайтейін құс назына көне бермей,
Шалқыдық Би Фатима жебегендей.
Жас аққу Қыз Жібектей жайнағанда,
Мен тұрдым ғашық болған Төлегендей.

Жас аққу әндетеді сезім теріп,
Сенемін, сенбеймін де көзім көріп.
Көгілдір ақ жүзіне таңданамын,
Талай жыл қайда жүрдің дегім келіп.

2002

ТЫНЫШ ҚАНА...

– Қажет емес саған у-шу топыр көп,
Тыныш қана өлең жазып отыр, – деп,
Үгіттейсің жаның ашып, бәйбіше-ау,
Өлең қозғар жүрегімнің отын көп.

Сәтті жырдың шапағаты қорғайды,
Сырқат жүрек дәру етер сондайды.
Тілсіз тілмен үнсіз лаулап отырам,
Шындық осы – еш тыныштық болмайды.

Сенің маған тілегі мол жаның сеп,
Ақын үшін жұмағыңнан тамұқ көп.
«Тыныш қана өлең жаз...» деп айтқанша,
Тыныш қана оңашаға алып кет.

30.04.2002

* * *

Жылқы мінез жуас бол дейсің бе сен,
Біреу қамшы салмай ма тез жүрмесем?
Қойдай бол деп құптаған ғұрпың анық,
Жауратпай ма жүнімді қырқып алып?

Есек болсам ақымақ деп ұра берер,
Балық болсам жұрт торын құра берер.
Түйе болғым келеді...
Зор бастықтай,
Дым бітірмей ыржиып тұра берер.

24.04.2002

ҚАЙДА ДЕП СҰРАЙДЫ

Қабыкен Қазкеевке

Мәскеуде күн жауды төгілтіп,
Көк шатыр өз әнін құрайды.
Әйнектен көз жасын егілтіп:
«Сал жігіт қайда?» – деп сұрайды.

Ақ нөсер құйып тұр парлатып,
Терезе малшынып жылайды.
Жаңбырды кім қойды зарлатып:
«Жерлесің қайда?» – деп сұрайды.

Толассыз жауып тұр безектеп,
Біреулер паналап ықтайды.
Әр тамшы сұрайды кезектеп:
«Қайда, – деп, – ол неге шықпайды?»

Ол күндер жаңбырсыз күн еді,
Нұры да, желі де алдаусыз.
Өзі де қатерсіз жүр еді,
Сұм ажал әкетті аңдаусыз.

Бәрі жөн сұрақтың біздерге,
Зарлы аят оқыды жаңбыр да.
Жаманды табиғат іздер ме,
Ашынып жатыр ғой тағдырға.

Бір кезде нөсер де күрсінді,
Біздермен ол бірге жоқтапты.
Қазасын інімнің түсінді,
Терезе көз жасын тоқтатты.

14.04.2002

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ СЕНЕМІН

Ем қонды, күш жиналды, Мәриям-ау,
Тез жетем емханадан жанұяма.
Мың алғыс дәрігерлерге айтып кетем,
Аттарын алты Алашқа жариялап.

Гүлшахра, Гүлжан, Лилия, Гүлзаданы,
Арналды паш етуге жыр мазалы.
Атақты Ахат, Нұртас, Сәбихандар,
Бір емес тойтарады мың қазаны.

Көз тояр көмекшілер бар талантты,
Ел білсін Қарлығаш, Ләззат, Салтанатты.
Қызғыштай көл қорыған қарындастар,
Бойыма талай ыстық қан таратты.

Көп алдым осылардан жедел көмек,
Қолдары тисе сырқат жеңілдемек.
Мәңгі асау ақын мінез бір ғажабы,
Ежелден дәрігерге сенім бөлек.

Сеніммен жетеді адам арманына,
Сеніммен ғарышқа да бармады ма?!
Сенімсіз бұл жалғанда дым бітпейді,
Сеніммен қарап келем жан-жағыма.

Көз шалса көлде аққудай ақ халатты,
Көңілім сенім артып дос санатты.
Жетердей құстай ұшып құлшынамын,
Бітердей жігер, қуат кос қанатты.

Бірлесіп бар сырқатты жеңе білген,
Достармен аман-есен келемін мен.
Қолдай бер, періштелер, өмір сүйгіш
Пендемін дәрігерлерге сене білген.

06.02.2002

ТАМШЫ ДӘРУ

Тамшы, тамшы, тамшы, там,
Тамғаныңды яратам.
Татар халық әнінен

Тамыр тесіп
Құйып жатқан дәруі,
Нәзік екен, сол жүректің зәруі.
Тамған тамшы тұла бойға жеткенде,
Қатер, қауіп кетеді екен бар уы.

Беу, қарындас!
Қан тамырды тескенің,
Көбейді ізі білектегі дестенің.
Ауыртпайсың,
Жаның маған ашиды-ау,
Көрініп тұр мейірімді боп өскенің.

Бетің жабық,
Қасың, көзің көрініп,
Жатамын мен

Ойға көңіл бөлініп.
Қарашығың жарқ еткенде жаудырап,
Жыр жауады көкірегіме өріліп.

Бой жеңілдеп,
Сергімесем сенбес ем,
Ертең мен де сау күніммен теңдесем.
Қарындас-ау,
Қанға дәрі құймай-ақ,
Тез жөнделем қос жанармен емдесең.

05.02.2002.
Емхана

ТОЙДАҒЫ ЖІГІТ ӨЛЕҢІ

Есім кетер шырқап салған әніңнен,
Ынтық болмау келмес менің әлімнен.
Жанарыңның жарқ еткені қыздырып,
Сүйем сені жаныммен де тәніммен.

Құштар жанның сұрағы көп болады,
Аңсап күтер сен жанымның қонағы.
Қайда жүрсем көрінесің түсімде,
Жолықтырып тоқсан жолдың торабы.

Сағындырмай қояр емес тірі күн,
Айтқанынан қайтпас жанның бірімін.
Іздеп тауып сүйіп, құшып кетер ең,
Білсең, шіркін, жүрегімнің бүлігін.

Ақ жол тосар күн де, түн де, аспан да,
Кел, тезірек, іздеп келші, жасқанба.

15.06.2002.
Ғабит ауылы

КҮЛБӘРӘМДІ ҚҰТТЫҚТАУ

Күлбәрәм, құтты болсын алпыс белес,
Айтпаймын алпыс жайлы салқын кеңес.
Тіршілік берген алпыс алтын шағы,
Күші нық қартайдым деп елеңдемес.

Алпыс жас – жастық шақтың қоштасқаны,
Ой толып, ақыл, қуат төс басқаны.
Өткелі суат жайған жан-жағына,
Көктемі егеліктің достасқаны.

Гүлісің жақсы өрістеп жетілгеннің,
Бірісің қос ұл тауып серпілгеннің.
Ірісің маған жақсы бажа тапқан,
Кенже қыз, әже болып бекімдендің.

Ақынның жолы болмас жыры қызбай,
Келеміз ата дәстүр сынын бұзбай.
Бәйбішем жан анандай ардақтады,
Ұзаттық сені үлкен қызымыздай.

Кенелдің үлкен-кіші сыйлар шақта,
Жеткен бар, жетпеген бар бұл ғажапқа.
Мерейлі туған күнің құтты болсын,
Алпысқа сені іштей қимасақ та.

Алпыс жас алқындырмас, асып-саспа,
Жоқ сенің адалдықтан сырың басқа.
Осы үйдің аруақ қонған асылысың,
Тигізсін тамсанғанның тілін тасқа.

Қызыққа, қуанышқа көшең толсын,
Қасымың қасыңдағы есен болсын.
Айман мен Тоғжанға бақыт қонып,
Абылайың ел басқарар көсем болсын.

Ел сүйген мінезіңді жарқын көлсін,
Алпыста өмір жаңа қарқын берсін.

Кентау мен Жезқазғанды жалғастырған,
Құтты әулет, шаңырағың шалқи берсін.

04.11.2002

* * *

Елдес те еді,
Сұлулар жерлес те еді,
Жоқ болды ғой өзіңмен теңдескені.
Үйрек-қаздың ішінде аққу көріп,
Қайта тудым сенімен кездескелі.

Келші, келші,
Армансыз аймалайын,
Аймалайын, жаныма жай табайын.
Рахат, ләззат, шаттыққа малшынайын,
Жақындашы,
Тағы да қайталайын.

Қос ақ қоян секілді
Тосып жатқан,
Ақ төсіне құштармын толқын атқан.
Қызығына қанайын,
Мезет тусын,
Дертті жүрек дәнекер емін тапқан.

Жарқ еткенде
Жанарың ырқымды алар,
Жүрегімнен ағындар ынтық хабар.
Ғұмырымда ешқашан ұмытпастай,
Тұғырың да жақсы екен бүркіт қонар.

2002

* * *

Талай жыл сыйлас өскен елес жеңіп,
Жүреді көз алдыма Төлеш келіп.
Жараткан сақтағандай ойлап қалам,
Дүлдүлдің ағасы деп мені ескеріп.

Естелік көптен де көп мен көтермек,
Айта алмас мақтан етсем ел бекер деп.
Жүргенде басқан ізін өлеңге орап,
Ойлап па ем бұл жалғаннан тез кетер деп.

Қуансам Мәскеу жақтан аман келіп,
Тас қорған болдың, Төлеш, маған берік.
Евней жоқ, Нұрғиса жоқ, Сырбай да жоқ,
Көңілге медеу таптым саған сеніп.

Құламас көруші едім берік емен,
Жыл толды қоштасқалы сеніменен.
Отырмын жаным ашып, мұң тербетіп,
Жарысып көз жасыммен келіп өлең.

05.06.2002

ӘДІЛДІКТІҢ ҚОРҒАНЫ

Есіләм кетіп азайды,
Жаны ашыр бауыр, туысым.
Қыстамшылық қажайды,
Тарылғандай тынысым.

Телегей-теңіз толғатқан,
Ақынымнан айрылдым.
Жолыма белгі орнатқан,
Жақынымнан айрылдым.

Сыйластық көрсем іниден,
Достасып қатты шаттанды.
Толғанып жүрек тілімен,
«Өз ағам» деп мақтанды.

Әрі інім, әрі дос еді,
Сан жылдар тосып табысқан.
Сайыста сұңқар осы еді,
Жаралған жаны намыстан.

Тындырған ісі мол болды,
Парызы елге өтелген.
Алатауда сол болды,
Есілдің туын көтерген.

Атағы, даңқы зор еді,
Жыл сайын өрлеп өсерлі.
Ақиық қыран сол еді,
Топшыдан қағар есерді.

Өкінтті кетіп ең ірі
Әділдіктің қорғаны.
Жақсы еді шындық зеңгірі,
Өз інімнің болғаны.

12.10.2002.
Алматы

АТЫҒАЙ МЕН ҚАРАУЫЛ

Есілді бойлап ағылған,
Атығайда қой толы.
Құлагерін сағынған,
Қарауылда ой толы.

Кедеймін деп саспаған,
Байыдық деп аспаған.
Атығай мен Қарауыл,
Ешқашан ірге ашпаған.

Жарасты құтты іргелік,
Мұңдасты бөліп ойын да.
Қыз алысып, қыз беріп,
Жасайды бірге тойын да.

Көзіңе түссе сан ауыл,
Деп қалма: «Бұл қай ауыл?»
Әлмисақтан бір ауыл,
Атығай мен Қарауыл.

29.06.2002.
Алматы

* * *

Хас тұлпардың тұяғы
Тұрып қалса тозады.
Шабыста қанып құмары,
Ұшқан құстай озады.

Қимылдасаң жарылқап,
Береді Алла берекет.
Тасада қалма жабырқап,
Қарекет түбі – әрекет.

29.06.2002

* * *

Ұқсамайды жүйрікке,
Кей сәйгүлік тұлғасы.
Тереңдеу қарай білдік пе,
Көргенің құр сұлбасы.

Бәйгеге қадам жасарда,
Үміт пен сертке сенеді.
Құлагерлер қашанда,
Қарапайым келеді.

ІНІМЕ ХАТ

Ақтай Әбілмәжіновке

Телефонмен сәлемді қосып үнге,
Хат жазудан қалдық-ау, осы күнде.
– Егемен ел есен-сау, жұрт тыныштa,
Не қылған хат? – деп, інім, шошып жүрме.

Бірге оқыған кезді айтар Сырымбетте,
Шын бауырмал жетсінші үнім көпке.
Жастық шақтың көктемі еске түссе,
Егеліктің жеткені білінбек пе?

Құтты болып жұрт айтқан бата-тілек,
Жылдар жылжып сан қилы жасады лек.
Жетпіс асу мен шыққан
Естіп едім,
Ақтай, саған тықыры тақады деп.

Жыр төгіліп көңілге наз қонғанда,
Көз жүгіртем елдегі бар қорғанға.
Ақтай келсе жетпіске,
Ой-хай, дүние-ай,
Қайрош пенен Нығметжан шал болған ба?!

Сыр білдірмей әзілмен күліп тұрмын,
Күрсінбесін жаны ашыр біліп құрбым.
Ақын ағаң жетпістен жасқанбайды,
Әлі күнге көлден құс іліп жүрмін.

Көңіл қозғап
Қыз-шабыт кеңескені,
Осы шығар сағыныш желі ескені.
Мен сені айтып өзеуреп отырғанда,
Сұлу қыздар мектептес елестеді.

Әгір, Айша, Бәкөштің қарсы алғаны,
Жас жүректің аз ба еді тамсанғаны?
Зейнікеш, Зикен, Сараштар би билейтін,
Жан жеткізбес Жамалдың ән салғаны.

Бесті асаудың бұлтартпай ұстар жалын,
Беріктікке үйретті ұстаздарым.
Мұғалім деген періште бергені ғой,
Тіршілікте болғаны мықты арманың.

Сенім артқан түлегі саналамын,
Сол қатардан сені, Ақтай, таба аламын.
Қашан, қайда жүрсек те ұмыту жоқ,
Бөліп жеген интернат қара нанын.

Қараторы, талдырмаш сүйрік едің,
Інілердің ішінде жүйрігі едің.
Жанарыңнан жылылық жарқырағаң,
Жақсы атағың жайылып жүрді сенің.

Қиындыққа болмады бізде жаттық,
Электр шам сөнгенде пілте жақтық.
Сәкен әнін жасырын шыркағанда,
Бір бөлмеде көп бала бірге жаттық.

Ақын Мағжан атын біз естімедік,
Ақан, Біржан әнімен көш түзедік.
Тау аралап, топталып көлге түссек,
«Әйгөлекпен» бітетін кешкі желік.

Қарағай, қайың қаптаған сауырында,
Қызық көп қой Сырымбет бауырында.
Мақтан етем болғанын біздің мектеп,
Ұлы ғалым Шоқанның ауылында.

Хат жазғанда осылай реті келіп,
Әу дегеннен қылқалам кетті желіп.
Жақсы дәстүр жалғаса берер деймін,
Хат жазуды ұмытып кетіп едік.

28.10.2002

ҒАШЫҚТЫҢ ТІЛІ

Ғашықтың тілі – шорқақ тіл,
Дәл баспас үркек, қорқақ тіл.
Қос жүрек ынтық лүпілін,
Қайтсең де, тағдыр, ортақ қыл.

Ғашықтың тілі – жабық тіл,
Ым-жымға үнсіз қанық тіл.
Махаббат пірі, бар болсаң,
Тілегін құштар анық қыл.

Ғашықтың тілі – жақұт тіл,
Ақ алмас, маржан, ақық тіл.
Қайтсең де, Тәңірім, бір сөзге,
Жетердей тілін асықтыр.

Ғашықтың тілі – азап тіл,
Ғашықтың тілі – ғажап тіл.

25.05.2002.
Алматы

ЕСІЛ ТАҢЫ

Атқанда арай шашып Есіл таңы,
Шықты ғой жас күнімдей есім тағы.
Тоғайдан тоқсан тарау бұлғақтаған,
Тотының таңға ғашық естілді әні.

Ақ сәуле күлім қаққан сүймес кімді,
Жауқазын қызғалдақпен тілдестірді.
Күн шықты аппақ жүзің жарқ еткендей,
Өзіңмен бала күнгі үндестірді.

Ақ шуақ көк Есілдің таң самалы,
Аққу-қаз сырнай-керней қарсы алады.
Сандуғаш сайда сайрап сәлемдессе,
Көңілдің дамыл тапты аңсағаны.

Сағыныш осындайда селдіреді,
Ән неткен таза нәркес мөлдір еді?!
Осылай жатады екен тебіреніп,
Лүпілдеп таң мезгілде ел жүрегі.

12.05.2002.
Астана

* * *

Ақ бұлақ шеті тың құрақ,
Өзенге қарай өрлейтін.
Күмістей жатыр сыңғырлап,
Бал кәусар үні сөнбейтін.

Сыбыры өшіп жатады,
Қайнары сөнген құрақтың.
Рахатқа шексіз батады,
Ашқандар көзін бұлақтың.

Құпия қызық дем берген,
Жүрердей таңсық жыр етіп;
Тіршілік шығар сол жерден,
Ашқанда көзін шыр етіп.

Жарқ етсе туар тосын ой,
Сылқылдар бұлақ күлімдеп.
Еркіндік деген осы ғой,
Талықсып жатыр дірілдеп.

2002

ҚАҚПАҚЫЛ

Ей, қалқа, шай құйып бер қаймақпенен,
Күй тартып, әсем өлең арнап берем.
Сауықшыл сәтті жайлап отырғанда
Еш адам әкете алмас байлап сенен.

Шайыңның құй сары алтын қоюлауын,
Сеземін бүгін қызық тойым барын.
Ғұмырды қызық көрем осындаймен,
Тығылды көмекейге ойымдағым.

Көңілдің көк дөнені желетұғын,
Шабыттың көктұйғыны келетұғын.
Әніме мен қосайын тілегімді,
Жүрегің жүрегіме еретұғын.

18.03.2002

ЖҮРЕГІМЕ

Жүрегім, неге асығыс дүрсілдейсің,
Әлде зор қатер барын білсін дейсің.
Тигендей жайдың оғы бұлтты жарып
Әп-сәтте жан ұшырып «ішіп-жейсің».

Тіл қатпай жетегіңде жүрмедім бе?
Ақылды көптеу тыңдап күрмедім бе?
Достармен сауық-сайран құрмадым ба,
Қырандай құмар құсты ілмедім бе?

Асауды жақпады ма үйреткенім?
Арықты аз болды ма күйлі еткенім?
Жалғанда жалғыз жүру жараспас деп,
Асығыс есіңде ме үйленткенің?

Көңілге сен жөптемей наз қонды ма?
Іздемес «Жезкиікті» жаз болды ма?
Он жылдай жер астында жорық шегіп,
Сондағы қазған кенім аз болды ма?

Мен сені тыңдамадым қай жасымда?
Күреске түспедім бе шайқасуға?
Немесе атой салып аз жүрдім бе,
Аралдың апат шеккен айқасында?

Сан жылдар елді аңсатып алаңдатты,
Сол сәтте ақын досың қалам тартты.
Тым ұзақ шалғай шепке пенде болдым,
Әрине, соның бәрі саған батты.

Ризамын, жарлығыңа көнемін мен,
Қажымас қуат таптым көмегіңнен.
Ақ ниет айтқанымды алғыс деп біл,
Жігер ал жаңа жазған өлеңімнен.

Баптай бер дүрсіліңнің үнін асыл,
Бейсауат оқыс қауіп жуымасын.

Арызым, арманым сол саған айтар,
Қаламым тіршілікте суымасын!

05.02.2002.
Алматы

* * *

Көп боп кетті-ау жүректің сұрақтары,
Оған тиген ауырлық тұрақтады.
Қою орман, кою бұлт, кою тұман,
Тымырсып тұр орыстың қыраттары.

Күн жарықтық дегенмен шыдатпады,
Бұлтты жарып, жарқ етіп қыр аттады.
Бурабайға келгендей қайта жанды,
Көңілімнің нұр сүйгіш шырақтары.

Бүлкілдеді терең сай бұлақтары,
Тоты үніне қанықты құлақ нәрі.
Қырға шыққан жас елік маң-маң басып,
Жақын келіп алдыма шуақтады.

Әудем сәтте кетті ғой ұнап бәрі,
Осы шығар ақ елік жұмақтағы.
Қайтты, білем, жүректі қатты қысқан,
Бұл дүниенің ең ауыр сынақтары.

Қандай жақсы ақ сұлу ұнатқаны,
Маған қарай тағы да бір аттады.
Қуат берді орыстың орманы да,
Сақтап қалды, иншалла, құлатпады.

01.05.2002

КЕЛ, ДОСТАР!

Кел, достар! Баяғыдай жиналайық,
Серпілсін өткен қызық сыйға лайық.

Сезімнің селіне орап ғашық кезді,
«Көзімнің қарасына» бір салайық.

Кел, достар! Дастарханда кездесейік,
Тым шапшаң барамыз ғой біз де есейіп.
Өмірден өткендерге ая арнап,
Көңілден зіл кетердей тілдесейік.

Кел, достар! Еске алайық жастық шақты,
Ашайық алақайлап шат құшақты.
Жасайық тіршілікте біз де бір той,
Басайық жүректегі жарықшақты.

Кел, достар! Кешірейік өкпемізді,
Табайық біздер жүріп өткен ізді.
Жан серік қасымызда бәйбішелер,
Ауылдас қызды айтты деп сөкпе бізді.

Кел, достар! Есейгенде қосылайық,
Нұрлансын сыйластыққа қосым байып.
Ән салсам алты қырдан танырсыңдар,
Қарсы алсам орта жолдан тосып алып.

13.04.2002.
Мәскеу

ЖАҒАЛАУДА ОТЫР ЖАЛҒЫЗ КЕЛІНШЕК

Өзгелерден көрінгендей еріншек,
Қалың топтан жасай берді шегіншек.
Билеуге де бармайды,
Шыркап әнге салмайды,
Жағалауда отыр жалғыз келіншек.

Үңіледі тасып жатқан өзенге,
Түңіледі жолаушы жоқ кезеңге.
Аққудан көз алмайды,
Жан-жүрегін жалғайды,
Жалғыздығын қыз төресі сезер ме?

Кездесудің басы – сәлем, арты – сыр,
Келіншек пен құс төресі тапты тіл.
Көкіректегі зарынан,
Білді ғашық жарынан
Айырылғалы толмағанын жарты жыл.

Өзгелерден оқшау ғана көруші ек,
Үнсіз қарап сырттан көңіл бөлуші ек.
Аққу құсқа келеді,
Дос құрбыдай сенеді,
Жағалауда отыр жалғыз келіншек.

24.04.2002

ТҮН ОРТАСЫ АУҒАНДА

Түн ортасы ауғанда телефоным
Шырыл қақты тілгендей біреу жонын.
Күн ұзаққа шаршаған
Ұйқыда едік,
Кім азайтты тыныштық берген жолын?

Сағат аттап өтіпті бір жарымды,
Деп те қоям: «Осынша кім жаңылды?..
Еркелеген Шөмішбай ақын екен,
Білмейді ғой инфарктан тұрғанымды.

«Ғабит аға тойына барасыз ба?
Уақыт таппай әлде үйде қаласыз ба?» –
Десе: «Ертең жүреміз», – деп қайырдым,
Ұйқым толып көзімнің шарасына.

Сыр бермедім сөз соңын тежегім кеп,
Асау інім аптығын сеземін көп.
Бәйбішем де сәл тыңдап, аунап түсті:
«Біреу өліп қалды ма деп едім...» – деп.

11.06.2002.
Алматы

СҰЛУЛЫҚ ПЕН МАХАББАТ

Ақын үшін әйел жердің Тәңірі,
Есті еркекке құт-береке әмірі.
Сұлуларға сұқтану да рахат,
Құштар жүрек жетпей шыдам, сабыры.

Біз – тентекпіз, біз – ерекше еркеміз,
Жым болды ғой талай асау ерке қыз.
Ал жұбайың ана болған мезеттен
Бастап өзге үр жаңа күй шертеміз.

Ана деген – жер-жаһанның тірегі,
Тым үлпікер, нәзік оның жүрегі.
Нәрестені бағып-қағу машақат,
Шыр еткеннен мазалайды түлегі.

Жас баласы тез келмейді орайға,
Ақ бесікке бекер таңып орай ма?
Ана үшін тәй-тәй басса еркесі,
Өзге тірлік түсе берер оңайға.

Бота, құлын, қозы, лаққа қарашы,
Көп қиындық шеккен емес анасы.
Төрт аяғы тез жүгіртіп әкетіп,
Тез жетеді күнкөріске шамасы.

Есен жүрсек егделік те тамаша,
Бәйбішелер бізді жас деп санаса.
Өткен күннің бір ғажабы байқалар,
Қыз кезіндей құштар көзбен қараса.

Аруды айтсам арыз, назым аталмақ,
Керек пе екен ғашық сырын мақалдап.
Ақын үшін жер жұмағы – сұлулық,
Ақын үшін негізгі заң – махаббат.

06.03.2002.
Алматы

* * *

Өтіп бара жатыр ма сері кезең,
Таныса алмай қалдым-ау сеніменен.
Жалт қарадың артыңа, бір жылылық,
Кетті сонда жүрекке егіп өлең.

Жан екенсің ерекше албыраған,
Қос жанарың мың әуре салды маған.
Жарқыл қаққан жұлдыздай өте шықтың,
Бір сен болып бар әлем қалды маған.

Қызыл ерін ұмсынам гүліне де,
Елтіп қалдым назды ерке үніне де.
Топ ішінде тебіреніп толқи бердім,
Сыр білдірмей сұқтанған біріне де.

Шыдап қалды-ау үзілмей әрең демім,
Басылмай жүр әлі де әурең сенің.
Айтқан сөзің ала жел көрінеді,
Атасаңшы кездесу дәлдеу жерін.

2002

ТЫНЫШТЫҚТЫҢ СЫҢҒЫРЫ

Таңертеңгі Күн нұры –
Сал табиғат тың жыры.
Шық маржаны жарқ етсе,
Ол – тыныштық сыңғыры.

Домбырамның күмбірі –
Ғашық жүрек шын сыры.
Сенің түнгі лебің –
Тыныштықтың сыңғыры.

Сұлулықтың түн пірі,
Ашылады мың гүлі.
Ернің тиіп кеткені.
Тыныштықтың сыңғыры.

Сайрап сайдың бұлбұлы,
От құшақта тынды үні.
Ләззат, рахат – бәрі де
Тыныштықтың сыңғыры.

01.05.2002

СОҒЫС ЖЫЛҒЫ БАЛАЛАР

Мамырдың майса гүлімен,
Сандуғаш тәтті үнімен;
Құттықтаймын жыл сайын,
Жеңістің құтты күнімен.

Көкейде тұнып тұр бәрі,
Төрт жылдай соғыс тынбады.
Балалық деген базарды,
Сол жылдар бізден ұрлады.

Ойлансаң оқтай қадалар,
Бүктелген беріш жара бар.
Тұрмыстың кештік майданын,
Сұрапыл жылғы балалар.

Бұйырмай күннің жеңілі,
Ауырлық батқан ең ірі,
Аналар қанша десеңші,
Тосумен өткен өмірі?!

Екі көз төрт боп аңсаған,
Күтумен тозды қанша адам?!
Біз көрдік кемпір-шалдарды,
Ұлдарын аңсап қаусаған.

Ағарып атқан таң азды,
Қамыққан мұңлы жан азды.
Қайғылы хабар тасыған.
Біз көрдік қара қағазды.

Жақтады Алла оң істі,
Таптады зұлым немісті.
Әкесіз өскен балалар,
Біз көрдік ұлы Жеңісті.

Алыстан хабар тыңдастық,
Сүйінші сұрап шуластық.
Шөгірі кетпес табаннан,
Өткенді айтып сырластық.

Аз күнде өтті бар қорлық,
Жар сүйдік, асыл жар болдық.
Соғыс жылғы балалар,
Біздер де бүгін шал болдық.

03.05.2002

ЖАЛҒЫЗ АҚҚУ

Жалғыз аққу сұңқылдайды, жылайды,
Өңі өзгерді жарқыраған шырайлы.
Сағыныштың ауыр дерті сол ма екен,
Жаратқаннан өзіне өлім сұрайды.

Өлме дейді балапандар шырылдап,
Әкелерін әкетті екен кім ұрлап?
Ана-аққу бөбектерін құшақтап,
Тәубесіне келер ме екен ырымдап?..

Қалғып кетті бауыры жылып езіле,
Беріктенді ашық айтқан сөзіне.
«Балаларға басшы бол» деп өтінген,
Сүйген жары елестеді көзіне.

Жар күйігі көнбес өзге дәріге,
Аққу үшін кетті қызық әріге.
Толқын сипап, қамыс қорған болса да,
Серігіндей сергітпейді бәрі де.

05.03.2002.
Алматы

ТІРШІЛІКТІ САҚТАП ТҰР

Сұлулықтан жаралдым,
Ажарыңнан нәр алдым.
Ақ тамақтың сәулесі,
Елестетті таң алдын.

Қарай-қарай жұбандым,
Әр сөзіңді құп алдым.
Қоштасарда ашық күн,
Кейпін кешті тұманның.

Айдан анық білгенім,
Ләззат, рахат сезгенім.
Мың әуреңе бір сенің,
Жақсы болды-ау төзгенім.

Сенен алған жылулық,
Ақ тілекті ақтап тұр.
Махаббат пен сұлулық,
Тіршілікті сақтап тұр.

30.04.2002

ЕСТЕЛІК

Махаббат – дәлдеп жүрекке,
Аямай тиген оқ екен.
Қолымды салдым білекке,
Басқа дәру жоқ екен.

Ақ тұйғынның жетілген,
Қос қанаты ашылды.
Сүйіп алдым бетіңнен,
Сонда дертім басылды.

30.04.2002

ЖАПОНДАРҒА ҚҰМАРТАМ

Мағырып пен Машырық –
Батысым мен Шығысым.
Тауып та жатыр жасырып,
Бірінің бірі қыбысын.

Батысқа сәуле сепкенін,
Табиғат күтіп аңсайды.
Машырықтан жарық жеткенін,
Түн бойы күтіп шаршайды.

Құбылтып шұғыла алыстан,
Машырық шырақ жағады.
Қызықтан кештеу қалыскан,
Мағырып текірек қағады.

Сүйсінем нұрлы мәнерге,
Күдіктен сенім асырып.
Таласып жатыр әлемде,
Мағырып пен Машырық.

Кең далама туар таң,
Еуразия негіздес.
Жапондарға құмартам,
«Востокты» мәстек дегізбес.

29.12.2002.
Астана

САЛЫСТЫРУ

Алпыс – асау жастық шақтың қалдығы,
Жас-кәріге бірдей жүрді жарлығы.
Көз тастағыш сұлулар да көп еді,
Ашылғандай жүрек алтын сандығы.

Жетпіс келді. Егделікті әкелді,
Жеткендеймін мекендеуге жат елді.
Бұл алпыстай «тал түс» емес, ағайын,
«Серттен таю» деген сездім қатерді.

Асыл ару айта қалса «Ата» – деп,
Хал-жайымды білді-ау деймін төтелеп.
Не де болса бір сілкініп алайын,
Ел тыныштa ес кетірмей өте көп.

Кейбір сұлу жетпісіме сенбейді,
Жас көбейттің пенсия үшін сен дейді.
Ұмыттырып сырқатты да бойдағы,
Осы қылық дәру болып емдейді.

Икемім жоқ баяғыдай епті іске,
Сенімсізден сырға күтпен Ертіске.
Сенгендерді жақын тарта беремін,
Осылар да жетер-ау деп жетпіске.

06.02.2002

БӘЗИЛЯҒА

Көкірегімде толқып тұрған күйлі ағын,
Ең жылысын әдейі арнап сыйладым.
Құтты болсын туған күнің, Бәзиля,
Алпыс жасқа мен, оллаһи, қимадым.

Кербез сұлу, елге ардақты жан болдың,
Ақтоғайға құт-береке сән болдың.
Қара шашты аппақ жүзің құлпыртқан,
Қазағыма Чио-чио-сан болдың.

Көзім шалса жаным құштар жыр келер,
Шат думансыз оны маған кім берер?
Қыздың тойы
Хан тойынан аспаса,
Беу, ағайын, бәрімізге сын келер.

Ал ендеше күймен шашу шашайық,
Би толқытып, асқақ әнге басайық.
Құдашалар, құдағилар тамсансын,
Алатауда болмаған той жасайық.

Бәзиляжан, бақыт берсін тағдырың,
Рымбекпен бірге аяла таң нұрын.
Жүзге дейін орындаңдар бұлжытпай,
Махаббаттың әр таңдағы жарлығын.

Екеуіңді бөлеп, тербер ән дайын,
Қыз Жібек пен Төлегенге парлаймын.
Тәттімбеттің аруағы қолдасын,
Дана жайлы жыр жинағын арнаймын.

Мың-мың сұлу ішінде сен дарасың,
Жайнай түсер ғаламатсың жаны асыл.
Білгенім сол:
Жеткенде де дәл жүзге,
Сының түгіл сырың кетпей қаласың.

30.11.2002.
Алматы

АСЫҚПАЙЫН

Сан жығылып тұрдым ғой,
Жасытпайын,
Есен қалдым, қалай жыр тасытпайын?!
Жүрегім-ай, дабылың жанға батты,
Сабыр етші кетуге асықпайын.

Кенші болып,
Соңымнан кен егілді,
Балғын күннен ақындық ере білді.
Асықпайын... әлі де машықтайын,
Тым болмаса бір-екі өлеңімді.

Өмір талай шақырды асығыска,
Білгені ғой болғанын заты қысқа.
Асықпайын...
Аққушыл әндерімді
Үзілместей етейін қапылыста.

Беу, ағайын!
Осының бәрі рас қой,
Алтын тойым тақады, біздің Бас той.
Немерелер артымда тебірентеді,
Асықпайын...
Бәрі де әлі жас қой.

Әспеттеймін
Әулетім, жанұямды,
Кемем берік күзеткен дариямды.
Асықпайын...
Сұлулық патшасындай,
Жылатпайын тым ерте Мәриямды.

Көп айтты деп сөкпеңдер өз халімді,
Өткізбеп ем ел-жұртсыз босқа күнді.
Асықпайын...
Сергітіп, серпілейін,
Аға, іні, ардақты достарымды.

Сағынамын Мұсадай бауырымды,
Ерте әкетті сұм ажал тәуірімді.
Асықпайын...
Кездесіп қуантайын,
Кіндік қаным тамған жер – ауылымды.

Ұмытпайын бой тартқыш жылу барын,
Тәттісін де, бал ләззат шын уларын.
Асықпайын...
Көрейін рахаттанып,
Сырымбеттің бірге өскен сұлуларын.

Аулақ, ажал!
Саған да зіл түйейін,
Шырқау шақта шыр бұзбай шын күлейін.
Асықпайын...
Жайлаулы кең далада,
Жанарыңа, жезкиік, бір күйейін.

Егде күнде жан толқып үдегенім,
Батты кейде, ауылым, жүдегенің.
Асықпайын...
Көрейін қазағымның,
Қанат жайып шарықтап түлегенін.

Қанып жүрмін ұл-қыздың қызығына,
Болды оларға әкенің ізі мұра.
Асықпайын...
Бітпеген ісім көп қой,
Өзі апарар сұм жалған сызығына.

28.04.2002

* * *

Қайран жастық аттанса да келмеске,
Қара көздер, киғаш кастар келді еске.
Әй, қыздар-ай!
Тым болмаса біреуден,
Сәлем айтып жіберсеңші жерлеске.

Мекеніңді білсем дүние кезер ем,
Тосар едің өзің де айтқан межеден.
Баяғыда сүйдім деп те айта алмай,
Қапылыста қалғанымды сезер ең.

Рахат таптым қайта оралған жастықтан,
Маусым осы көктем жайнап, жаз шыққан.
Іздеп келіп біздің елді тамсанттың,
Көкірегіңде біз де болдық назды ұққан.

Бүгін жетті бұл жалғанның шаттығы,
Сарыарқаның жұпар шашты ақ гүлі.
Сырымбеттің сандуғашы сайрады,
Есіл бойлап талмаурады тәтті үні.

Бүлкілдесе әнші дүлдүл таңдайы,
Аулым тынды түзелгендей хал-жайы.

«Мектептесің тұрады екен мақтауға...»
Деп бәйбішем қамзол жапты арнайы.

28.04.2002

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ ҚАЙДА ЖАТЫР ЕКЕН?

Айтқызбас жан азасын ойым бекер,
Бір күнде ас пен мерейтойы да өтер.
«Ғәккуін» Күләш шырқап, әлем білген,
Үкілі Ыбырай қайда қойылды екен?

Еленделп Жалғызтаудай кербез мекен,
Келер деп болды жылдар сенген бекер.
Құс салып Сексенкөлді дабылдаткан,
Үкілі Ыбырай қайда жерленді екен?

Ардақтап атамаймын атын бекер,
Жетпісте жолбарыстай батыл екен.
Атылған ел қырылған аштықты айтып,
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?

2002

* * *

Жүзің қандай жылы еді,
Нәзік еді?..
Білінбейді құштарлық азы-кемі.
Үзім үнің жанымды үздіктірді,
Дауысыңның балқытты назы мені.

Әрбір сөзің әкелді ағын шаттық,
Біз әйтеуір қос жүрек бабын таптық.
Айтқаныма көнгенің қандай жақсы,
Жат адамша жасамай тартыншақтық.

Дидарыңа кеткенде ойым ауып,
Ойқастадым шошытпас жолын тауып.
Тіл жетпестей рахаты, ләззаты мол,
Қызық еді біз ашқан ойын-сауық.

Ой жетпесті оңтайлы тапқан асыл,
Осынау шаттық ешқашан тарқамасын.

* * *

Пай-пай, шіркін!
Бір түнді жыл етерсің,
Түн жетпесе қасыңда түнетерсің.
Ел көрмеген таудағы еңіліктей
Аша алмаған қауызы гүл екенсің.

Өз сәті бар деседі әр мергеннің,
Естен кетпес сен қуат, әл берген күн.
Әдейілеп пішкендей
Атқан оқтың
Нысанаға қарашы дәл келгенін.

Сұлу сүйгіш орнады ғұрып маған,
Кездесті ғой ғажайып қылықты адам.
Осындайда тағдырға алғыс айтам,
Тамашаға табиғи сұрыптаған.

Десең-дағы баяғы жерлес еді,
Шын ғашықтар бір күні кездеседі.

2002

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚЫМБАТЫ

Жерден жер артық жаралар,
Сәнімен, алтын дәнімен.
Көлден көл артық саналар,
Аққу-қаз салған әнімен.

Ескі үйден артық үй қайда,
Шыр етіп сонда мен туған.
Киіктей өскен бір сайда,
Көшеміз құтты сен туған.

Ауылдың маңы нұр жұмақ,
Ұмытпан көркем көктемін.
Бір жүгіріп, бір құлап,
Есімде жылдам өскенім.

Ата-анамды көргендер,
Ағайын-туыс осында.
Қиналсам көмек бергендер,
Бауырым, жекжат, досым да.

Ер жігіт ұзап кетсе де,
Жапанда жалғыз септейді.
Кісі елі құрмет етсе де,
Туған жер, саған жетпейді.

Бабалар бізге сүйінсін,
Тілектің осы қымбаты:
Көз жұмғанда бұйырсын,
Ауылдың ескі зираты.

21.02.2002.
Алматы

ҰЛЫТАУҒА ТАҒЗЫМ

Кім білсін, шіркін, кім сезді,
Жүйткісе жүйрік қаламым;
Ұлытау деген бір сөзді,
Аялап рахат табамын.

Баурында өткен сан жылдар,
Бөтенсің маған демейді.
Қасиеті құтты көп шыңдар,
Жүрсем де қайда жебейді.

Ұл-қызым өсті осында,
Ұлытау атын жаттады.
Кез болған сансыз досым да,
Сағынып төрін сақтады.

Киіктер қырда бар сыйлас,
Жарқ етсе жырым маздады.
Досым боп кетті жан қимас,
Қоскөлдің аққу-қаздары.

Құдіретті дала төрісің,
Дәстүрі тозбас ескінің.
Жинасып талай егісін,
Шалдардан алғыс естідім.

Қаныштың жас пен кәрі де,
Ардақтап атын еске алар.
Жоталы жонның бәрі де,
Сағынып жолға көз салар.

Өмірге берік сеп көрем,
«Жезкиік» жайса атымды.
Ақтасам, шіркін, деп келем,
Ұлытау, мархабатыңды.

25.04.2002

* * *

Арнау өлең тасыттым,
Сыйлықтың ең зор ғажабы.
Бар жиһазын ашыпты,
Жүрегімнің базары.

Талықсып, толқып отырсың,
Көп қызық еске түсті рас.
Дей көрме: «Кейін оқырсың...»
Көзіңнен тамса ыстық жас.

Окып берем сескенбей,
Сен тұрсың ғой алдымда.
Жезкиік жүйткіп жеткендей,
Көк майсалы шалғынға.

Алғандай сонда менен гүл,
Шарықта, шалқы, наз арттым.
Баға жетпес өлең-жыр –
Жан серігі қазақтың.

Межелі жерге жетерміз,
Сұм ажал іздеп табады.
Бір күні біз де кетерміз,
Түбінде осы қалады.

21.04.2002

МОЙЫЛТАЛ

Сақталды мәңгі есімде,
Саумалкөлдің қаласы.
Көп орыстың көшінде,
Өсіп ем қазақ баласы.

Терезенің түбінде
Мойыл тал ғажап гүлдеді.
Мүлтік жоқ әншіл үнінде,
Торғайлар сансыз түрлі еді.

Соғыстың кезі, біз жаспыз,
Інім бар менен кішкентай.
Қаршадайдан сырласпыз,
Секілді егіз күйкентай.

Таңертең ерте бір күні,
Масқара көрдім даладан.
Қалмапты мойыл бір гүлі,
Қол жетер жерге тараған.

Шырылдаған бозторғай,
Үнінен шошып шығып ем.
Терезеге көз салмай,
Ұйқыға тәтті бұғып ем.

Тәртіпке берік атанған,
Ол үшін болдым өтімді.
Сонда да інім Сапаржан
Гүлдерді жоқтап өкірді.

Не десем де мен оған,
Шығарды үлкен қорысты.
Аяусыз гүлді тонаған,
Боқтады қазақ, орысты.

Салыппын тоқтау ініме,
Жетер деп бізге қалғаны.
Дақ түспей өзге гүліне,
Мойыл тал тірлік жалғады.

Күз келгенде қап-қара,
Қаулады мойыл биікте.
Қайыспас қайсар жас бала,
Тауып ем амал күйікке.

Шатырдан шығып, мойылды
Асықпай мол ғып жинадым.
Өзімше жасап тойымды,
Ініме бәрін сыйладым.

«Уралап» тентек қуанды,
Көргенде піскен мойылды.
Шоқ гүлдер үшін жұбанды,
Өксігі ескі жойылды.

Сүйсінді шешем бірақ та,
Деді: «Өссін, балам, мәртебең.
Түспе енді ондай сынаққа
Құласаң тайып қайтер ең?

Қазаға оқыс көп себеп,
Жоғалтсаң көзден қараңды,
Ажалынан ертерек
Өлтіресің ананды».

Сұмдықты көзбен көргендей,
Селк еттім батып ұққаным.
Мойылды бұлттар тергендей,
Шатырға қайтып шықпадым.

25.04.2002

* * *

Ақымаққа үйіп-төгіп ырысты,
Ақылдыға молдау берді жұмысты;
Жаратқанның сондағы бар арманы,
Қатар көру бұрыс пенен дұрысты.

* * *

Баласыз қалған енедей,
Жүрексіз қалған денедей,
Жағасында Аралдың
Қаусаған қаңырап кемедей,
Жабысты ғой талапай,
Аркадан шаққан кенедей.
Бұрын да жоқтық көп еді,
Бұл күнде болды телегей.
Қалай ғана өт дейсің
Қайыршыны елемей?!
Жұмыссыздар тозып тұр,
Емес қой соның бәрі өгей.
Дүние – мұхит толқыған,
Көрдім ғой тозбас кемедей.
Емеспін достым, мен жауың,
Айтқаның бекер демегей.

25.04.2002

ТІРШІЛІККЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Өмірдің асыл мезетін,
Жұмаққа етпен айырбас.
Жұлдызға жаным сенетін
Жетуге жүрек жаңылмас.

Қадірлеп өтем табынып,
Жарық күн әрбір сағатын;
Жабыққан жанды сағынып,
Сәт серік іздеп табатын.

Бой бермей қауіп-қатерге,
Сақтанам қайда жүрсем де.
Алмайды көңілім каперге,
Келерін ажал білсем де.

Атқан таң берген ғажапты,
Әлдімін берік ұстарлық.
Осының бәрін жасатты,
Тіршілікке құштарлық.

18.03.2002

ҚАЙЫРШЫЛАР

Қайыршы көрсем
Көңіл бөлем бәріне.
Сансыз пақыр көптен де көп әлі де.
Бәріне деу ақиқаттан алыс қой,
Садақа берем ең жүдеулеу кәріге.

«Көк базарға» барып қайтар бар күнім,
Жарылқау қайда мұсылманның әрбірін?
Орыс, қазақ демей берем барымды,
Орындаумен ақ жүректің жарлығын.

Кейде келіп үйде есік қағады,
Жап-жас әйел
Бір емес, қос балалы.

Қорқа-қорқа есік ашып бәйбішем,
Қолдарына барын молдау салады.

Әлде тәжік, әлде шешен екені,
Жүрегімді катты қозғап кетеді.
Әйел алған біздің үйден садақа,
«Көк базарда» жүз кісіге жетеді.

Есік қаққан өңшең жұқа нәзіктер,
Тірлік үшін сұрағанын азық дер.
Ал көшеде кей қайыршы көрінер,
Пайда тапқыш нағыз епті кәсіпкер.

Осындайдан тыныштық жаным таппады,
Сараң тартты тәуелсіздік шат таңы.
Кейбіреулер аса қатты байыса,
«Бомждар» мен «қоқысшылар» қаптады.

Ақын жаным әкімдерге наз артты,
Ұлтжандылық ақ тілекті тазартты.
Айтарым сол: қайыршылар ішінде,
Көрсетпеңдер, көрсетпеңдер қазақты!

2002

КӨҢІЛІМ

Осы күнде көңілім сынық менің,
Тасқын да едім,
Шалқыған тұнық та едім.
О, тағдырым! Бір тыным алмадың ғой,
Бастан-көзден сан талай ұрып та едің.

Шошып тұрмын достан да дұшпаннан да,
Сескенемін өзеуреп құшқаннан да.
Әңгімелеп беруге ынтам сокпас,
Өзге түгіл мұңымды ұққан жанға.

Беу, Домбырам! Мойыма, алаңдама,
Сыр бүгу жоқ жалғанда саған ғана.
Шеккен қасірет тек менің еншім емес,
Мал да, аң да іздеп тұр табар пана.

Күннен күнге қарыштап үдеулі едім,
Үдеулі едім...
Алды ма біреу кегін?..
Ел қабағы тезірек ашылса екен,
Сонда оңалар көңілім жүдеу менің.

2002

ЖЕТПІСТЕГІ МЕКТЕПТЕСТІҢ ЖҮРЕГІ

Сағындым ғой туып-өскен ауылды,
Сылқым сері Сырымбеттей тауымды.
Көргім келді ата-әже болса да,
Тай-құлындай тату өскен қауымды.

Алтын қауым, мектептестер, сендерсің,
Өздеріңе қандай орта тең келсін?!
Жүрегімде қалған ескі дертімді,
Беу, қаракөз! Ебін тауып емдерсің.

Ғажап едің сұмдық сұлу мектептес,
Жұлдыз болдың көз алдымнан еш кетпес.
Көлде аққу, өрде киік сендерсің,
Керім, кербез жер бетінде жан жетпес.

Көз жазғандай туған елдің шетінен,
Бір оралмай тым алысқа кетіп ем.
Қол алысып, төс тақайық жігіттер,
Ал қыздардың мен сүйейін бетінен.

Үзілмесін асыл достар легі,
Қайда жүрсе тілектері бір еді.
Жүздерінен жүзім теріп ашылсын,
Жетпістегі мектептестің жүрегі.

02.05.2002

БҰЛТТАРҒА

Бұлттар өтіп барады кияларға,
Осындайда қонады күй адамға.
Саған сәлем апара жатыр ма екен,
Іздегенің осы деп бұл ғаламда?

Бұлттар, бұлттар, қоныңдар алақанға,
Бастай берсін ақ ниет қанат алға.
Ақ жаңбыр боп шатырда биленderші,
Оятқандай жан сәулем ала таңда.

Көшкен бұлтқа оралды асыл мекен,
Бізге жеткен бір жаңа ғасыр ма екен?
Сағынышың жалғасып ақша бұлтқа,
Сенен сәлем әкеле жатыр ма екен?

Бұлттар көшін көргенде қарқын алам,
Нұр тасыған ұнайды салты маған.
Қарсы алдымнан, қалқатай, шыға келші,
Бұлттан шыққан күндей боп жарқыраған.

24.01.2002

ЕРТАЙ ҚАЗЫБЕКОВКЕ

Бәйкен жеткен 85-ке,
Сіз де, Ереке, келіпсіз.
Ақсақалдық шырқау көшке,
Көкшетаудан еріпсіз.

Заман басқа, күн де басқа,
Тамсантса еркін өскенім.
Ту тігіңдер дәл жүз жасқа,
Қарттары Есіл, Көкшенің.

Мақтанамын, мақтан етем,
Төгілте айтам наз кеңес.
85-ке мықты жеткен,
Ағаларым аз емес.

Соның бәрі, білген жанға,
Шапағаты Алланың.
Талмай бекем жүрген алда,
Орындалсын арманың.

Тіршілікке мәңгі ғашық
Бола білу бұл да өнер.
Жеңешеммен қолтықтасып,
Көш басында жүре бер.

28.08.2002

БОЙДА СЕНІМ БЕКІНДІ

Сәтті қазына
Қауырт іспен жиылып,
Қалталылар алға басты сиынып.
Аркалылар мол табысты тілейміз,
Қолғабысы қалар-ау деп бұйырып.

Көкшолақты мініп өткен Кененге,
Құт қонғандай болашаққа сенем де,
Байлар жаққа дәмеленіп қараймын.
«Елде барға ерін тиер» дегенде.

Бұрын оны айтушы едім қыздарға,
Алма бетте қалып қояр із барда.
Енді ойлаймын ауылымды тоздырып,
Асау заман алмасын деп ызғарға.

Орыстардың Морозовы секілді,
Қазақтың да мырзалары жетілді.
Інілерім кең далаға көз салса,
Нарыққа да бойда сенім бекінді.

07.06.2002.
Алматы

ҮМІТ

Беу, жігітім, жігітім,
Қанатты болса арманың;
Бастасын алға үмітің,
Алысқа түссін қармағың.

Сүттен де таза қашанда,
Сезімтал жанның жүрегі.
Намыспен дәйім бас алға,
Қасыңда үміт жүреді.

Орайлы болып ойдағың,
Оңтайлы сәттің тапқаны;
Осы деп, достым, ойлағын,
Үміттің шырақ жаққаны.

Әнеки, күліп күн шықты,
Толықсып ай да тамсанар.
Үмітке сенген шын мықты,
Тағдырды үнсіз қарсы алар.

15.09.2002.
Алматы

* * *

Немерем, домбырамды әпер маған,
Шыдамас шырқап салмай әсерлі адам.
Дүбірі «Тау ішінің» жалғасқандай,
Тыңдасын «Жезкиікті» Сәкен ағам.

Жұғысты ес білгелі бата маған,
Жан едім сағынштан қаталаған.
Салайын «Қараторғай», «Құлагерге»,
Ұйқыдан аунап түссін Ақан ағам.

Есілге ертең қонып аққу жетер,
Саңқылын күнде тыңдар таптым мекен.
Батасын Үкілі бабам естігендей,
Тербелтіп Сексенкөлді «Гәккулетем».

Бармаймын есейдім деп шегіншекке,
Қосылман қоста ұйыққан еріншекке.
Қаңтардың қарлы аязы жылып кетер,
Көшеде көзім түссе келіншекке.

Не деген мөлдір аспан, мөлдір әлем,
Жүйрік жел сыбырласты домбырамен.
Жүрегім қуаныштан жарылады-ау,
Төсіме «Оқжетпесті» қондырар ем.

Бабалар жүріп өткен ізін көрдім,
Қызуы бойымдағы қызды желдің.
Тамсантса сал-көшелер, сері-үйлер,
Өзіммен бірге оқыған қызды көрдім.

Жетпісте осы қайта жасарғаным,
Көңілдің қобалжуын баса алмадым.
Бір жетіп туған жерге орындалды
Өмірде көксеп жүрген басты арманым.

18.12.2002.
Астана

* * *

Сақта, Құдай, өмірдің «әттеңінен»,
Өлең өріс көкжиек тапты өрінен.
Гүл теремін,
Бір әсем үн теремін,
Дархан өмір тамаша сәттерінен.

Алауласа кенші-ақын жырым – жалын,
Екі ғасыр еңселі шыңындамын.
Жезкиік-жыр жеп-жеңіл жаралған жоқ,
Мың айтсам да таусылмас мұңым қалың.

Қызығына тірліктің тоймайды өлең,
Жақұт іздеп тереңге бойлай берем.
Етпен кетер сүйекке сіңген мінез,
Тойда отырып Аралды ойлай берем.

Дербес елдің қарқыны сүйсінтеді,
Дәріптеуімен тынбайды тылсым шебі.
Астанаға аң-таң боп қызықсам да,
Туған ауыл хал-жайы күрсінтеді.

Төрт түлік мал кең жайлап, тебіндеген,
Ояу көзім тоярдай жерім кенен.
Дәтім берік, сәтім де адасқан жоқ,
Келер күнге қол созам сенімменен.

Жаным разы көп өнер достығына,
Бәрі өзінше,
Дем берді сөз нұрына.
Әкімдік пен кеншілік қоштасса да,
Ақындықта жетемін өз шыңыма.

2002.
Астана

ЖЕТПІСКЕ ЖЕТКЕН ТОЙЫМДА

Қыз едің жаным қызыққан,
Дүрсілдеп жүрек, көз тоймақ.
Көріп ем талай қызық таң,
«Әйгөлек» бітсе «Көрші» ойнап.

Маңдайың жазық әдемі,
Жұлдыздай жарқын жаралған.
Шырқаған әнің жан емі,
Күндер көп талай нәр алған.

Қыпша белің үзімтал,
Сәнді еді желге майысқан.
Болды ғой ерке қызықтар,
Балдырған күнде табысқан.

Бұзылды уақыт құйындай,
Қоныс та кетті өзгеріп.
Тоғысқан жолдар бұйырмай,
Ақыры болдың өзгелік.

Сан жылдар өтті, кездестік...
Баяғы ауыл төрінде.
Жақсы екен құтты жерлестік,
Жас кезің тұрды өңіңде.

Бәйбішем сені мақтады,
Әнші деп тұрар айтуға.
Сағыныш тілек ақтады,
Сәт туды еркін шалқуға.

Тұтанды жайнап сөнгенім,
Жүретін қалмай ойымда.
Қызық-ау есен көргенім,
Жетпіске жеткен тойымда.

Көбейсін таңдар арайлы,
Аз емес шаттық үйгендер.
Сүйіп ек біздер талайды,
Есен бол бізді сүйгендер.

2002

АҚЫН

Лермонтовтан

Шабытты шақта Рафаэль,
Ғажайып сұлу жас әйел
Бояумен мінсіз салыпты.
Өзіне сұмдық ұнады,
Суретті құшып құлады.
Рахатқа әбден қанықты.
Өр тасқын албырт жастағы,
Күшіне сеніп саспады,
Ақыры бойын суыта;
Өлердей шаршау басталды,
Қоймапты-ау әлі
Сағыныш селі басқарды,
Аспанның отын ұмыта.

Ақынның сондай ұшқыннан,
Қаламы заулар ышқынған,
Шыдатпай іште мұң шері.
Күңгіртті сәуле сәнді етер,
Жұмаққа тыныш ән жетер,
Көргенін аңсап пірлері.
Жүздерің тартып салқын қан,
Демігер жүрек алқынған,
Бұлдырап елес бергендер.
Баяғы сезім ақталар
Өзгермей есте сақталар,
Ең алғашқы көргендер.

18.04.2002

* * *

Қуатты бойда шамалап,
Жұлдыз жоқ қиял ілмеген.
Өмірді келем аралап,
Түсіме бұрын кірмеген.

Сөзімде ешбір жалған жоқ,
Сәті бар әрбір істің де.
Құйғытып келем арман көп,
Құйынды шабыс үстінде.

Елігіп доска ақ шуда,
Көзімше мақтап «ер» деген,
Қос қолдап уақыт шашуға,
Мінезім берік ермеген.

Мүсіркеп есер мүскінге,
Бұлқынып боска терлеген,
Даңғаза дүрмек ішінде
Жан емеспін желдеген.

Жетесіз ұсақ кеңестің,
Жетегінен аулақпын.
Достардан безер емеспін,
Қалпымда ескі қалмақпын.

Жетермін биік заңғарға,
Беу өмір! Сен де серт тыңда!
Мәреге тақап қалғанда,
Құлагердей мерт қылма.

2002

АҚАНҒА БЕРГЕН АҚ БАТА

Алладан жетті шапағат,
Қожымға үлкен береке.
Аңдасаң осы, жамағат,
Ноян ұл туған мереке.

Қызылжардай қалада,
Ұл туды – Ақан есімі.
Әрдайым осынау балаға,
Ашылсын бақыт есігі.

Ер жетсін ойлы, зиятты,
Періште, бізден адаспа.
Ақан сері сияқты,
Жайылсын аты Алашқа.

Сері бабам секілді,
Махаббат берсін тілегін.
Қыздарға болсын өтімді,
Әп-сәтте жаулар жүрегін.

Мақтаныш етіп жүрейік,
Тұғыры биік төр болсын.
Есіл, Көкше, тілейік,
Ақанжан асыл ер болсын.

Ақ ниет осы батасы,
Қуандым бірге затым деп.
Есімін қойған атасы
Мен болам ақын Кәкімбек.

10.03.2002

КЕЛМЕЙДІ ОРАЛЫП

Тауларға караймын,
Тамсанып мас болып.
Бір емес талай күн,
Қайтадан жас болып.

Ой деген тіпті көп,
Тірлікке жеткендей.
Жолыма құт тілеп,
Келемін кектенбей.

Түсінер достарым,
Ақ сезім – ол анық,
Толтырмас тоқанын,
Жыққанын оқ алып.

Қалайша айта алам,
Дос кетсе жоғалып?
Өткен күн қайтадан,
Келмейді оралып.

2002

* * *

Салғандай-ақ сақина сау басына,
Бұлт айналып тұр екен тау басына.
Күн күркіреп, найзағай жарқ еткенде,
Жердің беті тез келді тәубасына.

ҚАПШАҒАЙДЫҢ АРУЫ

Ақ жүзі аясындай аппақ айдың,
Аруы ғажап екен Қапшағайдың.
Тұлғасын ақ ботадай бұлғақтаған,
Есімнен қайда жүрсем тастамаймын.

Паң, кербез маралындай Марқакөлдің,
Лебі самалындай алқа белдің.
Нәзік жан мін бітпеген мінезіне,
Болардай сүйген жары дарқан ердің.

Жарқ етіп қарсы келсе именбейді,
Күлкісі адам түгіл гүлді емдейді.
Көрген жан әудем сәтте есі кетіп,
Тік карап тілдесуге үлгермейді.

Сол ма деп жұлдыз көрсем жалт қараймын.
Қалайша тез әндете бастамаймын?..
Өзінің Қыз Жібегі албыраған,
Арманы жоқ екен ғой Қапшағайдың.

02.04.2002.
Алматы

МАЙРА ІЛИЯСҚЫЗЫНА

Әншінің бәрі сұлу ақын үшін,
Сүйеді күміс көмей татымдысын.
Жырыма қанат байлап, әнге қосса,
Әлемде сол емес пе жақын кісім.

Тәтті әуез қалықтаса легімен,
Туған ел саған, Майра, тілегі кең.
Тетігін сиқырының ашық айтам:
Шырқайсың әнді құштар жүрегіңмен.

Жан баурап тез ілексең назарыма,
Құмарткан көзім емес ажарыңа.
Елтимін, тебіренемін, толқып кетем,
Әсем ән бой балқытқан ғажабына.

Сандуғаш...
Ән дүлдүлін елемес кім,
Адамды тың сарынға бөлеп өстің.
Майрасың Ілиясқызы атың үстем,
Ешкімнен бұлбұл туған кем емессің.

Кереку Майра десе елестей ме,
Есімін алып ұшқан жел еспей ме?!
Аруағы ұлы әншінің жебеп жүрсін,
Шақырып жаңа заңғар белестерге.

Самғауға құмар келер ақын ағаң,
Ұнайды ұшқыр әуен заты маған.
«Алматы вальсіне» билеп кетем,
Құлпыртып сен шырқасаң сахнадан.

Өзендей Алатаудан сарқыраған,
Ұмытып егделікті қарқын алам.
Аққудай айдын көлде көрінесің,
Тірі жан қалмас сонда шалқымаған!
Беу, халқым! Әнші деген алтын адам!

Әншінің бәрі менің тілектесім,
Жанданам жырым отты үн еккесін.
Майрасы Ілиястың шарықтай бер,
Қыз түгіл, жігіттер де ілеспесін!

10.10.2002.
Алматы

ҚҰТТЫҚТАУ

Медеу Сәрсекеге

Тұлпардың көз тойдырар көсілгені,
Қуантар зор жүлдені дес ілгені.
Медеу, дос!
Сен сондайсың, шын Құлагер,
Орденің құтты болсын төсіңдегі!

Осы ғой туған елдің елегені,
Сүйсіндік сапарластар кемедегі.
Ол – тұңғыш Елбасының шын құрметі,
Ол – сені Сәтбаевтың жебегені.

Аты да асыл екен «Құрмет» деген,
Қайтпасын ел құрметі шын беттеген.
Бір аунап Қаныш ағам алғыс айтты-ау,
Бейнесін жарты ғасыр суреттеген.

Бойында жас кезіңдей жалын жансын,
Сонда сен әлі талай ағындарсың.
Сөлкебай төсіндегі – дос тілегі,
Сыңаржақ дұшпаныңның жағы талсын.

Жарқ етсең ер жазушы Семейдегі,
Елге аян құштар қазақ көбейгені.
Шалқи бер шабыттанып тың жүлдеге,
Сәт тілеу бар айтарым көмейдегі.

30.01.2002.
Алматы

ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ ЕКІ СӘЙГҮЛІК

Ел бас қосса, Еркінді айтпау жараспас,
Тарлан еді бәрімізбен қанаттас.
Бәйкен аға сексен жылдық тойында,
Еңбегі зор одан үздік жан аспас.

Атамекен қабылдаса Шабақбай,
Жүрді Ерағаң той қамында таң атпай.
Айыртауды салтанатқа бөледі,
Бақыт сепкен киелі алтын қанаттай.

Бәрі меже, асыл белгі өткенге,
Қауырт келген күрт өкініш көп менде.
85-ті серуен етер едік қой,
Осынау тойға Еркін есен жеткенде.

Жер бетіне тың жақсылық еккенге,
Сарқылмайтын шын мархабат көп менде.
Төлеш інім, дүлдүл туған мүсінші,
Ол да ұқсайды Еркінді іздеп кеткенге.

О, тағдыр-ай! Қаталдығың бұл қалай?
Еске түссе жүрек қайтсін туламай?!
Көрінеді жетімсіреп калғандай,
Еркіні жоқ, Төлеші жоқ Бурабай.

Жан азасын айтсам жырмен қайғырып,
Дүниеден озды екі сәйгүлік.
Екі тойдың арасында дал болдым,
Асыл аға, дана інімнен айрылып.

Бәйкен аға, қайтсін, қатты ойлайды,
Ел аман ғой, басы қатпас той жайлы.
Салтанатты думан қызар, бірақ та,
Еркін, Төлеш орындары толмайды.

29.06.2002.
Алматы

ҰСТАЗЫМА АЛҒЫСЫМ

Ұшырсам аңсап жан құсын,
Ұстаздар біздің армысың?!
Сұлу саз толқып, тебірентсе
Арнаған осы алғысым.

Әр сөзге ынтық қарадық,
Тағылым алып тарадық.
Ғибрат берген өмірлік,
Ұстазды құдірет санадық.

Дәрісі қандай саналы,
Әрі ісі бойға тарады.
Ұяда көрген үлгіміз,
Қияда бойға тарады.

Сұлулық төрі – көктемім,
Кетпейді естен өткен күн.
Қаракат көзбен аралас,
Табиғат көрдік көркемін.

Сырымбеттегі мектебім,
Өсіп тұр қаулап еккенің.
Қуантсын құтты сағатта,
Әнге орап сені жеткенім.

04.04.2002.
Алматы

КЕШ ҚАЛҒАН ЖОҚПЫЗ БАҚЫТТАН

Тамаша күндер
Көңілдің күйін тасытқан,
Туыпты бізге
Аңсатып жүрген ашық таң.
Асықпа сәулем,
Биікке біз де жетерміз,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

Махаббат ғажап,
Аялап жанды балқытқан,
Құштарлық жеңіп,
Рахатқа жанды малшынтқан.
Қайдасың сәулем,
Қияға қанат сермейік,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

Аумайды жүзің
Жаралған нәзік жақұттан,
Сағатым сәтті
Қанатты биік қалқытқан.
Шырқашы, сәулем,
Селк етсін сергек жүректер,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

02.05.2002.
Алматы

БІР АНАДАН ТУҒАНДАЙ

Сұлу саздың құс қанаты талмайды,
Нәрлі әуеннен дәру табар бар қайғы.
Кәрі-жастың жан-жүрегін жайлаған,
Асыл әуен тіршілікті жалғайды.

Әнге құштар қала, дала, ауылдар,
Ән толқыса басылады дауылдар.
Бір әуенге сыйғандай,
Бір анадан туғандай,
Ақын, әнші, сазгер мәңгі бауырлар.

Ән шарықтап әр жүректе жаңғырар,
Сағынғанда ынтық сусын алдырар.
Қайран көңіл қапа-назын азайтып,
Шоқ түскендей жан шырағын жандырар.

Ән дегенің сұлу сазды сурет,
Мұң басады тыңдай-тыңдай мың рет.
Қазағымда қанға сіңген дәстүр бар,
Әнді көрер шуағы мол құдірет.

18.04.2002

АРДАҚТЫ ІНІМ, САМҒАЙ БЕР

Армия Әбілқайыровқа

Айыртаудың көрдім талай әкімін,
Әкеме дос болды көбі жақыным.
Жаңа заман құтты әкімі Армия,
Өзі қандай елге қорған атының?!

Әкем менің Айыртауда өрледі,
Ең алғашқы депутат боп төрледі.
Өзіме де Үкілі Ыбырай аулында,
Ерте оралды өлең сөздің өрнегі.

Сырын айтып ақ жарылса осы ағаң,
Мезеттер бар көңілептеп босаған.
Осынау ауыл менің анамекенім,
Зиратында ұйықтап жатыр қос анам.

Содан ыстық Айыртау мен Саумалкөл,
Құтты аймақ туған талай сандал кер.
Сен де ыстық көрінесің, Армиям,
Есіл, Көкше биігінде самғай бер.

Ерен тұлға білер істің татымын,
Жеңіс көрдің аңдап басып ақырын.
Армия десе армиядай бір өзің,
Бізге айғақ мың кісілік ақылың.

Тойлағанда менің алпыс жасымды,
Байқап едім сергек, өргек асылды.
Мен жетпіске жеткен жылы сен-дағы,
Алып тұрсың алпыс деген асуды.

Кәрі де емес, жас та емес бұл алпысың,
Дер кезіңе дем беретін тал түсің.
Құтты болсын!
Әлі де сен ала бер,
Елдің, жердің, Елбасының алғысын!

04.07.2002

* * *

Тас жүрек болып кетер ме ек,
Сағынтар адам болмаса.
Дүниекор болып өтер ме ек,
Күнде бір шығын болмаса.

Жол түссе канша олжалы,
Тірлік бар, тоскан бар қаза.
Бәріне дайын болғаным,
Сенімім мықты, ар таза.

2002

МЕН ҚАЛАЙША ҰЙЫҚТАЙМЫН?

Көк теңіздей
Алматы дүбірлетіп,
Басылмайды кешқұрым, іңірлетіп.
Қалай ғана қалғиын,
Беу, ағайын,
Барады ғой дүбірлі ғұмыр өтіп.

Қала тынса,
Құлақтан шуыл кетіп,
Елес жеңер жүрекке сыбыр жетіп.
Мен қалайша көз ілем,
Беу, достарым,
Біріңнен соң барасың бірің кетіп.

2002

САҒЫНШАҚПЫН...

Сағыныш болды ескірмес мамандығым,
Сол ма екен көп артқаны заман жүгін?..
Зергері замананың Манаш еді-ау,
Сағындық қасымызда аман күнін.

Жүректе суымайтын ағын таптым,
Ағынның жөнін бұзбас бабын таптым.
Кей достар сын сағатта қамықтырып,
Ақ ниет, адал досқа сағыншақпын.

Ой, Алла-ай, кеше бірге жүр еді ғой,
Жай емес, кісіліктің дүрі еді ғой.
Жасқанбас жас баладай жаны таза,
Лүпілі жүрегінің бір еді ғой.

Еске алу сәті түскен күнін таптық,
Бәріміз сағыныштың зілін таттық.
Ғасырға аты әйгілі Манаш еді,
Басында тағзым етіп тұрып қайттық.

Қалғанын білдік анық кімнің жалғыз,
Сен едің Манаш жастай ынтық зар қыз.
Ескерткіш дара белгі орнатыпсың,
Айтамыз, Сара, саған мың-мың алғыс.

Манаштың рухына бағың толсын,
Немере-шөберелер жанында өрсін.
Есен бол, тірі жүрген ескерткіші,
Бүгінгі ас пен дұғаң қабыл болсын.

23.10.2002.
Алматы

* * *

Жақсы адамды сергітсең
Өзің жақсы болғаның,
Жақсы адамды ренжітсең
Азаяды қорғаның.

Иек артпа нашарға,
Оның терең бар мәні.
Бір болады қашанда
Жақсылардың арманы.

Кетіп әнтек әріге,
Жақсы адаммен егеспе.
Жақсылардың бәрі де,
Бауыр, туыс емес пе?!

2002

ЕЛГЕ ЕСТІЛДІ ЕЛУДЕГІ ДҮБІРІҢ

Амандық Ғаббасұлына

Құтты болсын елу жасың, Амандық!
Азаматтық жүк көтерген бағың нық.
Ел құрметі, достарыңның құшағы,
Бере берсін мол береке, саған құт.

Елу жайлы қозғап өтсем бір кеңес,
Ер жігітке бұл айдарлы тың белес.
Күлкі ойнаған келбетіңнен көрінді,
Баяғыда бізден өткен жиырма бес.

Елу десең – талай сезім ағылар,
Ол – ғажап кез асау бесті әрі нар.
Сексендегі ағаларға бұл елу,
Қиял болды сері күнін сағынар.

Елу деген ердің жасы қуатты,
Ескермейтін кез ғой мың-мың сынақты.
Ең шырайлы кезің осы көрінер,
Қыз Жібектерге дәл Төлеген сияқты.

Елге естілді елудегі дүбірің,
Ұзақ болсын һәм бақытты ғұмырың.
Жақын тартып толқытады ағаңды,
Жер бетінде тармақ тапқан түбірің.

Сенде исі бар қарақалпақ жерінің,
Самалы бар Әмудария желінің.
Ұстап қалды-ау Нөкіс жаққа жібермей,
Атамекен және Бағда келінім.

Тегіс білер құпиясын бұл ғалам,
Дертім де Арал, сертім де Арал жырлаған.
Қарақалпақ десе маған өзгеден,
Жақын адам көрінесің бір табан.

Есің барда ел тапқаның ақылды іс,
Аруақ қолдап бітті саған батыл күш.
Құтты болсын, бұл мерейтой белгісі,
Қазақ үшін атқарғаның татымды іс.

Алматының кештің талай өткелін,
Шын ардақты ұлы болдың өлкенің.
Байтақ елдің қыраны боп самғай бер,
Қайда жүрсең өсе берсін өркенің.

Арың таза, жаның таза жігітсің,
Қарт Алатау сенім арткан үмітсің.
Молдау болып қоскан сенің үлесің,
Жетісудың байлық жүзін құбылтсын.

Құтты аймаққа сүйем ансап жетуді,
Естелікке қанып қайтам не түрлі.
Жетісу мен арасында Көкшенің,
Құлагерім шауып жүрген секілді.

Сол бір сезім көтеріп жүр еңсені,
Ақын Ілияс ел бірлігін көкседі.
Біржан сал мен ақын Сара әндеткен,
Маған қымбат жұмыр жердің бөлшегі.

Текеліде кен керуен тиедім,
Құтты жерге ақ басымды иемін.
Амандық-ау, саған бәрі дарысын,
Жетісуда бар қасиет-киенің.

Өлең арнап жылы лебіз құрастым,
Тауға өрледім, өзен бойлап, қыр астым.
Құтты болсын, асыл інім, елу жас,
Бақытты бол, тойың тойға ұлассын.

23.11.2002.
Алматы

ҚАЖЫМҰРАТ НАҒМАНОВТЫҢ СӨЗІ

Кереку өстік байтақ даласында,
Ер жеттік асау Ертіс жағасында,
Қанаттас әрі інім, әрі досым,
Шыға бер, бел-белеске жаңа асуға.

Қызылжар құтты төрін бергенінде,
Ақылды іс шақырғанда келгенің де.
Қасыма құндыз емес, жұлдыз ерттім,
Жұлдыздай жарқырады еңбегің де.

Қаркынын қызу майдан біліп жеттің,
Алдында арман шыңын биіктеттің.
Қалқымай заты асыл тастай баттың,
Судай боп Солтүстікке сіңіп кеттің.

Сыйлайтын мәрт мінезді теңдесім деп,
Елуге жеттің енді кең көсіл деп.
Атымды арнап жазған сағат тағам,
Жақаңдай сен біреуге бермесін деп.

Алдында асқаралы құзарт шың көп,
Жетуге тағдыр ғұмыр ұзартсын деп.
Сыйладым салдар киер смокингті,
Сұлулар салтанатта құмартсын деп.

Ойым көп қатар самғап түйіндеген,
Аспайды қауырт істе құйын сенен.
Аянбай кенен істе тер төккенде,
Кеше алған Елбасынан сыйың да ерен.

Бағалар таңдайында бар ғой татым,
Парламент оқып берем арнау хатын.
Темір жол министрі қалысқан жоқ,
Бәрін де тапсыруға бар ғой хақым.

Келіспес үлкен тойда ұзақ сарын,
Келіп тұр енді сөзді ұзартпағым.
Жете бер Бақытыңмен зор бақытқа,
Елу жас құтты болсын, Қуатжаным!

21.12.2002.
Қызылжар

АҚ СҰҢҚАР ҚАНАТЫНДА

Не болмас адамзат санасында,
Есімнен, жан қалқа, қаласың ба?!
Жарқ еткен жанарың елестейді,
Аспанда ақ сұңқар қанатында.

Қырандай ұмтылған дара шыңға,
Мені іздеп, сағынып барасың ба?
Махаббат жалауы желбірейді.
Самғаған ақ сұңқар қанатында.

Таусылды көп күткен тағатым да,
Күн жетті іздесең табатын да.
Кел, бірге ән салып, қалықтайық
Ақиық ақ сұңқар қанатында.

15.12.2002

АҚ БАТАСЫН БЕРГЕНДЕЙ СЕГІЗ СЕРІ

Құлагерше құлшындық жасымызда,
Әнші, ақын
Арда өстік заты қызба
Евней, Мұрат, Манаштар қандай еді,
Кеше жүрген көш түзеп қасымызда?!

Бұл үшеуін біледі әлем тегі,
Өмірзақ пен Аманжол мәнерледі.
Кенжеғали, мүсінші Төлегенмен,
Түрлендірді Ермек пен Сәкен сері.

Ата мирас
Жалғасқан ел арасы,
Бәрі ортақ өзен-көл, кең даласы.
Тұтас өлке Солтүстік Қазақстан,
Бөле алмайды облыстар шекарасы.

Ауылымыз көршілес қадам басқан,
Атамекен осында бабам жатқан.
Даналардың ығында жаралдым мен,
Осынау жерге шын ғашық махаббаттан.

Дархан аймақ, қызығам өміріңе
Жаңа қарқын ой салды көңіліме.
Ел Ордасы орнықты Бәйтерегі,
Абылай хан ту тіккен өңіріме.

Жер патшасы Солтүстік Қазақстан,
Көлдеріңді қайтқан құс санап ұшқан.
Беу, Астана! Елімнің кіндік төрі,
Бұйырыпты өзіңе жаралыстан.

2002

ЖЕҢГЕ ТОЙЫ

Әлия Бейсеноваға

Жеңге тойы,
Бұл қызық той, достарым,
Нәзік болғай «баяндама», тостарың.
Әзірлейік үкілі жұмсақ сөз нәрін,
Мәлімдейік не жақсылық қосқанын.

Сыйып тұр ғой бүгін оған не десем,
Жаңылмаймын Джульеттаға теңесем.
Жүзі жап-жас,
Отыз бесте секілді,
Паспортында 70-те екен жеңешем.

Шаттық кернеп бүгінгі той сарайын,
Жерден, көктен гүлге толды маңайым.
Егделікке қимасақ та амал жоқ,
Жетпісімен құттықтайық, ағайын!

Қызып кетсем көп елеске бойдағы,
Арпалыс қой кәрілікпен ойдағы.
Мәскеудегі асыл ұлы
Нұр атты
Кеше ғана 50 жасын тойлады.

Бүгін дұрыс
Марапаттап мақтаған,
Айтса айтқандай
Өзі-дағы жақсы адам.

Қыз Жібектей күтсе бойын әсемдеп,
Сері ағамды Төлегендей сақтаған.

Болса әмбеге
Осынау жеңгем өтімді.
Маған туыс – эколог боп жетілді.
Шырылдап жүр
Жер шұрайын сақтауға,
Табиғаттың қарлығашы секілді.

Ағамыздың
Ғылым қару-жарағы,
Жеңгеміз де көш басында барады.
Жаңарқада басқарма боп қалса ғой,
Көрші ауылды
Әлия жеңгем алады.

Қос талантты
Тағдыр жолы қолдады,
Жеміс қандай қауызында мол дәні.
Қазақ халқы өресінің өскені –
Бір үйде қос академик болғаны.

Әр күніңді асыл оймен жаңалап,
Самға, жеңгем,
Ілбіп-қалғу саған жат.
Жуымасын маңайыңа жамандық,
Суымасын ағама ыстық махаббат.

16.03.2002

* * *

Бір теңеумен бар сырыңды ашпаспын,
Сонда-дағы келер дәлдеп тап басқым.
Бір өзіңде күн көзіндей жылу бар,
Артық жылу бұл жалғанда таппаспын.

* * *

Жөптейді тағдыр сенгенді,
Бір жолда болар мың жолың.
Бір қолыңмен бергенді,
Қайтарып алар бір қолың.

* * *

Биікте еркін жүруге,
Ақ жолды жалғыз кім табар?
Адамша өмір сүруге,
Қасында болсын тұлғалар.

* * *

Мөлшер бар таудың шыңында,
Өлшем бар теңіз суында.
Мұхиттан көңіл терең ғой,
Шек болмас адам мұңында.

* * *

Қалай ғана мен тыныш ұйықтайын,
Кейде толқып кетеді тұнық қайғым.
«Біздің үйге келіп кет» деп шақырған,
Көрші қыздың сыбырын ұмытпайын.

Бала едік сынау жоқ талапкерді,
Беттен сүйіп, көзге көз тақап көрді.
Мен білмейтін құпия сырын айтып,
Махаббаттан алғашқы сабақ берді.

Жарты ғасыр өтсе де ескере ме,
Құштар сезім салмасын еске неге?..
Кеше көрсем қалыпты кемпір болып,
Шөберелері бұрылтпас ештеңеге.

Ұқсас еді-ау аққуға, тотыға да,
Жанарының қалыпты оты ғана.

2002

* * *

Жүрекке жүлде байлаткан,
Балдырған ғашық ақ гүлсің.
Түндерді күндей жайнаткан,
Айдынға қонған аққусың.

Демессің: «Алжып кеттің бе?..»
Есімнен неге жаңылам?
Жетпістен асып кетсем де,
Әлі де сені сағынам.

09.06.2002

ҚАРТАЮДЫ БІЛМЕЙДІ

Жас отау құрып кетуге,
Шаңыраққа дербес жетуге;
Сұлу қыздар туыпты,
Тентекті еркек етуге.

Түзеді Тәңірім жол басын,
Әркашан солай қолдасын.
Қыздарды өзге ұмыттым,
Сүйгенім сұлу болғасын.

Жайнатып құтты іздерді,
Жылытып салқын күздерді.
Жаралыпты сұлулар,
Жасартуға біздерді.

Құлпыртуға ғұрпымды,
Жаңартуға жұртымды;
Жақсы әйелдер туыпты,
Көбейтуге ұлтымды.

Өзгені аңсап жүрмейді,
Құлаққа өсек ілмейді.
Сүйгені сұлу адамдар,
Қартаюды білмейді.

22.01.2002

* * *

Дербестік елім алғанда,
Мәскеуден есен оралдым.
Тасалау жерде қалғанда,
Өлеңмен қайта оңалдым.

Байлыққа ерен бататын,
Талапай қамын жемедім.
Бір елде тыныш жататын,
«Посол» да болам демедім.

Жоламадым қайтадан,
Саясат деген сайқалға.
Қалың ел бар ғой байқаған,
Жөнді сөз сырттан айтарға.

Кеншілік көп жыл өткелі,
Әкімдік, міне, қоштасты.
Жыр келіп ақпа-төкпелі,
Қыз-шабыт құшып төс басты.

Бармадым жаттық құруға,
Жақсылық жолын сақтадым.
Ермедім ру-жыруға,
Ел бірлігін жақтадым.

Жылындым құрмет нұрына,
Жырға орап елдің жүрегін.
Күш-қуат еттім жырыма,
Дербес ел асыл тілегін.

18.2002.
Алматы

* * *

Дүние озбырлықтың ойраны ғой,
Талапай олар үшін болғаны той.
Тайталас жасағанның тазасы жоқ,
Жұлқынса қалталары толғаны ғой.

2002

ЕРЛАН СМАЙЫЛОВТЫҢ АЙТҚАНЫ

Арғымақ өрден асарда,
Құйғыта қызып желденер.
Адал жігіт қашанда,
Сеніскен доска дем берер.

Олпы-солпы мың жолдас,
Арпалыста жоқпен тең.
Қайраты жойқын бір жолдас,
Қаптаған қалың көппен тең.

Бойында бұла батылдық,
Жүз жылда бір туатын;
Мың кісіге татырлық,
Осындай досым – Қуатым.

Ақжарқын мінез бұрынғы,
Барымды құмар естуге.
Оған айтқан сырымды,
Ақтармадым ешкімге.

Кейіспедік керісіп,
Беріспедік ызғарға.
Тетелес күнде тебісіп,
Таласпадық қыздарға.

Бастауынан бұлақтың,
Құт таптым деп қуанам.
Әр қадамын Қуаттың,
Ақ ниетпен құп алам.

Алғыр да, ерен асау да,
Келіп тұр кемел шағына.
Даярмын мың той жасауға,
Осындай достың барына.

21.12.2002.
Қызылжар

ҮШ СОНЕТ

I

Бәйбіше, құйшы шампанды,
Бұрқырат шулы ақ буын.
Жазайын кеңдеу аркамды,
Көтеріп көңіл шалқуын.
Бір кезде болған шын құмар,
Жиналар қимас құрбылар.
Жаңа үйдің көркі ашылсын,
Көрімдік, шашу шашылсын.
Нәр алып сұлу көркіңнен,
Толқысын ән-күй еркімен,
Береке қонар құт дарып.
Жадырап мен де жанайын,
Бір сүйіп рахат табайын,
Мектептес қызға сұқтанып.

II

Мінеки келді, алды қол,
Татайық ескі балдан біз.
Өлеңге жаңа салды жол,
Бетінде жайнап қалған із.
Сүйіп ем жап-жас күнінде,
Қалыпты дәмі тілімде.
Бокалды толтыр қайтадан,
Қалдырмай ішіп жай табам.
Әже боп жүнжіп жүр деме,

Бар екен әлі «бірдеме»
Қалса да қанша жас толып.
Жүрегім қатты еріп тұр,
Тағы да сүйгім келіп тұр
Ішпей де, жемей мас болып.

III

Құрбысыз қызық толар ма,
Сұлусыз бітті қай жорық?
Көрінсін дей бер оларға,
Ақ шашым ашық ай болып.
Бәрі де маған арайын
Төгілтсін, жөндеп қарайын.
Шүпілдет, толтыр шампанды,
Күтейік бірге ақ таңды.
Ұмытсам осы қыздарды,
Бәрі де сенен қызғанды
Тағдырым қосып теліген.
Қызғанбай ашық күле бер,
Осылай тойлап жүре бер,
Бәрін де мәңгі жеңіп ең.

25.02.2003.
Астана

САПАРЖАЙЫМ – «САЙРАНЫМ»

Қырғыздарға барамыз сайран салып,
Қытайға да жетеміз жайраң қағып.
Қазақ жерін жалғаған шартараппен,
Сүйсінеміз «Сайранға» қайран қалып.

Алатаудай аскақтап кемел бойым,
Сексенкөлдей толқып тұр нелер ойым.
Желмаялар желімпаз кең ордасы,
Құтты болсын, «Сайраным», мерейтойың.

«Сайран» десе, ән-жырмен желдетемін,
Құстай сайрап, мол шашу селдетемін.
Беу, сағынған алыста қаракөздер,
Қайда жүрсем сендерге тез жетемін.

Ресейге де күні ертең барғалымыз,
Құшақ жайып тосуда жан-жағымыз.
Кездесуді көбейткен дос-жаранға,
«Сайран» деген ел сүйер ардағымыз.

Дайым мол қол созса бізге жүз ел,
«Сайраным» бар тынымсыз жедел жүрер.
Оған кепіл – асфальттар жайнап жатыр,
Жол түзелді, жолаушы, сен де түзел!

Алғыс айтам ойда бар үміттерге,
Сайыпқыран «Сайранда» жігіттерге.
Желкеніндей нарықтың сапаржайым,
Шарықтай бер биіктен биіктерге!

24.10.2003.
Астана

СЕЗІМ СЕЛІ

Жарысқан көп көліктер легінен,
Қалыспай өлең оқып күлемін мен.
Моторлар маздаса да оза алмайды
Қуантқан тәуелсіздік жүрегімнен.

* * *

Көзіме Астанада көп ілінген,
«Бәйтерек» гауһарын-ай төгілінген.
Шырқаған «Гауһартасты» жас Бибігүл,
Кетпейді сонда менің көңілімнен.

* * *

Көп әнші құс ішінде бұлбұлы бар,
Көп тұлпар арасында дүлдүлі бар.
Көрінген ең бақытты адамдардың
Қанша дүлдүл болса да бір мұңы бар.

ӘЙЕЛ НЕДЕН ЖАСАЛҒАН?

Әйел неден жасалған?
Қаймақтан ба, балдан ба?
Білгің келсе қашаннан,
Жауап біреу жалғанда:

Құран сөзі: Хауа Ана
Қабырғадан жасалған.
Оған сенбей таңдана,
Жөн болмайды қасарған.

Арығы да, семізі,
Әйелдері жер-көктің,
Бөтен емес, негізі
Қабырғасы еркектің.

Алуан түрлі ару бар,
Емес барар жол екі.
Таңдаулысын алыңдар,
Қабырғалар он екі.

Шынтуайтқа берілсек,
Ермей бөспе дабылға.
Балғын сұлу келіншек –
Нағыз майлы қабырға.

Етпей әнтек шегіншек,
Сала берем дабылға.
Шәлкес мінез келіншек,
Нағыз қисық қабырға.

Тіліңді алмай қасарса,
Күдер үзбе үміттен.
Не қылар ең жасалса
Қабырға емес, жіліктен?

Сөз оңалмас желдеткен,
Балық іздеп шалшықтан.
Жаралыппыз еркектер,
Сүйек емес, балшықтан.

Қояйыншы түрлентпей,
Өліп-өшіп өбеміз.
Қабырғаның ынқ етпей
Илеуіне көнеміз.

2003

ӘҢГІМЕ МЕН ҚОРЫТЫНДЫ

– Әжешім-ау, ағылшынша сөйлеші,
Қасыма отыр, әдемілеп төрлеші.
Сөйлескенде сасып қалам түсінбей,
Балалардың менен басқа өзгесі.

– Немерешім, сен бірінші сыныпты
Бітіріп ал, сақтап біздің ғұрыпты.
Өз тіліңді әрең біліп жүргенде,
Ол пәлесі тағы қайдан жұғыпты? –

Деп әжесі еріндері бүлкілдеп,
Айтып жатыр бірдеңені күңкілдеп.
– Ең әуелі жақсы қазақ болып ал,
Құлыным-ау, отыр, – деді, – күлкім кеп.

Сонда Сұлтан:
– Басыңа бақыт орнаткым
Келсе осы үйді өзің түгел қолдаттың.
Ағылшынша тіл білмесем, әжем-ау,
Мен қалайша Президент болмақпын?

– Балапан-ау, әрбір істің жөні бар, –
Деді әжесі, – әліппеңді колыңа ал.
Аудармашы табылады ақшаға,
Ең әуелі сен Президент болып ал...

Шал кірісті:
– Кемпір, бүлік бастама,
Бала сөзін сен аяққа тастама.
Ағылшынша үйретуді ойлайық,
Басына ақыл кірмейді еш ақшаға.

10.02.2003

АҚЫНДАРДЫҢ БЕРГЕНІ

Ақындарда жасыру жоқ жан сырын,
Аялайды шындық деген тақсырын.
Құты қашар сонда әңгүдік жаманның,
Нұры жанар аты әйгілі жақсының.

Қуанышы жүрегіне сыймаған,
Сағынышы шырай бұзып қинаған.
Өлең болып өзі өріліп түседі,
Тірліктегі жиһазы сол жинаған.

Терең мұңы, қатал өмір шырмаған,
Өкініші өртендірген бұл ғалам.
Самал жел мен арай таңдар тебірентер,
Құбылыс жоқ ақын көңіл бұрмаған.

Түсінер-ау соның бәрін милы адам,
Ақында жоқ айтуға сыр қимаған.
Жаны шошыр ақиқатты аттауға,
Шарайнадай түйір тастан қираған.

Асау аттай үзіп өтер кермені,
Жырлатпайды көкірек жарған шер нені?
Бір ауыз сөз тоқсан толғақ жемісі,
Ақындардың өмірге сол бергені.

19.02.2003.
Астана

ҒАЛЫМҒА

Абай өтті өмірден... өтті Абай,
Жыр көгінен данышпан төкті арай.
Құдай оңдап,
Соңынан Мағжан туып,
Күн қайтадан жылжыды бізге қарай.

Тәңірім қолдап қазақи өлең-жырды,
Атымызды айқындау әлем білді.
Жамбыл атам жайлаған кең жазыққа,
Ақбоз атты ақтангер Сәкен кірді.

Сол жыр көшін жалғаған Ғалым інім,
Шартарапқа жайылды ағынды үнің.
Бар құдайды ежелден жаттап алғыш,
Жайлыбайды біледі халқым бүгін.

Туған жерден күш алған майдангерсің,
Соншама өнер әйтпесе қайдан келсін?!
Мағжан, Сәкен көрінген биіктерден,
Ақын досым, жұлдызың жайнай берсін!

19.03.2003.
Жезқазған

БАҚЫТХАН САЛҒАН СУРЕТ

О, ғаламат! Бар көрермен жиылдық,
Тастап кету... Одан аспас қиындық.
Астанада Президент сарайын
Нұр жайнатқан суретке біз сиындық.

Отты көзі өр қиядан таймастан,
Қос жұдырық қос тізеге жайғасқан.
Махамбет отыр
Малдас құрып қасқайып,
Зор тұлғасы аумай құба жартастан.

Жалғыз қалған бәйтеректей Нарында,
Ұқтық батыр іште қапа-зарын да.
Исатайдан айрылған ауыр сағатта,
Айға шабар арыстандай шағында.

Қос жұдырық қос шоқпардай түйілген,
Он саусағы күш жиыпты күй ілген.
Ел рухын отыр қайта көтеріп,
Таудай талап талқан болып күйінген.

Кең далада жалбарынбай, сұранбай,
Көз тартады өрде акиық қырандай.
«Ереуіл атқа сал еріңді қайтадан»,
Деп айтар сөз саңқ етердей ұрандай.

Алла дедім таң қалдырып сурет,
Қарай бердім бір емес-ау, мың рет.
Жұдырықта бірлікті ұста дегендей,
Сурет емес, отыр тірі құдірет.

06.03.2003.
Астана

* * *

Оятты тәтті ұйқыдан таңғы жырым,
Жүрегім сағынышқа қанды бүгін.
Кетпейді көз алдымнан қос жанарың,
Кім білген ынтық сезім мәңгілігін?

Татқандай бал кәусарын құштарлықтың,
Лебіңді шөліркеген құстай жұттым.
Жолыма құт қондырған сандуғашты,
Қолыма Құдай берген құттай күттім.

Аз уақыт өтті-кетті желдендіріп,
Жүрекке құйын салды енген бүлік.
Үмітім үзілмейді бір көруге,
Есен-сау жүргеніңді елден біліп.

Жарқ еткен көк тұманда жарықтайсың,
Алыстан жаңа әнімді дәл ұққайсың.
Білмеймін қай қияда жүргеніңді,
Жабықсам жан баурайтын шабыттайсың.

Табысқан ғайып қиял лағыл тасым,
Көркіңмен тау гүліндей табынтасың.
Кетсеңші бір кездесіп, әнге бөлеп,
Досыңды енді қанша сағынтасың?

08.04.2003

МАХАМБЕТТІҢ ӘСЕРІ

Қазақтың қайсар мінез ерен ері,
Толтырды Мағжан кекке кенерені.
Атойлап Тұран үшін ұран жайса,
Сол шығар Махамбеттің жебегені.

Жөн сөздің шындығы осы желігі жоқ,
Өтті ғой Сегіз сері серігі боп.
Исатай, Махамбеттен алған сабақ,
Қалды артта ән мен жырдың өрімі боп.

Бауыржан жау тойтарған, Рахымжандар –
Махамбет ұшқыны бар батыл жандар.
Рухы асыл дана ерте қонған,
Бәрі де асау тұлға ақын жандар.

Жалықпай көл қорыған құстың үні,
Жайықтан естілгендей қыстың күні;
Қайсарлық берді ақын Қасымға да,
Махамбет жебесінің ысқырығы.

Ол демеу бере берер әлі бізге,
Құштармыз ереуілшіл анық ізге.
Әсері Махамбеттің аз демеймін,
Елім деп тыным таппас бәрімізге.

06.03.2003.
Астана

СИРЕК ТУҒАН ҚҰБЫЛЫС

Күлзия Шарман келініне

Нұр жүзінен пәк жүрегі көрінген,
Ғажайып жан өтті бүгін өмірден.
Төрегелді сыңарынан айрылып,
Туды ауыр күн кабырғасы сөгілген.

Әйбат еді-ау жылы карап күлгені,
Тірі жанға қабақ шыта білмеді.
Шармановтың шаңырағы шарықтап,
Әулет құрды дәулетті де іргелі.

Төрегелді көргендей қыз-құдірет,
Ғашық болды көз шалғанда бір рет.
Жердің шарын жеті айналсаң таппассың,
Күлзияның дидарындай сурет.

Қарт анамен құрбысындай сырласқан,
Қызықты айту ерен-ғайып бір дастан.
Келінін де өз қызындай сүйді ана,
Жалғыз ұлға бүйрегін көп бұрмастан.

Қариядан жасамай еш бұрылыс,
Күлзия да орнатты үйде жылы күз.
Екеуіне біткен шуақ сыйластық,
Бұл жалғанда сирек туған құбылыс.

Жақсы анаға жайлы ғұмыр шеккізген,
Салты кандай жан мерейін төккізген?!
Қарияны көл қорыған қызғыштай,
Күлзия ғой 95-ке жеткізген.

Төрегелді, мен не дейін, бауырым,
Жұмақ кешкен өтті ғажап дәуірің.
Адам түгіл Алатау да селдетті,
Бізбен бірге көз жасындай жауынын.

Сұм ажалдың қара жерге киғаны,
Дос-жаранды дәл өзіңдей қинады.
Тағдыр солай, енді, Төке, берік бол,
Күлзияның серік болсын иманы!

10.05.2003.
Алматы

ҚЫРАНЫ ЕЛДІҢ – ҚЫЗЫЛЖАР

Шұрайлы жердің қаймағы,
Сарыарқа сары жайлауы.
Ақ қайың елі, алтын бел,
Қазақтың ғажап аймағы.
Әнші де, күйші ғұрпыңнан,
Көркіңе терең сыр тұнған.
Сегіз сері құмартқан,
«Гауһартас» сенсің құлпырған.
Қыраны елдің – Қызылжар,
Жұмағы жердің – Қызылжар.

Шал ақын атын мәңгі еткен,
Біржан сал, Ақан әндеткен.
Үкілі Ыбырай «Гәккумен»,
Әлемге аты мол жеткен.
Мағжандай өжет жаралған,
Ұлдары арыс сан алуан.
Ақ бидай толқып даланда,
Ақ қайың қыздай таранған.
Қыраны елдің – Қызылжар,
Жұмағы жердің – Қызылжар.

Жауқазын туған үлбіреп,
Гүлден де сұлу гүлдірек.
Ұлпанға тарткан ұлтжанды,
Қыздары шымқай Қыз Жібек.
Есілдей көпшіл тілегі,
Бірліктің берік тірегі.

Лүпілдеп тұр кеуденде,
Достықтың ыстық жүрегі.
Қыраны елдің – Қызылжар,
Жұмағы жердің – Қызылжар.

26.02.2003.
Астана

МАРАТҚА

Беу, Маратым,
Кештеу жетсе сөз саған,
Қуанышсың асау толқын қозғаған.
Құда менен құдағиым қолдасын,
Сен мен үшін болып кеттің өз балам.

Тағдыр саған мархабатын үйілтсін,
Майрашыммен сені мәңгі сүйінтсін.
Көкшетауда Оқжетпестей көрінген,
Күйеу бала деген сөзден биіксің.

Бәйбішем де ардақтайды анаңдай,
Кең жүрегі өзгеден де саған бай.
Тіршілікте жер мен көкті жалғаған,
Көрінесің аруақ қонған адамдай.

Күлімдеген жанарыңа қарап та,
Қойдым сені ұлыммен тең санатқа.

20.07.2003.
Алматы

ҚАРАҒАНДЫ

Сарыарқа астанасы Қарағанды,
Ежелден атақ-даңқың дараланды.
Таркаған Мәди айтқан қалың бұлты,
Қасыңда Қаркаралы жаңаланды.

Жезқазған ардақтады атағыңды,
Қыз Балқаш өз құмарын тата білді.
Өленмен Жамбыл бабам паш еткендей,
Қарсақбай жез жалауын қатар ілді.

Киелі атың мәшһүр, зеңгір тауым,
Біледі қасиетіңді зерлі қауым.
Темірге көмірің сай өмірің бір,
Секілді туған інің Теміртауың.

Мен үшін киелісің, Қарағанды,
Жас күнім өз қолыңда бағаланды.
Тік сілтеп дөнен күнде оза шапсам,
Тұяғым Жезқазғанда тағаланды.

Кеншілік болды құзарт өз биігі,
Қанықты кең далаға көз күйігі.
Ұлытау арнап берген белгім еді,
Кең дала жез қанатты «Жезкиігі».

Жүректен жыр балқытар таптым жалын,
Бұйырды тағдырыма шапқын дарын.
Өленге өзек еттім ән байланар,
«Гәккушіл» Қоскөл жақтың аққуларын.

Сен болдың сол кездегі бас қаламыз,
Екінші жер бетінде астанамыз.
Саңлағы адамзаттың Сәтбаевтан,
Алғашқы алған сабақ дастан-аңыз.

Атасам Әбілқас, Евней ағаларды,
Жас қыран – інілер де бағаланды.
Өсірген Елбасымыз Нұрсұлтанды,
Өзге емес, ол да өзіңсің, Қарағанды.

Беу, дүние-ай, Жайық ағам қандай еді,
Мағжаннан дәріс алған маңдай еді.
Нариман, Махат, Жұмаш, Мұқыштарды
Айтпасам қалар көңіл қанбай шері.

Қасыңнан кім өтеді тәжім етпей,
Келесің кемел шақта жазың өтпей.
Жебейді, Қарағанды, сені мәңгі,
Даналар Қаз дауысты Қазыбектей.

Естілсе тау ішінде Сәкен әні,
Махаббат мас етеді шекер-балы.
Тәттімбет «Саржайлауы» күмбір қақса,
Адамның балдай балқып кетер жаны.

Дербес ел тапса талай арналы ағын,
Нұрқазған жарқыратты жаңа жалын.
Әйгілі Қарағанды, нар қаласың,
Сыйлайтын жас қалалар ағаларын.

Орталық Қазақстан жүрегісің,
Байтақ ел болат сүймен білегісің.
Мерекең құтты болсын, Қарағанды,
Іргелес Елорданың тірегісің!

22.12.2003.
Астана

КЕТПЕЙТІН НЕ БАР КӨҢІЛДЕН?!

Тірлікте не бар өтпейтін,
Қызық та көрдік көп дейтін.
Бәрі де соның өткінші,
Салсақ та қуғын жетпейтін.

Бірақ та естен кетпейтін,
Барынды қолда «жоқ» дейтін.
Туады екен тұмша күн,
Жанардан жеңіл өтпейтін.

Көз жасы көл боп төгілген,
Алғызбай өкпе жеңіл дем.
Қиямет кешті Тұманбай,
Құралай өтіп өмірден.

Өзіңдей көріп өзімді,
Мәриямды ана сезінді.
Еске алам Күлтай бәріміз
Мәскеуде жүрген кезімді.

Шығармаса жастар үн,
Білдік қой сезім астарын.
Қайда барса Құралай,
Тастамайтын Асқарын.

Ажалдан біздер жеңілген,
Қармаққа тағдыр тең ілген.
Қайғыңды каққа бөлісіп,
Күн туды-ау бірге егілген.

Ақылмен асқақ көрінген,
Айрылдық қыршын өрімнен.
Осыдан артық, Құдай-ау,
Кетпейтін не бар көңілден?!

2003

ҒАШЫҚ ӘН

Ғашық ән жан баураса қуанамын,
Теремін үннің үзім ұнағанын.
Жұлдызың жанатындай,
Әуреге салатындай,
Бал ләззат алатындай, ол – сенің құмар әнің.

Ғашық ән домбыраға үйлескені,
Хикая таңғажайып бір кештегі.
Санаңды сезім жеңсе,
Асығыс көргің келсе,
Соңымнан ергің келсе, ол – жүрек бірлескені.

Асыл ән – құшағыңа үйген гүлім,
Келеді әр мезетті түрлендіргім.

Сау басың шыр айналып,
Тебірентсе ұнай қалып,
Толқытса тіл байланып, ол – мені сүйгендігің.

Естірсің аңсап күткен құстар үнін,
Туады бақыт таңын құшқан күнің.
Тәтті ұйқың селдіресе,
Жанарың мөлдіресе,
Жан-тәнің елжіресе, ол – маған құштарлығың.

Сұлу саз айғақтаса ашық сырын,
Толқырсың гүл-гүл жайнап тасып нұрың.
Қинаса мезет етпей,
Қоймаса ынтық етпей,
Бір сүйсең шыдам жетпей, ол – маған ғашықтығың.

10.12.2003.
Астана

БҰЛАҚТЫҢ КӨЗІН АШҚАНДА

Тік шатқал етегінде жас құрақтың,
Сыбыры естілмейді тас бұлақтың.
Жан толқып,
Көңіл шалқыр сәт екен ғой,
Ақ қайнар көзін ашып шапқылаттым.

Шатты әнге сақ-сақ күліп салғандайын,
Япырмай, сонша қуат қайдан дайын?!
Сүйсініп күлкісіне мен де тұрдым,
Бойыма жаңа қуат алғандайын.

Балқыдым бал кәусардан татқан сайын,
Шалқыдым жанға шырақ жаққандайын.
Ақ бұлақ алғыс айтты қоштасарда,
Бір серпіп жарқыл қаққан ақ маңдайын.

Бере бер о, Жаратқан, сәнді күнді,
Ұмытпан кереметті дәл бүгінгі.

Осы ма бір сауабың тиген маған,
Денемде жас күнімдей қан жүгірді.

16.08.2004

* * *

Жөндеп те айтпай өкпесін,
Қинаса достың безгені;
Әуелі адал өлшесін,
Өз арыңның безбені.

Қисынсыз кетсе шетінеп,
Досым деп бекер алданба.
Кінәңді тапса көкірек,
Кешірім сұра, арланба.

Басылар селдің тасуы,
Бара бер жылы кеңеске.
Жақсы адамның ашуы,
Өткінші жаңбыр емес пе?!

2004

НЕМЕРЕМЕ АСЫЛ СЫР

Немерем, қайда барасың?
Әжеңе көңіл бөлсеңші.
Сағыныш салған жарасын
Тезірек емдеп берсеңші.

Дәрудей қымбат жүрекке,
Бетіңнен сүйіп алғаны.
Ораса бата-тілекке,
Сол деп біл оның арманы.

Балапанға болған шат,
Аққудай айдын көлдерде.
Қолына түссе асыл зат,
Сақтайды бәрін сендерге.

Қажымас қайрат-жігердей,
Бойыма қуат жандырды.
Өлімге де жібермей,
Сендерге сақтап қалдырды.

Көз көрген біздер ғасырда,
Баладан рахат татыпты.
Жүрсеңдер есен қасында,
Іздемес басқа бақытты.

Сөз емес оған сән-сәулет,
Өмірдің өзге бар мәні.
Ол үшін үлкен бақ-дәулет,
Сендерді жолға салғаны.

Немерем, сүйші әжеңді,
Келгенше күтші шамаңа;
Көркейткен біздің әлемді,
Бас иші, қалқам, данаңа.

25.02.2003.
Астана

ОРЫС ДҰРЫС

Орыс дұрыс! Тап осының неге де,
Бір қылығын салам үздік жебеге.
Қыздан тусын, ұлдан тусын, бәрібір,
Орыс үшін настоящий немере.

Немере боп кетсе алдында бәрі де,
Біле білсек мәні жатыр әріде.
Қыздан туды немеремнің үлкені,
Немеренің ол төресі әлі де.

Қыз босанса өз анасы бағады,
Ол мойнына тұңғыш тұмар тағады.
Өз қызымның панасы боп жаралған,
Осынау тентек мен үшін зор бағалы.

Ол туғанда мен ерекше көсілдім,
Бізде үлес көп өсуінде осы ұлдың.
Кеншімін ғой, Жер-ананың сырына,
Кішкентайдан қанық қылып өсірдім.

Ол қаламгер өз соңымнан ергендей,
Қайтпекшімін өз ұлым деп елденбей.
Арман содан шын ерекше сүйеді,
Жердің шарын мен сыйлыққа бергендей.

Өмір бастан ертең ғана өреді,
Қалады артта дархан тірлік тепеңі.
Құдалар-ау, есен жүрсе бұл бала,
Бөліспейік, бәріңізге жетеді.

Осындайда мен жарылам ағынан,
Орыстардың дәстүріне бағынам.
Қыздың ұлын өз немерем дегенге,
Екі қолды төске басып табынам.

Құлақ салшы, беу, мұсылман, сөзіме,
Тарлан тарих елестейді көзіме.
Қыздың ұлын көш басына қойды ғой,
Мұхаммедтей пайғамбардың өзі де.

20.07.2003.
Алматы

ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Жарқабақта жанғандай қызыл жалын,
Байқап қалдым Есілде қызық барын.
Бала ғашық балдырған еске түсті,
Жарқ еткенде алдымда Қызылжарым.

Құба талдың қарашы сызылғанын,
Жел қосылған алмайын үзіп әнін.
Мен келгенде құрбылар қарсы алар ма,
Құпия сыр ақтаршы, Қызылжарым.

Қызыл ішік баяғы қызығарым,
Есіме алсам елжіреп тізілді әнім.
Құлын білек, аққұба қыз еді ғой,
Мекен-жайын айтсаңшы, Қызылжарым.

Сағыныштың жүректе ізі қалың,
Байқайсың ба қам көңіл бұзыларын?..
Бота көзі мөлтілдеп, жаудыраған,
Сол қалқатай қайда екен, Қызылжарым?

Сыр ақтарсам естелік үзім-қайым,
Белгілі ғой жан құштар қызық жайым.
Балапаны аққудың сияқты еді,
Кездестіріп жіберші, Қызылжарым.

25.02.2003.
Астана

ҚАЗАҚТЫҢ ПАРТИЗАНДАР КӨСЕМІНЕ

Қасым Қайсеновке

Сексен бес құтты болсын, Қасым аға!
Аруағы өзгелерден басым аға.
Қазақтың партизандар көсемісің,
Дұшпанға жастай тиген жасын аға.

Ұрпаққа болды сабақ үлкен үлгің,
Жылға тең өзіңменен жүрген бір күн.
Рахымжан, Қасым, Сырбай, Жұбан барда,
Көріп ек таңғажайып үркерлі күн.

Сүюші ек сендер жүрген парадтарды,
Жыр арнап інің сырын сан ақтарды.
Жеңістің құба жартас белгісіндей,
Өзіңе барша қазақ қарап қалды.

Қаһарман атың бүгін дараланды,
Есімің ел туындай бағаланды.
Біз үшін сен мың аға орнындасың,
Санасам ерте кеткен ағаларды.

Жүрекке сыймай тұр ғой қуанышым,
Өтеді көз алдымнан ұлан ісің.
Топ жарып қай думанда сөйлесең де,
Ойлысың, орныктысың, қырағысың.

Көкірегім ұшырғандай тірі құсын,
Өлең-гүл төге салдым бір уысын.
Жан аға! Алшаң басып жүзге де жет,
Сен бар деп біздер жас боп жүру үшін!

21.05.2003

* * *

Беу, жүрегім, қызбалықты қой деп ем,
Қызарғанға ынтызарлық мол неден?
Бір өзіңе бір қаракөз жетпей ме,
Жүрмесеңші бұра тарткыш жолменен.

Тарқамай ма құштарлығы мол маусым,
Сұлу көрсең неге берік болмайсың?
Шыбын жанды ақ тер, көк тер қылғанша,
Неге ғана тәубеңді айтып қоймайсың?

Жүрек айтты:
– Сыр ақтарсам ашық қып,
Сезімталдық іс емес қой кәсіптік.
Құштарлықтың құрығынан шықпайтын,
Сұлулықтың құлы емес пе ғашықтық?!

Бәрі менен болғандай жұрт ойлайды,
Қаламың да көп жазады сол жайлы.
Шындықты біл: сұлулыққа, ақыным,
Мен тойсам да екі көзім тоймайды.

Қайдан келді шымқай мөлдір тұнық жыр,
Тұнық жырда алтын балық бұғып жүр.
Сұлулыққа елікпеймін десең сен,
Екі көзді тас қараңғы жұмып жүр.

19.02.2003.
Астана

НЕ ҚЫЗЫҚ?

Ақ марал сасқанда қызық
Ақ түлкі қашқанда қызық.
Ал сұлу ше?
Құшағын ашқанда қызық.
Қуаныш шашқанда қызық.

Ақ сұңқар қағыста қызық,
Ішын тұлпар шабыста қызық.
Ал жігіт ше?
Қат-қабат сайыста қызық,
Сын сағат намыста қызық.

Жезкиік жанары қызық,
Аққудың ажары қызық.
Ал ақын ше?
Сөзінде құн болса қызық,
Айтқаны тың болса қызық.

2003

* * *

Ұйқыға кетті маң дала,
Самал жел маукын бір басып.
Қарайды көктен ай ғана,
Қараңғы түнде мұңдасып.

Жұлдыздар көшті әрманға,
Жарқ етіп жанған із қалмай.
Жолықпай жүрген жалғанда,
Жадымда қалған қыздардай.

Көп жұлдыз жаққа қараймын,
Көңілді айдан бөлгім кеп.
Жабығып жанар қадаймын,
Біреуін ғана көргім кеп.

24.03.2003.
Астана

ҰЛЫТАУДЫҢ ГҮЛДЕРІ-АЙ

Ұлытаудың гүлдері-ай,
Көрсең жүрек тулаған.
Сайда сансыз нұрлы арай,
Басқа жерде тумаған.

Көңілімді бір жұбатты,
Көз көрмеген қызғалдақ.
Егіп қойған сияқты,
Төңіректе көп қызға арнап.

Қырмызысы нәп-нәзік,
Бар қасында барқыны.
Ақшағылдың жанға азық,
Гүл желбезек жарқылы.

Ақ мақтадай ағы бар,
Көгершін көз танасы.
Көгілдірі тағы бар,
Құдды аққудың баласы.

Лағылын-ай, үлбірек,
Қимылға жоқ шамасы.
Күллі гүлден гүлдірек,
Күлгін шоққа қарашы.

Қап-қара гүл басқарақ,
Қоймас көзді сүйінтпей.
Мойнын бұрып жалт қарап,
Жаутаң қаққан киіктей.

Әне, ақшағыл тұр түлеп,
Көктеңбілді аласы.
Барша гүлден гүлдірек,
Қаршағүлге қарашы.

Сарғылт гүл де желбіреп,
Бар шыдамды кетірді.

Еленделді елжіреп,
Сағынған сен секілді.

16.01.2003.
Алматы

ӨМІР-АРМАН

Тағдырым, ғұмыр берме алаңсыз ғып,
Сөздің де дәмі татыр табам тұздық.
Жүремін өзім бастап жаксы күнге,
Етпеймін ешқашан да саған құлдық.

Болардай жазған жырым алтын қазық,
Келемін ата-баба салтын жазып.
Төрт бөліп түн ұйқымды толғанамын,
Күйзеліп кетпесін деп халқым азып.

Бастай бер болашаққа, өмір-арман,
Болмасын көргенімнің көбі жалған.
Молайсын ортайғаным деп тілеймін,
Тайғақ жол, тар кезеңде төгіп алған.

Жасымнан азаймаған мұңға баймын,
Үмітпен атар таңға тың қараймын.
Іргесін дербес елдің беріктесек,
Төгілткен маңдай терін бұлдамаймын.

2003

КӨП ОҚУДЫҢ БЕРГЕНІ

Ол кезде күнде көктем жұлдызды аспан,
Бірінен-бірі артық жымыңдасқан.
Қазақтың қыздары да сондай еді,
Мәскеуде бірге оқып сырымды ашқан.

Көп оқу шым-шытырық сынақ екен,
Көрмедік қыздарды да, сірә, бөтен.
Кездесіп елден келген сұлулармен,
Той жасау бұл жалғанның жұмағы екен.

Оқу көп, бармасақ та ойынға артық,
Жүрдік қой қыз әуресін мойынға артып.
Тосудан қанша жаурап қалсам-дағы,
Көргенде кетуші еді бойым балқып.

Сұлуды құрастырар жанұямды,
Жүрегім бір көргенде тани қалды.
Қызығы көп оқудың осы емес пе,
Мәскеуде кездестірдім Мәриямді.

Көп оқу тежемеді ойымызды,
Болғаны осы шығар жолым ізгі.
Дәл бес күн өткеннен соң оқу бітіп,
Жасадық отау құрған тойымызды.

Меңдеді мені жастай құлагерлік,
Ергені Мәриямның жүдә ерлік.
Бергені көп оқудың осы емес пе,
Жарқ етіп Жезқазғаннан шыға келдік.

2003

ҮМІТТЕНУ

Жан едің ақ көңілді қайтармаған,
Сырым көп сүрлеп, сақтап айта алмаған.
Барасың былқыл-сылқыл жүзіп, қалқып,
Қайықтай көл төсінде қайқаңдаған.

Япырмай, неткен мөлдір жанар еді,
Жанымның рахат сәті жаңа келді.
Жадырап құрақ ұшты жарқын жүзің,
Ойлаған жерден шықсам жарар еді.

2003

* * *

Жақындап көңіл ашқанда,
Жадырап жүзің жебеп қал.
Жайнаған жұлдыз аспанда,
Қолыңа түсер себеп бар.

Шын ғашық көңіл жықпайды,
Күдікті бойда тежеп қал.
Жүректі жүрек құптайды,
Тіліңе тисе керек бал.

Қаншама уын татсаң да,
Махаббат мұңын бөлеп қал.
Жайнаған жұлдыз аспанда,
Сөніп те қалар себеп бар.

07.03.2003.
Астана

МАХАМБЕТ

Махамбет асқақ тұлға зеңгір қиян,
Ісі – ерлік, өзі – жалын, сөзі – ұран.
Хан жақтап, орыс қаптап ел тозғанда,
Саңқ етті бұлтты жарып алғыр қыран.

Сес берді ханыңа да, патшаңа да,
Көнбеді екі жақтап таптағанға.
Сөзбен де, жебемен де қарқын қосты,
Исатай атой салған бастамаға.

Қайғылы ел қалса заман қармағында,
Махамбет ой тастады бар қауымға.
Тап емес, ұлттың мұңы қайнап жатты,
Азаттшыл жырдың әрбір тармағында.

Таза алмас жұлдыз сөзді өлеңі де,
Бірде оқ, бірде сойыл көлемі де.
Мөрі боп, көшпелі елдің жалауы боп,
Ақталды асау жырдың төлемі де.

Біртуар Махамбеттей қаркынды адам,
Талпынам білсе екен деп даңқын ғалам.
Рухы мәңгі бірге туған елмен,
Жанартау от-жалыны сарқылмаған.

Асқаны өзге ақыннан – батырлығы,
Артықтау көп батырдан ақындығы.
Рухы аруақ конған жебеу болды,
Осы ғой ет жүрекке жақындығы.

Айғағы әділдіктің асылымыз,
Ерлікке өлшем болған батырымыз.
Айтарын жебесімен жазып кеткен,
Ол біздің ұран жазған шатырымыз.

Халқымның қайсар туған жанашыры,
Жатталды, жетті ұрпаққа дана сыры.
Ешқашан қазақ барда өшпейді оның,
Қасқайып қарап тұрған қарасыны!

06.03.2003

АЛАТАУҒА

Алатау, мен сенімен қоштаспаймын,
Есімнен кетпес мәңгі достасқан күн.
Мәскеуден аңсап жетіп, қайта оралды,
Сағынған достарыммен көш қосқан күн.

Өзге де құпия көп безе алмайтын,
Сұлуға сая болдың мені арбайтын.
Барғанда кездесуге тұрушы едің,
Атамдай аңға шықсам көз алмайтын.

Ақындар барын айтпай жасқана ма?
Тауымсың жаным сүйген асқар ала.
Қызына Алматының ғашық болдым,
Тап сондай қызықтырмай басқа бала.

Тау қайда тап өзіңнен әсемірек,
Гүлзарлар асыл теңеу әперді көп.
Арқалап Сарыарқаға әкетер ем,
Ел сөгер қайны атасын әкелді деп.

Аз емес жыр тұтатқан қолғабысың,
Тасыды тау суындай мол ағысым.
Алатау, мен ғана емес, бар қазақтың,
Құдайым өзі орнатқан қорғанысың.

Көшкенім Астанаға... қуатым бай,
Жүрерлік екі арада құр атыңдай.
Алыстан асқақтаған сені көрсем,
Тебіренем ғашық өлең туатындай.

Көп айттым бір өзіңе жасымда сыр,
Арнадың кеудемдегі асылға нұр.
Қимаймын көз жұмғанша қоштасуға,
Немерем отау құрған қасыңда жүр.

27.04.2003.
Алматы

ҮМІТ, ҚАУІП, УАЙЫМ...

Үміт, қауіп, уайым...
Сендерді қайда қуайын?
Сарқылмас мұңым тірлікте,
Үмітсіз қылма, Құдайым.

Үміттің терең түбі тым,
Ол тынбас ішкі үгітім.
Үмітсіз күні туғанда,
Жоғалды дей бер жігітің.

Қауіп залым жау екен,
Аңдаусызда сау етер.
Ішкі намыс күш берді,
Тұлпарым болды тәуекел.

Жабыстың жастай, уайым,
Шашымның көркі сыңайым.
Есейгенде тәубе деп,
Бақытты ғұмыр сұрайын.

Жан болған соң кеңпейіл,
Сені де, қатер, сөкпейін.
Өреде қанша қыссаң да,
Мәреде менен өт кейін.

2003

АТТИЛА

Көшпелі көне замандар,
От салған ортақ санам бар,
Ғұндарға ұрпақ санаңдар.
Көздеген шепті алмас па,
Көксеген жерге бармас па,
Аттила шықса айқасқа.

Қайтпады қайсар сөзінен,
От шашты өткір көзінен,
Жайратты жауын тезінен.
Соғыспай берген сәлемді,
Сілкілеп өтсе әр елді,
Тітіркентті әлемді.

Еділ мен Дунай қанаттас,
Дұшпанын бетке каратпас,
Қосылды елдер сабақтас.
Болды ұмыт күндер шаршаған,
Олжаға батты аңсаған,
Аттила тарлан бастаған.

Шыңдар мен құмдар жалғасты,
Сан қилы тайпа қолдасты,
Аттила тайғақ жолды ашты.

Ғұндардың саңлақ көсемі,
Қысық көз, мұрны көшелі
Қазаққа ұқсас деседі.

Тартқаны түрі маған көп,
Сүйсінтпей неге қалам шет,
Мақтанам асыл бабам деп.
Рухы берген қанық сыр,
Тіл тапты Риммен алыс қыр,
Таңбасы болдым намысшыл.

Жеңілмей өтсе майданда,
От құшақта қалғанда,
Тіл тартпай кетті арманда.
Құныққан құтсыз сайран-ай,
Ғұндарды мұңға салғаны-ай,
Дүниенің адыра қалғаны-ай!

22.02.2003.
Астана

* * *

Өзім сау, өшті көп тілек,
Өтті арман ынтық өрісі.
Азапқа салған бос жүрек,
Бұйырды қалған жемісі.

Тағдырдың қатал дауылы,
Солғызды соңғы гүлімді.
Жалғыздық жетті дәуірі,
Тосумен ақтық күнімді.

Кеш соққан аяз жұта ма,
Ыскырған боран ақ шұнақ.
Қалшылдап қалды бұтада,
Жалаңаш жалғыз жапырақ.

2003

МАҒЖАН АҒА СӨЙЛЕЙДІ ОРЫС ТІЛІНДЕ

Біле білген бір жеңерін түбінде,
Ұлтжандылық кие-құт бар үнінде.
Қазағыма «Күн боп туған» мәрт ақын,
Сөйлеп кетті Мағжан орыс тілінде.

Келсе толқып, шаттыққа орап наз артқым,
Татсын нәрін өзге елдер де ғажаптың.
«Пайғамбар» деп аталған жыр жинағы –
Қуанышы барша қалың қазақтың.

Сөз төресі бүгін қайта түледі,
Бұрынғыдай қайсар даусы үдеді.
Туған елге жақындығы осы ғой:
Естіліп тұр лүпілдеген жүрегі.

«Ұлтшыл» деген құрттық ескі жаланы,
Ұқсын достар ұлтын сүйгіш дананы.
Қонысы бір орыстар да түсінсін,
Айқын ашсын нақақ жаққан «қараны».

Астамшылық кетер деген өзімен,
Көрсін күшін қанмен жазған сөзінен.
Білсін Пушкин, Лермонтов, Блокты
Шын сүйгенін жас жолбарыс кезінен.

Кете алмайды енді ешкім тым алыс,
«Пайғамбарға» туды ынтық сұраныс.
Сыйлап отыр бізбен бірге сүйсінтіп,
Дана қазақ орыска да қуаныш.

29.01.2003

ӘН-КҮЙДІҢ МАРҒҰЛАНЫ, МАГЕЛЛАНЫ

Ілия Жақановқа

Мінгені – тұңғыш әні «Жалғыз қайық»,
Жасынан бақ жұлдызы жанды лайық.
Қол сілтеп Есіл, Нұра сәт тіледі,
Ол кетсе қайдасың деп Еділ, Жайық.

Құм Нарын боз інгенін боздатқандай,
Жан сырын жабық жаткан қозғап қандай.
«Еділ мен Жайық» атты ән заулады,
Қарт Каспий ғасыр мұңын толғатқандай.

Тарқады Қаратаудың терең шері,
Балқыды Алатаудың белеңдері.
Жамбылдай бата беріп құттықтады,
Ән-күйдің Нұрғисадай кемеңгері.

Туған ел шартарабын аралады,
Біржан сал, Ақан әнін саралады.
«Гәккуін» Үкілі Ыбырайдың тыңдай-тыңдай,
Жаяулап Сексенкөлді жағалады.

Күйлі ағын өріс тапты бар талабы,
Сан қилы ән тарихын арқалады.
«Жезкиік» Сарыарқада сәлемдессе,
Мәди боп құшақ жайды Қарқаралы.

Бармаған жер, баспаған тау қалмады,
Қай қырғыз атын айтсаң таңданбады?!
Қыздары «Чоң аға» деп ардақтаса,
«Әселдей» туды әннің балқаймағы.

Атанса ән мен күйдің Марғұланы,
Молайды шапағатты таң шуағы.
«Кеңгірдің қоңыр кешін» түрлендіріп,
Жайқалды Жезқазғанда ән шынары.

Маған да бар сұлу саз жолдағаны,
«Асыл жар» – махаббаттың қолдағаны.
Қай қызға арнағанын ішің білсін,
Келінге тартуым деп толғанады.

Көптен-көп сері жанда өнер саны,
Әңгіме, жазды талай новелланы.
Ән іздеп жердің бетін жеті айналған,
Ілия – қазағымның Магелланы.

13.06.2003.
Жезқазған

ӨМІРІМНІҢ ӨЗІ ӨЛЕҢ

Жалғызбын ата-анадан,
Балалық өтті жаутаңкөз.
Лүпілін үнсіз санаған,
Жыр болды жүрек айтқан сөз.

Ақындық ерте ерсе де,
Кеншілік төрін жолдапты.
Соғыста елім жеңсе де,
Ауылдың халі ойлантты.

Ауырлау жүктен кашпадым,
Аңғарған адам байқасын.
Нүкісте жүріп бастадым,
Аралдың ащы айқасын.

Әлдекім сенбес бір көрген,
Аз емес әлі татарым.
Өлеңнің бәрін мұң берген,
Жетсе де айға атағым.

Қамы емес қара басымның,
Қамкөңіл кейде айтарым.
Менің мұңым – асыл мұң,
Абайлап, досым, байқағын.

Шыққандай ашық алаңға,
Сырымды ұқсаң сезер ең,
Біле де білген адамға,
Мен шеккен өмір өзі өлең.

2003

БЕРІК БОЛ, ДОСЫМ БЕРДІБЕК

Жат хабар жетті тосын үн,
Тұтылғандай күн жүзі.
Қапыда сөнді досымның
Бауыржан атты жұлдызы.

Аяусыз ажал дегенің,
Тағдырдың ісі қасарған.
Бере алмай кетті берерін,
Ұмтылған өрге жас арман.

Кемені кербез өр дауыл
Соққандай оқыс жартаска.
Бердібек зардап шекті ауыр,
Қалды есен, қайтсін, жан басқа.

Естіген жанға бұл қаза,
От-жасындай тиіпті.
Дос-жаран болды беймаза,
Бөлісіп ортақ күйікті.

Өзіңдей біз де күрсініп,
Екі көзден жас алдық.
Қасіретін шексіз түсініп,
Сөз айттық тоқтам жасарлық.

Бүгін де соны, Бердібек,
Ертең де соны айтамыз.
Күш берсін саған көп тілек,
Сүйеу боп сенім артамыз.

Алдында талай ұлан іс,
Күтіп тұр елдің арысын.
Бұрқырап өткен бұла күш
Өз бойыңа дарысын.

Халқыңа беріп қол ұшын,
Майданға берік шыға бер.
Сүйеміз сені сол үшін,
Сол үшін байтақ ұғады ел.

Арал үшін арпалыс,
Қайсарлық бізге берді көп.
Қайталап тағы айтамыз,
Берік бол досым, Бердібек!

20.06.2003.
Алматы

БАЯНҒАЛИҒА

Шалқыған Құлагердің шабысымен,
Бұлтартпас оңды-солды қағысың кең.
Жездіде бір ақынды желкеледің,
Арқалы ақын Тайжан ағысымен.

Жасыңнан сан дүлдүлмен жарысып ең,
Сенде бар Мағжан аға нәрі сіңген.
Тойында Ағыбайдың алға шықтың,
Хан Кене жебеп жүрген намысыңмен.

Туған ел ақ тілекпен қолын жайсын,
Әлі де талай міндет орындайсың.
Сұлатқан қырғыз-қазақ ақындарын,
Сен біздің тірі жүрген Орынбайсың.

Бұлқынып желге шықсаң тапқан желі,
Атандың айтыскерлік ақтангері.
Көкшенің туын ұстап атойлаған,
Бүгінгі сенсің біздің Ақан сері.

Баянды болсын құтты дарыған бақ,
Шыға бер сан сайысқа Абылайлап.
Алыстан тақым қысып мен отырам,
Бері тарт қанды басың, а, құдайлап!

15.01.2003.
Алматы

КӨГІЛДІР ТУЫ ЕЛІМНІҢ

Көгілдір туы қазақтың,
Көксеген жетті тарихтан;
Белгісі біздің азат күн,
Тұғырын берік танытқан.

Көгілдір тудың реңі,
Көк аспаннан алынған.
Азаттшыл елдің тілегі,
Ақталды аңсап, сағынған.

Көкпеңбек таза аспанға,
Көшпелі бабам табынды.
Майданға қадам басқанда,
Қолдағы туға бағынды.

Көгілдір болды қашанда,
Жорықта тіккен шатырлар.
Ұрандап соғыс ашарда,
Ұстады туды батырлар.

Желбіреп ұқсап тасқынға,
Көктегі күнмен тілдесті.
Көгілдір тудың астында,
Бар қазақ мәңгі бірлесті.

Көк майса көктем секілді,
Біздің ту жарқын шырайлы.
Желбіреп, жайнап не түрлі,
Жеңіске бағыт құрайды.

Көгілдір көлдер, асқар бел,
Көк мұнар толқып, бұлт басқан.
Көкжиек дейміз аспанмен,
Кең дала шебін ұштасқан.

Көк түске құмар карттар да,
Ел үшін міндет өтеген.
Қол жайып ғибрат айтқанда:
«Көгерсін, – дейді, – көсегең».

Алғанда ауыр ақ міндет,
Мол жігер қосып тасқынға.
Ант береді Президент,
Көгілдір тудың астында.

27.03.2003

БАҒЫНА БІЛ АҚЫЛҒА

Жаман бала өзін-өзі мақтайды,
Жақсы бала ар-ұятын сақтайды.
Тоқылдақтар тоқ-тоқ етіп тоқтайды,
Ақ тотыдай әсем әуен таппайды.

Жаман бала қошақанды сабайды,
Көлге апармай тар шарбаққа қамайды.
Жақсы бала қозы-лақты көгалға
Жайып қойып өзі алыстан қарайды.

Жақсы бала ата-анасын тыңдайды,
Қабақ шытып, қарсыласып тұрмайды.
Ата сөзі ақ батадай тәтті ғой,
Есті бала жаттап алмай тынбайды.

Беу, немерем,
Жақсы досқа жақында,
Қол ұстасып, әр қадамын мақұлда.
Айыра біл жамандардан жақсыны,
Бағына біл басыңдағы ақылға.

05.02.2003

АСЫЛ СЫРЫ АЛПЫСТЫҢ

Қаһарман Бабағұловқа

Алпыс деген –
Ер жігіттің тал түсі,
Суымайды құштарлыкка жан құсы.
Ол – құлшынған егеліктің жас кезі,
Сырын білер енді алпысқа зар кісі.

Алпысымда
Шалдарменен шал болдым,
Жастарменен
Барар жерге пар қондым.
Екі ортада дабыл қақтым сайрандап,
Сақ қырандай құсын ілген әр көлдің.

Інім келді бүгін осынау алпысқа,
Той дүбірі жеткен екен әр тұсқа.
«Алпыс емес, елу шығар...» деп кеше
Келіншектер түсіп жатты тартысқа.

Қаһарманның атын естіп тыңдадым,
Құлшынып тұр жүздерінде нұр жалын.
Құштар тілмен мақтап жатыр інімді,
Құса ару аңсағандай іңкәрін.

Кетті әңгіме бала күнгі әріге,
Гу-гу сөздің қызық екен мәні де.
Қызылорданың қыздары екен іңкәрлік,
Мұң мен дерті басылмаған әлі де.

Кім қызықпас жас күнінде асылға,
Ізі қалды-ау жүрек беріш тасында.
Акку мойын, гүл шырайлы біреуі,
Сүртіп жатты көздің ыстық жасын да.

Жеттік жортып,
Кетті әркім жайына,

Қоштасу жоқ,
Оралу жоқ қайыра.
Қаһарман-ау, көрер едің біреуін,
Автобуска бір мінсеңші айына.

Мен де жеттім
Көк базарға жан дәрмен,
Үйде отырсам соның бәрін аңдар ма ем?..
Бір дұрысы
Келіншектер мен көрген,
Аспайды екен асыл жары Ақдәннен.

Тойды естіп жүректері тулаған,
Қос келіншек
Кетті жанын улаған.
Кей махаббат шала туып қалады-ау...
Көз шалғаннан қалт еткізбей қумаған.

Өзіне де, өзіме де сеніпті,
Ынтық жүрек талпынысы жеңіпті.
Қайран біздің Қызылжардың қыздары-ай,
Мәскеуге де мені іздеп келіпті.

Сөзде тұрдық, көңіліміз жарасты,
Тағдыр бізге сәт туғызып қарасты.
Көк Есілдің іздеп тапса аққуы,
Көкшетаудың сұлулары адасты.

Қаһарман-ау,
Ақдән – інжу-жақұтың,
Дидарында тұр ғой жайнап бар құтың.
Жан анаңның қолынан дәм татып ем,
Ақдәніңмен сарқылмасын бақытың.

Алпыс десе мен жарылам ағымнан,
Құтты болсын!
Ол – ең соңғы лағыл ән!
Келіншектердей тап өзіңді аңсаған,
Мен арттағы алпысымды сағынам.

Алпыс деген
Бесін емес, тал түсің,
Арпалысқа төтеп берсін бар күшің.
Әлемдегі әйгілердің бірі бол,
Атақ-даңқың алпыс есе шалқысын.

18.06.2003.
Астана

* * *

Шабыт мені арбады,
Түнді күнге жалғады.
Жаза-жаза жаңа өлең,
Атып қалды таң-дағы.

Осындайда жанбас кім,
Туды ұмыт қалмас күн.
Сағынышымды ұлғайтқан,
Таңшолпанға жармастым.

Алтын сәуле жүгірді,
Түн жол беріп бүгілді.
Терезеден Алатау,
Әжеме ұқсап үңілді.

20.07.2003.
Алматы

ИБРАҺИМ МЕН МИРАҒА

Қартайсақ та
Қатардан ілгеріміз,
Қажып-талған жоқ әлі бір жеріміз.
Алтын белгі өмірде артта қалар,
Бірге өткізген Мәскеуде күндеріміз.

Қызметтес болып ек «Үлкен үйде»,
Оны атауға бұл күнде үрке күйме.
Ел мен заман сұрыптап кездестірді,
Ел намысын ақтаумен жүрген күйге.

Жаман қала емес қой Мәскеу деген,
Жер тепсініп барғам жоқ әскерге мен.
Студенттік күндер де осында өтті,
Содан туды Мәскеуді нәштеу деген.

Өскен ұлмын қазақтың даласында,
Салса қайтем тіршілік дара сынға.
Бір сұлуға сол кезде ғашық болдым,
Мың-мың қыздар жан жетпес арасында.

Мақтамаймын сендерді, мақтан етем,
Тұрмадық қой айтулы сапта бекер.
Кішіпейіл, бауырмал, досқа жылы
Жүздеріңді жүректе сақтап өтем.

Өмір алда, біткен жоқ жоспар әлі,
Сол сырымды қай күнім қостамады?
Жылдар өтер, сырғақтап кетер бәрі,
Көкірегінде ең адал дос қалады.

20.07.2003.
Алматы

ОРТАҚ АНА

Бізге де ана қайын енесі досымның,
Анам десе мен де үнсіз қосылдым.
Қайын енесін анасындай сыйлайтын,
Қазағым-ай, ғаламат қой осы үлгің.

Талай ерсі анекдотқа сыятын,
Қайын енесін артық сөзге қиятын,
Орыстарға жыным келіп осқырам,
Ана алдында сақтамаған ұятын.

Анам еді жан жарымның анасы,
Сол болды ғой балалардың панасы.
Ерте кеткен өз анамды сағынған,
Тез жазылды жүрегімнің жарасы.

Кенші күнде ақталғандай мұратым,
Қайран ана таң сәріден тұратын.
«Бара жатыр жан серігің шахтаға», –
Деп өз қызын ас үй жаққа қуатын.

Әшірбек те есінде нық сақтайды,
Жеңешесін тамаша деп мақтайды.
Таңнан тұрып тамақ жасау әдетін,
Келіндерге үлгі етіп қақсайды.

Сол қылықпен беріктенді арамыз,
Осы күнде бәрін де еске аламыз.
Есен қалсам тура он жыл кен қазып,
Тілекші еді біздің ортақ анамыз.

20.06.2003

* * *

Көңілдің құштар кезінде,
Алтындай жайнар жезің де.
Қан ойнап бойда, жан балқып,
Тұншығар құштар сезімге.

Қос ішекпен сонда үндесіп,
Толғағы бітпес мұң кешіп;
Сұлу саз тербеп отырам,
Өзіңмен ғана тілдесіп.

Беткейде жатқан бұйығып,
Жел қуған бұлттай жиылып.
Ақ жаңбыр нөсер селдетіп,
Кетеді өлең құйылып.

Алыстан ауған назары,
Сергітер бойды азабы.
Шабытқа бөлеп шалқытар,
Құштар кез – ақын базары.

2003

ӨМІР-ӨЛЕҢ

Жазылмаған тұтас өлең бұл ғалам,
Жалғастырар көкірегі нұрлы адам.
Күзгі таңда жалғыз жапырақ сырт етсе.
Серт пен дертін айтып кетер бір маған.

О, туған ел! Барыңды үнсіз аңдаймын,
Маған ортақ бар куаныш, бар қайғың.
Көлде аққу-каз үрейленсе, шошынса,
Мен де бірге жан толқынын жалғаймын.

Өртті өлеңім сағыныштан жаралды,
Сағынышым шабыт көзі саналды.
Толғанысым өз басымның мұңы емес,
Ойлай берем қасірет шеккен Аралды.

Дархан өмір кеңдігі мен тарлығын
Жасырмадым, ашық жатыр бар мұңым.
Не де болса өлең етіп келемін,
Сергек жүрек ащы-тәтті жарлығын.

Аңдай алсам кейде көзге жабықты,
Ақ періште жыр шырағын жағыпты.
Мен сүйетін, мені сүйген арулар,
Әндерімді оңашада салыпты.

Ақындардың арпалыс қой әр күні,
Құлағымда қайран Арал қалды үні.
Әр мезеті өлең екен өмірдің,
Көре білсең өткінші мен мәңгіні.

Көп күрсінсем жан толқынын аңдарсың,
Өз қажетін айтқызады әр маусым.
Мен кеткенде өлеңімді, әнімді,
Туған елім, болашаққа жалғарсың.

2003

ЖАЙНА, «АЛТЫН ДОМБЫРА»

Аманжол Әлтаевқа

Аманжол, алдың талай «Волгаларды»,
Жүйткіген «Жигулилер» жолда қалды.
Арқасы айтыс десе қызып кетер,
Аяған жоқ қазағым қолда барды.

Ел құштар өрге тарттың мол мұрамды,
Акжолтай айтқан сөзің болды ұранды.
Ең ірі айтыскерлік тәжі деп біл,
Жайнаған бүгінгі «Алтын домбыраңды».

Тіл қатпай қуаныштa өтемін бе?
Мол ырым ата мирас етемін де.
Бұл жүлде қандай жақсы бұйырғаны,
Жезқазған – Ұлытаудың етегінде.

Наурыз төкті арнай күн көзін де,
Кеткен жоқ ешбір мұлтік бір сөзіңде.
Сол «Алтын домбыраны» көргендеймін,
Елорда айтыскерлік күмбезінде.

Алдына қара салмас тарландайсың,
Самғауық туды саған арман-маусым.
Атағын «Алтын домбыра» айғақтасам,
Әлемдік «Алтын Орфей» алғандайсың.

17.03.2003.
Жезқазған

* * *

Таңғажайып келбетің,
Арай жүзің шамшырақ.
Аққудайсың көл бетін,
Түрлендірген жарқырап.

Көп ойыннан қалжырап,
Мауқын басқан балаша;
Аппақ төсің албырап,
Отырғаның тамаша.

Орындалып ізгі үміт,
Бабын тапса бір міндет.
Кеттім қайта үздігіп,
Тағы да бір сүйгім кеп.

* * *

Көз салсам құмартып күлікке,
Бұйырды-ау жануар жүлікке.
Жүйткітіп ол қазір салып жүр,
Ел тонар қып-қызыл бүлікке.

Ол бүгін қомданды он асап,
Бәрі де өз қамы жоба, шарт.
Отырмын он ойлап, мың толғап,
Не болар екен деп болашақ.

Ұқтық па, әлде біз ұқпадық,
Мән бермей әлде үнсіз құптадық...
Алысқа кетті олар көз жазып,
Дер кезде атойлап шықпадық.

Көргенде тым пысық жүлікті,
Көңілге мың сан ой кіріпті.
Алыстан күлікті танымай,
Көшеде иттер де үріпті.

24.02.2003.
Астана

* * *

Бір сүю сені қуаныш,
Жұмақтың жұтым зәмзәмі.
Жақындап арман тым алыс,
Жанарың жанар жалғады.

Тіліңнің дәмі бір татым,
Бой балқытпай қоймайды.
Бойдағы өшіп сыркатым,
Теңбе-теңдік орнайды.

Қолдайды бізді құдірет,
Уланып мейлі, күйейін.
Келші, тағы бір рет,
Асықпай ұзақ сүйейін.

25.01.2003

ҚАЙТАЛАНБАС ӨТКЕН ІС

Не дерсің өткен заманға,
Қылығы мақтар болмапты.
Қырсығып есті адамға,
Есерге жұмақ орнатты.

Аруақты бекер мазалап,
Қанышпен үнсіз дауласты.
Өсекке еріп жазалап,
Евнеймен текке жауласты.

Сейфуллинді жақтаған
Ғалымға батты тақымы.
Өзеуреп өзін мақтаған
Рулас өсті жақыны.

Сарапқа салар сәттерде
Әділет жолын сырыпты.
Өнеге етіп тартты елге
Руластық ұрыпты.

Жағымпаздар жұпталды,
Бәріне биік төр тілеп.
Қиян-кескі құтты алды,
Қазақты үшке бөлгілеп.

Дақ түсіп намыс, арына,
Амалсыз сырғып септеді.
Жақсы адам ермей маңына,
Сахнадан мүлдем шеттеді.

Көп жүрген сыртта қонақтай,
Сағыныш зарын шеккенмін.
Кетсінші оңбас олақтай,
Өрескел, содыр өткен күн.

Қас ниетке телінбей,
Көңілде зілді өшірдім.
Мерейі үстем елімдей,
Көңілді жырмен өсірдім.

2002.
Алматы

* * *

Жүректің құштар кезінде,
Өзгеріп кетем өзім де.
Есіме түсіп келбетің,
Оранам ыстық сезімге.

Домбырам колда үндесіп,
Қуаныш, әлде мұң кешіп.
Шуақтап жаным отырам,
Өзіңмен үнсіз тілдесіп.

Баладай күлген бір жылап,
Боламын мен де құлшынбақ.
Сағыныш селі шыдатпай,
Кей әуен өтер шымшылап.

Оянған бұлттай бұйығып,
Қалады есім жиылып.
Ағыл да тегіл селдетіп,
Кетеді өлең құйылып.

Бояуы ашық үнімен,
Сөйлесем ғашық тілімен.
Үзілмей жауған жаңбырдай,
Әндете берем түнімен.

2003

* * *

Құлақ салсам, естіліп үні ғасыр,
Бірге жүрген сол еді-ау тірі Қасым.
Мұқағали тым шапшаң күйіп кетті,
Болғаннан соң өзгеден мұңы басым.

Ол құлы емес әлдебір саясаттың,
Көкірегінде бар еді-ау дара тасқын.
Мұқағали кім десең
Мен айтайын,
Ол – жыршысы әлемдік парасаттың.

Айқын айтсақ турасын анығынан,
Ақын жүрек тебіренген мәнін ұғам.
Ол Дантенің бармай-ақ «Жұмағына»,
Қазық тапты қым-қуыт «Тамұғынан».

Парасатқа болды ғой шын құштарлы,
Көкірегінде ышқынған мұң ұшталды.
Содан болар,
Шаттыққа шабыттанбай,
Реквием жазуға тұңғыш барды.

Сол сарында жүрді ол өне бойы,
Өң бермеді өзгеше өнер тойы.

Жер-жаһанның мұңына шешім таппай,
Тұншықтырып жіберді терең ойы.

28.02.2003.
Астана

АҚ ТОТЫ

Не деген сұлу ақ жүзің,
Кетпестей көзге ілінбей?
Таң ата ашқан қауызын,
Алатау өрік гүліндей.

Ақ тоты көрдім ақ канат,
Әкелген шаттық жанары.
Балдырған сәби махаббат,
Жанымды өртеп барады.

Аңсатқан асыл құмарым,
Алдыма келіп қалды ма?
Тапқандай аққу сыңарын,
Жұлдызым менің жанды ма?

Ұмтылсам ғажап жеміске,
Өзгеден өзге көріндің.
Сен бе едің күткен періште,
Шаттығын ашқан өмірдің?

Япырмай, енді не дейін,
Орнаса бақыт бір күнде;
Жанымның өскен мерейін,
Білдің бе, сәулем, білдің бе?

2003

СҮЙГІМ КЕЛДІ

Ай секілді қолыма қонған түнде,
Нұр ұялап тұр екен келбетіңде.
Әудем сәтте есімнен тандырғаның,
Сенен артық сұлу жоқ жер бетінде.

Тентек жүрек шыдамай сүйгім келді,
Бал кәусармен басайын тұйғын желді.
Көп жұлдыздар қызғанып қараса да,
Тәуекелге белімді буғым келді.

Кешегідей керімсал күлші бүгін,
Сүйші, сүйші, құмартып сүйші, гүлім.
Талмауратып тілге тіл тиген кезде,
Түзеледі менің де тіршілігім.

Күлші бірге, бұлғақтап жүрші бірге,
Қосақтасып қос жүрек құрсын ірге.
Сәтті сағат сағынткан туған екен,
Ләззат алсақ тіл жетпей тылсым үнге.

Қос маралдай жайнатқан шүйгін белді,
Қызуы мол қуаныш үйгім келді.
Жанған сайын махаббат жалындаса,
Сүйген сайын мен сені сүйгім келді.

12.04.2003.
Алматы

АНАШЫМ

Анашым, менің анашым,
Тірлікте қорған панасың.
Әлемнің барын сыйлаған,
Ақылың шексіз данасың.

Аққудай нәзік жаны ашыр,
Өзгеден өзге дарасың.
Жүректі жұлып беруге,
Қиналсам үнсіз барасың.

Анашым, биік асқарым,
Сен барда ашық аспаным.
Ән болып әсем құйылды,
Шапағат, шаттық шашқаның.

Бір мінез менен ұғарда,
Ұқсайсың мөлдір мұнарға.
Қызығып сен де қарайсың,
Жанарым менің құмарға.

Қанықтым ойлы сырыңа,
Сүйсіндім ғажап нұрыңа.
Мен түгіл кейде әкем де,
Ұқсайды үлкен ұлыңа.

Тимесін жаттың тіл-көзі,
Өзіңсің маған күн көзі,
Шалқысын біздің шаңырақ,
Жайнай бер алтын күмбезі.

ЖҰЛДЫЗЫҢ ЖАНСЫН, АСТАНА!

Әлемнің құтты көшінде,
Қонғандай аққу Есілге.
Қанатын жайды Астана
Сарыарқа алтын төсінде.

Асылын әннің арнаймын,
Басылды ескі бар қайғым.
Баянды бақыт орнасын,
Аруағы қолдап Абылайдың.

Жайнатсақ бүгін жолды азат,
Әлі де талай бар ғажап.
Өркенің өссін, Астана,
Қарап тұр саған бар қазақ.

Алыста жүрген бауырлар,
Жақында сансыз ауылдар,
Тілегі келіп бәрінің
Тез өтсін қарсы дауылдар.

Ақ Орда дәулет құрайды,
Сәулетің болсын шырайлы.
Қарышта алға, Астана,
Бар әлем сені сынайды.

Көңілім аулақ күдіктен,
Қараймын сөнбес үмітпен.
Бекітіп елдің іргесін,
Жалғайық қанат бірлікпен.

2003.
Астана

КӨКТӨБЕГЕ

Құт берген сәтті жылдар арқасында,
Біз тұрдық Көктөбенің дәл қасында.
Он жылдай сәуір кешін саялаған,
Бір дәуір ізі қалды әр тасында.

Қызығып шықсам талай шың басына,
Көк шырша құмар еді-ау сырласуға.
Көңілдің бұрқан-талқан кездерінде,
Келуші ем ой тоғытып, мұң басуға.

Көп үйлер жұмыртқадай жыпырлаған,
Көрсетті сәулет, дәулет құнын маған.
Желіне тәуелсіздік желпініп тұр,
Жігіттер талапайдан ұтылмаған.

Алатын Көктөбеде тынысым көп,
Көз тартқан көп үйлерде жұмысым жоқ.
Тісінде тістегеннің кеткен аз ба,
Қазағым, болсын өзге ырысың көп.

Көктөбе жанға жылы келбетінде,
Мейірім бар сирек туған жер бетінде.
Балғын жел, тау самалы шипа болды,
Дерт шалған жүрегімді тербетуге.

Алатау етегінде Көктөбенің,
Жап-жасыл көрдім талай көктем өңін.
Сырқаттан сырым тайған ауыр күнде,
Бауырында өзім қайта көктеп едім.

28.04.2003

* * *

Тайғақта мінген атың тағалы ма?
Қаңтарда киген тоның жағалы ма?
Тағаң да, жағаң-дағы әл бермейді,
Құдай дос етпесе бір саналыға.

Күні үшін күйбеңдеген «бағалыға»,
Пақырдың қызықпаймын амалына;
Тілеймін осындайдан аулақ қыл деп,
Толғанып сыр ақтарсам қаламыма.

Өзімді ертелі-кеш сынай берем,
«Жасқандың, – дей көрмеші, – бұлай неден?»
Бір ісім бітсе, бастап келесісін,
Тұтқасын ішкі намыс бұрай берем.

* * *

Ұлым-ау, сүрінгенді табалама,
Сүйеу бол ақ ниетін бағала да.
Сондайда алақайлап айғайлайтын,
Мақтаншақ есер досты сағалама.

* * *

Жүйткісін қыздырып жігер,
Жүйрікті құлшынтып жібер.
Жақсылық жерде қалмас,
Жоралғың жол тастап жүрер.

БҰЛБҰЛ ҚЫЗЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Ғазиза Жұмекеноваға

Ғазиза тойы – зор думан,
Салтанат құрды Көкшеде.
Жайнап тұр жүзі ән жуған,
Қай жасқа бүгін жетсе де.

Даусынан күміс тамады,
Сыңғыры ұзақ басылмас.
Қыз күніндей жанары,
Он сегізден асырмас.

Жер бетінде қалықтап,
«Жезкиік» өрге басқанда;
«Ақ тырналар» шарықтап,
Әкетті мені аспанға.

Тойыңа келдік, Ғазиза,
Еркеғали екеуміз.
Қанықтық әнге дән риза,
Қанаттас туған екенбіз.

Тебіренсем келіп наз арткым,
Жырға орап тойлы гүлімді;
«Ақ тырналар» – қазақтың
Ән патшасы бүгінгі.

Алатаудан Арқаға,
Көшіп келсең, Ерекем,
Әйгілі атың баршаға,
Сенің де бұл зор мерекең.

Сазгер мен әнші ақынның
Қос қанаты емес пе?
Сендерге содан жақынмын,
Толғанып кірсем кеңеске.

Жүректерге сағынған,
Үшеуміз ұшып барамыз.
«Ақ тырналар» ағылған,
Құс жолында қаламыз.

Жатталды сергек ойымда,
Құйқылжып құсы көңілдің.
Абай ата тойында,
Ғазиза, үздік көріндің.

Шырқасаң биік қарқындап,
Ашылды бұлттар астары.
«Ақ тырналар» жарқылдап,
Жарылды Семей аспаны.

Ғажабын шырқап ғажаптың,
Ел-жұрттан алғыс, бата алдың.
«Бұлбұл қызы қазақтың»,
Сол жолы айқын атандың.

Алғандай жаңа қарқын ел
Шын жүйріктің бәрі озды.
Ақан, Біржан салтымен,
Сарыарқаның әні озды.

Сұлу ән асқақ дүлдүлін,
Қыз-құлагер санаймын.
Шарықтай берсін бұлбұл үн,
Аруағы жебеп Абайдың.

30.10.2003.
Көкшетау

СӘЛЕМІМДІ АЛ, АСТАНА!

Ассалаумағалейкум, Астанамыз,
Атағың жер-жаһанға дастан-аңыз.
Дербес ел сен көгілдір туындайсың,
Киелі, құтты төр деп мақтанамыз.

Сол ғажап көкірегіме құйылды ұғым,
Сәтті күн сәлемдескен сыйымды ұғын.
Есілге Алатаудан көшіп келдім,
Көшеңде көш түзеп тұр үйім бүгін.

Құштарлық басылған жоқ түрлі гүлге,
Отты жыр сүйеу болды тірлігіме.
Сексенкөл толқығандай сұлу сазбен,
Туған ел үлес қосам бірлігіне.

Аппақ қар сырласады күмісің де,
Әндетем сырма боран жүрісін де.
Ерке өскен Есіл, Көкше ұланы едім,
Жан баурап ыстық сезім тұр ішімде.

Армысың ағаларым – ірілерім,
Бармысың көп сағынтқан інілерім?
Саумысың Сырымбетте бірге оқыған,
Сұлулар – тірі құдірет жүгінерім?

Жасымнан тауды тұғыр етуші едім,
Ұлытау болып кетті екінші елім.
Жеттім-ау Мәскеулетіп, Нүкістетіп,
Жөн болар енді мықтап бекінгенім.

Ел сүйсе төл ұлым деп ақынды көп,
Жырым да жүйе табар татымды боп.
Көшуден бәйбішем де жалықты ғой,
Бұл көшу болар деймін ақырғы рет.

Келемін кең көсілер жыр төгілте,
Жағармын жақсылыққа бірге пілте.

Астана, ақ тілекпен сәлемімді ал,
Айтармын өзге сырды бірте-бірте.

16.02.2003.
Астана

ДӘРІГЕРГЕ ЖАЛЫНЫШ

Абайжан Әшірбекті білесің бе?
Абзал жан қасиет көп бұл есімде.
Қиналып жатыр бүгін қайран арыс,
Ажал мен шыбын жанның күресінде.

Екі көз төрт болды ғой ауырғалы,
Батып тұр білгендерге ауыр халі.
Сын келді:
«Сен үшін де, мен үшін де, –
Дегендей, – не тындырды бауырлары?»

Сезімді кім жеткізер сөзбен жазып,
Аз күнде алдымызда қалды азып.
Бұлқынған бесті асаудай бұлан ерге,
Береміз қимай қарап көзбен азық.

Жақсылық лүпілінен сарқылмаған,
Жүрегі Әшірбектің алтын адам.
Ауылдан ере шыққан інім еді,
Кен қазып Жезқазғанда қарқындаған.

Күйдірген жазғы аптапта ағын желдей,
Қоймай тұр іштен өртеп жалын жеңбей.
Дәрігерлер,
Дереу көмек дәл табыңдар,
Қалмасын арпалысқа әлі келмей.

Сұрайды ауыл-аймақ, халқым тілеп,
Кетпесін ауыр кесел қарқыны үдеп.
Абайжан, Әшірбекті сақтап қалшы,
Қалмасын үнсіз тоқтап алтын жүрек.

09.11.2003



Үкілі Ыбырайдың шәкірті,
әкемнің ағасы, халық ақыны,
үздік әнші Молдахмет Тырбиұлы



Үкілі Ыбырайдың немересі,
туған бөлем әрі асыл ағам
Мұса Асаинов, Жамбылдың
125 жылдық тойындағы
ақындар айтысының жеңімпазы



Жер бетіндегі ең үлкен
тірегім болған ағатайым
Айтахмет Салықов



Астанада Сәкен
ағаның ескерткіші
алдында.
Ортамызда ақын
Серік Тұрғынбеков



Астана қаласы әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев қала әкімінің құттықтау хатын оқып берді



Тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровпен кездесу



Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтің құттықтауы



Еңбек Ері абыз ақсақал Бәйкен Әшімовтің құттықтауы



Шығармалар жинағымды дайындап бітіру сәтімен бәйбішем құттықтап отыр



Немерем Арманмен. Кандидаттығын қорғап қуантқанда



Астаналық "Керемет" сыйлығын алғандағы салтанат, қасымыздағы Нұрлан Оразалин



Халық жазушысы Тұманбай Молдағалиев, Серік Тұрғынбеков
Медеу Сәрсеке ақынды құттықтау сәтінде



75 жылдық тойдағы залдан көрініс.
Сол жақтан оңға қарай: Сенатор Қуаныш Сұлтанов,
ҚР Мемлекеттік хатшысы Оралбай Әбдікәрімов, ақынның жұбайы
Мәриям, академик Серік Қирабаев жұбайы Әлиямен
және Акселеу Сейдімбек



Жазушылар одағында: Ғалым Ахметов, К.Салықов, Әлжаппар Әбішев, Дихан Әбілев, Сафуан Шәймерденов, Бақытжан Қанапиянов



Ақын жұмыс кабинетінде



Бурабайда демалыста



Ауылдастар “Аққу жеткенді” айтып жатыр

ӘШІРБЕКТІҢ ДОСТАРЫНА АЛҒЫСЫМ

Достары Әшірбектің, естен кетпес
Қазаға душар болдық өксігі өтпес.
Сүйсінтті, тебірентті дәл бүгінгі
Жасаған рәсімдерің баға жетпес.

Өткізсек кеше ғана қырық күнін,
Жұп жазбай атадыңдар қырық бірін.
Көз жасын Ғалияның бірге сүртіп,
Тілестік үлкен әулет тыныштығын.

Қасыңа қиналғанда дос келеді,
Қайғыны қаққа бөліп ес береді.
Інілер жаңа дәстүр көрсеткенде,
Жүрегім алғыс сөзін дестеледі.

Нығметжан, Раушанмен бастадыңдар,
Қанаттас шын достары қостадыңдар.
Бәріңе алғыс айтып, тілек қосам,
Еш қайғы болмасын деп қостарыңда.

Тіршілік кең жайлауын шолып өтсем,
Әркімнің өз орны бар қолы жеткен.
Иншалла, Әшірбегім бақытты екен,
Сіздерге ардақты дос болып өткен.

Шын тарлан ғайып болды көшімізде,
Мұңайдық шошығандай өзімізде.
Жан жары, балалары есен болсын,
Әшірбек жүрер мәңгі есімізде.

28.12.2003.
Алматы

«БӘЙТЕРЕК» – АСТАНАНЫҢ БОЙТҰМАРЫ

Тамаша «Бәйтерегі» Астананың,
Айшықты белгісі сол жас қаланың.
Жер шары жатыр сыйып дос құшаққа,
Аспалы бесігіндей жас баланың.

Сарыарқа қылаң етсе жаңа таңы,
Сиқырлап, еріксіз жалт қаратады.
Көрінер бата беріп жайылғандай,
Мейірбан аналардың алақаны.

Бәйтерек бәйге төрі өрісімнің,
Жүлдеге алуан түрлі жеміс ілдім.
Ұлтымның рухы бар, таңбасы бар,
Болашақ бақытым мен жеңісімнің.

Гүл шоғын күн сәулесі өпкен жеңіл,
Не деген мырза мейір көркем өмір?
Ертеңге қанат жайған сұлу төрдің,
Сәт ғажап саясында өскен көңіл.

Сыры бар халқым шеккен тер мен шердің,
Қасиетті қазығы осы ел мен жердің.
«Бәйтерек» – бойтұмары Астананың,
Тірегі үміт артып сенгендердің.

Достарым отырғандай гүл ішінде,
Бәйтерек көрініс көп түр-түсінде.
Көремін күндіз оны Төлегендей,
Көз тартар Қыз Жібектей түн ішінде.

Таңырқап қарай берем нұрлы асылға,
Армандас болып кетті сырласым да.
Жүректі жыр оятса шабыт қозғар,
«Бәйтерек» біздің көше тұр басында.

Атағы аңыз болар жер мен көкке,
Мол екен шапағаты берер көпке.
Қызығып тереземнен қарап тұрмын,
Ғашықтар, «Бәйтеректі» көрмей өтпе.

17.02.2003.
Астана

КӨҢІЛ НАЗЫ

Өмірдің жазы өтіп, қысы қалды,
Көңілдің іші тозып, тысы қалды.
Сыпайы сыр білдірмей жүрсем-дағы,
Кәрілік қыр соңыма түсіп алды.

Барады жылдар өтіп ағындаған,
Таусылмас, қайран көңіл, назың маған.
Баяғы қызыл ішік киген қызды,
Боламын сағынсам да сағынбаған.

Келер деп ел шетіне сырласуға,
Қарайлап тұрғандаймын шың басында.
Көрсем де, көрмесем де естен кетпес,
Қалғанда аңыз болып бір ғасырда.

Ақтарсам айтылмаған үзік сырды,
Жүректі жүз аунатқан бұзық кірді.
Көкшетау көп қызының еркесі едім,
Бір қызы Қызылжардың қызықтырды.

Барады артта қалып өмір жазы,
Өзіңсің, қайран жүрек, әділқазы.
Тірлікте бар әуреңді анықтаған,
Құс қанат шарықтасын көңіл назы.

01.09.2003.
Астана

КИЕЛІ АЙМАҚ – САРЫАРҚА

(Әні бар)

Сарыарқа десем жаным тебіренеді,
Құлын-тай шұрқыраған дем береді.
Сексен көл сексен әуен оятқандай,
Көкірек ауыр дерттен емделеді.

Қайырмасы:

Сары жайлау – самал жел,
Қарағай, қайың, қамар бел,
Атына көркі сай алқа.
Сал-серілер жайлаған,
Құлагер жүлде байлаған,
Абылай қонған хан алқа;
Киелі аймақ – Сарыарқа.

Сақтаған қорған болып баяғылар,
Ақбөкен желдеп келер сая құмар.
Қандай жер Сарыарқаға жетер дейсің,
Көкшетау, Қарқаралы, Баяны бар.

Қайырмасы.

Арқада өскен аппақ қыз баланы,
Аспанда жұлдыздар да қызғанады.
Аязда алаулатып бір сүйгенде,
Қып-қызыл ақ бетінде із қалады.

Қайырмасы.

Болмаған адал досқа күдіктері,
Жалғасқан байтақ елмен үміт, шері.
Әрі ақын, әрі әнші, әрі мырза,
Сал-сері Сарыарқаның жігіттері.

Қайырмасы.

12.12.2003.
Астана

* * *

Көшіп келдім Астанаға мен кеше,
Тамсандырды сұлу үйлер, кең көше.
Көңіл жығып
Қалай ғана шыдайын,
Есілдегі Елордасы кел десе?

Бөгенбайдың көшесінде тұрағым,
«Бәйтерек» те жарқыратты шырағын.
Қарлы аязда ауыл қызы құшқандай,
Күн күлімдеп,
Жайнатып тұр шуағын.

Түн де жақсы алақанға ай түсер,
Ақ дидарын ақ көңілге сай пішем.
Достарыма сары қымыз сапырып,
Отырғандай қақ төрімде бәйбішем.

Көңілді екен көшедегі бар халық,
Үлкендерге бір-бір сәлем арнадық.
Бірге оқыған достарымнан ес кетті,
Ести сала ерулікке қамданып.

Жайраң қақса жап-жас қала жанданып,
Жан-жағыма қарай берем таң қалып.
Көз ұшында Парламенттің үйі тұр,
Сал-серідей төсін кере таңданып.

Сәкен ағам ақ жолыма сенгендей,
Жалт қарады көзімнен сыр тергендей.
Ұлытауда ұлттық кеңес ашқанда,
«Үш би» отыр ақ батасын бергендей.

Хан Кенеге қарай қалсам пір тұтып,
Көкке өрлеп тұр «Сал күреңін» жұлқынтып.
Көк Есілден қарғып өтер деп қалдым,
Бүкіл елді болашаққа ұмтылтып.

24.02.2003.
Астана

* * *

Жанымның жарасы көп жазылмаған,
Берген жоқ өмір өңкей жазын маған.
Сыр да көп ақтармаған әлі жөндеп,
Тереңде асыл кендей қазылмаған.

Көз жасын оңашада көп төгілген,
Жасырып өстім жабық ток көңілмен.
Әкемді көрмей қалған ғұмыр шектім,
Анам да қызық көрмей өтті өмірден.

Кер заман соқтырмаған дауылына,
Ризамын анамның нар бауырына.
Мың алғыс сол кісіге арнай берем,
Заманның жеткізген зор қауымына.

Екі әкем жатыр атамекенінде,
Қос анам Жалғызтаудың етегінде.
Бар менің бір өңірде екі ауылым,
Сағыныш жүрмін екі жетегінде.

Барғанда бастарына жай табамын,
Қаулайды қия бассам қайта жалын.
Ішімде мәңгі түйген арманым сол,
Деп келем: «Қалай парыз қайтарамын?..»

Шүкірлік, намыскермін, қуатым бай,
Күпірлік етпен қайта туатындай.
Құпия өз сырымды өзім айттым,
Тас беріш жатқаннан соң уатылмай.

2003

ҚОРҚАМЫН

Ел тонағыш есерлерден қорқамын,
Шен сайратқан шешендерден қорқамын.
Ойдан-қырдан ойран салған төріме,
Қараниет кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес жұмбақ сөздің жортағын
Екі көзім көрген істі қорытамын.
Бүкіл қазақ болмасын деп осындай,
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Тасадағы жас есерден қорқамын,
Жол торыған баскесерден қорқамын.
Заты қазақ зәре-құтын қашырған,
Сайқымазақ даңғазадан қорқамын.

Қараң қалған алаңдардан қорқамын,
Құлқы тоймас сараңдардан қорқамын.
Дос боп жүріп, қас боп кеткен жаскантып,
Күле кіріп күңіренгеннен қорқамын.

Тар кезеңнің кешіп өтсек сортаңын,
Жолықпасын баяғыдай сор қалың.
Шырылдаған шындық сырын айтпауға,
Абай ата аруағынан қорқамын.

2003

СҰРАҚ БЕЛГІ

Қойдым талай өмірге сұрақ белгі,
Ол да менен мың сауал сұрап келді.
Бір сұлу жар аңсап ем жас күнімде,
Аппақ қызбен ақ отау құрап берді.

Содан Кәкең шахтада ұзақ желді,
Бастық болып, шаруа құрап келді.
Жиырма жылдай жылжымай мекен етіп,
Жезқазғандай жайладым жұмақ жерді.

Мәскеу деген үр жаңа тұрақ берді,
Үлкен төрге партия сынап, сенді.
Қай асуға шықсам да, іздеп тауып,
Қыр соңымнан қалмады сұрақ белгі.

Жетсем Әмударияға Нүкістетіп,
Сұрақ белгі көбейді оқыс жетіп.
Арал үшін айқаста атой салдым,
Жаңа жерде бес жылдай қоныс бекіп.

Елге оралдым өзгеше құрап төрді,
Қылқаламға Алатау қуат берді.
Тозған жүрек шыдамай, қыса беріп,
Тірлігіме қойылды сұрақ белгі.

Саулығымнан басқаша тілер нені,
Ет жақындар жиналды білер мені.
Аға-іні бастаған қорған жасап,
Кеңсай жаққа бәйбішем жібермеді.

Ел тілегі ешқашан жойылмасын,
Думан етіп өткізді тойымды асыл.
Астанаға біз кеше көшіп кеттік,
Енді сұрақ ешқандай қойылмасын.

01.01.2003.
Астана

ӘУЛИЕ

Мағжан аға, көп сарғайтып сағым күн,
Зарын кештің аласапыран ағынның.
Құлагердей мерт болсаң да тар жолда,
Кең аспанға жұлдыз болып жағылдың.

Әр сөзіңнен шұрқырап тұр шын сезім.
Адам түгіл жасқандырдың күн көзін.
«Өзі-ақ құлар, сыр бермеші, сабыр қыл».
Әулие етті осынау ғажап бір сөзің.

Сөз еді ол тірі мақұлық сенбес те,
Империя онда ырық бермес те.
Міне, бүгін құлағанын көз көрді,
Жібергендер сені қайтып «келмеске».

Құлады өзі ок-шығынсыз, қырғынсыз,
Келді айтқаның артық-кем жоқ, бір мінсіз.
Жайдақ ақын емессің-ау, кемеңгер,
Дүлдүлсің де, Мағжан аға, білгірсің.

Емес ол сөз сәуегейдің өрнегі,
Емес ол сөз айтқырлардың тергені.
Ол – әлемнің мұң-мұқтажын ойлатқан,
Әулиелік, ойшылдықтың бергені.

Енді сөнбес елге жаққан шырағың,
Мағжан деген арна тапты тың ағын.
Мәңгі орнықты ең жақын боп Абайға,
Мұхтар аға болжап кеткен тұрағың.

Өтті күндер қайғы кешкен камығып,
Өтті жылдар мұң шектірген қағынып.
Әулиесің, мың айтсам да жалықпан,
«Өзі-ақ құлар» деген сөзге табынып.

29.10.2003

КЕНШІЛІККЕ АЛҒЫСЫМ

Жалаң ақын емеспін, мен кеншімін.
Телегей төккен болған емес тер шығын.
Қиын күнде жүрегіме байланған,
Жүрді өлең қаламға айтып кен сырын.

Шахта өмірі көз алдымнан кетпейді,
Адал достар ұмыттырмас көп белгі.
Солдаттардай қатер кешкен майдандас,
Кеншілерге әлемде дос жетпейді.

Кенші жүрек кең жарылар ағынан,
Оған лайық тек асыл жыр, лағыл ән.
Кеншілігім – өміріме марапат,
Қайда жүрсем Жезқазғанды сағынам.

Шәкірттерім – қаулап өскен легім,
Аңсап барып арасында жүремін.
Бейнет шексем, зейнетке де жеткенім:
Тіршілікке болды солар тірегім.

Кеншіні айтсам ашылады реңім,
Толастайды қатты қысқан жүрегім.
Қызым ақын, ұлым кенші болған соң,
Қос қанатты ақиықтай түледім.

Арпалысқа кенші өмірін арнайды,
Талапайға олар елді салмайды.
Таласпайды кенші шен мен шекпенге,
Бірін-бірі жамандауға бармайды.

«Кенші-ақын» деп атап кетсе ел мені,
Көкірегімді зор қуаныш кернеді.
Кеншілердің биік асыл арманы:
Жер байлығын ел қолына бергені.

Айтып жүрмін, әлі айтарым көп кілең,
Тіл табыстым талай тарлан тектімен.
Кенші достар арасында жетілдім,
Жезқазғанды жер жұмағы деп білем.

2003

ҚАЛАЛАРДЫҢ СҰЛТАНЫ

Өмір бүгін мың мәрте жаңаланды,
Әркім іздер өз жаны қалағанды.
Қыз-нарықты қызуы қызықтырған,
Қалалардың сұлтаны Қарағанды.

Дос сүйсінер атағы бағаланды,
Көш бастаған ел сүйді қара нарды.
Көп шахтаның дүбірі дүрсіл қаққан,
Сарыарқаның жүрегі Қарағанды.

Тас көмірдің ордасы дараланды,
Шахта болып көп ошақ қадаланды.
Азығы да қазығы өндірістің,
Қасиетті, киелі Қарағанды.

Талай тұлпар тұяғы тағаланды,
Ақ ниетпен аңсаймыз жаңа таңды.
Жезқазған мен Теміртау қос қанаты,
Қыран-қала қажырлы Қарағанды.

03.02.2003.
Алматы

ҚОС АЛЫП

Мыс теңізі Жезқазған,
Жан серігі Балқашым.
Тарихқа жаңа сөз жазған,
Қазақтың құндап әр тасын.

Қоңырат, Саяқ негізі,
Балқаш та осал жер емес.
Өмірдің онда көп ізі,
Өзгені бойға теңемес.

Кең дала кербез төсінде,
Тұңғыштар еді, осы анық.
Тәуелсіз ел көшінде,
Қол ұстасты қос алып.

2003

* * *

Қай заманда жақсы және жаман бар,
Қазанат бар, арамтамақ надан бар.
Не де болса қазақ қой деп бәріне,
Шын бауырмал ақ ниетпен қараңдар.

Кеншіліктен үйренгенім – татулық,
Келеді олар қаруы мол батыл, нық.
Орғашы да, жорғасы да жоқ емес,
Бірақ бәрін аялайды татулық.

Өтті бірге талай қасірет шеккендер,
Жоқ еді ғой бірін-бірі тепкендер.
Осалдарға қорған болып мықтылар,
Ғаламат қой құт-береке сепкендер.

Бірлікті олар өмір-бақи жақтайды,
Солай ғана елді есен сақтайды.

25.03.2003.
Астана

* * *

Нәзік жанға жылау оңай күлуден,
Ұққаным мол құпия сырын білуден.
Күйінсе де, сүйінсе де қобалжып,
Жалықпайды көзге маржан ілуден.

Жан баураған шын мейірбан мінезі,
Бар әулетке тірек болар бір өзі.
Шапағаты жан-жағына тарайды,
Ақ жүзіне гүл еккендей күн көзі.

Мөлдір тамшы бар қылығын ақтайды,
Көз жасымен кетер кейде ақ қайғы.
Ең қызығы лүпілдеген үкідей,
Нәзіктігі сұлулығын сақтайды.

Одан артық керегі жоқ қарудың,
Нәзіктігі – мықтылығы арудың.

26.03.2003.
Астана

ЖАСАЙ БЕР, БІЗДІҢ ЕЛОРДА!

Жауқазын әсем, жас қала,
Көңілге жылы наз арттың.
Елорда болдың, Астана,
Ақмоласы қазақтың.

Атаған бабам «Ақ қамал»,
«Ақ күмбез» сені түрленткен.
Тарихта таңба сақталар,
«Қараөткел» көрген құрметпен.

Целиноград боп атандың,
Жоқ атау туып сөзімде.
Ол да бір көрген қатал күн,
Амалсыз көнген төзімге.

Қазағым мақтан етерлік,
Сәулет пен дәулет шыңысың.
Сан ұрпақ сақтап өтерлік,
Тәуелсіздік туысың.

Ежелгі арман өтелген,
Нығайды қазақ елдігі.
Ақталды шаңырақ көтерген,
Елбасының ерлігі.

Қыранға лайық өмір боп,
Жөптеді жолын құмар күн.
Сен көркейсең көңіл тоқ,
Мерейім өсіп қуандым.

Дербестік жедел баптаған,
Нығайып бекем тез орна.
Ақ тілекті ақтаған,
Жасай бер, асқақ Елорда!

21.02.2003.
Астана

ҰРПАҚ СЫРЫ

Қаттыда өскен ұрпақтың легіміз,
Жусан исін көксейміз үнемі біз.
Күні-түні төгілтсек маңдай терін,
Күрсіністен от алды жүрегіміз.

Мұңымыз көп өзгеден бұрын білген,
Сынайымыз белгілі сынық үннен.
Соғыс жылдар соқаның соңында өтті,
Қара парға жегілдік құлын күннен.

Бәрі шындық, сөз емес ертегілік,
Атанбадық бас білмес ерке түлік.
Жан анамның жарқ еткен көз жасынан,
Қара қағаз дегенді ерте білдік.

Сараң қолды өмірге тап болыстық,
Аман жүрсек достыққа сақ болыстық.
Интернатқа ілігіп, тату өстік,
Қара нанның үзімін қақ бөлістік.

Ұстаздардың дәрісін Құран тұттық,
Білім жалғар сапарға ұзап шықтық.
Отыз екінші апат жыл тірнектері,
Студент боп Мәскеуден бір-ақ шықтық.

Туды аздап күніміз күлісетін,
Мейірімді өстік тіл таба білісетін.
Қылтың-сылтың жорыққа қызықпадық,
Қыздар бізге өздері тиісетін.

Өтеміз деп тірлікте қапылыссыз,
Артымызда жылдар жоқ анық ізсіз.
Бүгінгіні ертеңге қалдырмаймыз,
Бір өлімнен басқаға асығыспыз.

Көңіл күйін қабақта бұлттан біліп,
Сүрінгенді өтпедік сырт қалдырып.
Адалдықтан жаралдық адам болсақ,
Көкірекке ұялап ұлтжандылық.

Құт-береке орнаса қасымызда,
Есерлерге ермедік заты қызба.
Той жасаса құрдасым көпсінбейік,
Аз болды ғой тойымыз жасымызда.

10.02.2003

* * *

Кештім бүгін Сарыарқаның сағымын,
Құлағыма жетті ынтық лағыл үн.
Толқып-толқып
Көкжиекке таратты,
Көкшіл жібек, шыт шымылдық ағынын.

Көлде аққу құлақ салдым әніне,
Сескену жоқ, ұмытпапты әлі де.
Көңіл жүгі азайғандай серпілдім,
Қол тигенде аппақ нәзік тәніне.

Өтті дауыл, жел желпіді асығып,
Аққу кетті сынарына ғашығып.
Қарай-қарай жағалауда мен қалдым,
Ойран салған ой тұманын жасырып.

Бар ғажайып өтіп бара жатқаны-ай,
Қиналамын қолда бірін сақтамай.
Таң атқалы жайнап тұрған күннің де,
Қош айтыспай үнсіз ғана батқаны-ай.

Тастап кетсе сәт оралған қас қағым,
Жаным толқып, жұмған көзді ашпадым.
Бұл жалғанда бәрі өткінші екен ғой,
Ең алғашқы махаббаттан басқаның.

2003

ДҮНИЕ БАРАДЫ СЫРҒАНАП

Ойлансам маңайға бір қарап,
Орнайды көңілге сыр ғажап.
Бұлттардай аспанда жылжыған,
Дүние барады сырғанап.

Сызыққа жеткенше туралап,
Қимастық көзіме мұң қамап;
Жан анам өтті ғой өмірден
Баткан күн сиякты сырғанап.

Кең жайлау төріне гүл қадап,
Аққу-қаз қанатын сырғалап.
Ертерек қоштасқан көктемдей,
Жастық шақ жоғалды сырғанап.

Қаракөз телмірсе бір қарап,
Сұм жүрек кімдерді тыңдамақ?
Еркіне алды ғой меншіктеп,
Құшаққа ақырын сырғанап.

Арманға қол сілтеп тың талап,
Ой жеткен биікке ту қадап;
Жүйткіген жүйріктей қалпында,
Елу жас өтті ғой сырғанап.

Әр күнін мың жылдай құндамақ,
Біткен іс аз-көбін бір санап.
Өмірдің шаңқай түс базары,
Алпыс та аттанды сырғанап.

Құлшынтып біткендей мың қанат,
Ұмсынтып сәті мол күн ғажап,
Жетпіске жүгіріп жетіп ек,
Сексенге барамыз сырғанап.

Алатау қойнына жыр қамап,
Сағыншақ жүректі бір жамап.
Шөбере көруді армандап,
Екеуміз келеміз сырғанап.

Ойлантса межелі сын сағат,
Іздеймін тірліктен шын тағат.
Ән-жырым артымда қалса екен,
Жүректен жүрекке сырғанап.

2003

ЖЕЛДІ СҮЙЕМ

Мен өмірде ақ қанат жыр аулаймын,
Көк майсаға еркелеп бір аунаймын.
О, адамдар! Желпінткен желді сүйем,
Желсіз жерде тымырсық жүре алмаймын.

Жел алыстан мені іздеп қол бұлғайды,
Қарсы аламын қаулардай онсыз қайғы.
Желде бар ғой жусан мен тобылғы исі,
Жел жұпары көңілді тоздырмайды.

Дала сүйгіш болмаса менде тыным,
Бергені бар сыбырлап жел өтінің.
Киік көрсем жүректен жыр қозғалар,
Мен ардақты Жер-ана перзентімін.

Сарыарқа деген ғажап жерді сүйем,
Жан қалқа, сендей ерке желді сүйем.

2003

* * *

Сұм жалғанның сан соққысын кештім де,
Бал аштырып көрмей келем ешкімге.
Керіссем де кейісуге бармадым,
Қайран достың кей қатесін кештім де.

Мақтанышқа сараң туды сөздігім,
Жадыраймын жарқ еткенде өз гүлім.
Ақындығым – анам берген бақытым,
Кеншілігім – қатер шеккен өз күнім.

Жырға қоссам сағынышты сезімді,
«Барға» тәубе, «жоққа» болдым төзімді.
Көргенім жоқ кеуде қағып, паш етіп,
Биіктерде самғап жүрген кезімді.

«Жезкиіктей» үйіріме айналдым,
Өлең, саған енді мәңгі байландым.

20.01.2003.
Астана

* * *

Бұрын досым талапайды көрмеді,
Ардан безген безбүйрекке ермеді.
Адамды ұрлау, бала сату жоқ еді-ау,
Барлық адам ізгілікке өрледі.

Тап-таза еді желкілдеген жас құрақ,
Бұдан тәртіп болды әдепті, қаттырақ.
Бүгін адам азып бара жатыр-ау,
Ақша үшін арын сатып қалтырап.

Ынсапсызға сәтті дәурен орнап тұр,
Тәуелсіздік бар сұмдықты қорғап тұр.

2004

АҚ ҚАҒАЗҒА

Ақ қағаз аркалаған жазғанымды,
Кейде сен алдырмайсың аз дамылды.
Қуаныш-реніштің арасында,
Саған да сауал етер наз табылды.

Өзіңе сонша қатты табынамын,
Салады тілдесуге барын жаным.
Айтсаңшы, саған қарап, сәлем жолдап,
Мен неге ауыл қызын сағынамын?

Сондайды біліп-білмей зең етерсің,
Бүлдіршін қыздай аппақ таза екенсің.
Сен үнсіз мен ағынан жарылғанда,
Жалғаған жас күндермен дәнекерсің.

Құпия ақтарылса айтылмайтын,
Кезің жоқ сағынғанды тақ қылмайтын.
Қылқалам екеуіңе алғыс айтам,
Қарттыққа қарсы шығып қарқындайтын.

2004

* * *

Обалды білмес добалдар,
Борсық мінез келеді.
Қажыма оған адамдар,
Ар-ұят бәрін жеңеді.

* * *

Бұдан да жаман күн болған,
Талапай бірақ болған жоқ.
Бастықта да біздің дүр болған,
Қалтасы мұнша толған жоқ.

Демалу жөнін білмейтін,
Жұмысқа шексіз елең боп.
Ащыны кейде сілтейтін,
Бүгінгілердей жеген жоқ.

Құлқына тоймас жүгініп,
Миллиондап пара алған жоқ.
Ел-жұрттан асып бүлініп,
Зәулім сарай салған жоқ.

Етіп отыр ел күлкі,
Қойшы ағам басын қасиды.
Қисынсыз кетті ел мүлкі,
Осыған жаным ашиды.

Нарықтың күні жансебіл,
Тер төкпей арам тапқаны.
Құдайға шүкір, әйтеуір,
Белгілі қайда жатқаны.

2004

БІР ЖҰТЫМ СУДЫҢ БАҒАСЫ

Біреулер толқын легі,
Сүйеді теңіз жағасын.
Шөлде өскендер біледі,
Жұтым судың бағасын.

Кәусарға елім қуанар,
Көбейтіп зәмзәм тармағын,
Қырдағы малын суарар,
Қырманға бұрар қалғанын.

Қоғалы қамыс, тың құрақ,
Шалғынды жайлау етегі.
Атаныпты «Мың бұлақ»,
Бабамның ескі мекені.

Тоғандар көлін жан-жақтап,
Көршімен тату қосылса.
Бір жұтым суды ардақтап,
Қақ бөлер жақсы досына.

2004

БАРША ҚАЗАҚ ЖАН ЖЫЛУЫН АРНАДЫ

Сәлем саған,
Қарағанды нар тұлға!
Мерейтойың берді мұрсат шалқуға.
Құнан күннен құлшынып ем қолыңда,
Салтанатқа жыр төгейін тартуға.

Көміртауым егде тартқан толқысын,
Теміртауым бір толтырсын олқысын.
Жезқазғанға ғашық болған қыз-Балқаш,
Сылдырлатсын алтын-күміс шолпысын.

Сөз еткенде көмірлі өлке әлемін,
Емес жалғыз менің ғана дәйегім.
Қарағанды, сенің мерейтойыңа,
Қарт Алатау алып келдім сәлемін.

Талабыңмен тіл бітірген таска да,
Табысың мол ұлан-ғайыр басқа да.
Алғыс арнап, «Бәйтерегін» жайқалтып,
Құттықтайды ел ордасы Астана.

Тоқтар, Талғат
Жұлдыздармен жарысқан,
Сәт тілейді күлім қағып алыстан.
Жарқыл қағып, жарқын жұлдыз «Сәтбаев»,
Сәлем айтты бұл тойыңа ғарыштан.

Ұлы қала, маған таныс бар сырың,
Аңыз-дастан бар аймаққа тартымың.
Сол үшін де сал Көкшеден арнады,
Сексен көлдің аққулары саңқылын.

Ұқсаң елдің есіңді жаттауын,
Болған жоқсың еш қиырға жатбауыр.
Өнегелі өміріңе бас иіп,
Құттықтайды Атырау мен Ақтауым.

Дүбірімен Геркулестей зор күштің,
Шахтер қауым, батырлармен тең түстің.
Аскар Алтай теңселгендей екпінмен,
Шашу шашты толқындары Ертістің.

Еділ, Жайық әнге қосып жан сырын,
Жырға орады
Оралғандай жас күнің.
Жетісудың өзендері желдіртті,
Саған арнап бұйра толқын тасқынын.

Жер бетінде жоқ қой сенің наразың,
Саба-саба шарап тартты Таразым.
Ордабасы бата берсе
Қосылды
Қаратаудай жер абызы дара шың.

Келе қалса кең айдында шомылғын,
Шақырады толқындары Тобылдың.
Қостанайға қос тілекпен қосылып,
Қызылжар да сәтін күтті жолыңның.

Еленделген болар-ау деп бір тойың,
Мерейлі үнің масайратты Сыр бойын.
Сыр сұлуы қыр жігітін сағынды,
Кездесуге арнағандай жыл бойын.

Байтақ елдің кәрі-жасы қалмады,
Жер тілегін, ел сәлемін арнады.
Тас көмірмен
Жас күніңнен жылытқан,
Барша қазақ жан жылуын арнады.

27.01.2004

СӨЗ-ЖҰЛДЫЗ АСПАНЫНЫҢ ҒАРЫШКЕРІ

Рәбиға Сыздыққа

Сөз-жұлдыз аспанын самсаған,
Жасынан аңсаған сәтті адам.
Ұлттық тіл әлемін шарлаған,
Рәбиға ғарышкер деп қалам.

Таза тіл мүддесін көздеген,
Ұрпаққа керегім сөз деген.
Қызғыштай өз көлін қорғаған,
Қалт етпес өмірден безбеген.

Қазылып жатқандай тіл кені,
«Сөз құдірет» орнады діңгегі.
Ел үшін шын құтты құбылыс,
Сөзді де сөйлете білгені.

Сүйсінтіп жүйесін анықтау,
Сиқыр сөз сөліне қанықты-ау.
Тұңғиық ой салды санама,
Тым биік қияда шарықтау.

Қарсы жел, дауылға көнбестен,
Селк етпей ол талай сел кешкен.
Рәбиға сөз зерлеу төрінде,
Алды орын атағын мол көштен.

Бұлбұлдай көркейткен тал ішін,
Аққудай жан кияр жары үшін
Аралап, қыз-жұлдыз, жүре бер,
Сөз-жұлдыз қазақша ғарышын.

05.10.2004.
Астана

КЕРЕКУДІҢ ҚЫЗДАРЫ-АЙ!

Керекудің қыздары-ай, кереметсің...
Кездескені есімнен неге кетсін?
Бірі шарап болғанда, бірі сусын,
Басытқыға деместей не керексің.

Жан толқиды көз салсам ерте күнге,
Әнге қосам сұлу сыр шертемін де.
Арулар-ай, адамның асылы едің,
Бірге оқыған партия мектебінде.

Кеше көрген Мәскеуде керекулік
Қарындастың ырқына көне білдік.
Ән салғанда бәріміз толқып кетсек,
Әзіліне сан қилы өле күлдік.

Ақсары қыз ажары жарқыраған,
Аты Гүлжан, ақжаркын салты ұнаған.
Алтын адам ән салса күміс көмей,
Тебіренбейтін табылмас салқын адам.

Даусы шықты ерекше тап сол түні,
Көз қуанды көргендей ақ тотыны.
Үзілдірте бір шырқап «Жезкиікті»,
Дастанымды «Дала» атты жатқа оқыды.

Алма, Әсия еске алсам апаларын,
Жанарынан сәт туды атар жалын.
Мақтап-мақтап екеуін мақтан етті,
Есіне алып қамқоршы тасаларын.

Екеуі де, әрине, мақтағандай,
Баянаула қояр ма бапқа салмай?..
Жұбын жазбай екі қыз жүргеннен соң,
Біреуіне қалдым сыр ақтара алмай.

Елестетіп соларды көзге ертуге,
Ғаламат бар Гүлжанның келбетінде.
Керекудің қыздары-ай, кереметсің,
Таңғажайып жаралған жер бетінде.

16.01.2004.
Мәскеу

* * *

Қамсақты – шағын өзен, түбі терең,
Ағын су ауыл маңын белбеулеген.
Татып ем талай балық тәтті дәмін,
Айдынға алғыр қармақ сермеуменен.

Қасыма жидек терген қыздар келіп,
Деуші еді: «Шіркін, бәрін тұздар ма едік...»
Кетуші ем айырбастап жидегіне:
«Тұздаңдар», – деп балықты түгел беріп.

Дүние ол кездерде тегін еді,
Ақшасыз не сұрасаң беріледі.
Сол қыздар кемпір болған ауылымда,
Тұздалған балықтардай көрінеді.

2004

СЕНІМ

Әр нәрсенің бар тетігі,
Жөн тауып сәтті бастауда.
Құштарлық жетсе өтімі,
Жолыңа сенің бас сауға.

Дертіме дауа сай болып,
Ләззатқа зәузат білдірсең,
Шаттанам бізді ай қорып,
Рахаттан елтіп бір күлсең.

Сәт туар отты сезімге,
Малшынып шаттық шашылған;
Содан кейін сен өзің де,
Кете алмассың қасымнан.

2003

ЕСІҢЕ АЛШЫ...

Есіңе алшы,
Біздер қалай тұрып ек,
Азаматтық жолын қалай құрып ек?
Екі бөлме кең сарайдай көрінсе,
Асыл төрдің шын қуантқан сыры көп.

Ол өмірді жырлаймын бір ғасыр деп,
Шахтамыздың дүркіреген қасында ек.
Тұңғышымыз жас құлыншақ Ерланды,
Бізбен бірге бағып-қақты Әшірбек.

Тер төгілттік ерте тұрып, кеш келіп,
Жебеп жүрді Тәңірім ерте ес беріп.
Ойлап тұрсам...
Көзін ашқан бұлақтай,
Сол пәтерден бастау тапты көш-көлік.

Осы күнгі жастар оны білмейді,
Біліп қайтсін,
Құлаққа да ілмейді.
Жас баласын көтеріп ап жаяулап,
Олар біздей улап-шулап жүрмейді.

Үш бөлменің біреуінде орыстар,
Тату болдық
Сыйластықпен қол ұстар.
Бауыр басқан қанша достар келсе де,
Деп көрмедік ешқашан да: «Қоныс тар...»

Есіңе алшы...
Қызық еді бәрі де,
Сол көршіміз ыстық тартар әлі де.
Шыдай-шыдай шырмауықтан шықпасақ,
Түсінбес ек өмір-майдан мәніне.

Барға риза, жоққа көнгіш болып ек,
Бәрін көрді Қазтай, Жәлел, Орынбек.
Айлықты да азсынбадық ешқашан,
Байлықты емес, ар-намысты қорып ек.

15.01.2004.
Мәскеу

КЕНШІЛЕРДІҢ ҚАЛАСЫНДА БІЗДІҢ ҮЙ

Кеншілердің қаласында үйімде,
Үйреніп ем талай құтты үйірге.
Дәл қисында бүгін қатты тебірендім,
Тұрғандай боп баяғы жас күйімде.

Сырты сұлу адам көңіл бөлгендей,
Шарбағы да өзім қолмен өргендей.
Ауласына жан ұшырып қараймын,
Ойнап жүрген ұл-қызымды көргендей.

Көп үңілсем түскендеймін жосынға,
Сырсандық бар кенші күнгі қосымда.
Мен бұл үйде достарымды көбейттім,
Балаларым өсіп еді-ау осында.

Әр бөлмесін демесем де жүз аттық,
Берді тағдыр бар қызығын ұзақ қып.
Туыстан да артық еді көршілер,
Тап осы үйден балдызымды ұзаттық.

Қанат жайдық,
Өріс тауып ысылдық,
Інілердің үлгі алғанын түсіндік.
Әшірбек пен үйленгенде Қайыркен,
Тап осы үйге келіндерді түсірдік.

Бар асылын мейманына сақтаған,
Дастарханмен келді талай сәт маған.
Аз болатын қасиетті қонақтар,
Бәйбішемнің қолынан дәм татпаған.

Құдай қолдап, балаларым ержетті,
Аралап жүр өз бетінше жер-көкті.
Немерелер қанат жайды бұл күнде,
Армандаймыз шөберені көрмекті.

Өмір қызық жан толқытқан назымен,
Осы үй жебеп кен асылын қазып ем.
Сері күнде Сарыарқаны аралап,
Дәл осы үйде «Жезкиікті» жазып ем.

Дәл осы үйден шеру тартып ғасырға,
Өрге ұмтылдым қанаттанып жасымда.
Жезқазғанға келген сайын есіркеп,
Тұрып қайтам құтты үйдің қасында.

15.01.2004

ҚҰРДАСЫМ

Серік Айтмағамбетовке

Серік деген бар еді төл құрдасым,
Салушы едік егіздердей бірге асыр.
Ол кеткен соң өмір өңі өзгеріп,
Өте шықты көз алдымда бір ғасыр.

Бірге өтті студент кез Мәскеуде,
Тату едік солдаттардай әскерде.
Біздер ғашық қыздар бірге оқыды,
Малшынғандай махаббатқа жас кеуде.

Қырғын еді ол, жалықпайтын бейтыным,
Әзілге орап, әспеттейтін кей шынын.
Бабын таппас бозөкпелеу жігітке,
Ренжісе: «картопия» дейтұғын.

Өткір сөзден өлмес өрім жасайтын,
Қазақ тілін мәттақылап қашайтын.
Сұлу көрсе жас еліктей бұраң бел,
«Пісіп қалған марқа қозы» атайтын.

Селк еткізер туса сәтті себебі,
Кей өренді өз әлінше жебеді.
Ойда қалды: «Аяқ та емес, бас та емес,
Осы нағыз «ортан жілік» дегені.

Сәл мезетті жіберетін мәңгі етіп,
Тамашаға таба білді сан тетік.
Қазақта бар әнді түгел айтушы ек,
Атқан таң да қосылардай әндетіп.

Серік барда серілікке салып ек,
Естен кетпес сан рахатқа қанып ек.
Кілт тоқтады ол кеткен соң бәрі де,
Көк түтінге оранғандай қалың өрт.

Жалт бергендей дархан өмір үзімі,
Дәлдеп келді-ау, доска тағдыр сызығы.
Серік кетті, еріп кетті соңынан,
Құрдас деген тірліктің зор қызығы.

15.01.2004

АУЫЛДАҒЫ АҚСАҚАЛҒА ЖАУАБЫМ

«Халықтың ханы едіңдер әрі малай,
Ақынның осы күнде халі қалай?» –
Деп сұрақ қойды ақсақал Көкшетауда,
Ал сөйле дегендей боп әрі қарай.

«Кедейдің пана болар қосы кімге,
Ақынның халі мүшкіл осы күнде... –
Дедім мен, – жыр жинағы жарық көрсе,
Айналды «қаламақы» тосын үнге.

Ұмытты ақын бүгін басқа сыйды,
«Спонсор» іздеуменен бас қасиды.
Арқалап кітаптарын сатуменен,
Достарым ел аралап ақша жиды.

Соған да тәубе десе апыл-ғұпыл,
Қалтасы қалғандардың бәрі шұқыр.
Қырандар күн көріп жүр тышқаншылап,
Әр жерде пайдаға мәз кәкір-шүкір.

Сыбанып сайлау десе өрлейтіндер,
Жұлқынды тыным алар көрмей түндер.
Озып жүр өткен күнді сыпыра боқтап,
Бастығын өле мақтап сөйлейтіндер.

Орысша көп кітаптар көшін тіреп,
Тұрғанда қан қақсайды есіл жүрек.
Торсық төс, саба бөксе сүбесі бар,
Сұмдықтар жақсы өлеңнен өтімдірек...» –

Дегенде қарттың буы тарқап қалды,
Көнетоз сипай берді тар қапталды.
«Сенгенім сендер болсаң...» дегендей боп,
Қалт етпей басын үнсіз шайқап қалды.

07.04.2004.
Көкшетау

БІЛМЕЙДІ-АУ ДЕП ҚОРҚАМЫН

Ел байлығын талатқан,
Ішінде жүрміз ортаның;
Жалғыз ғой, шіркін, Жаратқан,
Көрмейді-ау деп қорқамын.

Қапылыс емес жаңылыс,
Қажеті сол ма адамның:
Сатылу, ұрлау, атылыс,
Бейнесі болды заманның.

Бір елді бір ел ойрандап,
Жазықсыз жатыр жайратып.
Қаруға сенген тайраңдап,
Есерді қойды-ау сайратып.

Қалауын бермей халыққа,
Ептілер еркін жайлайды.
Жеткендер ірі байлыққа,
Ақшамен аяқ байлайды.

Әккі қу мың-мың асайды-ау,
Асырып айла-тәсілін.
Адам түгіл, жасайды-ау
Алладан да жасырын.

Жаратқан сыйлап нұрлы күн,
Ойласа ғалам мол қамын;
Жер беті кейбір сұмдығын,
Білмейді-ау деп қорқамын.

18.08.2004.
Астана

* * *

Көңілдің көркі тозғанда,
Азаяр өмір қызығы.
Дүлдүлден мәстек озғанда,
Сергітпес тірлік үзімі.

Қырғидың құлқын арманы,
Салғаны нешік ойран, зар.
Әлемді бүкіл қармады,
Әсіре шылқып тойғандар.

Шолақ айғыр секілді,
Қойсаң да тұрмас арқандап.
Қомағайлық жетілді,
Әсіре байып талтаңдап.

Құлқыны шексіз, көзі сақ,
Аш бөрі үшін бәрі заң.
Құтырды барды бөліп ап,
Талапайдан байыған.

Аттары жабу бүркенген,
Тауарға толы шетелдік
Көбейді «дөкей» дүкендер,
Ат шаптырып өтерлік.

Қалмастар кеше соңыңнан,
Ертелі кеш бес елі,
Бұрыла басып жолыңнан,
Көрмегенсіп өтеді.

Сұмдықты нешік байқарсың,
Кездесіп талай содырға.
Не қыл деп ақыл айтарсың,
Тойынған қызба тобырға?!

20.05.2004.
Астана

АҚҚУ КЕЛДІ

Аққу келді оралып өскен жерге,
Ақ қанаттар сән берді көркем көлге.
Қаңқыл-саңқыл көбейді кең далада,
Тыңдай қалшы, ән салды ескен жел де.

Кең айдынға төккендей ақ гүлдерді,
Аққу келді, аймаққа аққу келді.
Қай жағыма қарасам бәрі сұлу,
Қуанғаннан мен де өлең айтқым келді.

Ақ қанаттар қараймын жарқылына,
Шын қуаныш қосады жан сырына.
Көктем келсе жер мен көк әндетеді,
Қосылғандай аққу-қаз саңқылына.

Жүрсең-дағы естисің тым алыста,
Әндетеді өзен де тың ағыста.
Ән салыңдар, балалар, балдырғандар,
Қосылайық көктемгі қуанышқа.

25.05.2004.
Алматы

АҚ САҒЫНЫШ

Ақ сағыныш жүрегімді жайлады,
Мені сенен қызғанады ай-дағы.
Қас пен доска бір ауыз сөз айтқызбай,
Сұм тағдыр да қызыл тілді байлады.

Сағынтқаны сұлулыққа дос етер,
Аңсатқаны көкіректі хош етер.
Еске түссе жан жайлауын көркейтер,
Ақ сағыныш деген ғажап осы екен.

Беріш болып дерт байланбай жүрекке,
Салады өз ағыны бар лекке
Көз тарткандай сұлу кеме желкені.

Қайда жүрсек пәк көңілді суытпас,
Ақ тілекке ешбір кіршік жуытпас
Ақ сағыныш – махаббаттың көктемі.

26.12.2004

* * *

Ай сәулесі нұрлаған,
Маужырап орман тыңдаған
Ақ қайрақ тас түбінен
Ақ бұлақ тынбай жырлаған.
Ән салды деме бір маған,
Жәндік жоқ мойнын бұрмаған.
Толқытып таза сарыны,
Кезі жоқ жүрек жұлмаған.

Дей көрмен естен жаңылды,
Дәл мендей ол да сағынды.
Есіме салды-ау дегбірсіз,
Дем алмай күткен шағымды.
Түзеді сылқ-сылқ ағынды,
Сыңғырға қосты әр үнді.
Үзімтал нәркес тілімен,
Аспанда айға жалынды:

– Дауа жоқ ынтық жүректе,
Таң атқанша жүдетпе.
Жүзіңді көріп жатайын,
Тастама, – деді, – түнекте.

08.08.2004

БҮГІНГІ РОМАНС

Қарт Алатау артта қалды,
Қарсы алды жас Астана.
Жан дауасы басқаланды,
Құшақ жайып бас қала.

Алматыны әнге бөлеп,
Жеттім ерке Есілге.
Мектептестер болды себеп,
Өшпей қалған есімде.

Жетісуды әрең қиып,
Жеттім сұлу Көкшеге.
Құрбыларды ойға түйіп,
Көндім ызғар өтсе де.

Жел еседі жұпар самал,
Исіңдей қыз кезіңде.
Аязға да таптым амал,
Балқып тәтті сезімге.

Махаббатшыл дерт жабысқан,
Қызық өмір әр күні.
Жүрегіме жетті алыстан,
Қаракат көздер жарқылы.

Жиі келем ауыл жаққа,
Қалмай талай шеруден.
Оңай шығар жету таққа,
Өзіңді бір көруден.

18.03.2004

КӨҢІЛ КҮЗІ

Кеткені ме өзгеріп өмір жүзі?
Жеткені ме маған да көңіл күзі?
Ақ дидарын тілімдеп, әжім басқан,
Кемпір болды-ау көршінің керім қызы.

Одан емес, көрінсем жабырқаңқы,
Жан күйзелтті кей ожар өмір салты.
Шексіз байып кейбіреу талтаңдап жүр,
Жүдеулер көп құлазып қалған жалқы.

Талапайдан біреудің қыр асуы,
Ақша жиғыш – талайдың шын кәсібі.
Аса байып кеткенді күндемеймін,
Табысының келмей тұр ұнасымы.

Ерен байға көрмеген құлдық қылып,
Ел алдында жасамас сұмдық ғұрып.
Ортамызда әлі бар ардагерлер,
Ел қатарлы көрмеген тұрмыс құрып.

Таңдайыңда, беу, достым, татым бар ма,
Жарқыл қаққан қарашы шатырларға.
Тұрады онда магнаттар, депутаттар,
Бұйырмапты ол бақыт ақындарға.

Шетке кеткен доллардан есім танды,
Ақша тықпас қандай сау тесік қалды?
Алған сайын қалтырап ала түсіп,
Кей содырдан ар-ұят кетіп қалды.

Сабыр таппас сықыма қара да тұр,
Көрінгендей шошимын заманақыр.
Толқығаным: көбейіп қырғын-сүргін,
Адамшылық азайып бара жатыр.

2004

КҮЗГІ РОМАНС

Есіміңді еске алсам,
Құлаққа үнің жетеді.
Сыбырыңа қуансам,
Денем лаулап кетеді.

Сонда асығыс басталар,
Қайран көңіл аптығы.
Елтіп, балқып қарсы алар,
Махаббаттың шаттығы.

Қандай ғажап өмірде,
Үйлескені жанға жан?!
У мен балға көнуге,
Ұмтыласың жалма-жан.

Жарасады күлгенің,
Оспақ айтып не түрлі.
Қандай қызық жүргенің,
Дым білмеген секілді?!

Рахат, ләззат татымы,
Елжіретсе тән шеккен.
Алғыс алдым ақыры,
Жанарыңнан жарқ еткен.

09.07.2004.
Астана

ОМБЫДАН КЕЛГЕН ҚҰДАҒИ

Жұмабике Сәдуқызына

Ақбидай өңі әдемі,
Ақ маңдай ғажап мәнері.
Алыста өскен ақ марқа,
Не деген көркем жан еді?!

Сыраға – бал, сыйға – сый,
Туды ғой мезет жұмағи.
Жанары жайнап қарсы алды,
Омбыдан келген құдағи.

Ұзарар шалқып жылдай күн,
Бір көрсең кетер мың қайғың.
Немерелерін көрсем де,
Қартайды деуге қимаймын.

Басымды әбден қаңғыртты-ау,
Жүзінен тамған жан нұры.
Жастардан да артықтау,
Мүшесі мен салдығы.

Көл-көсір сезім селдеді,
Көк дөнен – көңіл желдеді.
Ақ дидары аумайды,
Бір қыздан біздің елдегі.

Қыз қалпы қалған бұзылмай,
Тұлғасы хордың қызындай.
Ақ балтыры жарқ етсе,
Шыдамас көңіл бұзылмай.

Ән салса нәзік ырғағы,
Лебізі жанға гүл-дәрі.
Үніне балқып мастансам,
Алатау елтіп тыңдады.

Домбыра қолда желдетем,
Ән-жырды ағын селдетем.
Қызара бөртіп отыр-ау,
Қыз күнде қандай болды екен?..

30.04.2004.
Алматы

ШЕКАРАДАҒЫ ХИКАЯ

Жалғасып жатқан тамаша,
Орыс пен қазақ даласы.
Қызықтым жас балаша,
Сүйсінтіп орман арасы.

Бірлесіп тұр жер мен көк,
Сезбеген ешбір төңкеріс.
Тек қана ірге бөлген боп,
Шекара құрды өзгеріс.

Дей алмайсың білместік,
Тексеріс құрса не түрлі.
Шетелге барған күн кештік,
Танымас бөтен секілді.

– Мына фото шалдыкі,
Ал сіз жап-жас жігітсіз, –
Деп сұлу қыз салды іріткі,
Сұқтана қарап күдіксіз.

Қаһарын ару білгізді,
Не десе де нанамыз.
– Өзгелер өтсін, ал сізді,
Осында алып қаламыз... –

Деп шошытты тырсиып,
Қыз екен көркем жігерлі,
Сәлден кейін мырсиып,
Шыдамай күліп жіберді.

Жылылық мол ғой тегінде,
Күлкіге біздер кенелдік.
Орыс пен қазақ шебінде
Осындай болсын кедендік.

30.07.2004

ОМБЫҒА ЖАҢБЫР ӘКЕЛДІК

Арайлы болды таң нұры,
Тілегін айтса ел нендей.
Қазақтың қалың жаңбыры,
Омбыға еріп келгендей.

Қуаныш келді құп алар,
Сый-құрмет бойға батарлық.
«Нұр жаудырған құдалар»
Ертісте біздер атандық.

Сағыныштан күйгенге,
Көрінсек ұксап қалғандай;
Құдағиды сүйгенде,
Шелектеп тағы жауғаны-ай!

Жылынып сонда ет жүрек,
Өзімді әрең меңгердім.
«Жұғысты болсын көп тілек,
Балаларға» дей бердім.

27.06.2004
Омбы

ШАРШАҒАНЫМ БАСЫЛДЫ

Қызылжар мен Омбының,
Арасы орман ғажайып.
Жер сұлуы молдығын,
Тебіренбей қалай жазайық?!

Бірінен бірі аумаған,
Тоғайлы қырқа, бел қандай?!
Мол егін көзді арбаған,
Шаттыққа құшақ толғандай.

Жарқыл қаққан айна көл,
Саумалкөлден аумайды.
Жағада өрген мал мен төл,
Баяндар ортақ хал-жайды.

Желкілдеген шілік-тал,
Жарасқан жігі бұзылмай;
Бозбалаға ұрымтал,
Орыс пен қазақ қызындай.

Сезімді қалай шақтайын,
Елеске көңіл бөлінді.
Ақ балтырлы ақ қайың,
Арудай таныс көрінді.

Оттары Омбы жар салған,
Жүрісті біздің ұнатты.
Қызғалдақ шашып қарсы алған,
Құдашалар сияқты.

Семей атты көшемен,
Қалаға кіру жүдә сый.
Тоскандай бізді кешеден,
Жарк етті аппақ құдағи.

Жеттік-ау сертті сөз кесіп,
Думан-той қызық ашылды.
Аңсағаным кездесіп,
Шаршағаным басылды.

27.06.2004.
Омбы

ОМБЫҒА САПАР

Омбының тас қайрақтай жолы қандай,
Қоймайды қара тұлпар шөлі қанбай.
Тек қана «таможнясы» қиын екен,
Біздерден орыс қызын қорғағандай.

Үйретпес бар тетігін заман ненің,
Толқытты көңілімді алаң менің.
«Орыстың әйеліне жоламаймын,
Оллаһи, құдағиға барам» дедім.

Сөз конды жасыл жаға көркұлаққа,
Мен айтқан ауызекі көнді датқа.
Аралап ну орманды кете бардық,
Құдағи сағындырған Омбы жаққа.

27.06.2004

АҚ ТІЛЕККЕ МОЛ ЖАҢБЫР

Мамырда болды аптап нағыз ыстық,
Аллаға «Сақтай гөр» деп табыныстық.
Сол кезде егін, шөпке қатер төнді,
Жер құрғап есімізден жаңылыстық.

Алыстан аңсап жеттік Жалғызтауды,
Бет сипап
Өттік барлап сан қыстауды.
Ас бердік Әшірбектей інімізге,
Иншалла, дәл сол кеште жаңбыр жауды.

Қаңсыған қанды әйтеуір жер шөліне,
Көп зират араладық ертеңіне.
Арнайы қос анама дұға оқыттық,
Келгендей жер шарының кең төріне.

Болған іс Үкілі Ыбырай ауылында,
Киелі Жалғызтаудың бауырында.
Берген ас, аят, дұға әкелгендей,
Мақтадық табиғаттың жауынын да.

Болғандай біздің елдің бағы баулы,
Есілге құт-береке ағыны ауды.
Келгенде Мағжан аға ауданына,
Аңсатқан алтын жаңбыр тағы жауды.

Жау, жаңбыр!
Кең арала төрден төрді!
Бір кенелт шілде алдында өр мен шөлді.
Ақ бидай баппен өссін молшылыққа,
Тірілер ұмытпаспыз өлгендерді.

27.06.2004.
Байшілік

* * *

Сұлумен кербез кездестім,
Жүзінің ғажап жылуы.
Көзіңмен көрмей сенбессің,
Ол – адамзат сұлуы.

Ажары көлде аққудай,
Алыстан жанар байлаған.
Әу дегеннен жат қылмай,
Құштарлық оты қайнаған.

Жан жетпес бір өзіне,
Жалт қараса жылисың.
Күлім қаққан көзіне,
Көзің түссе құрисың.

Жүректің басар отын кім,
Бір ауыз сөз арнатпай.
Жиын топта отырдым,
Тұтқынға түскен солдаттай.

Ішінде туыс-бауырдың
Тигендей маған қағынды;
Қонағы біздің ауылдың
Әлекке салды жанымды.

«Әдірісін» тік айтам,
Әлдекім мені сөксе де.
Ашық барып тік қайтар,
Тұрағы кербез Көкшеде.

Көңілге түскен бұзықты,
Отырсам сәл-пәл баса алмай.
Бәйбішем де қызықты,
Екеулеп алып қашардай.

Ішпей-жемей жүдә мас,
Оралдым жап-жас шағыма.
Сағыншақ жаным шыдамас,
Бір көргенше тағы да.

27.06.2004.
Үкілі Ыбырай ауылы

* * *

Қолыма қалам алдым мен,
Тебіреніп неге түңілем?
Наз келсе еріп қайғымен,
Өзіме өзім үңілем.

Өмірдің өксік, өкпесін,
Жақсы ғой достың сезгені.
Бірақ та бәрін өлшесін
Өз арымның безбені.

Қасармас мәңгі зар қылып,
Күн шығар дауыл өткендей.
Қуаныш келер шарқ ұрып,
Тасаға сәуле жеткендей.

«Айтасың бәрін әншейін...»
Деп досым бекер күледі.
Бейнет пен зейнет өлшемін,
Жүрегім ғана біледі.

Бой жазбасын көмескі ой,
Алысқа құлаш сермедім.
Өлең бос ермек емес қой,
Ауырын жүктің теңдедім.

Мән берем әрбір мәнерге,
Ақыл мен сезім жарасып.
Бар ақынмен әлемде,
Отырам үнсіз таласып.

2004

ӘН ҚУАТЫ

Тіл жетпесті ән жеткізер,
Сөз таппасты үн айтар.
Кейде қалың мұң шерткізер,
Кейде шаттық ұлғайтар.

Шыр еткенде жас нәресте,
Тез көнеді әлдиге.
Жан анаңның қалады есте,
Бөлегені ән-күйге.

Сиқыр саздың бал құндағы,
Жан қиялын толғайды.
Әсем әуен назды ырғағы,
Қам көңілді қорғайды.

Көзден ыстық жас тамғанда,
Қайғы түсіп шырайға.
Жалғыз достай бұл жалғанда,
Ән қайтарар райға.

Отты сырын кетсе шарпып,
Туар талай толғаныс.
Жылан уын ішке тартып,
Жуасиды жолбарыс.

Жігін ашып тас қамалдар,
Тау тербеліп қосылар.
Аңсап жүрген ақ маралдар,
Көз алдында жосылар.

Сырлас, мұңдас ағындайды,
Ойға серік саз үні.
Қиналғанда табылмайды,
Әндей жанның азығы.

Әнқұмарлық – асыл мұрат,
Жаңасын да ескісін.
Шырқа, сәулем, берер қуат,
Абай айтқан естісін.

27.12.2004

* * *

Көз шалса ақ нұрыңды
Жырға еріп ән шығады.
Ақтарар бар сырымды,
Жас әуен тамшылары.

Көңілің елең етер,
Оятса жан шуағы.
Тұтанып кетеді екен,
Көкірек шамшырағы.

Жүрегім әндетеді,
Рахатқа үні толып.
Ажарың жарқ етеді,
Махаббат гүлі болып.

2004

* * *

Оятып таңғы ұйқыдан сезім селі,
Ұйықтатпас көңіл назы егілмелі.
Уақытты құндап келем, болғаннан соң,
Тым қысқа тіршіліктің берілгені.

Сүйгенде дыз еткендей еріндегі,
Өлеңнің от қызуы тегін бе еді?..
Жастық шақ ауыл жақтан қол бұлғайды,
Құрбылар шақырғандай елімдегі.

Мұң-шерін жеңілдетер көңілдегі,
Тиер ме дос-жаранға себім тегі?..
Аралап көріп қайттым ауылымды,
Тек қана ақсары қыз көрінбеді.

Кездесу айқын үміт-сенім де еді,
Жүрегім қаққа әрең бөлінбеді.
Ауылға әдейі барып, оны көрмеу,
Ең қиын сынақ екен өмірдегі.

Туған жер, орман-тоғай, көңіл, мені
Бөлеуге сан қызыққа ерінбеді.
Ақынның ең ардақты міндеті ғой,
Жүректің айтқанына жегілгені.

26.07.2004

САҒЫНЫШ – МЕНІҢ ТІРЕГІМ

Сағыныштармен аралас туды бар арман,
Сағыныш сырын ұғындым асыл анамнан.
Содан кейін тап болдым саған жасымда,
Бір мені мәңгі сағыну үшін жаралған.

Аспанда көрсем қияға ұшқан қыранды,
Қосамын бірге көкейкескен бір әнді.
Өзіңнен аумай кең далада «Жезкиік»,
Сол әнім болып көз алдымда бұралды.

Осының бәрін айтты деме жаңылыс.
Ұқсаған саған сұлуға етем бағыныш.
Сана мен сезім ақыл мен ойды билеген,
Тұла бойым булығып тұрған сағыныш.

Мұң орандым ес білмей жатқан кезімде,
Сағыныштың ізі бар екі көзімде.
Сағынарым жоқ болса осынау жалғанда,
Үндемей тыныш өтер едім өзім де.

Аңсау мен сусау қолтықтап бірге жүремін,
Үзіліп кетер әйтпесе нәзік жүрегім.
Сағынғандар желеп-жебеп жүреді
Сағыныш – менің тірліктегі тірегім.

2004

АТА-АНАНЫҢ ЕЛЕСІ

Сағадат Нұрмағамбетовке

Ел сүйсінсе атағына, даңқына,
Сағадаттың ғажап екен салты да.
Анда-санда ауылына бір соғып,
Қандай ғибрат кездескені халқына?!

Мәре-сәре ауыл толы ағайын,
Тетелестер ашты жүрек сарайын.
Қандай қызық бір шолғаны батырдың,
Есіл өзен, Қараөткелдің маңайын?!

Алматы мен Астананы теңдеді,
Қос қиядан жаркырады еңбегі.
Қандай жақсы сексендегі генерал,
Сәлем бере Аққөл жаққа келгені?!

Осындайда кетер қара тас та иіп,
Тұрды батыр Бөгенбайға бас иіп.
Ауыл шеті көрінгенде қалқайып,
Ыстық сезім өтті көзге жас үйіп.

Келді ауылға армиялық генерал,
Құшақ жайып жан тынысын кең алар.
Көл шетінде ақ қайыңдар тілдесіп,
Алпыс жылда бір алаңсыз демалар.

Көңіл өсіп, жеңіл тартып денесі,
Көзге оралды талай өмір белесі.
Бірақ, сонда еске түсті балалық,
Ата-ананың мейірім төккен елесі.

Ол елеске ешбір белес тең келмей,
Мезет қандай бақытты сәт жеңгендей?!
Бір сауықты батыр аға сол күні,
Ата-ананың елесі алып келгендей.

30.05.2004

* * *

Көзіңнен айналайын күлімдеген,
Тыңдауға жалықпаймын үніңді ерен.
Шіркін-ай, қуанар ем «мақұл» деген,
Бір ауыз сөз естісем бүгін сенен.

Елгезек, үркек туған еліктейсің,
Ішіңнен сен де маған жеріктейсің.
Құлшынған құштар жүрек ынтық болса,
Қасыңа неге бір күн ертпейсің?

Ғажайып керім-кербез сабырлысың,
Құштарлық шыдам бермей ағылды сыр.
Еріндер елжіреген тіл тартады,
Сүйгізші, жайлап кетсін жанымды нұр.

Білемін, мен де саған ұнап жүрмін,
Құпияң құлыптаулы, шыдай білдің.
Махаббат сәті, шіркін, туар ма екен,
Біздерге әдей арнап Құдай бір күн?!

15.04.2004.
Алматы

* * *

Ару-ана... балалары қасында,
Ақ патшадай отыр ошақ басында
Ал күйеуі зырылдап жүр пұл тауып,
Амал таппай аптығын бір басуға.

Бәріне де біле білсек мол себеп,
Бәйбішеге кім жасамас елпелек?..
Шаршағаның, аңсағаның басылар,
Құшақ жайса сүйіп-құшып еркелеп.

«Әйел – мойын, еркек – бас» деп айтады,
Ерден түспей еркек үйге қайтады.
Бар екен ғой
Әйелдердің мойныңды,
Өзіне қарай бұрып қойғыш сайтаны.

20.05.2004.
Астана

ЖІГІТ НАЗЫ

Сағыныш жүрегімді тілімдеді,
Ажарың аңсап жүрген гүлім бе еді?
Лашындай құшырлана түйілсем де,
Тәттіге жете алмадым тіліңдегі.

Аспанда ақша бұлтпен жалғасы бар,
Нәзіксің көк шыршадай тауға шығар.
Ардақтап ләззат алар сәт тудырсаң,
Тасқыным менің де ұзақ таңға шыдар.

Қалқам-ау, айтар назды көп созбашы,
Айлы түн талмай тыңдар сөз қозғашы.
Аңқыған исің бойды балқытты ғой,
Рахатқа малшындырар сәт жолдашы.

Ықыласпен ләззат алып күлісейік,
Зәрумін, шырын татып сүйісейік.
Ырқыма көне кетші көп қинамай,
Махаббат от-жалынын білісейік.

14.02.2004.
Астана

* * *

Кей арулар күннен күнге жасарып,
Бой сақтайды ақ киіктей аш-арық.
Қыз қалпымен қоштасса да,
Өз салтын
Сақтай білер егделікке қасарып.

Орындаумен жүйрік көңіл жарлығын,
Баяғыдай балғын күйде қалды кім?
Бірақ, шіркін, сыры кетсе сыны сау,
Есіркейсің сұлулықтың қалдығын.

Шын сұлуға көз тоярлық бітті айбын,
Ғаламат қой, оны қалай ұқпаймын?
Бойын күткен келіншектің кербезін,
Сұлулықтың сақшысындай құптаймын.

20.05.2004.
Астана

КЕНШІ ӨМІРІ

Табиғат түскен ауыр күресіне,
Қарашы тау қопарған үлесіне.
Шыңырауда нар тәуекел, үстірт қимыл,
Өмірін кеншілердің білесің бе?

Адалдық – ар жолында ұстар гүлі,
Асылға таусылмайды құштарлығы.
Етуге жер байлығын ел байлығы,
Бойында анық Алпамыс күш барлығы.

Күреске нағыз кенші қашан тойған,
Қолында, беу, халайық, ашар қоймаң.
Есен-сау зор жеңіспен қырға шықса,
Әр мезет жау тойтарған асар тойдан.

Кеншіні жер бетінде пір тұтамын,
Өзім де жемісімін бір бұтаның.
Ұнайды әріптестер адалдығы,
Үзім кен ысырап етпес бір тұтамын.

Салғанда ақыл-кайрат қырғын іске,
Қаулаған қауіп-қатер біздің істе.
Дүлей күш кейде оқыс алып кетер,
Кеншінің жолы өмірде жіп-жіңішке.

Тоқтамай түнгі шайқас таңы шапқын,
Қатары суымасын алғы саптың.
Достарым, күнде есен оралыңдар,
Түтінін үзбеу үшін шаңырақтың.

Ақтаған ар жолында көп тілегін,
Ұлым да кенші болып өсті легім.
Ұстап тұр адамзаттың ен байлығын,
Ашкандар жер қазынасын деп білемін.

2004

* * *

Құлан өтпес құмдар бар,
Тамтығына жететін.
Көзге тату сұмдар бар,
Сырттан сатып кететін.

Кездескенде безектеп,
Көктен жұлдыз ілдірер.
Көзден тайсаң өсектеп,
Күлдірер де бүлдірер.

Болса жауым арыстан,
Жалын бұрап сілкер ем.
Құрбақаға жабысқан,
Қол былғауға жиіркенем.

Сондайдан жүрек дерті үдеп,
Айығар дейсің қай күні?
Жазбасқа қалам еркі жоқ,
Ақылдан туған қайғыны.

2004

* * *

Түсіп тұр жайнап күн көзі,
Сәулесі құшып биіктен.
Ғашықтың сондай бір сөзі,
Жылуы мәңгі сүйінткен.

Тамашасы мол екен,
Табиғат нұрға бөлейді.
Сүйсінгенім сол екен,
Ұқсастығы көбейді.

08.08.2004

* * *

Бір қатеңді көрмесең,
Кездеседі мың қате.
Сұлуға көңіл бөлмесең,
Сол деп біл, досым, шын қате.

Қабақ шытқан досыңды,
Ертең тауып аласың.
Ол сұратпай кешірді,
Досының білген бағасын.

Қалтқысыз сыйлап аруды,
Гүлдей нәзік санарсың.
Жүрегі қалса жабулы,
Қол сілтеп қана қаларсың.

Не жетсін шаттық үйгенге,
Еріндер тәтті мол дәмі.
Қызық-ау алғаш сүйгенде,
Ашуланған болғаны.

Сұлудың жықпа көңілін,
Билесін бойды қимастық.
Бақытты етсең өмірін,
Махаббат кілті – сыйластық.

17.12.2004

* * *

Әнші қыз нәзік еді ақ түбіттей,
Жасымда еліктірді жаксы үміттей.
Басталған бала күнде бір хикая,
Судай боп құмға сіңген қалды бітпей.

Кезі жоқ сағындырмай ойдан кетер,
Ғашықты періштелер қолдайды екен.
Мың қызық, сансыз рахат кешсем-дағы,
Ұмыту алғашқыны болмайды екен.

Жас күнде көркем еді-ау жалау етер,
Көрген жан көзі тоймай қарап өтер.
Жүргенде біз оқуда орнын тапты,
Кінә жоқ бүгін оған талап етер.

Көп жылдар арнап келем сөз биігін,
Жанымның сол ғой бары көп сыйының.
Қимастық сыйластықпен араласып,
Тастаймыз топ ішінде көз қиығын.

Ой, Алла-ай! Ғаламаты ала бөтен,
Әлекке әл біткенше салады екен.
Жүрекке көзбен кіріп, сөзбен шығып,
Сүйекке мәңгі сіңіп қалады екен.

18.09.2004

* * *

Тер төгіп қазына жиғанды,
Біліктіге балаңыз.
Талауға елді қиғанды,
Құлқынның құлы санаңыз.

Серілік құмар ақындар,
Ойсырап қалды шамамыз.
Қалтаң тайыз, атың бар,
Қолда жоқтың бәрі аңыз.

Доска да жөндеп ере алмай,
Сыйласар қисын табамыз.
Садақа кейде бере алмай,
Қысылыңқырап қаламыз.

Сатылмас өлең, әрине,
Айтқан сөз Пушкин данамыз.
Қолжазба үшін әлі де,
Берсеңдер ақы аламыз.

Гонарар түгіл бұл күнде,
«Спонсор» тап деп қақсайды.
Келмесек жөнді бітімге,
Ұлтымның рухы ақсайды.

31.10.2004.
Астана

БҮГІНГІ ЖАЗҒАН ӨЛЕҢДЕР

Алыста жатқан асулар,
Бертіндегі белеңдер.
Сендермен дидарласуға,
Туыпты бүгін өлеңдер.

Оятып намыс, ұятты,
Оңай ма парыз төленбеу?
Қиямет-қайым сияқты,
Қисынсыз сөзбен көлеңдеу.

Арыстар өткен зиятты,
Жолдарға жаным елеңдер.
Көктемім келген сияқты,
Бүгінгі жазған өлеңдер.

Бітпес те зерлеу шалғайды,
Телміртер түпсіз тереңдер.
Болашақпен жалғайды,
Бүгінгі жазған өлеңдер.

2004

ЕҢ ЖАҚСЫ ӨЛЕҢ МАЙДАҒЫ

Майдағы туған өлеңдер –
Мазасыз күндер белгісі.
Көңілде сансыз еленге,
Келмейді адам сенгісі.

Ауаны жұпар жуыпты,
Ашылып көктем дүкені.
Сол сәтте Майра туыпты,
Әнеки, гүлдің үлкені.

Қайда деп өлең қаймағы,
Кітаптан іздеу бекер-ау.
Ең жақсы өлең майдағы,
Майрашым менің екен-ау.

ОН АЛТЫ ҚЫЗ КӨКШЕДЕ

Он алты биші бар Көкшеде,
Сал қыздар тіл берген бөксеге.
Екі көз көрместі көреді-ау,
Жүрегің жарылып кетсе де.

Көкшетау қылықты қыздары,
Бүлк еткен қимылы гүл-дәрі.
Сиқырлап бипылға басқанда,
Тарқайды адамның мұң-зары.

Ғажап қой! Беу, шіркін, пай-пай-пай!
Қалайша шыдарсың таңданбай?!
Бұралып, былқылдап, теңселсе
Үздігіп кетерсің жан қалмай.

Он алты ақ елік секілді,
Сұлулық ғажабы не түрлі.
Томпайған төстері-ай тепсініп,
Ер жігіт мазасын кетірді.

Көкшеде он алты биші бар,
Көргенде көңілің құлшынар.
Шымқай жас аққулар алдында,
Билесе тамсанбай кім шыдар?!

2004.
Көкшетау

МАХАББАТ МЕРЕКЕСІ

Қуаныш ажарыңды күмістеген,
Күншуақ ақ жүзіңнен тыныс көрем.
Оңалды көңіл көркі бір өзіңмен,
Оралды құт-береке ырыспенен.

Күлкіңнен сездім жылы күн шуағын,
Ашылды келбетіңнен нұрлы сағым.
Сен барда сенімім мол келешекке,
Заңғарға қиядағы бір шығамын.

Қалайша ғашық жарсыз жүрсін адам,
Сарқылмас шаттығымды білсін ғалам.
Махаббат мерекесі – сен туған күн,
Өзгеден артық екен бір сыбағам.

18.01.2004.
Алматы

САБЫР ХАМЗИНГЕ

Жұмыр басты бәріміз де адамбыз,
Жүруші еді
Ол да ешбір алаңсыз.
Қиын екен арман жұтып аттану,
Алыс жолда арттағыға хабарсыз.

Сол тағдырды кешті Сабыр іниміз,
Жігіт еді-ау кербез, маңғаз, жылы жүз.
Көсемі еді жезказғандық жастардың,
Тай күнінен ел сүйсінген құбылыс.

Ғалым болды Алматыға танылған,
Дәріс алды талай шәкірт Сабырдан.
Канадада ажал жеңді дегенде,
Қатты өкіндім қайыскандай қабырғам.

Ерке-бұлан Ұлытаудың қыраны,
Бұйра шашы бұркыраған ұланы.
Амал нешік,
Бұйрық солай болған соң,
Озық елдің қақ төрінде құлады.

Балалардың соңдарынан еленделп,
Кетіп еді-ау сәтті жолға сенем деп.
Қуат барда бір құлшынып сайрандап,
Ұлытауға қайта оралып келем деп.

Төңкеріліп тостағандай жанары,
Мөлт еткендей,
Жетті суық хабары.
Торқа болсын топырағы жат елдің,
Есте сақтау енді қалған амалы.

29.01.2004.
Жезқазған

ҚОНАҚ ЕКЕН ҚЫЗ БАЛА

Жат жұрттықтан өз арманын іздеген,
Қолыңдағы құс екен ғой қыз деген.
Алыс жолды аңсап қанат қағады,
Өз анасы бақыт тапқан ізбенен.

Ұшып жетер биік жартас құзға да,
Бұйрық етер алда дәм мен тұз ғана.
Ақ кептердей ел мен елді жалғайтын,
Қолыңдағы қонақ екен қыз бала.

Артта қалып ерке күнгі мекені,
Екі ғашық қол ұстасып кетеді.
Ауылдастар өскен бірге достасып,
Бауырластар қимай қалар қоштасып.

Құс жолымен жеткен жаңа тұрағы,
Екі жастың сол аңсаған жұмағы.
Жаңа төрде жанып тұрар жарқырап,
Ата-ананың жел тигізбес шырағы.

2004.
Астана

ЖЫР ӘКЕЛДІМ

Жыр әкелдім,
Қимас көңіл сырым бар.
Бөгде сөзбен айтылмайтын шыным бар.
Әуесқойдың әуресі емес жазғаным
Беу, ағайын! Жөндеп көңіл бұрыңдар.

Менің таңым ертеректеу атады.
Күнім-дағы кешіректеу батады.
Азаматтық арқалаған жүгім көп,
Кейде өлеңге қол да тимей жатады.

Содан болар,
Жыр оқуға асықпын,
Ел алдына ерте шығып машықтым;
Бір сиқырмен жастай баурап алғандай,
Мен өлеңге ес білгелі ғашықпын.

Көкейімде едің шеккен зары бар,
Жүрегімде Ақан, Біржан әні бар.
Құлағымда Үкілі Ыбырай «Гәккуі»,
Шумағымда Құлагердің шаңы бар.

Мен сонымен шоқ жырымды әкелдім,
Өз сырымда мұңын жаздым әкемнің.
Көкшетаудың сексен көлін жырлаған,
Сөйлемімде жалғасы бар Сәкеннің.

Кенші болдым,
Әр қадамым қарышты,
Сан сайыста жібермеген намысты.

Жезқазғанның көшесінде жүргендей,
Көресіңдер өлеңімнен Қаныштьі.

Кең әлемнің бар түкпірін кеземін,
Дос қиналса үзіледі өзегім.
Че Гевара, Анджелалар шақырып,
Жол жалғайды менің өлең-өзенім.

Әр сөзімде әсері бар Абайдың,
Тірлігіме Абай көзбен қараймын.
Ел жұмылған күнделікті көп іске
Мен де өзімді бір жауапты санаймын.

2004

МАКБЕТТІҢ ХАТЫ

Түсімде қасыңа барыппын,
Ай куә, ақ сүттей жарық түн.
Бір сүйіп, бас сала құшақтап,
Сағыныш әлегін таныттың.

Тоймастай ләззатқа жарыттың,
Мен сүйсем албырап талықтың.
Сен сүйсең ырқыңа көндіріп,
Есімнен айрылып қалыппын.

Көп тосқан жазасы-ау айыптың,
Жанымды әп-сәтте байыттың.
Сағыныш дертінен жүдесем,
Құшағы ем болып айықтым.

Жас күндей қызыққа қанықтым,
Мас деме, әлі де шабыт тың.
Рахаттан шаршаған сәт қандай,
Бір өліп, бір талып қалыппын.

Түсімде... түсімде барыппын,
Сен аппақ, ақ төсек, мамық түн.
Ой, Алла-ай, сол ғажап мезетті,
Өңімде көре алмай зарықтым.

Түсімде барыппын,
Өңімде жабықтым.
Жарық күн, көрінді жарық түн.
Қалқам-ай, білсеңші хал-жайын,
Ғашықтық шаршатқан ғаріптің.

22.06.2004.
Астана

АҚҚУДЫ КӨРІП ҚАЛЫҢДАР

Аққуды көрші, балалар,
Бір қонбай көлге өтпейтін.
Құс патшасы саналар,
Өзге құс оған жетпейтін.

Жаттап қалшы саңқылын,
Құлын-тайды билетер.
Айтқандай саған бар сырын,
Ән шырқауды үйретер.

Құстарға көңіл бөлесің,
Тойлаған құтты мекенін.
Өз көзіңмен көресің,
Сұлулық не екенін.

Әп-сәтте у-шу қалды ойын,
Ғажайып мезет туады.
Алтын тұмсық, ақ мойын,
Аппақ төсін жуады.

Құс көруге барыңдар,
Біріне-бірі бәрі ынтық.
Аққуды көріп қалыңдар,
Кетеді ертең сағынтып.

25.05.2004.
Алматы

* * *

Беу, тағдыр, коймасаң да төрең етіп,
Басымды ұстамадым төмен етіп.
Әйтеуір бермесіңді тартып алып,
Көш құрдым өз әлімше төбелетіп.

Айта алар ашық сырын тұйықта кім,
Іргектеп ой өрісін тұйықтадым.
Өмірдің тез өтерін білгеннен соң,
Келмейді бейберекет ұйықтағым.

Алдамашы кейде өмір кең көрінсе,
Жай жатпан шабыт шалқып келгенінше.
Аянбай қалың іске жегілемін,
Бір күні қалың ұйқы жеңгенінше.

2004

ҚАЗАҚТЫҢ ЗОР МЫҚТЫСЫ

Жұмабек Тәшеновке

Аласапыран алабүлік дүрбелең,
Бір белеңнен асып түсті бір белең.
«Есім салған ескі жол,
Қасым салған қасқа жол»
Бороздада көмілгенін мін көрем.

Шаңырақты айырғандай уықтан,
Тың көтергіш ұлттың қамын ұмытқан;
Болды ұлықтар
Орталықты жөптегіш,
Жеке басқа тиер қорқып құрықтан.

Көндікпеген Мәскеу ұрған сойылға,
Тәшеновтер кірмей өтті «қойынға».
Ел бірлігін көксей білген тарлан ер
Ұйықтап жатыр Сырдария бойында.

Уақытында кім бар еді байқаған,
Өкінішті енді ашық айта алам:
Хрущевті құртсақ-тағы, шіркін-ай,
Тәшеновті көтермеді қайтадан.

Жан аға деп бейітіне гүл төктім,
Ұқсап кетті-ау бір тектіге бір тектім.
Төле бидей жатқан Ташкент төрінде,
Жұмекең жатыр зиратында Шымкенттің.

Көрдім, білдім, көңіл ептеп желденді,
Бәрін айтам бүгін бүкіл елге енді.
Ол туған ел қай жерінде жатса да,
Барша қазақ жүрегінде жерленді.

Тың өлкеге болса орыстың күптісі,
Хрущевпен тайталаста ұтты ісі.
Аға тұтып, ардақтауға тұратын,
Осы азамат қазақтың зор мықтысы.

2004

ҚАРСАҚБАЙ ТАҢШОЛПАНЫ

Зәуре Омароваға

Тамаша жарқын жүзі,
Қазақтың алтын қызы.
Ұрпаққа үлгі-өнеге,
Зәуре апай қарқынды ізі.

Киіктей қыр басында,
Ғажайып тұлғасы да.
Жүрегі жүлде байлар,
Жарасаң сырласуға.

Белгілі асыл заты,
Жайылды ғасырға аты.
Одақтық Парламенттің
Ол тұңғыш депутаты.

Зәуре апай, дара тұлға,
Ерте оздың санатыңнан.
Қарсақбай таңшолпаны,
Өзіңсің дана туған.

Алатау шынарысың,
Ер жігіт құмарысың.
Балқаштың ақ сазаны,
Ұлытау ұларысың.

Қыз-қыран көші ілгері,
Ғажап қой көсілгені.
Жайнай бер, алтын жұлдыз,
Сарыарқа төсіндегі!

28.11.2004

* * *

Келдім, көрдім ажарыңды лаулаған,
Қандай ғажап жас күніңнен аумаған?!
Мөлдір көздер жарқ еткені тамаша,
Ләззат қайда мен аялап алмаған?!

Еріндерің шымқай шырын бал салған,
Екі бетің гүлдей толқып қарсы алған.
Ақ тамағың тәбет тартты үлбіреп,
Мен аулақпын сүйісуге шаршаудан.

Құмар қанды. Дән разымын мен саған,
Жан толқыны толастады аңсаған.
Рахат, ләззат, мархабатқа малшындым,
Кей қызыққа жас күнімдей тамсанам.

Тамсанамын тамашаға алғыспен,
Бәрі орынды тағдыр таңдап дәл пішкен.

2004

АҚЫНҒА

Күн келер күн артынан елеңдетіп,
Қағыстан баяу басып әрең жетіп.
Адамдар бір тәулікке қартайғанда
Ақындар қарсы алады өлеңдетіп.

Беу, ақын, алмас адам ғаламатсың,
Құлқың таза, саған кім жала жапсын?
Көз жұмып кетсең-дағы арпалыста,
Қаласың жүрегінде жамағаттың.

Мойыма, күні оңбас сені атқанның,
Туады рухың жайнап таң атқан күн.
Қиналып кетсең-дағы озбырлыққа,
Шарпиды шапағаты Жаратқанның.

Жер, аспан сонда қайта өзгереді,
Жаңа өмір басталғанын көз көреді.
Жас ұрпақ атыңды атап,
Ардақ тұтып,
Сен жоқсың, бірақ саған сөз береді.

Шайлықпа тіке сілтер қалам тартып,
Сонда елің көрер сенің бағаңды артық.
Шындықтың шырын бұзбай көзін ашсаң,
Туды дер Мағжан ағам маған тартып.

23.06.2004.
Астана

КЕНШІ ҚАУЫМ

Кенші деген – адалдықтың айғағы,
Іске мығым, сөзге берік байламы.
Бір әулеттің баласындай жүруші ек,
Басты ауыртпай ру-жыру қайдағы.

Біреу озса бәрімізді сүйінткен,
Аулақ жүрдік қызғаншақтық күйіктен.
Ол кезде жоқ жершілдікке салыну,
Деген жоқпыз: «Бұлар келді «югтен».

Дос деп кеттім Рерихтей немісті,
Корей жігіт қиындықты бөлісті.
Тек ақиқат мәміле тауып беретін,
Инженерлік оймен келер керісті.

Талай шақар қикарлығын өзгертті,
Шын сыйластық өзегіне көз жетті.
Жуас жігіт хас батырдай шыныкты,
Бәрімізді бір нысана көздетті.

Тас қопарған арпалыста таралдық,
Бауыр басар ізгіліктен нәр алдық.
Тар забойда жан қиысып жүргендер,
Аңыз болар нағыз достар саналдық.

Асыра сілтеу, қызубастық маған жат,
Тұрам бірақ, кенші десе табандап.
Тағзым етер кеншілерге сан ғасыр,
Бас иеді алдарында адамзат.

Талай орын алсам-дағы төрден көп,
Бір қазақты үшке ешқашан бөлгем жоқ.
Тоғыз ауыз сөздің осы түйіні:
Кеншілерден артық қауым көргем жоқ!

16.01.2004

ШАХТАЛАС ДОСЫМ, АМАН БОЛ!

Беу, Әсер досым шахталас,
75 жасқа келдің бе?!
Бұл емес нағыз қарттық жас,
«Орта жас» деген белгім де.

Құштарлығың сұлуға,
Кеміген жоқ па?..» дер едім;
Ол жаққа сөз бұруға,
Әдепті сақтап келемін.

Елу бірінші шахтада,
Жүруші ек Садық, Қасым бар.
Талас жоқ бізде таққа да,
От едік қызба жасындар.

Жіберердей көшіріп,
Жердің астын бұлқынттық.
Тер төгілтсек есіліп,
«Планды» сонда пір тұттық.

«Планды» сұрай қалатын,
Үлкенге берсек сәлем де.
Садық қой сонда салатын,
«План-ай» деген әуенге.

Біз қалдық солай «пландап»,
Ен дәулет берер кен қазып.
Ғалым боп кеттің шығандап,
Зерттеулер зерек сен жазып.

Сала құлаш сақалың,
Данаға тұр ғой ұқсатып.
Құрметтеп сені атадым:
«Жезқазғандық Курчатов».

Шахталас досым, аман бол,
Қақ бөліп ішкен жартыны.
Жүз жаска мықты барар бол,
Үзілмей жастық қаркыны.

05.05.2004.
Астана

ТЕБІРЕНІС

Қасымбек Медиевке

Толқытса өткен күннен көрінген із,
Кезінде ауыр жүкке жегілгенбіз.
Жасай бер, Ұлытаудың ұландары,
Бәріміз «Жезкиіктің» еліненбіз.

Аймақтың білдім талай ірілерін,
Солар ғой қалың істе бірігерім.
Артымда қара ормандай қаулап өскен,
Қаруым, қанатымсың, інілерім.

Көңілдің шын сүйсінсем хоштығына,
Алдымда өрледіңдер қосты құра.
Мен түгіл дұшпандарың таң қалатын,
Әшірбек екеуіңнің достығына.

Кіргендей күміс сағым шағыл құмға,
Малшынып отырмын ғой қалың мұңға.
Кеңгірдің жағасында күндерді ойлап,
Қасымбек, Жезқазғанды сағындың ба?

Ал өзім осынау өлке бөлшегімін,
Сағыныш сан зардабын өлшеді кім?
Жасымда бата берген ұлы жер ғой,
Қарсы алар баяғыдай көрсе бүгін.

Жол түсіп Жезқазғанға барып қайтам,
Жан өртеп,
Көзге оралған анықты айтам.
Садық жоқ, Жәңгір, Серік, Балғабай жоқ,
Көңілім әр нәрседен қалып қайтам.

Жүректің айқын шықса тұнық әні,
Шошытты шын сыйластық құрығаны.
Ұққаным қазақта емес, «Қазақмыста»
Толқыған қызыл мыстың жылы қаны.

«Бәк-шәкке» баяғыда жуыстық па?!
Руын сұрап тұқым қуыстық па?
Команда деген онда түске кірмес,
Адалдық негіз еді-ау туыстыққа.

Ақшаны патша етіп жаратты кім?!
Кім кесті қауырсынын қанаттының?!
Осылай кейде ашық тебіренемін,
Өйткені ел алдында жауаптымын.

19.08.2004

ЭКСПРОМТТАР

Әлемде қанша ғажап бар,
Жүрегім, ашық наз ақтар.
Ерекше сүйем сіздерді,
Қытайдан келген қазақтар.

Марфуға, Дәмеш дегенде,
Қан дүрлігер денемде.
Толмасым толған секілді,
Ортайып қалған кемемде.

* * *

Түн кемпірдей тауға көрпе жауыпты,
Күміс айды ақ сырға етіп тағыпты.
Қараңғыда көрпе ішінде жалғызбын,
Түнек төніп, жүрек сені сағынтты.

* * *

Бүкіл ауылдың балаларын
Желкесінен түйетін Ескендір еді,
Бүкіл ауылдың қыздарын
Беттерінен сүйетін Ескендір еді.

Ескендір десе сұлу қыздар
Құлағын түретін болды,
Содан кейін Дарикоға қосылып
Тып-тыныш жүретін болды.

ЕСКІ ШАХТА ҚАЛҚАНЫ

Жасанды тау көрінеді көзіме,
Құлақ салып тұрғандай әр сөзіме.
Ескі шахта биік қара қалқаны,
Ұксап кетті жас күнімдей өзіме.

Қасындағы зәулім шахта – алыптар,
Осы күнгі заман сырын анықтар.
Ұзын бойлы кенші ұлым сияқты,
Биіктерге әлі талай шарықтар.

Ескі қалқан бастап талай тереңге,
От ойнатты-ау менің шымыр денемде.
Ол әлі тұр сол баяғы қалпында,
Беу, жарандар!
Мен де өзгермей келем бе?!

Талқандадық талай тастың тақтасын,
Терең қаздық жез мұхитын тапқасын.
Өтті ол күндер...
Ал өзім де өзгердім,
Шындықты айтар басымдағы ақ шашым.

Ескі қалқан – куәгері кеншінің,
Бостан-боска болған жоқ қой тер шығып.
Ақындық та алыстарға самғатты,
Паш етумен кенші өмірін, кен сырын.

Сол күндерде тапқан көңіл жақұты,
Ең алғашқы ақын-кенші бақыты.
Енді, міне, қалқанындай шахтаның,
Ойға шомар келді ыңғайлы уақыты.

Ұнтақталып кенім кетті ұшқын боп,
Қыз-шабытты құмарлана құштым көп.
Қарай-қарай ескі қара қалқанға,
Тұрдым толқып солай қарай ұшқым кеп.

15.01.2004

АҚЫН ТАЙЖАН ӘНДЕРІ

Жақсы өтті Тайжан тойы Жезқазғанда,
Не жетсін артта құнды сөз қалғанға.
Сырнайы тап өзінше
«Сақ-сақ күліп»,
Әндері кетті тарап кең жалғанға.

Толқытты Ұлытауды «Тайжан әні»,
Шалқытты «Гәгу-гайдың» самғағаны.
Сырнайлар, скрипкалар оркестрде,
Тамсантты домбыраны жалғағаны.

Айтылды «Қызыл алма» – аймақ әні,
Сүйсінтті әнші қыздың сайрағаны.
Оркестр мың құбылтса талмай заулап,
Қалың ел қолпаштады Байғараны.

Тамаша дирижердің құбылтқаны,
Туды әннің айлы кеші, тұнық таңы.
Керемет...
Жан-тәнімен қимыл жасап,
Бір үнге мың аспапты жұмылтқаны.

Жақсы әуен желісіне ере кетер,
Құлағы түрік,
Өзі ерекше зерек екен.
Мың әншің, мың ақының болса-дағы,
Бір елге бір Байғара керек екен.

Талай ән, нешік сарын төгілмелі,
Табылды Тайжан салған негізгі өңі.

Көп жаса,
Соның бәрін жинастырған,
Ғалымдай үздік әнші өңірдегі.

Еш адам көңіліне алмас секем,
Әншіде халқым берген атақ жетер.
Сонда да Тайжекеңнің әндері үшін
Ғалымды профессор атап кетем.

Мереке жақсы естен қалмағаны,
Бұл тойдың арта түсер салмағы әлі.
Беу, дүлдүл!
Сарыарқаны дүр сілкінттің!
Самғай бер, туған елде Тайжан әні!

03.12.2004.
Жезқазған

ҚҰТТЫҚТАУ

Беу, мырзалар!
Тойдың көркі ханымдар!
Асыл қауым: аға, іні нар ұлдар!
Мақтай келді 75-ке, құттықтап
Дәл 75 гүлдер шоғын жағыңдар!

Жыр төгілтсем
Той бастап сөз айтуға,
Жаным әуес Құлагершіл қарқынға.
Неге десең,
Жетті жетпіс белеске,
Менің досым зор қайраткер, нар тұлға.

Жардан қарғып, ойнақ салып Есілде,
Бозбала боп жүрген күндер есімде.
Бір ғажабы: қызға талас қылмайтын,
Жол беретін жазғы ауылдың кешінде.

Шалқар шабыт «бар» мен «жоқты» теңдейді,
Аруларға тез жеткізсін жел мейлі.
75-ке Мақтай келді дегенге,
Есі дұрыс келіншектер сенбейді.

Бірақ бәрі,
Қайда барсын, көнеді,
Бейнедидар, газеттерден көреді.
Мен қуанам, одан жастау атанып,
Құдағиға таласымыз көп еді.

Өмір-сайыс
Салды талай сынға да,
Тайбурылдай оздың, Мақтай, шын дара.
Атағыңа риза болып ұйқыдан,
Аунап түсер дүлдүл бабаң Зілғара.

Көкше, Тобыл, Торғайлатып желейін,
Ел басқардың,
Одан артық не дейін?!
Ата-анаң саған мәңгі дән разы,
Шаңырақтың сақтай білген мерейін.

Келсе бүгін осынау тойды сөз еткім,
Таптың, Мақтай, ардақтысын себептің.
Астаналық ақсақал боп күш барда,
Нар тұлғаңды бір көрсеттің демекпін.

Осының жөн,
Жарқын мінез жастайсың,
«Шаппай берге» жарау күйді сақтайсың.
Сексенде де аттан түспе, сері бол,
Неге десең, сен нар жігіт Мақтайсың.

Жүзге жетер, Мақтай, қуат табасың,
Олай дерім – қайраттысың жаны асыл.
Дербес елде жалғастырып жүре бер,
Елбасы мен ардагерлер арасын!

Не десек те, ол зор тұлға нарымыз,
Тер аямай салды артына анық із.
Ал бастайық!
Құтты болсын мерейтой!
Нар жігітке сәт тілейік бәріміз!

15.05.2004.
Астана

БЕКБОЛАТ ӘН САЛҒАНДА

Көргендей жаңа серіні,
Жол тапты казақ төл үні.
Басталып кетті думан-той,
Толғағы жетер бөлімі.

Еленделп күтсек жалт қарап,
Еткендей көпке мархабат,
Қазақтың дүлдүл әншісі,
Жарқ етіп шықты Бекболат.

Ашылды тойдың тынысы,
Мол болар жастар ырысы.
Үйленіп жатқан Шыңғыстың,
Екен ғой бауыр туысы.

Сәкеншіл дәстүр тілегін,
Төгілтті нелер киелі үн.
Етпекші келін Жаңаарқа
Мағжан аға жиенін.

Құттықтап әнші жастарды,
Сөз айтты ойлы, астарлы.
Махаббат тойы, қызықтың
Дәл көкесі басталды.

Қос ішекті үндес келтірді,
Қаз дауыс күмбір бекінді.
Әу дегеннен асқақтап,
Көздеді айға жетуді.

Самғады сарын не түрлі,
Қаулады үндер өтімді.
Әй, не керек әп-сәтте,
Ел-жұрттың есін кетірді.

Жайнаса бірде ақ таңдай,
Жүйткітті жүйрік шапқандай.
Көз алдымнан бір өтті,
Ауылда қалған ақ маңдай.

Пай-пай! Ұшқыр сәт қандай?!
Шыдау да қиын шаттанбай!
Сәл тынса кең зал қол соқты,
Ынтығын әркім тапқандай.

Дүркіреп жылқы аққандай,
Асфальтта тұяқ қаққандай.
Ақмола жаққа Алматы,
Бір түнде көшіп жатқандай.

Табынтып көпті ырғалмай,
Жалынтып әнтек бұлданбай.
Тағы да кетті ызғытып,
Озуға бетті бұрғандай.

Әннен кейін ән кетті,
Аңшылар түлкі қуғандай.
Түгесе төкті жан отын
Сілкіне қақты дым қалмай.

Күңіренсе кейде Қорқыттай,
Біржанша қоймас толқытпай.
Үкілі Ыбырайша түрленсе,
Әсеттей әсем гүлденсе,
Әміремен даусы бірленсе
Шыдарсың қалай зор тұтпай?!

Жастардың келіп кешіне,
Құнықсам әнге тесіле;

Серілік пен перілік,
Қосыла тартса желігіп,
Арқалы жандар ұқсас-ау,
Нұрғиса түсті есіме.

Тайбурылша талпынып,
Ұмтылса тарлан шарқ ұрып,
Арулар елтіп еміренді,
Өзгеміз тегіс балқыдық.

Жұлдызға колым жеткендей,
«Жезкиік» жонда өткендей,
Масайрап қатты тебірендім,
Ауылдар жайнап кеткендей.

Әуенге асыл армандай,
Қоймайды көңіл жалғанбай.
Жол тауып елдің қолдауы,
Президенттің Жолдауы,
Орындалып қалғандай.
Шыдарсың қайтіп таңданбай?!

Жүректе отты жандырды,
Бар жүкті бойдан алдырды.
Әй, не керек, Бекболат,
Есімнен мүлде тандырды.

«Молдабайға» басқанда,
Жан қалмады жастарда.
Көтеріп бізді әкетті,
Ән қанаты аспанға.

Тірі жанды сілкінтті,
Бұлттарды көкте іркілтті.
Омбыдан келген құдағи,
Көршісін оңдап бір түртті.

Ашылса шаттық түндігі,
Арбады талай мұңлы үні.
«Осы ғой, шіркін, – дегізді, –
Әншіліктің дүлдүлі!»

Қаркыны билеп тылсымды,
Көкірекке құйды сусынды.
Ең ғажабы әншіге,
Бас құда қатты сүйсінді.

Арайлы таңы аткандай,
Малшынған әнге сәт қандай?!
Немересін бір сүйді,
Бірігіп алғыс айтқандай.

Көтермелеп мастанбай,
Шулады жастар жасқанбай.
Шыңғырды бір құдаша,
Үйірден байтал қашқандай.

Қанша жұрт сергіп жазды бой,
Бір серпіліп қалды той.
Сүйсінген қауым дән разы,
Құшыры әбден қанды ғой.

Тік тұрып халық қол соқты,
Құлшынып жастар мол соқты.
Әнсүйгіш тойдың торқалы,
Шырайы дер ем сол топты.

Асаулық құрған бұлқынып,
Желпінсе ән мен жыр тынып,
Жұлдыздай жанған қақ төрде,
Бекболат тұрды құлпырып.

Қайтейін толқып елденбей,
Тебіренген кім бар дәл мендей?!
Сүйсіндім
Мағжан, Сәкен мен
Әншіге бата бергендей.

Қалт еткен жан жоқ қалжырап,
Тербелді көзге бал құрақ.

Қос ғашық әнге елтіді,
Жас балаша маужырап.

01.05.2005.
Астана

БІР АЛЛА ОНЫ КЕШІРСІН...

Шарадан кеше асыппын,
Шатаққа шәлкес бұзылып.
Шартпа-шұрт шапшаң тасыппын,
Шыр бұзардай қызынып.

Тастаппын ойлы төзімді,
Шыдамдық шебін жойғандай.
Әлдекіммен өзімді,
Айырбас жасап қойғандай.

Қарсылас та қырсық-ау,
Дөрекі пәле жабатын.
Тез салдым тілмен мың бұрау,
Індетін жұлып алатын.

Қоразындай кептердің,
Қоқиған түрін шақтады.
Өрт шеккен мезет өткердім,
Төбелестен Тәңірім сақтады.

Кездесті сондай кесір түн,
Сыйғызбай ашу теріме.
Бір Алла оны кешірсін,
Кешіре салар мені де.

21.10.2005.
Астана

БАЛТАШҚА ЖАУАП

«Құдағиларға арнауы
Көп болды, – деп, – ағаның...»
Қызық-ау Балташ барлауы,
Ой қозғап әрбір қадамым.

Қызғаныш па екен сұрағы,
Әзіл ме, әнтек кеңес пе?
Омбыдан келген құдағи,
Бір туысы емес пе?..

Демеймін сөзін тірі дау,
Тікелей атқан тас та емес.
Дегенмен жетпіс, інім-ау,
Қыз қуатын жас та емес.

Ырғағын бұзбай жүргенде,
Жорғалап қалсын қаламым.
Құдағи көрсем іргемде,
Құлшыныс бітіп қаламын.

Әйгілі әндер кетті ғой,
Арналып сұлу қыздарға.
Қызулы талай өтті той,
Құдаша тартқан бізді алға.

Еңкейіп қалған емен шал,
Састырмас ерке сауалың.
«Тең-теңімен» деген бар,
Балташ-ау, осы жауабым.

30.10.2005.
Алматы

АУЫЛ ДЕСЕМ...

Әр әулеттің ауылда алтын ұясын,
Әспеттейді көңілімнің күйі асыл.
Ауыл десем, ақ дидарың жарқ етіп,
Көкірегіме ғашық әуен құясың.

Әне, сонда аққу көлде үн қатар,
Тоқсан толғап тоты әнін тыңдатар.
Жағалауда шырылдаса көп қызғыш,
Тыңдай қалмай үркітуге кім батар?

Өлең айтпас біздің елде қай кісі?
Ақан сері әні жанға жайлысы.
Біржан сал мен Үкілі Ыбырай әндерін
Жалғастырды Құлагердің қайғысы.

Елге барсам соғыс жылғы балалар,
Жұрттан бұрын өктем төстеп қамалар.
Еске түсер азалы әнге салғаны,
Қара қағаз алған шерлі аналар.

Болды жылдар ауыл жаққа көп келмес,
Сағыныш сазы
Дерт қаулатты өртпен дес.
Елге оралып, есті жиып, көз ашсам,
Бар айтарым осыменен шектелмес.

Ауылым менің зәулім биік Манхэттен,
Меккем де сол шын жұмағы таң шеккен.
Бар өнерім – ауылымның бергені:
Өлең жазсам, кейде баяу әндетсем.

Ауыл десем ашылады тұнығым,
Түпсіз терең қазақ үшін бұл ұғым.
Ән мен жырдың арқасында ауылдан
Үзілген жоқ алшақ өткен ғұмырым.

03.04.2005.
Астана

АҒАТАЙЫМ

Айтахмет Салықовқа

Күлімдеп күн артынан күн шығады,
Ақ сәуле төгіледі нұр шуағы.
Еске алып әкелерді ас арнасақ,
Қуанған тіршіліктен үн шығады.

Жайқалса бәйтерек боп бала қайың,
Ол сенің өз ұрпағың, ағатайым.
Фашисті жеңіп едің, дерт жеңді ғой,
Өмірден ерте аттандың жазатайым.

Өсірдің үйелме мен сүйелмеден,
Көп шаттық қарт күніңде үйем деп ем.
Сен үшін жан қисам да аз деп білем,
Сараңсып дәнеңем жоқ үнемдеген.

Сені айтсам түзер өлең сөзім өңін,
Сақтаушы, жебеушім де өзің едің.
Өсірген адалдыққа таза бастап,
Алдыңда мың борышты сезінемін.

Асылсың ұя болған балапанға,
Баулыдың салып құтты алаңға.
Абайды үлгі етуге шаршамадың,
Ақ тілек арнағанда жаңа таңға.

Адамға ғажап еді-ау жақындығың,
Сол мінез бойға қонды батыл бүгін.
«Айтсаң айт сөзді қадір білер жанға»,
Деп қостың жас санама ақыл жүгін.

Жан-жаққа жақсылықтың септің гүлін,
Заң еттің қайда жүрсең көптің үнін.
«Сақтай гөр сараңдықтан балаларды»,
Жұғыпты деген маған көпшілдігің.

Бастасам үлгі көріп өмір көшін,
Білемін ұядан жан бөлінбесін.
Ел-жұртқа адалдығың аңыз болса,
Абайдың жалғасындай төрімдесің.

06.08.2005

ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ

Кел, домбыра, екеуміз,
Сырласайық тағы да.
Үндес, құмар етерміз,
Күткендерді сағына.

Күмбірлеп шыққан күміс үн,
Шығармас бейқам жат дыбыс.
Адалдық түзеп жүрісін,
Ар үшін жасар қақтығыс.

Назын айт күннің бүгінгі,
Жақсы мен жаман таласқан.
Түзеп ал еркін үніңді,
Жөн тапсын досым адасқан.

Төгілсін өткір күй тілі,
Көңілдің төрін жауласын.
Алмасып бір мұң, бір зілі,
Жаңаша ағын зауласын.

Көре алмай жүрген қапылыс,
Аңсаған жанын елестет.
Сәт тусын қаулап сағыныш,
Ғашықтар жылы кеңеспек.

Шат лебізден құбылған,
Махаббат назы білінсін.
Әрең қалып шыбын жан,
Бір өліп, бір тірілсін.

Көктемде қонған көліне,
Құстарға дала мұңын айт.
Ақиқат талпын өріне,
Ауылдың ашық сырын айт.

Бір шымырлат, бір шалқыт,
Кім болмас разы осыған?!
Өзім де елтіп, бой балқып,
Ақ жүректен қосылам.

18.01.2005.
Мәскеу

ҚАЖЫМҰРАТҚА АЛҒЫСЫМ

Төлегендей мүсінші інім қасымда,
Тұрдық үнсіз Еркін аға басында.
Осы да бір есте қалар мезет-ау,
Айқын таңба біздің кешкен ғасырға.

Белгі ғажап Ерағаңдай асылға,
Сүйсіндірер көрген дос пен қасын да.
Өшпестей боп ел алғысы жазулы,
Ескерткіштің биік тұғыр тасында.

Тере берсем ой жетеді ақынға,
Сәт үйір-ау жүректері жақынға.
Еркін төрі – орталығы ауданның,
Дана туған Ғабит аға атында.

Мың сыбырлап,
Тебірентеді ойдағым,
Бір өзіңе алғыс айту сондағым.
Бір ауданды атап Мағжан атымен,
Сәбит, Ғабит жасап кеттің тойларын.

Мәриям апай бәрін көріп үлгерді,
Президент те оған тойлы гүл берді.
Көзім көрген, ұмытуға хақым жоқ,
Жыр төгілткен сол тарихи күндерді.

Бұл күндерді десең неге толғаттың,
Қажымұрат, алғыс айтар жол таптым.
Ел Еркінмен еңіреп жүріп қоштасса,
Сен тас белгі, зор ескерткіш орнаттың.

Еңбек ері азамат қой аты ірі,
Маған керек жан ағаның бақұлы.
Мың-мың рахмет!
Шарықтасын атағың,
Солтүстіктің сол кездегі әкімі!

28.05.2005.
Астана

САҒЫМДА ЖҮЗІҢ КӨРІНДІ

Сағынсам естен жаңылып,
Сағымда жүзің көрінді.
Сары бел жатыр тарылып,
Сабылдым таппай жөнімді.

Сан жылдар өтті, көрмедім,
Сандалтты өмір, не етермін?
Жапанда жалғыз шөлдедім,
Қасыңа қашан жетермін?

Ақ қайың шықса алдымнан,
Жапырағы жайнап тербелген;
Елестеп бейнең балдырған,
Туады мезет дем берген.

Қасымда күліп сен тұрсаң,
Демес ем: «Дүние өгейсің...»
Бір күні окыс көз жұмсам,
Тұншығып кетті дегейсің.

2005

ТӘТТІМБЕТТІҢ ЖАН АЗАСЫ

О, Заман-ай! Заман-ай!
Өттің бе бір қарамай?!
Көкірек жарған күй қозғап,
Қамықтым жас баладай.
Көксеткен жеңіс көре алмай,
Хан Кене өтті ой, Алла-ай!
Күйзеліс кетпес көңілден,
Алыстан көмек бере алмай.
«Алтыбақан, алауыз»
Бірікпей кеткен арамыз,
Қазақты тағдыр сынады-ау...
Аяқтан шалып әр себеп,
Көкшеде өскен бәйтерек,
Алатауда құлады-ау.
«Көкейкесті» күй шерттім,
Азасын айтар мұң-дерттің.

Қайғырмай қалай шыдайын,
Тұтылды көкте күн, айым!
Өзгені алмай, ханды алды-ау,
Жаратқан жалғыз Құдайым!
Төсекте тыныш жата алмай,
Түңілсем күнім батардай.
Сұп-суық хабар жетті елге,
Соққандай дауыл қатарлай.
Мезетте әрең жан сақтар,
Шертуге келмей саусақтар,
Алақанмен қағыттым.
Домбыра-досым, назды ақтар,
Жалындап, сұлу сазды ақтар,
Бурадай шөккен жабықтым.
«Көкейкесті» арманым,
Хан Кенеге арнадым.

БАС ҚҰДАМЫЗ БОСТОНҒА

Қасқырбай өтіп өмірден,
Қиналған күнде кездестік.
Кетпейді бәрі көңілден,
Ол барда сәтті сөз кестік.

Дана менен Нұрланды,
Қосу еді нұрлы арман.
Қазаға көндік сындарлы,
Інімді жап-жас күнде алған.

Құдалар бірге қоштасып,
Ерекше құрмет еттіңдер.
Ауыр күнде достасып,
Шын туыс болып кеттіңдер.

Жол-жораны сақтаумен,
Жетелеп келдік жорғаны.
Құдалық дәстүр ақтаумен
Тұрсаңдар сөзде болғаны.

Қасқырбай жылы жүректі,
Көкшенің жақсы ұлы еді.
Ол жалғап біздің лекті,
Рухы бірге жүреді.

Бас құдамен тілдесіп,
Байқадық текті заты кім?
Тілейміз енді бірлесіп,
Дана мен Нұрлан бақытын.

Екі жас басқан қадамға,
Сәт тусын той көш құрғанда.
Не жетсін осынау заманда,
Келіскен сөзде тұрғанға?!

Мол болсын алда Қуаныш,
Ризамын Тәңірім қосканда.

Қасқырбай үшін мың алғыс
Арнаймын құда Бостанға.

18.06.2005.
Астана

ТҰМАНБАЙҒА

Тұманбай, ауыл жаққа барайықшы,
Өтейік көп сағынтқан бар айыпты.
Сыйлайық үлкендерді сәлем беріп,
Нұр жайып әңгімеге қанайықшы.

Ардақты атағыңды ел түсінді,
Таныттың шартарапқа ер күшіңді.
Баяғы Қазаткомге бір оралып,
Оңдап бір жуайықшы жетпісіңді.

Сол жерден бастау алған дертің өлең,
Бау бар ма, бұта бар ма желпімеген?
Алғашқы жинағыңды оқығанда,
Қыз бар ма Алатауда елтімеген?

Алаңсыз оңдап тыныс алайықшы,
Қасында құрдастардың қалайықшы.
Өзгені ұмытсақ та көп аңсаткан,
Анаңның басқан ізін табайықшы.

Жасыңда жас аққудай қызығар жан,
Күлтайың шыға келді жүзіп алдан.
Дәл сендей кең жалғанда кім бар дейсің,
Бір үйде қос батырдың қызын алған?

Барайық, ауылды бір қуантайық,
Кетейік жетпіс-желкен ұран жайып.
Баяғы сұлулармен әже болған,
Би билеп, былқыл-сылқыл бұраңдайық.

Қыз-шабыт күнде арнап дәрі гүлін,
Ақынның аңғартпайды кәрілігін.
Сенбейді келіншектер жетпісіңе,
Осы жұрт қақсап жүрген бәрі бүгін.

Көрейік тетелестер сыр алысса,
Көнейік салса бізді бір қағысқа.
Сені айтып астаналар дүбірлетсе,
Не жетсін ауылда өткен қуанышқа?

01.03.2005.
Астана

ТІЛІҢДІ ҚОРҒА, ҚАЗАҒЫМ!

Тіл – ұлтымның тірегі,
Таңдатпай тағдыр жолдаған.
Тіл – ұлтымның жүрегі,
Лүпілін Алла қолдаған.

Тіл – Қорқыттың арманы,
Асан Қайғы өрлеткен.
Тіл – Абай-сөз орманы,
Бұталы тармақ ержеткен.

Жүдесе жүрек хал бітер,
Жабылар озар жүйріктен.
Тілің тозса әл кетер,
Сеп болмай қолда биліктен.

Мән берсең әрбір сөзіме,
Жан айқайын жазамын;
Өз қолың жетсе өзіңе,
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл десе түсер ауызға,
Қаз дауысты Қазыбек.
Айналған аты аңызға,
Мәмілегер әділ қазы боп.

Бергені тағдыр ғаламат,
Төле бидей дананы.
Әр сөзін етті аманат,
Жоңғарлар қысқан заманы.

Үшеудің бірі тең түскен,
Бар Әйтеке биіміз.
Ұтымды сөзбен кең пішкен,
Солардан қалған тіліміз.

Дербес ел салса тезіне,
Аударар тағдыр назарын.
Өз қолың жетсе өзіңе,
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл – Абылай ұраны,
Дербестікке бастаған.
Тіл – Махамбет пырағы,
Сегіз сері қостаған.

Тіл – «Сарыарқа», «Саржайлау»,
Құрманғазы, Тәттімбет.
Тіл – туған жер, ақ жайлау,
Ақ сүтпен сіңген ақ міндет.

Тіл – Мұхтарды тудырған,
Білсін деп бізді бар ғалам,
Тіл – Жамбылды ту қылған,
Жеткенше жүзге сайраған.

Зер салсам Мағжан сөзіне,
Аңқып тұр талай азалы үн.
Өз қолың жетсе өзіңе,
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл – жалықпас мұрагер,
Өлсең де жоқтау арнаған.
Тіл – «шаппай бер» Құлагер,
Алдына өнер салмаған.

Тіл – Төлеген ажалы,
Саналы жанды күрсінткен.
Тіл – Қыз Жібек ажары,
Тірі жанды сүйсінткен.

Тіл – үзілмес өз үнім,
Шарықтап құмар қандырған.
Тіл – Ләйлі, біз – Мәжнүн,
Махаббат естен тандырған.

Ұмытып бәрін қалмастай
Шекпестей қорлық-мазағын;
Тәлкекке заман салмастай,
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл – той-думан ғажайып,
Немерем тілі шыққан күн.
Тап кеше құным азайып,
Тап бүгін бәрін ұққанмын.

Арқа сүйер табыс бар,
Ахметті бүгін ұққандай.
Сәкен, Ілияс – арыстар,
Есімін елім құптардай.

Ғұмырын тілге арнаған,
Мұзаға, сен де көп жаса.
Қай көлім құссыз қалмаған,
Қызғышы сендей болмаса?!

Ұқсаған алтын-жезіңе,
Әр сөзде жарқын базарың.
Өз қолың жетсе өзіңе,
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл – ұлтымның намысы,
Ақылға қанат байлатқан.
Тіл – мызғымас ар ісі,
Бабалар жауын жайратқан.

Төс қақпайық, ағайын,
Жетістіктерді ескерем.
Тілімді құртар маңайым,
Сыңайын сезіп сескенем.

Айтпасам жүрек көтермес,
Толғаныс көп қой көңілде.
Қимылсыз міндет өтелмес,
Мәңгі арпалыс өмірде.

Ұғымы берік орнаған.
Өрістей берсін мазалы үн.
Дәстүрім, ғұрпым қолдаған,
Тіліңді қорға, қазағым!

Тіл – тіршілік жалыны,
Қызуы сөнбес от болар.
Ол өшсе өмір сарыны
Жалынсыз қалған шоқ болар.

Төбеңе қойып төрлетпе,
Өзге тілдің азабын.
Басқа тілде сөйлеспе,
Біріңмен бірің, қазағым.

Шәкәрім сөзі қазір де,
Аңдашы қажет татымын:
«Ұққаның болса қамың же,
Оңдасын істің ақырын».

Сенейік дана ұстазға,
Көрместей тарих мазағын,
Билік пен қолда күш барда,
Тіліңді қорға, қазағым!

08.05.2005.
Астана

* * *

Бәйгеге тұлпар кеш костым,
Ұзаққа жүріс созамын.
Не десең о де, беу, достым,
Жұтпаймын мәстек тозаңын.

Кен қазып, құлаш кең тастап,
Тер төгіп тыным таппадым.
Әкім де болып ел бастап,
Сенімін көптің ақтадым.

Жайылса жырым ұнаған,
Бос мақтанға ермедім.
Жан емін тапса бір адам,
Сол болар елге бергенім.

Атағым шыққан арқырап,
Сыйлаған Одақ ер едім.
Арыма тисең, ақымақ,
Асаудай қатты тебемін.

БІР ШЕНЕУНІК ІНІМЕ

Кіргізбей қойсаң құр қайтам,
Мұңымды басқа кімге айтам?
Періште атап жүруші ем,
Болдың ба сен де бір шайтан?..

2005.
Астана

ТАМАША

Жанары баурап жарқ еткен,
Бойында қызу тұтанар.
Аялап, құшып, наз төккен,
Ләззатты жаны құп алар.

Әл жетпес бекер созбаққа,
Жалындап жаның күйгенде.
Батасың рахат мол шаққа,
Елжіреп, балқып сүйгенде.

Орындап жүрек бұйрығын,
Он екі мүшең иігенде...
Жаққандай жатық кимылың,
Әп-сәтте қалар тілден де.

Естілмес сонда еш сыбыр,
Жеңеді-ау желік күйлі үні.
Күнәдан ада бұл ғұмыр –
Алланың берген сыйлығы.

От сезім қалай тежетсін,
Тамаша сол ғой ұққанға.
Құшыры қанып, не жетсін,
Рахаттан даусы шыққанға?!

08.11.2005.
Астана

ДАСТАРХАНЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Көңілшек көзден жас кетпес,
Қуанса да жылайды.
Арайлы төрден ас кетпес,
Ел-жұрттың басын құрайды.

Қазы-қарта тұздалған,
Дастархан көшін қосады.
Келердей күйеу қызды алған,
Сүрленген төстік тосады.

Қымыз бар сусын сұраса,
Орнайды қызу тәуір шақ.
Келердей сылқым құдаша,
Сағына күтер бауырсақ.

Бұйырар жеткен бабына,
Бал құйрық, тәтті бауырмен.
Татасың бәрін сағына,
Қарсы алған аңсап ауылмен.

Сақтайды үлкен талаппен,
Ғажабын жеңгем ғажаптың.
Парижден келген шарап пен
Қып-қызыл сүрін қазақтың.

Қозының еті балбырап,
Қазанда піссе бүлкілдеп;
Сүріне басып қалжырап,
Келіндер жүр ғой күңкілдеп.

Қайтсін-ай, бөлеп бал құндақ,
Отыра алмайды ән тыңдап.
Кезегі ән-би жеткенде,
Есесін алар қарқындап.

Ауылға келіп жол күтпен,
Жыр оқып, ойлы наз арттым.
Жасай бер осынау молдықпен,
Дастарханы қазақтың!

2005.
Еңбек ауылы

АШЫҚ СЫР

Қанаты талмас,
Қармақта қалмас,
Асылы деуші ем ғаламның.
Жүдеген ауыл,
Жұқарған қауым,
Зардабын тартты заманның.
Түсінер осы мән-жайға,
Жүрегі таза жан қайда?

Жалданған ақыл,
Жалт берер ақыр,
Құлқынын тоймас толтырар.
Естіні байлап,
Есерді сайлап,
Ерпейген кімді оңдырар?
Шетелге кенім сатылды,
Басымды мықтап қатырды.

Кебенек келді,
Жақтастар жеңді,
Ел ортақ іске ебі жоқ.
Сатушы зұлмат,
Бағасы қымбат,
Өзгені қайтсін өзі тоқ?
Жылмағай, жылпос сертінен,
Қайтпайды қонған дертінен.

Бұзылды сәнім,
Азайды малым,
Шай-қантқа кетті төленіп.
Арқалы тозды,
Қалталы озды,
Шен-шекпенге бөленіп.
Қайғырмайын мен неге,
Екі өмір жоқ қой пендеге.

Мақтаушы сұм көп,
Мақтанар дым жоқ,
Жұқпалы көрдік індетті.
Жауапкер қайда,
Таппай ма айла,
Атқарып алған міндетті.
Ұнамай ма, ұнай ма?..
Жетсінші даусым Құдайға.

Ақындар үнсіз,
Шешендер тілсіз,
Өтеді-ау мінсіз ойқастап.

Демесін: «Өлді,
Құлыққа көнді...»
Көрейін жөнді ой тастап.
Сабырмен айтып шақтадым,
Басқаша амал таппадым.

2005

* * *

Қарашы, сай-сала оянды,
Күз келіп әр саққа боянды.
Ақ қаудан үкісін көргенде,
Көңілге пәк сезім оянды.

Ақ қайың жапырағы сарғайды,
Біліп тұр тілеулес хал-жайды.
Ақ балтыр жарқылы тамаша,
Көктеммен жүректі жалғайды.

Көк терек жапырағы қызарды,
Жырқұмар қызығым ұзарды.
Құрбымның мен үшін бәрі қыз,
Күш барда тас қамал бұзарлы.

Қызықпас әлеміш алтынға,
Қарағай жап-жасыл қалпында.
Қысы-жаз ақ шашқа үйренген,
Жүргендей дәл менің салтымда.

Бұрмай-ақ қойындар назарды,
Керегін көктем мен жаз алды.
Берерім күзде де жоқ емес,
Әр күнім болған соң базарлы.

10.01.2005.
Мәскеу

* * *

Өлең жеңіл ермек емес, шырағым,
Ол – сайысқа салған жүйрік пырағым.
Сұлуларды сипаттауға қанықтым,
Сұрықсызға сөз таба алмай тұрамын.

Өлең – менің бойтұмарым киелі,
Ай-ғұмырым түн сыбырын сүйеді.
Елең етер бір ғажапты көргенде,
Тіршілікке мың-мың алғыс үйеді.

Тебіренемін ауыр ойға қанғанда,
Толғанамын қарап шексіз әр маңға.
Қасіреттің ең үлкенін көз көрді,
Анам кешкен осынау қатал жалғанда.

Кенші-ақын боп ту көтерем қос төрде,
Аққуларға ынтық едім Қоскөлде.
Әне, сонда дүбірінен ән келер,
Жезкиігім жүйткіп өтсе төскейде.

Өлең – ашық айна емес, міні жоқ,
Жел де естілер қайран ғашық үні боп.
Өлең деген – сылаң қаққан сұлу қыз,
Қызығынан сағындырған мұңы көп.

10.01.2005

АҚ КҮЛКІ

Құт орнайды таза күлген адамға,
Күлкі толсын өмірде әрбір қадамға.
Жан баураған ақ маңдайың жарқ етіп,
Сенің күлкің қалды менің санамда.

Жоқ емес-ау көкірекке жат күлкі,
Сынай қарап сұмдық іздер сақ күлкі.
Қара күлкі жара салар санаңа,
Әне, сол ғой жалған күлкі жат құлқы.

Жаса-жаса, жаным сүйген ақ күлкі!
Азаймасын жүрегімнің шат мүлкі.
Гүлдей таза, күндей ашық жайраңдап,
Әкеле бер бақыт конар сәт, күлкі.

Ашық күлші кездессең де қай күні,
Бөліп алшы бітпес ескі қайғыны.
Жамандықтан қорғап жүрсін әрқашан,
Ақ күлкіңнің атқан таңдай айбыны.

22.01.2005

ЖҰЛДЫЗЫҢ ЖАНДЫ ҚАЙТАДАН

Тайжан Қалмағамбетовке

Тыңдасын бүгін бар ғалам,
Қуаныш кернеп жар салам.
Тайжеке, бейнең жарқ етті,
Жұлдызың жанды қайтадан.

Бірі едің дүлдүл ірімнің,
Бірі едің ақын пірімнің.
Тас тұғырдан тілдесіп,
Ақын Тайжан, тірілдің.

Сарыарқа қызды сайраны,
Ұлытау жігер қайрады.
Жезқазғанның төрінде,
Күн сүйген жүзің жайнады.

Қарсақбай, Жезді ой-қыры
Арқа мен Сырдың жойқыны;
Қара мұртың жарқ етсе,
Тебіреніп Кеңгір толқыды.

Жамбылмен жүрдің парапар,
Нартайлар ұстаз аға атар.
Өзіңмен сақ-сақ күлгенде,
Сырнайың саңқыл таратар.

Алшы боп түскен сақасы,
Болмаған сөзде қатасы.
Тайжеке, сізді қолдады,
Үкілі Ыбырай батасы.

Ақындық – бойда бар кәсіп,
Сан өткел кештің, жар басып.
Өздерің барда жатты ғой,
Ұлытау, Көкше жалғасып.

Сол дәстүрмен самғауға,
Жас ұрпақ сырын барлауға;
Бұл жалғанға мен келдім,
Сендерге ән-жыр арнауға.

Қиялға жүкті жүз арттым,
Жолына Қаныш құмарттым.
Беу, дүлдүлдер, даналар,
Дүбірлеріңді ұзарттым!

Жыр төгілтсем ән құрап,
Қосылар қырда балбұлақ.
Туған ел, жаққан жұлдызың,
Аспанға жетсін жарқырап.

Түзелді әні тың үннің,
Түрленді сәні гүлімнің.
Жазықсыз кеткен атылып,
Ақын Тайжан, тірілдің!

04.06.2005.
Жезқазған

ӨМІР СЫРЫ

Уақыт емес, біздер өтіп барамыз,
Кешегінің бәрі ертегі, бәрі аңыз.
Артта қалар өшпес белгі тастауға,
Адамшылық бір кірпішін қадаңыз.

Даналарға жұлдыз-шырақ жағамыз,
Көзі ашыққа үлгі-өнеге табамыз.
Жамандық пен жақсылықтың арасын,
Айқындауға жетсін ойлы санамыз.

Ұлыларды ұлы төрден табамыз,
Ақымақтан асылды ақтап аламыз.
Арасында пайда тапқыш кулардың,
Әрекетін жанған отқа саламыз.

Уақыт санап қалар тарих-анамыз,
Беріледі ертең әділ бағаңыз.
Жол көрсетер адал, таза тірлікте,
Туған елдің тағдырына қараңыз.

Бәрін хаттап сырсандыққа саламыз,
Беу, достарым! Сөгілмесін арамыз!
Сұлулық пен шын дарынды сыйлаймын,
Соларға еріп біз де бірге қаламыз.

31.07.2005.
Астана

ЖАС БІРЖАНҒА

Біржан Ескендіруылына

Ескендірдің баласы Біржан аты,
Періштенің шарпыды нұр-қанаты.
Қарындасым, шешесі сарыарқалық,
Әкесінің Батыста арғы заты.

Қосып тұр ғой ән төрі, күй ордасын,
Сұлу қыздар таласып гүл жолдасын.
Әнін естіп Біржан сал аунап түссін,
Құрманғазы аруағы шын қолдасын.

Есіл-Жайық бірлесе арқыраған,
Тармағындай жас Біржан сарқыраған.
Әлдименен бойына әуен құйған,
Алтын әулет тамаша салты ұнаған.

Қос дүлдүлдің өскен ұл аясында,
Оқжетпестей ұқсайды дара шыңға.
Құлын күнде «Гран-при» жеңіп алды,
Асқақ әнмен сан жүйрік арасында.

Бесті асаудай өзі жас, әні мықты,
Бағы жанып, болғай-ақ бәрі құтты.
Біржан әні қасында сөзім жүрсе,
Мен де ұмытып кетермін кәрілікті.

2005

САЛ-СЕРІЛЕР ӨРІСІ

Ән салсаң Қуаттай сал екпіндетіп,
Жүйріктей қашқан аңға еркін жетіп.
Есіңе жастық дәурен бір түседі,
Сұлудай елге оралған төркіндетіп.

Дауысы күндей жылы, айдай ашық,
Шырқауы қандай қызық сайран ашып?!
Ақынның «Балқадиша» әнін айтса,
Елестер бала күнгі қайран ғашық.

Ән салсаң Қуаттай сал баптап қарқын,
Алғандай ағын құмнан ақтап алтын.
Осылай әннің сәнін келтіре алсақ,
Қалады жүрегіне сақтап халқым.

Сарыны самал желдей ашық, таза,
Берместей сағынғанда ғашық маза.
Мәдише «Қарқаралы» мұнарланып,
Кетеді-ау кейде жанға батып жаза.

Ән салсаң Қуаттай сал келістіріп,
Сал-сері жеті атасын тегіс біліп.
Аттарың, бабаларым, жатталды ғой,
Ұрпақты қаны қызу өріс қылып.

03.05.2005.
Астана

ӘЙЕЛДЕРДІҢ МІНЕЗІ

Әйелде мінез жок деме,
Ол емес тағдыр бөпесі.
Өртке де берік, сертке де,
Әйелде мінез көкесі.

Неғұрлым болса сұлулау,
Соғұрлым әйел жұмбақтау.
Жөн болмас оны ұғынбау,
Қасиетті өнер – гүл сақтау.

Кеше ғана көктемдей,
Болса тілі орамды;
Қыс түсіп бүгін кеткендей,
Бұркыратар боранды.

Белгілі мінез әлемде,
Өмірдің өзі өшірмес.
Піл мінез кейбір әйелдер,
«Ұсталсаң» мәңгі кешірмес.

Сабырлы келер кей ханым,
Білсе де болар білмеген.
Шығармас оқыс от-жалын,
Әуреге түспес зілменен.

Кей аруды бір демде,
Жеңіл деп бекер қабылдау.
Ниеті таза білгенге,
Мінезі оның ауырлау.

Осалдығы әл берген,
Биікте жеткен өресі.
Нәзіктігі сән берген,
Әйелде мінез төресі.

Салтанат бар сәнінде,
Қыз қылығын сақтайды.
Ортақ мінез бәрінде –
Нақты жасын айтпайды.

Қатал ма, әлде дүмбілез,
Асылдығы бар анық.
Бәріне ортақ бір мінез,
Ол – ардақты аналық.

Сұлулар – ынтық жемісім,
Қатарлас өскен қарқындас;
Мың айласы мен үшін
Поэзия сарқылмас.

10.02.2005

ҮМІТЖАНҒА

Еске түсті ерке күндер ұмытқан,
Сәт орнады жан-жүректі жылытқан.
Алыстағы Сәтбаевтан сәт түсіп,
Астанаға көшіп келді Үмітжан.

Ере келді кеншілердің қаласы,
Дәру тапты көңілдің бір жарасы.
Әттең, шіркін, Жолдасбек жоқ қасында,
Жалғыз қалған аққу құсқа қарашы.

Беу, Жолдасбек, дос-жаранға қадірлі ең,
Өне бойың ақыл еді сабыр мен.
Мырза мейір,
Таза көңіл, кең едің,
Кең жалғанды базарлаған барыңмен.

Қызық еді-ау,
Есіме алсам даралап,
Жүрген уақыт Бурабайды аралап.
Оқжетпеске Сәбитті іздеп барып ек,
Ұлы адамды балалармен қамалап.

Асыл аға хан көтеріп қарсы алды,
Суретке де түсейік деп жар салды.
Менікі деп балаларын екі үйдің,
Таныстырсам Сәбит аға тамсанды.

Кей қызықты кейде солай татасың,
Жөнді әзілдің кім іздепті катасын?
Сәбең сонда көп балалы келін деп,
Мәриямға берді ағалық батасын.

Үмітжан-ау,
Сен берік бол, қартайма,
Жиірек бар Жезқазғанға, Алтайға.
Астананы бізбен бірге аралап,
Қатарлас жүр бар кездесу, бар тойда.

Бәрі қымбат өткен күндер ізінің,
Аңсай берем кенші дәуір үзімін.
Қарындасым, тоқтат ыңқыл-сыңқылды,
Дәрудей көр немерелер қызығын.

15.03.2005.

БАС ҚҰДА НЫҒМЕТЖАННЫҢ СӨЗІ

Бас құда, ұксап кемеге,
Нығметжан отыр бізбенен.
Ұзатса қызын немере,
Той осы күдер үзбеген.

Жайнатты төрді мөлдіреп,
Алтынайы ақ маңдай.
Ақ желкені желбіреп,
Жат жерге бара жатқандай.

Той болмас бұдан тәттірек,
Шаршатпай буы шалқыған.
Ақ құсына сәт тілеп,
Нұрғайша отыр балқыған.

Бас құдаға сөз келді,
Анталай қалған тесіле.
Толқыған жүзі өзгерді,
Төгілтті құда шешіле.

Әр сөзге тілек байлады,
Ақ бата шырақ жаққандай.
Қос жанары жайнаған,
Қос жұлдыз көкке аққандай.

Наполеон ба деп қалдым,
Нақылды сөздер заулады.
Жалтыр бас ойға өрт салды,
Черчилльден жүзі аумаған.

Тыңдағандай жер беті,
Жебедей сөзін ұштады.
От-жалынды келбеті,
Шыңғыс ханға ұқсады.

Қырандай кезген даланы,
Ой-хой! Еркін самғады.
Құттықтап екі баланы,
Абайша тілек арнады.

Күлімдеп, толқып тыңдады,
Нұрлыбек пен Алтынай.
Төгілді көкірек нұрлы әні,
Көзінен бұршақ жарқырай.

Мәрия мен Мырзабек,
Әнуарбек пен Гүлдана.
Құдалар тұрды риза боп,
Тілекке туған нұрлана.

Жүрекке жеңіл салмаған,
Құйылды сезім назды үнмен.
Толғанып көппен тыңдаған,
Өлеңмен сөзін жаздым мен.

– Орнады, – деді, – жарқын күн,
Жас отау құтты жолына.
Келгені сәт қой Алтынның,
Гүлдана, сенің қолыңа.

Әнуарбек пен екеуің,
Абзал мен Лейла туыссың.
Тағдырға тағзым етемін,
Қызыма салтың жұғыссын.

Гүл жауған әрбір сөзіңнен,
Мінезің көңіл шалқытты.
Ғибрат алар өзіңнен,
Алтынайым бақытты! –

Сөз бітті, халық тына ма,
Өле тыңдап тұрған сақ?
Рахмет айтып құдаға,
Қикуға басты біздің жақ.

Құданың сөзі жақсы екен,
Сыйластық тойды басқарды.
Құдашалармен бал-шекер,
Қарсы алдық әнмен ақ таңды.

30.08.2005.
Алматы

АСТАНАҒА ОЛ БҮГІН СӘЛЕМ БЕРДІ

Марат Түсіпбековке

Марат деген інім бар Жезқазғанда,
Мың марапат сыяды асыл жанға.
Сұлу саздың кербезі ән әуезі,
Тыңдай қалсаң тамылжып татыр балға.

Жібек жіппен тізгендей әр әдібі,
Бой балқытар тәтті әуен таралымы.
Қандай әнін тыңдасаң таңдай қағып,
Тебіренесің жан баурап жаңалығы.

Талай әні сезімтал гүлге ұнады,
Ырғақ қосты Қоскөлдің тың құрағы.
Бастау берген Кеңгірге елестейді,
Бұлбұл көмей Ұлытау бір бұлағы.

Інілердің ән тапқыш бәрі ұнаған,
Сапасы бар, сөз болмас саны маған.
Жақсыкелді бауырымды сағынғанда,
Маратты іздеп әдейі тауып алам.

Ойлы, зерлі, ізеті жоғалмайды,
Қой аузынан ешқашан шөп алмайды.
Ала қалса аузына қайта салып,
Көңілін аулап, бір күлмей оралмайды.

Қызды ауылға баруға тез жетіліп,
Уақыт шашып жүрген жоқ сендетіліп.
Келіншектер өздері тиіспесе,
Қырындаған Марат деу шикі өтірік.

Көкірегіне пәк сезім әуез берді,
Талай өлең әдемі әуенденді.
Құтты сапар тілеймін азаматқа,
Астанаға ол бүгін сәлем берді.

Сәлем берді, келген соң әнді ұшыра,
Сәтті самғау бұйырсын жан құсына.
Енді, Марат, түсесің арпалысқа,
Орана бер Алланың алғысына.

08.10.2005

ГҮЛДАНАҒА

Досымның қызы, өзімнің қызым Гүлдана,
Ақ гүл болып туып ең ғажап гүл бала.
Әнуарбегің шын бақытты жігіт қой,
Үй болдыңдар ел сүйсінген шын дара.

Ақын Тайжан атын биік сақтадың,
Үйір етті ізгілікке пәк жаның.
Әжелікке дайындалып жатырсың,
Сен де әжеңнің ақ тілегін ақтадың.

Саған артқан орындалды бар талап,
Ерке қыз деп күлуші едік анталап.
Әжең сені арқасына салып ап,
Жүруші еді «алтыным» деп арқалап.

Сол сары қыз үйлендірдің ұлыңды,
Думан тойда жарқыраттың нұрыңды.
Айналайын, шын достарың мол екен,
Текті жұрттан шыққандығың білінді.

Әнуарбектің ата-анасын сыйлаған,
Ұлттық дәстүр әр үзімін құндаған.
Алғаның сол Дариғадай анаңнан,
Дастарханмен дос-жаранды жинаған.

Отау құрса Нұрлыбек пен Алтынай,
Қыз елі де ардақты ел салты бай.
Үйленгенде немересі Жәлелдің,
Беу, ағайын! Мен қайтейін шалқымай?!

Дархан қызық қояр емес шат қылмай,
Той қыздырдым ақ шашымнан тартынбай.
Құттықтаймын сені біздің алтын қыз,
Алтынайдай келініңмен аққудай.

28.08.2005.
Алматы

БЕСІК ТОЙЫ

Сәбиді бөледі бесікке,
Көріп қал, ағайын, кешікпе.
Шашудың шуынан оянып,
Нәресте қарайды есікке.

Әлдиден басайық әлдиге,
Кәрі-жас бәрін де сал биге.
Ақ бөпе қосылсын іңгәлап,
Ақ бесік тербелсін ән-күйге.

Өзгерді нәресте тұрағы,
Ол енді басқа өмір құрады.
Әлдилеп ақ бата беріңдер,
Тез өтсін ақ бесік сынағы.

Күн туды зор шаттық орнаған,
Шалқысын әлдиге толған ән.
Нәресте тезірек ержетсін,
Бар қазақ тілегі қолдаған.

Бесік той өмірмен ұласып,
Сан қызық жетсін көш құрасып.
Балақай, сен де тез атқа мін,
Кетердей «қыз қуып» қыр асып.

29.04.2005

* * *

Артымда – өмір жылдары,
Алдымда – тағдыр шыңдары.
Есімде қалды баяғы
Өзіңмен сайран құрғаным,
Өзіңмен жайнап тұрғаным.

Көркейткен бүкіл жер бетін –
Тамаша сұлу келбетің.
Есімде қалды баяғы
Өзіңмен ойнап-күлгенім,
Ғашығым едің бір менің.

Құлпыртқан асау шағымды,
Қайнатқан бойда жалынды.
Есімде қалды баяғы
Жүрекке шаттық үйгенің,
Бетіңнен тұңғыш сүйгенім.

2005

ЖАҚСЫ ІНІМЕ АҚ ТІЛЕК

Қайрат Кәрібжановқа

Шарбақкөлмен көршідей біздің ауыл,
Кәрібжанов әулеті маған бауыр.
Фазыл аға жанымның бір жалауы,
Жыр арнасам, берешек оған дәуір.

Омбылықтар ежелден елге құтты,
Оң жол тілеп оларды ел де күтті.
Қазақстанды басқарған тұңғыш қазақ,
Шаяхметов жарқ етіп төрге шықты.

Омбыдағы құдағи барын сайлап,
Шақырғасын сыйладым салтын әйбат.
Жұмекең мен Фазекең ізін көрдім,
Бауыр тартты жанымды алтын аймақ.

Жақсыларға жарассын жақындығым,
Керек қылар әйтпесе ақынды кім?!
Көсемдерді атына сай ардақтар,
Туар әлі толағай татымды күн.

Жәнібекпен Көкшеде табысып ек,
Тәуелсіз ел байқап ем намысы деп.
Қытайдағы біздің ел елшісіне,
Сәт тілеймін, болғай-ақ табысы көп.

Кезек келсе жас өрен Қайратыма,
Көріп жүрмін сан жылдар әр сатыда.
Елу жасы қосыпты басымызды,
Тойы ұлассын қазақтың тән салтына.

Ел сыйлаған төрде отыр көп ағасы,
Бәрінің де жұрт сүйер мол бағасы.
Мерейтойың, Қайратжан, құтты болсын,
«Қазтелеком» бүгінгі төрағасы!

Мақтан етсем, артық сөз қосары жоқ,
Қысқа айтамын, кезекті тосады көп.
Кәрібжанов әулеті шымқай қыран,
Ішінде бір шәлтірік осалы жоқ.

Шын өнер ғой қызға көз бұру-дағы,
Келіндерім ғажайып сұлу бәрі.
Қараңдаршы Бану мен Қымбатжанға,
Қос шынардай тел өскен Қырымдағы.

Бүгінгі той – ғажап той арнасы нұр,
Елу жас пен күміс той жалғасып тұр.
Құтты күнде орнаған шат қуаныш,
Қос жүректің лүпілін дәл басып тұр.

Дүбірлетсек қос тойды жалаулатып,
Қарқындармыз ақ күміс таң аунатып.
Қымбат, Қайрат, күмістой құтты болсын,
Алтын тойға жетіңдер алаулатып!

Қайрат, жастай қияға самғадың сен,
Өрге бассын ақ жолың тармағы кең.
Кемел жасқа жете бер керегіңше,
Бақыт құсы дем берсін арманыңмен.

06.12.2005.
Астана

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ЖЕТПІСІҢ

Тұманбай Молдағалиевке

«Мықты ақын нақты жасын айтпас болар»,
Деуші еді Әбділдадай маркасқалар.
Беу, достар! Жетпіс деген дәнеме емес,
Серілер сексенде де жап-жас болар.

Жыр төккен сұңғылалар таласында,
Тұманбай көтерілді сан асуға.
Қазақтың ол ғажайып мақтанышы,
Елдердің түркі тектес арасында.

Сүйеді назды өлеңін Пушкин елі,
Біледі Делидің де ыстық желі.
Қаракөз Қара теңіз қыздарының,
Сағыныш іштерінде жүз бүктеулі.

Көшемде тойлы жастар көрінгенде,
Әсем саз қаулар жерден, көгімнен де.
Есіне кім түсірмес Тұманбайды,
Алматы ақ жаңбыры төгілгенде?!

Жеңілтіп бойда жүгін мұң-наланың,
Қоштасу сырын айтар құштар ағын;
Қимастық тұмарындай құс қанатты,
Қазақта кім білмейді «Құстар әнін».

Балғын жас ерке қыздай сылаңдаған
Жыр кандай мұңлы, нұрлы сыр аңдаған.
Сүйсінді ел жанға жайлы бұлғағына,
Сұлуға сөз арнамай тұра алмаған.

Жалғасар әр сөзіне тереңдегі үн,
Телегей теңіз дер ем мол еңбегін.
Бар қазақ он төрт томын білмесе де,
Жатқа айтар ән оралған өлеңдерін.

Салтына поэзия ат салысты,
Жүлде алды дара бастап сан жарысты.
Жетелеп «Жалын» және «Балдырғанды»,
Құлын-тай тәрбиесін атқарысты.

Онда көп дәуір берген тәуір достар,
Сау етер басы ауырса бауырластар.
Шұбырып әлі күнге соңында жүр,
Әлидей бірге оқыған ауылдастар.

Әзілқой құрдастары жанындағы,
Бірінің бірі тапқыш бабын тағы.
Тұманбай тірілерін пір тұтқанда,
Жан баурар өткендерін сағынғаны.

Парижді көріп қандай күрсінгені,
Қалыпты ауыр ойдан құр сүлдері.
Қой баққан қала салмай
Хандарды айтып,
Жүрегі жүк артқандай дүрсілдеді.

Осының өзі ұлтжанды дастан-аңыз,
Көкірекке өткенді ойлап дақ саламыз.
Дербес ел соның бәрін ескергендей,
Шығысқа шырай берді Астанамыз.

Бой жазған құзарт тауда, ұзақ сайда,
Тұманның мінезі бар Тұманбайда.
Кейде бір бұрқ етсе де тез оралар,
Ақжарқын, ашық қабақ, шуақ жайға.

Тұманбай,
Саған қонса дархан дарын,
Күлтайдай жебеп жүрді алған жарың.
Ұл-қыздар, немерелер арасында,
Қызыққа қансын бойда қалған жалын.

Сыйлайды нөсер ұлын өсер елім
Қол созсын жүзге есен жетер өрің.
Асыл дос, жетпіс жасың құтты болсын,
Аша бер жырдың жаңа көшелерін!

15.02.2005

ОҚЫС ҚАЗА...

Оқыс қаза...
Опырып жанды кетеді,
Әу дегізбей мимырт, мәңгүрт етеді.
Бұлт түнеріп,
Күн мезгілсіз күңіреніп,
Жарық сәуле жүрек тіліп өтеді.

Оқыс қаза...
Мейірімі жоқ екен,
Адам басы оған жұмыр доп екен.
Тура тиіп, талмау жерді дәл табар,
Жарақаты жазылмайтын оқ екен.

Оқыс қаза...
Дүлей күшпен сынайды.
Жалғыз қайың сондайда күрт құлайды.
Ойда жоқта ұлын алған қазаға,
Қандай адам жаны өртенбей шыдайды?!

Сол қасірет келген кезде Қуатқа,
Қажымұрат түсті ең зор сынаққа.
Апат болған жерге жетті, ес кетті,
Басы айналды шыдамастай ұзаққа.

Тіл айта алмас сұмдық еді көрініс,
Есін жиды. Болып кетті өңі мұз.
«Мерседестің» күл-паршасы шыққанда,
Достың ұлын тауып алып көріңіз...

Қажымұрат Балташқа тез жармасты,
Құшағында жер мен аспан алмасты.
Бақытқа айтып... хабар беріп Қуатқа,
Дос жүректер қайғы-шері жалғасты.

Елі, жұртың көз сүртісіп толғаны,
Мұңдасқаны, жанға тірек ол-дағы.
Қандай жақсы қақ бөлісер қайғыны,
Қажымұраттай қажырлы дос болғаны?

24.09.2005.
Астана

ІЗГІЛІКТЕН ЖАРАТЫЛҒАН ЖАН ЕДІҢ

Жомарт Әбдіхалыққа

Уақыт өтіп бара жатыр зымырап,
Кейбір күндер көрінеді мың құрақ.
Жомартпенен кездескен сәт жаксы еді-ау,
Тапшы болды енді көзден тым ұзап.

Қияңқымын қиянатқа көнбейтін,
Келбетіме сақтап қалдым ел кейпін.
Кейде мені жасы кіші болса да,
Дауыл басар дәруімдей емдейтін.

Кісілік пен кішіліктің талғамы,
Алтын сандық еді-ау, шіркін, әз жаны.
«101 толғам, 1001 түйін» кітап боп,
Ол өмірін мәңгілікке жалғады.

Инабатты, қанағатшыл азамат,
Болып өтті адал, таза қазанат.
Сыпайылық сақтап еді-ау тасада,
Енді атағын айқындайық, жамағат.

Кейбір күндер мұзы ерімес тоң артты,
Кейбір досым кешегі өңін жоғалтты.
Осындайда шыдай алмай қысылып,
Мұң бөлісер іздей берем Жомартты.

Солай Жомарт,
Сені көптеу жоқтауым,
Ойдан жырақ бүгін қарны тоқ қауым.
Кей накұрыс көңіл жығып күрсінтсе,
Сен табушы ең көп ашудың тоқтауын.

Ерен едің дауылды өрде қарқындас,
Мезет өтпес кең мінезің таң қылмас.
Ізгіліктен жаратылған жан едің,
Саған деген сағынышым сарқылмас.

02.10.2005.
Астана

ЕРКІНДІК

Ақ бұлақ шеті тың құрақ,
Өзенге қарай өрлейтін.
Күмістей ашық сыңғырлап,
Бал кәусар үні сөнбейтін.

Сыбыры өшіп жатады,
Бастауы сөнген бұлақтың.
Рахатқа шексіз батады,
Ашқандар көзін ұзақ күн.

Құпия қызық дем берген,
Жүрердей таңсық жыр етіп;
Тіршілік шықты сол жерден,
Ашқанда көзін шыр етіп.

Жабылып қалған бұлақтың,
Не жетсін көзін ашқанға?!
Кетті ғой кернеп құлақты үн,
Бал кәусар күміс шашқанда.

Сылқылдап ақса сарқырап,
Ойы жоқ баяу іркілмек.
Ақ маңдайы жарқырап,
Ақ бұлақ жатты бүлкілдеп.

Күміс кәусар атқылап,
Жарқ етсе біз де серпілдік.
Аспанға кәусар шашқылап,
Бұлаққа бітті еркіндік.

2005

ҚҰДАШАҒА ЭКСПРОМТ

Мен сені
Көптен бері білемін,
Қайдан десең
Таңғажайып сұлусың.

Қара көзің
Жарқ еткенде тілегім:
Жан жүрегің
Маған қарай бұрылсын.

Сен мені
Танитыныңды білгізші,
Қалай десең
Жан шыдатпас ғажапсың.
Шөлдеп тұрмын,
Бетіңнен бір сүйгізші,
Татқан шырын
Жүрегімді тазартсын.

Мен сені
Көптен бері білемін.
Қайдан десең
Жақсыларда жаттық жоқ.
Бірінші рет
Кездесек те шындық сол:
Сұлулар мен ақындарда
Сақтық жоқ.

Бәрінен де ойлайтыным менің көп:
Сұлулар мен ақындарда сенім көп.

13.08.2005.
Көкшетау

АСЫЛ АҒА АҚ ҚҰСЫ

Лира Сабырқызының рухына

Ақ сұңқар ғашық болды аққу құсқа,
Сал көктем қосты екеуін салты нұсқа.
Қос ғашық үлгі-өнеге ғұмыр құрса,
Аққуға бұйырыпты өмір қысқа.

Бергендей мұңға орап нешік сынды,
Сұм ажал ойда жокта жетіп тынды.
Қияда қыран ұшып жүрген кезде,
Ұяда акку құсы көзін жұмды.

Қос ғашық сырын елім ертегі етті,
Аққуын ақиық та еркелетті.
Туған ел кең құлашын жайып тұрса,
Ақ құсы, әттең, шіркін, ерте кетті.

Ол сұңқар – Сағадат атты қаһарманым,
Ақ құсы тәмамдапты татар дәмін.
Ақ гүлдей Лира жеңгем өтті өмірден,
Сұм ажал бұзды сұлу қатарларын.

Селк етсе сең соққандай сезімменен,
Суымас батыр өңі көз ілмеген.
Сақ қыран сын сағатта сыр бермеді,
Көргенім осы өзімнің көзімменен.

Сан рет тік көтерген ғасыр жүгін,
Көрсетті Сағадат аға асылдығын.
Тек қана ақ түспеген қара шаштан,
Таркаткан қалың шерді шашылды мұң.

Күрт қаза келген окыс, шұғыл катты,
Сал бойын сексендегі шымырлатты.
Солқылдап жағалауын толқын буған,
Төсінде мұң теңізі тұнып жатты.

Ақ сәуле Алатаудан ақбоз ағын,
Ақ күміс елестетті жан қосағын.
Сол кезде Бәйкен ағам токтау айтты,
Басталды көңіл айтып ел косар үн.

Қайғы-өзен бірге кешкен қара суын,
Ел көрді Сағындықтай жанашырын.
Сейдәлім, Әбдіжәміл тебіренгенде,
Көрсетті шын асылдар жарасымын.

Қимастық қаулап әрбір көз жасында,
Арулар айтты жетер сөз ғасырға.
Топырағың, Лира жеңгей, торқа болсын,
Аттандың елдің сыйлы ортасында.

Ешқашан сізді ұмытпас арттағылар,
Жас ұрпақ Ақжүністей жаттап ұғар.
Серік қып сағынышын Сағадат ағам,
Қырағы қарт генерал сапта тұрар.

11.05.2005

БІР ТЫҢДАСАҢ МАҚПАЛДЫ

Қалда өшпестей ойымда,
Жарқын жұлдыз жанғаны.
Жазушылар тойында,
Мақпалдың ән салғаны.

Әу десе әсем баураған,
Жылытты бойды қарқыны.
Дабылы әннің аумаған,
Аққу-қаз көлде саңқылы.

Домбыра қандай жетегі
Әл берген әнге жүр-жүрлеп.
Көкіректі жайлап өтеді,
Қоңыржай, сылқым күмбірлеп.

Сол күмбірге сыйып тұр,
Ата-баба дүбірі.
Үзім үнге құйып нұр,
Үйлеседі сыбыры.

Сұлу саз ынтық құшағы,
Жеткенде жүрек лаулайды.
Жұмақтан шыққан құс әні,
Секілді жанды баурайды.

Сандуғаш дерсің сайраған,
Әуенін әсем төкпелі.
Басылар шерің қайнаған,
Күндерге өткен өкпелі.

Үнінен іңкәр қанағат,
Алады ынтық жан тыныс.
Қай әнді айтса ғаламат,
Мақпал ғой ұлы әншіміз.

Бал сезім нәзік қаулаған,
Әркімнің сонда тілегі.
Деп қаларсың баураған:
Қыз Жібек құштар жүрегі.

Патшаға мұңын артуға,
Бұлттарды қозғар әр үні;
Мақпалдың бар даусында,
Мәдидің назды сарыны.

Шыркауы шыңға жетеді,
Жайнатып отын жасынның.
Шыдатпай бастап кетеді,
Өжеттігі Қасымның.

Құндағы құтты қас қағым,
Басталар терең бұлғағы.
Аптаған даусын Мақпалдың
Тәттімбеттің ырғағы.

Қояды тыныш кімді ертпей,
Ораса әнді сезімге?!
Қаз дауысты Қазыбектей,
Айқындық бар сөзінде.

Шаттық пен шерін заманның,
Бір әнге шебер топтаған;
Акан сері бабамның
Қызы ма Мақпал деп қалам.

«Бір ауыз сөзді» айтқанда,
Жүрекке сеуіп жұбаныш;
Көрінер биік тақтан да,
Бір мезеттік қуаныш.

Күйіп те лаулап жанарсың,
Ыстық қан бойда жүгіріп.
Кім болсаң да қаларсың,
Бір өліп, бір тіріліп.

Толқуы жүрек мол болып,
Лүпілін әрең басарсың.
Қуаттап, қызу қол соғып,
Қошемет салтын жасарсың.

Тілегім дерсің ақталды,
Өмірге өзге сән кіріп.
Бір тыңдасаң Мақпалды,
Ұмытпассың мәңгілік.

24.06.2005

МӘЛІК АҒА АРУАҒЫ КЕШІРСІН

Бауыржаным
Кенесарым емес пе?!
Рахымжан тұр «Рейхстаг» деген белесте.
Мәлік аға Қобыландым ғой, ағайын,
Аты шыққан Мәскеу үшін егесте.

Ес жинамай есіл бақыт қонар ма,
Ұқсамайды әр күн жаңа сонарға.
Ырысымыз, берекеміз молаяр,
Ақ ниетпен ықылас құрсақ соларға.

Ел асылын аңдап көзге ілмесек,
Құт оралмас барды сыйлай білмесек.
Сәт жоламас ескі демей қазіргі,
Естілермен бірге білек түрмесек.

Сөз еткенім Мәліктей ер арысты
Кей есімдер елмен қайта табысты.
Назар бөлсе Көкшетауым батырға,
Ел мен ердің ақ тілегі қабысты.

Бірлік үшін шындықты айту несі мін,
Бұл да ақиқат, емес жалтақ жесір үн.
Соғыс жылдар атақ-даңқы жер жарған,
Пір тұтамын Мәлік аға есімін.

Атпал батыр, панфиловшы, асыл нар,
Мақтан етіп мадақтауға хақым бар.
Біз бала едік оның даңқы шыққанда,
Айғақтаған талай дүлдүл ақындар.

Шошытты ма сол жер жарған атағы,
Бәз біреудің тиді қыңыр шатағы.
Күннен күнге
Сол кеңестік дәуірде,
Хас батырдың атын сирек атады.

Ғалым еді Қобыландыны зерттеген,
Әйгілі атын бұрынғыдан етті ерен.
Академик мәскеулік зор биікте,
Жарқ етті ол төрде қазақ жетпеген.

Ректорлық қызметінен босатты,
Институтта бөлім басшы жасатты.
Ол қызметтен сырып тастап тағы да,
Жүрегіне дәлдеп тиер тас атты.

Ол көңіліне алған емес билікті,
Жағымпаздар бекер оған килікті.
Батыр, ғалым асыл аға ниеті,
Қорғау еді ұлттық мәңгі бірлікті.

Саңлақтардың өркен алып өрісі,
Көленкеде калмаса екен ер ісі.

Тілегім сол:
Дақ түсірмес бірлікке,
Самғай берсін адалдықтың жеңісі.

Кім батырға неге үнсіз өшіксін?
Кім айта алды «үлкен үйге» нешік сын?
Есті жиды,
Есіне алды бүгін ел,
Мәлік аға аруағы кешірсін.

05.07.2005.

СЕГІЗ СЕРІ

Көк теңізде желкен жайған кеме дер,
Сегіз сері асқан талант, ерен ер,
Ұстазым деп ардақтаса Біржан сал,
Сол емес пе озық туған кемеңгер?!

Аз уақытта мол шарықтап үлгерген,
Жүрек қылын дәл табатын сұр мерген.
Баһрам ұлы ол Мұхаммед-Қанафия,
Ақындығы, батырлығы мыңмен тең.

Сөзі сара, әні дара асқақ-ты,
Оны жастай ұлтжандылық басқартты.
«Тентек қазақ тебінгісін үз» деген
Губернатор жарлығынан бас тартты.

Үздік ақын, ұлы сазгер, хас батыр,
Онда көп қой ғашықтықтан басқа сыр.
Исатай мен Махамбетке септесіп,
Сан жорықта құрды бірге ақ шатыр.

Содан кейін Сыр бойына оралды,
Дертке дауа тапқандай тез оңалды.
Төтеп беріп, Хиуа, Қоқан, Ойратқа,
Өзі дербес ел қорғаны бола алды.

Қыз Мақпалдай өзге сұлу жайқалмас,
Махаббаттың балын татты тауыса алмас.
Қыз мерт болды ойраттардың оғынан,
Сонда туды ән төресі – «Гауһартас».

Көркін ашар көлі қамыс-қоғалы,
Бар байлығын жинап алған жоқ әлі.
Сегіз сері – ұлттың бірлік жалауы,
Ол кемеңгер, серіліктен де жоғары.

14.04.2005.
Жезқазған

* * *

Хас бәйгеде қапыда құлап аттан,
Мезетім жоқ ар-намыс тұралатқан.
Өткен жоқпын ешқашан көзін ашпай,
Жалғыз бұлақ көргенде жылап аққан.

Ақиқаттың құлымын уәделі,
«Не толғантты?» деп сонда сұра мені.
Қаусап қана қалмасын қайғы жұтып,
Сары жайлау қазақтың құба белі.

Шекпен үшін келмейді ерегескім,
Жер-жаһаннан демеймін бөлек өстім.
Бірақ, достым, абайла, жолым ұзақ,
Айыл жиған жорықтан мен емеспін.

Ой тізбегі шығарса жан ұшқынын,
Кенші білек әмбеге таныс сырым.
Жер байлығын қазақтың қорғап өткен,
Артық тұрар өзгеден Қаныштығым.

Арпалысқа шақырса майдан-алаң,
Қылыш етіп шындықты пайдаланам.
Қазыналы қазбамды санасуға,
Жәрдем етер аспанда ай да маған.

2005

ҚАДЫР МӘТКЕНОВКЕ

Думан-той құтты болсын, бауырларым!
Лаулады бүгін асқақ лағыл жалын.
Жетпіске Қадыр інім жеткен күні,
Келіп тұр жыр төгілтіп ағындағым.

Қадырым – конған қыдыр Қарсақбайға,
Баспадың қиындықта алшақ жайға.
Сөнсе де «Қара қазан» сын сағатта,
Жарадың құтты жерді сен сақтауға.

Жезді мен Жезқазғанға сыйың ерен,
Қарсақбай қуат алды бүгін сенен.
Тойыңда тоқсан ауыз сөз айтылса,
Тобықтай осы болар түйін деген.

Ноянсың ауыр іске мығым шыдар,
Жартаста дауыл жықпас болдың шынар.
Қазақтың Қарсақбайын сақтап қалған,
Саңлақсың маңдайыңның жұлдызы бар.

Сол жұлдыз бағыт сілтеп, жарық беріп,
Болжадың болашақты анық көріп.
Қарсақбай зауытының түлегі едің,
Атыңа жүрдік сырттан қанық болып.

Байқадық қисын білер қыры барды,
Қара мұрт мысшылардың нұры жанды.
Атақты «Қара қазан» тоқтаса да,
Қарсақбай жаңа зауыт құрып алды.

Жас едің өңкей дүрдің соңы дерлік,
Бас болдың қайратың мол, жолың ерлік.
Ел сүйгіш, адам сүйгіш мінезіңнің,
Әкелген абырой-бедел зорын көрдік.

Ақ даңғыл азаматтық жол сол екен,
Көкседің Қарсақбайға мол береке.

Өмірің жас ұрпаққа үлгі болған,
Бұл бүкіл аймақ үшін зор мереке.

16.04.2005

ТӨРЕГЕЛДІ ШАРМАНОВҚА

Сүйсінемін, толғанамын, жырлаймын
Сонда менің басылады бір қайғым.
Сыйлы досым болғаннан соң мақтанам,
Басқан ізін жер бетінде құндаймын.

Міне, сол дос –
Төрегелді Шарманов,
Жылдар өтті, қалғаным жоқ алданып.
Қиындықта қол ұстасып табыстық,
Қуанышта жүрді жүрек жалғанып.

Қос кемедей көрінеміз қос қайық,
Ол желкенін кеңдеу жайды қасқайып.
Жетпіске бүгін Төкең келіп тұр,
Құттықтаудың беташарын бастайық.

Айту қиын тынған істің көлемін,
Адам үшін көтерді ашық өрелі үн.
Басты байлық – саулықты ол ту етсе,
Медицина білгіріндей көремін.

О, Достарым!
Қосыла бер лекке!
Дәл сондай бол, адам үшін гүл ек те.
Бар саулығың ішкен астан деп қана,
Ай-әлемді қосты асыл тілекке.

Түн баласы түнегендер көзінде,
Тапты дәру Төрегелді сөзінде.
Балалардың тәбетіне арналған,
Қолдады әлем ғылымын да, өзін де.

Ашық айтып алға жаяр бар істі,
Ғұламалар Алматыда табысты.
Бұл кездесу атанды «Ұлы Хартия»
Жедел көмек қоңырауын қағысты.

Жер-жаһанның зор бағасын ұғыстым,
Сол шаттықты тік айтуға тырыстым.
Саулық сақтау шықты әлемдік төріне,
Алғыр қыран Шармановы Шығыстың.

Әр сөзімді салмақты етіп тастан да,
Арнауымды балап келдім дастанға.
Алатауда алды «Тарлан» сыйлығын,
Ұлытаудан шықса самғап аспанға.

Өрге шапса қызып кетер таза мәрт,
Қажу білмес, жүк санамас қазанат,
Леон Бернард атындағы сыйлыққа
Иегер болған ол – әлемдік азамат.

Жұлдызымыз көкке төккен арайын,
Марапаттың алды әйгілі талайын.
Сол Шарманов жетпіс беске келіп тұр,
Құттықтайық, қол соғайық, ағайын!

Жүрегімде доска арнаған бай сарын,
Бәрін емес, бір ұшқынын байқағын.
Не де болса құтты болсын жетпіс бес,
Төке, осы ақ тілекпен айтарым!

10.12.2005

ТОҚСАН ЖАСПЕН ҚҰТТЫҚТАУ

Әбілқас Сағыновқа

Әбілқас аға, Сарыарқа саңлағысың,
Баянаула таң нұрын шалған ұлсың.
Ғалымдардың ең соңғы могиканы,
Туған елдің заңғайыр ардағысың.

Қаныш аға қадірлі легісің,
Жеміс бермей қалған жоқ бір егісің.
Кең төсінде жайнаса «Алтын Жұлдыз»,
Алтын өлке ақжолтай түлегісің.

Бақыт құсын қондырып Қарағанды,
Тай тұяққа шарболат таға салды.
Осы өңірде нар тұлған көзге түсіп,
Төккен терің көмірге бағаланды.

Жасыбайдан нәр алсаң таң аркылы,
Сұрыпталдың табиғи заң аркылы.
«Сабыр түбі – сары алтын» десе халқым,
Сенсің, аға, қазақтың сары алтыны.

Қандай ғажап?!.
Телегей тұнған дарын!
Бөкетовпен бір дәуір құрғандарың.
Эльбрустің қос шыңы сияқтанып,
Ел сүйсінтті күлімдеп тұрғандарың.

Қанат беріп құтты Отан кең алаңы,
Қос өлкеге ұл етті кей дананы.
Әбілқас пен Евнейді Қарағанды:
«Егіз ұлым өзімнің» дей алады.

Ғалым-ұстаз, кеншілік кештің селін,
Кеш қалған жоқ соңыңнан бақыт сенің.
Тәлімгерлік бойында Тәңір ісі,
Тірі белгің – сан жетпес шәкірттерің.

Дүлдүл болсаң жүлде алған топтан асыл,
Нық орныкты сен өрге тепкен тасың.
Бұл қызықты көргендер көп емес-ау,
Құтты болсын, жан аға, тоқсан жасың!

24.12.2005.
Қарағанды

ДОСҚА СЫР

Бермедің деп зор бақыт,
Аллаға жүк артпайық.
Бөтен сөзді тоқтатып,
Қолдағы барды сақтайық.

Бермесе тағдыр ақылды,
Өзгеге пәле жаппайық.
Жоймайын десең атыңды,
Өзіңнен сынды бастайық.

Ағаңа күш бол шығынсыз,
Жүдетпе сепшіл жүрегін.
Ініңе жаз бол шыбынсыз,
Жайқалып өссін тірегің.

Балаңды тілдеп жекірме,
Ол саған қатты сенеді.
Бағаңды сыйлы кетірме,
Сені де әкең жебеді.

Сілтер жер келсе, сергі енді,
Сабырмен төрлет, жығылма.
Желпініп қал сен де енді,
Тасада бекер тығылма.

Ақылсыз қайрат – пәлекет,
Қайратсыз ақыл – тұл жетім.
Қос қолдап етсең әрекет,
Ақталар алда міндетің.

Сөзіме етпе ерегес,
Өзім де зерлеп қараймын.
Осының бәрі, мен емес,
Айтқаны елге Абайдың.

24.10.2005.
Астана

ҚҰТТЫ БОЛСЫН АЛПЫСЫҢ

Құдайберген Қалиевке

Құдайберген,
Келді алтын алпысың,
Жақсы інім деп арнау еттім жан құсын.
Алпыс деген ең қымбат жас тірлікте,
Өміріңде қайталанбас тал түсің.

Сұрақ койсаң бар екен деп не түрі,
Шаңқай түстің өзгеден көп өтімі.
Алпыс деген –
Кәрі де емес, жас та емес,
Екі дүние ортасында көпірі.

Кемел кезең сағындырмас жастықты,
Күзің емес, дей бер ғажап жаз шықты.
Жастарға аға, егделердің еркесі,
Ойлатпайды тақап қалған қарттықты.

Кербез маңғаз қызығады саяңа,
Сұлулықтан жан тілегін аяма.
Алпыс деген – толқып жатқан дария,
Акқу көрсең сағындырмай аяла.

Бір күніміз болып кейде мың күндік,
Жастық шақта асау аттай жұлқындық.
Не десек те...
Ол қызуың басылса,
Сыр бермейді ақылы мол сылқымдық.

Ел үшін де сан сайыска жарайсың,
Бастан өтер егде күнде талай сын.
Отар жайып ойға түскен шопанша,
Бір биіктен алды-артыңа қарайсың.

Есіл-Көкше сенсің нағыз тарланы,
Жолың құтты басқан іздің бар мәні.
Талай жылдар тау көтерген алыптай,
Атақ-даңқың сақ қырандай самғады.

Өмір деген – емес шымқай той-думан,
Азаматсың сәт кездескен ой-қырдан.
Кең мінезді кеменгерсің, тереңсің,
Туған жердің мұңын толғап ой қуған.

Жүрдің аулақ былық-шылық шатақтан,
Бір сөзің жоқ күнә дерлік қата айтқан.
Пәктігің мен ақтығыңның айғағы –
Алла сақтап аман қалдың ауыр апаттан.

Келе берсін сексен, тоқсан – мол жасың
Ата-баба аруағы жебеп қолдасын,
Әр бес жылды тап осылай атап өт,
Сен ел үшін есен қалған олжасың.

Егде күндер беріктесін тағаңды,
Ортайтпасын жиған бедел-бағаңды.
Құдайберген, құтты болсын алпыс жас!
Сәулешіңмен кең жайлай бер заманды!

15.10.2005.
Астана



Екінші бөлім

ПОЭМАЛАР, ТОЛҒАУЛАР мен ОДАЛАР

ЖАРЫСБЕККЕ ОДА

Аяулы дос Жарысбек Әбутәліповтің рухына

Бірге оқыған Мәскеудің қаласында,
Бауыр бастым ғажайып сан асылға.
Кіршігі жоқ,
Кіл таза адал достар,
Қалады екен адамның санасында.

Бармап едік көк тиын санасуға,
Болмап еді қыз үшін таласу да.
Жөнге тартар, Жарысбек, жігіт едің,
Өңшең жампоз асаулар арасында.

Шота жүрсе қыз іздеп өріс құрып,
Шәкір ұтса «алапай» бөліс қылып,
Жанапайлап достардың «оңы», «солын»,
Сен жүруші ең бәрін де келістіріп.

Мен жасасам акындық қайсар қылық,
Қоңқа қостар сөзімді қанжар қылып.
Экономист Есімбек есіргенде,
Көрсетуші ең сен үлкен байсалдылық.

Аз болған жоқ кездесу қызық көрер,
Кеншімін ғой керегін жүріп терер.
Ең алғашқы сұхбаттан дос боп кеттің,
Керек болса жүректі үзіп берер.

Студенттік өмірдің көрдік төрін,
Бөлдік бірге біреуге қоң біткенін.
Той-думанды қыздармен
Мен басқарсам,
Сен ақылшым мүлт баспас, орнықты едің.

Кәмпит, шарап қымбатын сәндікке де,
Жарқыратсақ
Қыздарға мәртікке де,
Шота, Жәлел шыдамай жеделдетсе,
Шақырушы ек оңаша тәртіпке де.

Жүре-жүре ысылдың, кемелдендің,
Жас та болса
Заты бар кеменгердің.
Беделдендің сайыста беті қайтып
«Кереметпін», «шешенмін» дегендердің.

Есіме алып отырсам енді, міне,
Ермеппіз-ау есер шақ желігіне.
Демалыста шықпаушы ек «Ленинкадан»,
Тез орныксаң жанымның сеніміне.

Көрініп ең есті жан туған дара,
Асыл сөзге қалып ең мамандана.
Мәриям, мен жас отау құрған сәтте,
Тойымызды басқарттық саған ғана.

Сұлулары-ай Мәскеудің ерікті алар!
Той болды ғой жадымда берік қалар.
Шәкір ағам құлшынды ария айтып,
Әнге құмар құрдасым Серік те бар.

Әрбір қадам айналар бәрі аңызға,
Өнерпаздар толқыды арамызда,
Жас отауға арнады ақ батасын
Елден келген Ләмәли ағамыз да.

Сәті туды жүректің іркілмеген,
Үзім мезет болмады біз күлмеген.
Оқу бітіп,
Үйленсем бес күннең соң,
Мәриям да қыз еді-ау үлпілдеген.

Аққу келіп алдымнан шықпағандай,
Қызу жалын мен түстім отқа қандай?!
Қуаныштан оның да есі кетті,
Ниеті жоқ қыз күнін жоқтағандай.

Көзбен шолсам ақ үкі омырауын,
Қоймады ғой жас жүрек жамырауын.
Сол тамаша, шіркін-ай, тойды бастап,
Біздің шаңырақ сен соқтың қоңырауын.

Қызым Майра аттанса кияларға,
Мәскеуде едік,
Осында құдалар да.
Қызығымның тұңғышын сен баскардың,
Досым болып,
Көш түзеп шығар алға.

Қонақ үйі әйгілі «Москва» атты,
Мәрмәрлі зал,
Салтанат, мол дәм тартты.
Тамадалық өнерді шарықтаттың,
Орыс-қазақ тамсанса аса катты.

Қызып кетпей
Екеуміз жүрдік бүтін,
Жас-кәріге ерекше құрдық күтім.
Тұманбай, Шота, Аманжол, Орынбек пен
Төлегендер орнатты жұлдызды түн.

Кім сол тойда
Толағай нұрланбады?!
Кім сол кеште
Шаттыққа шын қанбады?!
Люция құдағи, Серікбай құда,
Ақ жарылып, айтпаған сыр қалмады.

Жас аққудай әл көрген қауырсынды,
Құдашалар өзіңді бауырсынды.
Кремльдің қасында шалқып-толқып,
Беу, Жарысбек,
Көтердің ауыр сынды!

Сонда елестеп Құлагер арқырады,
Ақан, Біржан әндері сән құрады.
Раушан, Ләйла, Ұлжан мен Қамажандар
Ортасында Мәриям да жарқырады.

Күзді сол той ажарлы көктем етті,
Майра, Марат мерейді өркендетті.

Билеттің де күйлі еттің,
Өзің-дағы
Кешіп өттің лаулаған өрт пен отты.

Алматылық құлпырса гүлі жолдың,
Алқа топтың көш бастар дүрі болдың.
Шаңыраққа
Сен қонған қыдыр едің,
Енді жүрек сарқылмас жыры болдың.

Тап осылай өткіздің ұлдың тойын,
Алатауда зор думан құрдық ойын.
Қызғанғам жоқ,
Қаракөз бір балдызым,
Саған талай сүйсініп бұрды мойын.

Алға басса әрдайым ұзап кемем,
Қуанышқа малшындым шуақпенен.
Үйленгенде Ерланым...
Бас тамада,
Қыза тарттың үр жаңа қуатпенен.

Әр сөзіңе мән беріп ұйып тұрдым,
Ата дәстүр сан талай ғұрып құрдың.
Бір немерем өзіңдей ақылды боп
Туатынын ішімнен біліп тұрдым.

Сондай үміт жүректе сөнбейді екен,
Жарқылымен жанымды емдей кетем.
Тәубе деймін немерем дүлдүл болса,
Көкірегін ақ тілек меңдейді екен.

Кең таныды тірлікте барыңды елім,
Гете, Пушкин, Абайшыл дарынды едің.
Оқығаның ойында ойран салған,
Көркем сөзбен топ жарған жалынды едің.

Оза тартпай шын тарлан жүрсін неге,
Кең айдында көріндің ұшқыр кеме.
Желкеніңді сен талай желбіреттің,
Тапқыр талант мемлекет ісіңде де.

Кең жайлаған бір заман биік төрін,
Бәйкен ағам мақтаған білікті едің.
Есіме алып отырсам
Осы шығар...
Ортамызға қайтадан тірілткенім.

Сен қажымас ақжолтай ағынымсың,
Дауыл жықпас салмақты, ауырымсың.
Сүттей таза көңілің естен кетпес,
Ары таза, ардақты бауырымсың.

Мен үшін сен
Қазыбек би, Қаныш та едің,
Талай қызық тындырдың алыс шебін.
Достарыңа мінезің сабақ болды,
Қорғасыннан салмақты Жарысбегім.

Ақыл, сезім – бойыңда қос қорғаның,
Ақиқаттың арманын көп толғадың.
Ғұмырыңды, беу, Жәке, көркейтіп тұр,
Дүлдүл інім Төлешпен дос болғаның.

Болмай өткен қарқыны бәсеңдейтін,
Бұзбайтұғын дауылпаз әсем кейпін
Нұрғиса да өзіңді қатты сыйлап:
«Ақылгөйім, Жамбылым, Жәкем» дейтін.

Бірге өткізген айшықты дәуірім ең,
Дос-жараның ішінде тәуірім ең.
Той дегенде
Селк етіп сені іздеймін,
Аңсап жетер аңқылдап бауырым ең.

Тойлар өтті өмірде сан сатыда,
Асабашыл сүйсіндік мандатыңа.
Біздің «Күміс тойды» да сен басқардың,
Ұшып жетіп Мәскеуге Алматыдан.

Атыңды атап төгілсе еркін өлең,
Қатар жүрген күндердің көркін көрем.
Тақап қалды «Алтын той», өзің жоқсың,
Түсіп тұрмын сағыныш өртіне мен.

ЗАМАН СЫРЫ

Бірінші өлең

Мәскеу бізге не десе де мақұлдап,
Қайталадық жас балаша тақылдап.
Есептедік азаттықта жүрміз деп,
Бодан күнде көрмесек те жақындап.

О, көнбістік!
О, баяғы жуастық!
Ым-жым демей «мықтылармен» ұластық.
Мұсылманша сәлем беру орнына,
Есендікті өзге тілде сұрастық.

«Көктөбеде күнде тойға» тоғыстық,
«Көсемдерден» сөз қаулады көп ыстық.
Байқоңырдан БАМ-ға аттандық,
О, сұмдық...
Ауғанстан көршімен де соғыстық.

Шейіт болды талай қыршын бауырлар,
Шекті аналар орны толмас ауыр зар.
Ұлы кетіп ұяттырақ майданға,
Табыт құшты бейбіт, бейқам ауылдар.

Сурет еді-ау «Кіші Ильичтің» жүрісі,
Көп жұлдызды әсем еді-ау тұрысы.
Жағы түспей тағын бермей аттанды,
Генсек күйде аяқталды тынысы.

Борқа тірлік, болбыр жүріс ұнады,
Онда төрге шымқай шалдар шығады.
Дәл соларға ұқсап әбден күш кетіп,
Империя да «жағы түсіп» құлады.

Оңай өшті. Одақ төрі жабылды,
Империя етек-жеңі қағылды.
Ресейдің өзі бастап бөлінді,
Біз азаттық алған шырақ жағылды.

Екінші олең

Бүгін басқа ырғақ келді өлеңге,
Көкшіл туым, саған сенем төбемде.
Желбірей бер жақсылыққа шақырып,
Ел беделі түспестей боп төменге.

Есен шықсақ талай жылғы құрықтан,
Айрылмасақ тілден, діннен, ғұрыптан,
Сусындармыз таза кәусар тұнықтан.
Балалардан ұяламын шорқақ тіл,
Енді қазақ екенімді ұмытпан.

Жылдар өтті алыс жолда қаңтарған,
Жүрек сыздап сағынышты ән салғам.
Еділдетіп елге кеткен самолет,
Менсіз ұшып ауырласа тамсанғам.

Жылдар өтті.
Бірақ, алыс киядан,
Өлең-жырым көз жазған жоқ ұядан.
Аз жаздың деп асықпашы, інішегім,
Көп жаздым деп мақтануға ұялам.

Тілге тиек етсем ең зор мақсатым:
Туған елім, шыға берсін жақсы атың.
Тілегім сол:
Қарабақша қақсатып,
Шешендерше шырылдаудан сақтасын.

Тілегім сол:
Ту көтерсе дербестік,
Тез орнасын шын азатты теңдестік.

Әнтек кетіп, есірмейік асығыс,
Кешпес күнә ағат басу қапылыс,
Қанша заман... қанша ауыр шер кештік?!.

Бас құрасақ қолдан намыс берместік,
Құрысыншы адамға адам сенбестік,
Сенбестіктен қаншама ауыр шер кештік.
Ұзағынан сүйіндірсін! – Тілек сол,
Тез нығайсын елім алған дербестік!

Қиялдасақ нұрлы тілек елесін,
Ел ынтасын ынтымаққа бөлесін.
Тілегім сол:
Есен көрсін қазағым,
Адамзаттың өркениет белесін.

Үшінші өлең

Айту қиын жиырмасыншы ғасырды,
Озбыр заман жуас елді басынды.
Біріне бірін айдап салып қазақтың,
Жандайшаптар пәлекетін асырды.

Елім шеккен озбырлыққа не дейін,
Тізбектеуге қиналады көмейім.
Қайран елдің басын қайғы қаңғыртты,
«Халық жауы» деген өршіп өгей үн.

Осындайда жүрегімнің дүрсілі
Жиілейді. Жабық жатыр мың сыры.
Ахмет, Сәкен, Ілияс, Мағжан обалы,
Жібермеді, міне, заман шын сыры.

Ел шошыды басын ГПУ орғанда,
Қан қақсады ішке қасірет толғанда.
Ұлттық бейне шаңырағы шайқалып,
Дел-сал болып жүрдік меңіреу орманда.

Көнбегеннің кос құлағын мың бұрап,
Өмір өтті, жөптей бердік сылбырап.
Сөйте бердік төрдегілер құлдырап,
«Шикізаттың» елі болдық шикі қап.

«Шикі» дедік самородный тазаны,
Жезқазғанның қызыл мысын мазалы.
Теміртаудың шарболатын «шикі» деп,
Сілкіп алды. Қазақ болды жазалы.

Жаса, елім, жаңа жолға сай қадам,
Жеңер енді оң мен солды байқаған.
Бірақ, шіркін, кигізбесін басыңа,
Әкімшілік таз кепешін қайтадан.

Тіл шығады көкірегіңе мұң батса,
Бүгін жақсы. Ертең туар күн басқа.
Айтарым сол:
Жер байлығын тез құртып,
Болашақты тастамайық құмдақта.

2005

АУЫЛ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАУ

Аңсағаным болмас ғайып түс кілең,
Күштілер бар,
Күштірек ең күштіден.
Ол – ауыл ғой...
Қарап тұрған қашанда,
Үкіметтер мен партиялардың үстінен.

Көріп қайтшы,
Не халде екен ауылың?
Жасадық па сән-салтанат тәуірін?
Беу, әкімдер!
Ауыл мұңын жоқтайық,
Тез өтеді ел билеген дәуірің!

Дала көркі жылқы еді ғой халықта,
«Құлагерлік» дарымады арыққа.
Тап бүгінде қазы-қарта азайса,
Құр далбаса қарық болу нарыққа.

Беу, ағайын!
Ақын сөзін бір тыңда:
Үйір жылқы тұрсын әр үй сыртында,
Ас төресі қымыз, саумал азайса,
Жүдеу тартар қазақшылық ғұрпым да.

Көкірегімнен өткізгенде ауылдың,
Бар өмірін көрем өңшең ауыр күн,
Ауылымды қатты соқпай өткен жоқ,
Біреуі де қазақ көрген дауылдың.

Беу, момын ел «шын бақытты» саналған,
Қара нан мен шай болды ғой бар арман.
Қайдан білсін қоян арық, ай жарық,
Құрдым халін қолда барын тоналған.

Кен байлығы, жер байлығы сауылды,
Кімдер кешті «өркендеген» дәуірді?!
Кеше Мәскеу, бүгін пысық магнаттар,
Жүдеулікке ұшыратқан ауылды.

Жер байлығы – кенім кетсе сыңғырлап,
Өтеу қайда қажетке сай құн бұлдап?
Қала өсті,
Қазағыма не тиді,
Дән тасытып, түлік баққан мың-мыңдап?

Ауылдарға жөндеп көңіл бөлдік пе?
Ыстық су мен жылу әкеп бердік пе?
Алғанды емес, алдырғанды жазғырдық,
Тебінгісі мықтыларды көрдік те.

Жүдеп жүріп «алғы сапта» теліндік,
Төсте жүрді «миллиардтарға» көрімдік.

Малшы, егінші,
Құрыш білек, құс қолдар,
Жүріп жатыр жасай біліп көнімдік.

Аралдағы жеңешем де ақ табан,
Шұбырынды «ақ құм», аптап қақтаған,
Арық қойға қарап қалды,
Ол қайтсін,
Балық барда бақа етін татпаған?..

«Елдегінің жегендері бәрі май...»
Дейтіндер бар шын тірлікті танымай.
Талай ауыл әлі күнге отыр-ау,
Ішер судың тазасына жарымай.

Ал қаланың
Әзір жылы суы да,
Жылжып жатыр үй жылытқыш буы да.
Ток пен газға сәл іркіліс орнаса,
Бұрқ етеді астан-кестен шуы да.

Қайран ауыл,
Жарасы көп асқынған.
Бауырым-ай,
Үнді шайы мас қылған.
Газет, кітап көзден ғайып болғанда,
Күн туды ғой рухани аш болған.

Байқа, бастық!
Өзге қажет... ол қайда?
Жылу қайда, газы қайда, жол қайда?
Ыстық монша, дәретхана тап-таза,
Қора-копсы жайнап тұрса болмай ма?

Қадау жерден берсе қажет олжаны,
Әкімдіктің сонда деп біл мол мәні.
Солтүстіктің әкіміне ризамын,
Келе сала қолға алған моншаны.

Тірлік қамы,
Байлық емес барлығы,
Талапсыздық емес Алла жарлығы.
Шындықты айтсақ,
Осы күнгі кей ауыл
Көрінеді орта ғасыр қалдығы.

Ауыл, қала – қос қанатпен ұшқаның,
Бірдей болса сонда мені ұққаның.
Бірі алтын, бірі балшық көрініп,
Құлдыратпа ұлттық негіз құт-сәнін.

Нарықты да бағытташы осыған,
Тілегім сол, білек сыбап қосылам.
Эйнштейн теориясы емес қой,
«Ақ», «қараны» айырмасаң шошынам.

Жүрсек-тағы қай дүрбелең дауылда,
Еленделмін ел деген зор қауымға.
Ағалардың күтуінен зиратты
Аруақ қонды атам жатқан ауылға.

Ауыл десем –
Сезім қаулар сан алуан,
Абай, Қаныш сол ауылда жаралған.
Өнер-білім иелері, ауылға
Зейін салсаң
Орындалмас қай арман?!

Ауылдағы белсенді не тындыртты?
Жаным сүймес ынжық пенен салғыртты.
Игере біл бәсекеде қалыспай,
Арпалысты нарық саған жылжытты.

Ұлтшыл емес, ұлтжандымын қашанда,
Осыны ұғын сыр дестемді ашарда.
Жер иесі ауылдарда деп ойла,
Жекеменшік жаңа өрісін жасарда.

Нарық бастап жаңа жолға бет алсақ,
Ауыл-қала аралары өте алшақ.
Тілегім сол:
Алыстағы ауылды,
Астананың бір бөлшегі ете алсақ.

06.07.2005.
Астана

ҰЛТТЫҚ БЕЙНЕ ОЙЛАНТСА

Бірінші өлең

Тұрмыз бүгін дара жолдың басында,
Көз тігеді досым, ескі қасым да.
Қазақ жері делебесін қоздырып,
Ұмсындырды кен байланған тасым да.

Ғұрпын емес, құлқын зерлеп баққайсың,
Сонда ғана ел сенімін ақтайсың.
«Өзім деген өгіз күшке» сала бер,
Капиталистің ақымағын таппайсың.

Ұлттық бейне десе қамдап үкіні,
Көйлек-камзол көп түзелді күтімі.
Көрінсін де көтеріңкі көңілі,
Тұтас тұлға Қазақстан бітімі.

Көп тізгенмен бітер дейсің қай мұңым,
Маған қымбат ар-намысқа сайлығың.
Бар қазақтың жеріндегі қазына,
Болсын деймін әр қазақтың байлығы.

Екінші өлең

Көріп өстік «жоқ» пен «бардың» біразын,
Сиыр емес, нарық та әлі құнажын.
Қазақ деген мейірбанды ел едік,
Жомарт қолды «жоқ» кеспесе ләзім.

Айлакерсіп молдау алып теңселіп,
Біреулер көп әкетті ғой еңсеріп.
Жиырма шақты олигархы қазақтың,
Бар байлықты алды бүгін меңгеріп.

Жүрегімді нұрлы тілек тазартты,
Түсімде де Абайшыл үн наз артты.
Байығандар өзге тілде сөйлесіп
Солар құртып жібермесін қазақты.

Байығандар банкілерде шетелдік,
Туды заман байлық жинап өтерлік.
Тап осылай туды берік қоймалар,
Ұлттық пайда сүңгіп сыртқа кетерлік.

Адалдықты уақыт ертең жөптейді,
Арығанға қоң бітіріп септейді.
Бір ғажабы, құныққандар байлығын,
Қара жерге бірге алып кетпейді.

Үшінші өлең

Одан да алыс көз жүгіртсем әрманға,
Кітап, газет ауылдарға барған ба?
Жоқ деп жауап беремін мен ашынып,
Руханиятым жүдеусіреп қалғанда.

Ортақ ақыл, парасатты іс керек,
Ал өйтпесек сыңаржақтар күштемек.
Ауыл кітап оқымаса, қазағым,
Тағдыр сені шын өлтіре тістемек.

Шаң тастайды заман түлкі бұлғаңмен,
Оған жеңіл жұртты қатты ұрған сең.
Тіліміздің күннен-күнге құртады-ау,
Жаһандану жаққа көшті бұрғанмен.

Бұл тұжырым, емес ұсақ шөп-шалам,
Түйсік тапсаң түсінді деп тоқталам.
Қала-дала қатар қанат жаймаса,
Ұлттық бейнем көтерілмес деп қалам.

Ұлттық байлық – өнерпаздың дарыны,
Бәрі-бәрі ата-баба тәлімі.
Ойнақтап тұр
Нұрғисаның күйінде,
Мағжандықтың жалыны,
Абайлықтың сарыны.

Қайдан десек көкірек зәру дәріні,
«Жезкиікте» бар Қорқыттың зар үні.
Ұлттық бейне – әлмисақтан басталған
Қазақтардың өз дәстүр, өз қалыбы.

Кешегінің бар асылын қудырған,
Бүгінгінің сорақысын тудырған;
Абыройы кетпесе екен нарықтың,
Рухани байлыққа көз жұмдырған.

Төртінші өлең

Зор қуаныш – алғандығы ел теңдік,
Бар тілегім – болашаққа сенгендік.
«Жемді аяған өлтіреді жиренін...»
Дей көрмеші,
Кей содырдан сенделдік.

Бергендерді құдашадай аялап,
Алғандарды жездесіндей саялап;
Кей шенділер жүр ғой қулық асырып,
Билік барда өз пайдасын маялап.

Жер бетінде туып жатыр ұлы істер,
Мысал да көп,
Ұшар қанат дұрыс дер.

Алға шықса жапондарға қарашы,
Бүкіл халқы намыскер һәм жұмыскер.

Етек жайсын әділеттің заманы,
Жол алмасын елді талау амалы.
Күндіз-түні еңбек еткен ерінбей,
Жана берсін өнерлінің талабы.

Кері қайтып сандалу жоқ қайтадан,
Ел оянды, соны көріп жай табам.
Бай болма деп ешкімге де айтпаймыз,
Адал термен жиғаныңды пайдалан.

Бесінші өлең

Аз емес-ау көргенім де тергенім,
Ардақтайық ақ бидай мен жер кенін.
Алтын емес, артын ойла
Зым-зия
Жұтқызбауға табиғаттың бергенін.

Мақтанамыз асыра сілтеп кейде біз,
Саналы ойға әлі күнге кендеміз.
Ақшалының қалтасына қарап тұр,
Аузын ашқан біздің ұлттық бейнеміз.

Жарқырап тұр байығанның сарайы,
Өңшең пысық, «жылпос» қулар маңайы.
Тіл әр сақта, дін арабша жатталып,
Жүдеу тартты ұлттық бейне арайы.

Таза ниет бірлескенді қолдайық,
Ел әлсіреп, қуланбасын ол байып.
Тілегім сол:
Ендігәрі ешкімге
Тегін пайда, майлы шелпек болмайық!

2005

1932 ЖЫЛЫ ТУҒАНДАР

Лирикалық поэма

Деректер 2,5 миллион қазақтың
аштан өлгенін анықтады...
Газеттен

Алғы сөз

Қара бастың мұңы емес,
Бүкіл ел сыры баққаным.
Жеңіспен тынды мың егес,
Дербес таң көрдік атқанын.

Толқымай бұған тұрар кім,
Абылай туы сақталды.
Мағжан, Ахмет, Тұрардың,
Қиялы бүгін ақталды.

Жыр етсем де қай күнді,
Қабындап тұр ғой ұлан іс.
Туғалы шеккен қайғымды,
Ұмыттырмас қуаныш.

Қалды ғой беріш тас болып,
Ауыр жыл ізі өшпеген.
Аш қасқырдай қас болып:
«Аштықтан құрып өш» деген.

Бұл «бостандық» не түрі?
Қазақты аштан құртты кім?
Тиді ғой бізге кесірі,
Сұрқия жолы «мұрттының».

«Асыра сілтеу болмасын,
Аша тұяқ қалмасын», –
Деген жын-ұран иесін,
Қалғандар тірі қарғасын.

Саңғырап жатқан ел тозды,
Маңырап жатқан мал кетті.
Момақан мінез, қой көзді,
Қырылып қанша жан кетті?!

Молшылық жетсін мәуелі,
Жарқырасын күн, айым.
Аруақ қолдап әуелі,
Аштықтан сақта, Құдайым.

Замана жаңа ашты есік,
Керілді кеңдеу кереге.
Жете гөр, қазақ, бас қосып,
Азамат асқан өреге.

Ар-ұят, заңға сиынып,
Әділет шықсын төріме.
Рушылдық тыйылып,
Ұлылық қонсын еліме.

Бірінші өлең

Ердің солай өлгенін,
Қардың қалай көмгенін
Құзғыннан басқа көріп пе?
Мағжан Жұмабаев

Құрғанша елдік жекеше,
Көп шектік заман ығырын.
Таласқа тартқан текеше,
Қайнады, қазақ, зығырың.

Жоғалтқан сұлу орманын,
Еленделп тұрмын маралдай.
Жағасы кеуіп қалғанын,
Отырмын сезген Аралдай.

Жезкиік көрсем жан шығып,
Көп айттым қызды керемет.
Ал бүгін мұңға шалынып,
Ішіне кірем өлең-өрт.

– Көңілі босап, аты арып,
Не күн туды осыған?
Ақын-кенші атанып, –
Дейді ғой әкім, – «тасыған».

Жоқ, достым! Менде шер қалың,
Сыртымнан бекер даттайсың.
Аралап бүкіл жер шарын,
Қалыңдау шерді таппайсың.

Отыз екінші жыл төлі,
Шеккенім кермек ашқылтым.
Көзімде жатыр мұң мөрі,
Қайғы-шер – менің паспортым.

Сокпақты кешкен жасырмай,
Ұрпаққа кеңес етейін.
Қасара білген Қасымдай,
Анығын айтып өтейін.

Кермектің молын татты ғой,
Мейірбан туған ет жүрек.
Үкілі Ыбырай айтты ғой:
«Екінің бірі кетті», – деп.

Жар салардай жер-көкке,
Жыл басында туыппын.
Жылай-жылай жөргекте,
Көзімнің жасын құрыттым.

О, тағдырым! Сонда аятпай,
Қинады-ау қатал болғаның.
Қырылған жұтта саяқтай,
Қырғыннан қалған олжамын.

Өзекті жарған мол сыры,
Үзілмей қалған күдермін.
Өмірден өткен сол жылы,
Тұяғымын біреудің.

Кен кеулетіп, тас жарған,
Көрінсек өжет сом жігіт;
Қырықтың бірі сау қалған,
Сөнбеген болдым соңғы үміт.

Жүрсем де қанша жарқырап,
Сыздатар ескі үзірім.
Бұлақ боп қалған саркырап,
Суалған дария ізімін.

Жидек теріп, қоқым жеп,
Үзімнен көзін үзбеген;
Тасыған ерте отын-шөп,
Тер сіңген таймыз – біз деген.

Ішкі намыс шын күштеп,
Өстім ғой тұрып-жығылып;
Өмірдің өзі түйгіштеп,
Салғызды тауға тұғырық.

Партия жұмсап, барсам да,
Әмуге туыс саналдым.
Жүрсем де әуре-сарсаңда,
Жаршысы болдым Аралдың.

Екінші өлең

Өзендер қара су болды,
Қасқалдақ еті у болды.
Халық әнінен

Тіл жетпес қасірет тартқанын,
Бір ауыл шілде кешінде;
Түсіпбек аға, айтқаның
Қалыпты бекем есімде:

– Балықтан ажал жетіпті,
Уланды қанша бауырлар.
Тұяқ серіппей кетіпті,
Ащысудағы ауылдар.

Шабақтың сорып басын да,
Қаскалдақ етін оттаған;
Байқоңырдың қасында,
Болды ғой кесел топалаң.

Сезімді ақыл басқарып,
Айта алмай бәрін тежейсің.
Домбыққан, іскен аш халық
Не жемеді дегейсің... –

Деп күрсінді Түсекем,
Жалғады сөзін әрірек. –
Сауалың ауыр іс екен,
Болайын енді дәлірек.

Жеті жұртын жетелеп,
Ел-жұртқа опат жұт келді.
Ұранын улы өтемек,
Ұлық та шошып сырт берді.

Әкімшіл, үстем, әміршіл
Қан қаксатты «қара мұрт».
Қырылған адам жаны шын,
Көрінді шыбын, ала құрт.

Голощекин қастана,
Арыстарды «жау» деді.
Қырылып ел-жұрт жатса да,
Қазақты «есен-сау» деді.

Жүгінді «мұрттың» алдында,
Маймыл, мысық, жыландай.
Құртты санын малдың да,
Айтқаны жүрді ұрандай.

«Обағанның саяғы
Түзде жүріп тебісер».
Жікшілдік жеңіп баяғы,
Көбейді ерлер керісер.

Мықтымызды қаумалап,
Сұраусыз салды құрыққа.
Осалдар бас сауғалап,
Шыбжыңдап жақты ұлыққа.

Аштық жылғы ән еді, –
Дп шертті ағай домбыра.
Әуездің қызды мәнері,
Көңілге мұң-зар қондыра.

Екі шек сонда зарланды,
Адамның жанын мұңайтып.
Құлақ күйі жалғанды,
Шымырлап, шымшып, сыр айтып.

Он саусақ жүрек шырмады,
Тілдесіп сегіз пернемен.
Жандырған құмар ырғағы,
Жалғасып кетті термемен:

«Қасқа маңдай қасқалдақ,
Суға сұмдық тасиды.
Қырға шығып қақшаңдап,
Арқа-жонын қасиды.

Майға шөккен қасқалдақ,
Сайға пана болмайды.
Ұшпаған соң аспанда,
Шүрегейлер қорлайды.

Ұзынтұра қасқалдақ,
Көрінгені зорайып.
Үйір-үйір алшаңдап,
Тез өседі молайып.

Қара бауыр борсытқан,
Суға аққу қонар ма?
Шүрегейлер шошытқан
Көлге бақыт қонар ма?

Қара бауыр сұмданған,
Құлқы зор ғой ерекше.
Аш балық жеп уланған,
Еті арам емес пе?!

Көк ала үйрек таранған,
Құс базарын бастасын.
Шүрегейге таланған,
Қасқалдақтан сақтасын.

Майға батқан қасқалдақ,
Шел тұнады көзіне.
Өзге түгіл, борсаңдап,
Сеп тигізбес өзіне.

«Бұқа тұмсық басқарып,
Шүрегейге тоналды.
Қасқалдақтан жасқанып,
Қоңыр қазым жоғалды.

Өленденсем ашынып,
Толғантады ой тоқсан.
Шүрегейлер басынып,
Күн туды ғой ел босқан».

Тыңдаған жан қасымда,
Қайталатты зар тұтып.
Алдымда тұрған асын да
Ұмыттым өлең балқытып.

Сүттей таза айтқаны,
Тасаламай күркені.
Судың уға батқаны,
Сол ғой жұттың үлкені.

Шөлейт жылда сарсаңдап,
Уланыпты балық та.
Қара будан қасқалдақ,
Кесел болды халыққа.

Содан бері қыр елі,
Шошыр көрсе қасқалдақ.
Балыққа көзін сүзеді,
Ішін үрей астарлап.

Үшінші өлең

Кетпес бейнең көз алдымнан,
Бойымнан қан сарқылғанша.
Әбділда Тәжібаев

Үңіліп айға аулақта,
Тапқандай жарық сәулесін;
Қарайлап Жалғызтау жаққа,
Айтатын анам тәубесін.

Білдірмей жан жарасын,
Ішінде кетті-ау жас тынып,
– Барша қазақ арасын
Жалғасын, – дейтін, – жақсылық. –

Елестейді көзіме,
Ақ қағаз жүзі ажарлы.
Жан елтіп әрбір сөзіне,
Жүрегім менің тазарды.

Жақсылық болса бойымда,
Ол – анамның бергені.
Бір күдік тұрса ойымда,
Ол – өмірдің кермегі.

Азалы әні бар еді,
Таңырқап, толқып естіп ем.
Көңілге жәрдем бар емі,
Сол шығар үнсіз өксіген.

«Руымды сұрасаң
Қарауылда Шоқтыбай.
Қыршын жасқа кез болған,
Шіркін, малдың жоқтығы-ай.

Әрең жеттік Шоңайға,
Жаяу жүру оңай ма?
Пұлым жоқ, жалғыз ұлымды
Қарақшы жолда тонай ма?!

Туған жерді тастадық,
Бас қорғау жолын бастадық.
Кебінсіз топырақ жамылып,
Қырылып жатыр аш халық.

Аштықтың алғы шебінде,
Жалғызды сақтап тырыстым.
Тимеді, Алла, себің де,
Ұшында тұрмын қылыштың».

– Бұл біреудің өлеңі,
Бөлеген әнге арманын.
Ұзақ еді көлемі,
Ұмыттым, – дейтін, – қалғанын. –

Осы әнмен жалғап жан шерін,
Өткенді көзбен шолатын.
Анашым нәзік әнші еді,
Мен білген нағыз зор ақын.

«Дәл жиырмаға келгенде,
Арманда кеттің ұзақтап.
Он жеті жаста шерменде,
Жалғызды қалдым құшақтап...»

Дегенде ән де, сөз де асыл,
Жоғалтпас жүрек ескіртіп.
Әкемнің жасын, өз жасын,
Кетті ғой солай естіртіп.

Термелеп созар ақырын,
Жанары жаска малынып.
Әр сөздің ұқтым татымын,
Кетердей жүрек жарылып.

Нәр алдым өлең отынан,
Жаныма шырақ жағылып.
Кей кезде айтып отырам,
Анамның үнін сағынып.

Бұлт төнетін салбырап,
Қар жауардай түксиіп.
Далада боран аңырап,
Шам жанатын сықсиып.

Анамның ескі сарыны,
Әкете берсе әріге;
Сөнбестей шерлі жалыны,
Шарпиды мені әлі де.

Ерте әкетті өмірден,
Кеселдер кезек қайрылған.
Болсам да берік темірден,
Қабырғам қатты майрылған.

Ал, ағайын, бәрін тер,
Осы ғой айтар бар шыным:
Ақындық – деген қалың шер,
Ақындық – өшпес ащы мұң.

Жоғалмас әні санадан,
Қалайша үнін тот баспақ?
Кеткен екен жан анам,
Жаныма сөнбес от тастап.

Мейрімді жанбыз елгезек,
Мөлдірін сүйер тұнықтың.
Анамша өлең термелеп,
Тым ерте мың-мың сыр ұқтым.

Үйрендім берік төзімге,
Екі көз кейде төрт болып.
Көрінем кейде өзім де,
Ошақта қалған шоқ болып.

Төртінші өлең

Келеміз өзімізді жаңа танып,
Ұшамыз халқымыздан қанат алып.
Мұқағали Мақатаев

Жетпіс бес белес төксін жыр,
Жетпіс бес қыс пен көктемі.
Жетпіс бес жыл өтіп тұр,
Сол ауыр жұт өткелі.

Жетпіс бес дастан, өксік жыр,
Жазсам да түгел жетпейді.
Жетпіс бес Еділ, сонша Ніл
Жуса да мұңым кетпейді.

Айтайын сырдың анығын,
Бір жылға сыйған бір ғасыр.
Жаутаңкөз өскен жаны бір,
Құрдастарым тыңдасын.

Әкетті көпті жұт алып,
Зобалаң елді қылған зар.
Өстік қой шоқтан тұтанып,
Отыз екінші жылы туғандар.

Айтылсын бәрі сарқыла,
Оқылсын аят, имандар.
Уағызда соны халқыма,
Отыз екінші жылы туғандар!

Есейдік бізге ес кірді,
Сыйлайық жерде жатқанды.
Десе де аят кеш қылды,
Жүрегім «ештен» сақтанды.

Не десек те, досым-ай,
Ренжіп аруақ жатпасын.
Ендігәрі осылай,
Бармағы заман батпасын.

Жоғалған бауыр, жұрағат,
Жазылсын тарих тасында.
Жұтқандарың жұт, опат,
Тұрайық бүгін басында.

Біз үшін олар құрбан боп,
Кетті ғой есіл арманда.
Шоқтан жалын, тұтанды от,
Екінің бірі қалғанда.

Тумай жатып шат күннен,
Қалсақ та ерте айрылып.
Нәр алып ауыр мұңлы үннен,
Өстік қой қалмай майрылып.

Әкелі бала жасқанбас,
Шыдасын қайтіп ол қанша?..
Ол атайды ақсарбас,
Біз ойланып болғанша.

Болармыз кімге өкпеші,
Балғындау күнді еске алсам?..
Бүгін де, достым, сөкпеші,
Митинг жаққа кеш барсам.

Болмай өстік, әрине,
Әке-шеше тотайы.
Жақсы асық жетсе бәріне,
Бұйырды бізге топайы.

Бірақ та бітті жұмыста,
Өзгеде жоқ шапшаңдық.
Қысылып қалмай бұрышта,
Өнерлі көшке ат салдық.

Соқса да тағдыр сойылмен,
Білдірдің, достар, әліңді.
Жетпіс бес жылдық тойыңмен
Құттықтаймын бәріңді!

Шаңырақ көзін тез табар,
Бастапқысы уықтың.
Бергенім осы тез хабар,
Жыл басында туыппын.

Тыңдасын алмай көз ілім,
Құрдастар мұңлы тынысын.
Өмірін көрсін өзінің,
Тағдырластар оқысын.

Жоғалған аға-інісін,
Әлі көп іздеп жүргендер.
Қарындас алсын тынысын,
Ағасын аңсай білгендер.

Өткеннің шерлі үнімін,
Кеше де маған хат келді.
Ағасын іздеп бір інім,
Күтеді арман сәттерді.

Хатынан алды көзім шық,
Жүрекке жылы тіркедім.
Бір ағам бар деп өзімсіп,
Еркелеп келші, іншегім.

Құшақтап қарсы алармын,
Демеспін саған өгеймін.
Жалғызы болсам анамның,
Жүре-жүре көбейдім.

Ақтөбелік, кешіргін,
Боларсың інім, бір құтты.
Жағасында Есілдің,
Әкемді аштық жыл жұтты.

Сенісер сыр ашқанда,
Ақ көңіл жанға жуықпын.
Сөз жықпастай қашанда,
Серттескен жерде тұрыппын.

Күндерде шымыр бесті асау,
Тыншымай жаға жұлыппын.
Көргем жоқ билеп ешқашан,
Алдында «дөкей» ұлықтың.

Арпалыс талай сынатқан,
Сүмбесі болат сырықпын.
Ұяты барды ұнатқан,
Құлымын ғадет-ғұрыптың.

Жыл басында туғандық,
Ағалық маған құрғызар.
Шалыңдар бүгін құрмалдық,
Қуансын ай, күн, жұлдыздар.

Бала-шаға еске алсын,
Есімін ерте өткеннің.
Шөбере-шөпшек көз салсын,
Есінде қалсын өркеннің.

Жинайық гүлдің нұрлысын,
Ауаға жұпар ілінер.
Дән риза басын шұлғысын,
Сол жылды көрген тірілер.

Сөйлесін аға армансыз,
Орындалсын жарлығы.
Суысын жүрек жарған мұз,
Ерісін ескі қалдығы.

Бейітке белгі құрайық,
Үңілер ұрпақ әр уақ.
Бет сипап бата қылайық,
Риза болсын аруақ.

Ащылау айтсам, сөкпеңдер,
Бітелсін жара сөгілген.
Өмірден қапы кеткендер,
Шықпасын мәңгі көңілден.

Азалы жылдың мұң-зарын
Жеткізсем сендер арқылы.
Өздеріңсің сұңқарым,
Халқыма жетер саңқылы.

Досым деп жаздым сенерлі,
Сөз бастауды жөн көріп.
Мұң астарын елерлі,
Кісіге болсын жан серік.

Үн қосармыз пәрменді,
Құйын көшкен дауылда.
Берменге тасып әрменді,
Жүрерміз жоқтың дауында.

Тұтатып сөнген пілтені,
Бастайық достық жиынын.
Отыз екінші жыл төлі,
Жасайық берік ұйымын.

Жүргенде тірі көзіміз,
Батасын көптің алайық.
Өзімізді өзіміз,
Анықтау көріп қалайық.

Соңғы сөз

Отыз екінші жылдың біз түлектері,
Мықты адамдар
Қаулаған жүрек шері.
Қолдарынан түспеді қаршадайдан,
Ара, балта, колшалғы, күректері.

Туған әке аз естіп өсиетін,
Көпшілігі көз ашпай өсті жетім.
Содан олар жасынан тым ойшылдау,
Бұл жалғанның мол шеккен қасіретін.

Көз ашқалы аяусыз арандадық,
Сансыз шаңырақ құрыды қаран қалып.
Отыз екінші жыл жұтса
Ұлттың жартысын,
Қалғанына қосылдық аман қалып.

Қыршын күнде шарпыды соғыс өрті,
Қырық десте орнады өмір дерті.
Сиыр жеккен
Соқа айдап қара парда,
Бір күн біздің өткен жоқ жеңіл-желпі.

Ел тозғанда талықсып жеңіс келді,
Жеңу оңай соқпады немістерді.
Қара қағаз қаусатты аулымды,
Бітеу жара демеспін тегістелді.

Ақ ешкі мен ақ сиыр – қонар бағы,
Анамның да тұрмысы оңалмады.
Көршіміздің оралса бәрі түгел,
Өгей әкем үйіне оралмады.

Анам өтті алаңдап тосуменен,
Жарын ойлап, мені ойлап қос уменен.
Жас жесірлер тым ерте әлек болды,
Бізді үйірге дұрыстап қосуменен.

Бойда күшті дүние бағалады,
Ерте жекті, тай күнде тағалады.
Қара нанды қақ бөлген
Естен кетпес
Интернаттың жаутаңкөз балалары.

Жаман емес, иншалла, үйіріміз,
Отыз екінші жылдықтар – мұң гүліміз.
Біздер үшін үлкеннің бәрі ағалар,
Қадір білген кішінің бәрі ініміз.

Құдай берген құт мінез – бауырмалмыз.
Жетілдік қой деместей жауыр малмыз.
Қайдан шыққан мықтылар екен десең,
Жердің төрі – ардақты ауылданбыз.

Шын елгезек, мейірбан жүректері,
Жетті аштықтан шаттыққа лектері.
Қай арысқа салсаң да алып шығар
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Ауыр жұмыс астында күн елтпеді,
Жеңіл жұмыс үстінен бір өтпеді.
Биыл міне, жетіп тұр жетпіс беске,
Отыз екінші жылдардың түлектері.

Жабағыдан жетілген бала-құнан,
Оқуға да жоқ еді-ау шала-бұлаң.
Жәдігерміз
Сезімтал, шын мейірбан,
Қас пен досты танитын қабағынан.

Шота, Шерхан, Нұрғожа, Камалы бар,
Біз емеспіз тірлікте «шамалылар».
Іштен оқып туыппыз
Басқа түскен
Ішкі намыс сыры көп заман ұғар.

Өкпе-назды іштегі құрықтаған,
Құрдастарым,
Баспадың бұрыс қадам.
Сапқа ілексек саркыла күш төгумен,
Тағдыр бізді табиғи сұрыптаған.

Жеттік біздер биікке тәлтірексіз,
Елудегі нояннан әлдірекпіз.
Нарыққа да қол бердік
Мығым күшпен,
Дербес елге ең берік әл, тірекпіз.

Арамызда мол ақын-жазушы да,
Мыс балқытып, алтын кен қазушы да.
Композитор, суретші, әнші де бар,
Сәулеткер де, сарайлар салушы да.

Ертеректеу айырдық ойдан қырды,
Елдің сиқы кертөбел толғандырды.
Өзі көрген өзгені көп ойлайды,
Көпке арнадық көкірекке қонған нұрды.

Мұзға түссе шоқтай боп із салғандар,
Тас қопартсаң қаусатып құз жарғандар;
Аман қалған аштықтан олжалар ғой,
Жетпіс бесін тойласа қызғанбаңдар.

Отыз екінші жыл төлі – құрдастарым,
Сырластарым – сендермен нұрлы аспаным.
Мұңдастарым – опаттан олжа болған,
Тірі қалған бауырлар – жылдастарым.

Өлең арнап, көсілте ән қосқаным,
Бір думанды тірлікте бар тоқаның.
Жасым үлкен қаңтарда туғандықтан,
Құттықтаймын бәрінді жан достарым.

2006

ҚҰЛАГЕР АҚЫН ДҮБІРІ

Ілияс Жансүгіровтың
100 жылдық тойындағы тебіреніс

Арнау

Құлагер десе қызбас ақын бар ма?!
Ұмтылттым ұлы тойда атымды алға.
Елінен Ақан сері сәлем беріп,
Бас идім жетісулық асылдарға.

Дүбірлі шат думанға ғашық қылып,
Тебірентті асау сезім атқып шығып.
Ақ өркеш асқар таулар жарысқандай,
Тойлы алаң шақырады асықтырып.

Керегін оқыған жан алар жаттап,
Тартуым осы тойға берер баптап.
Келемін Жетісуға құстай ұшып,
Сексен көл сексен әнін еске сақтап.

Көңілім көкте күнмен кеңес дейді,
Бар сырын сыбырламай жел еспейді.
Ілияс десе жүйткіп Құлагерім,
Құлагер десе Ілияс елестейді.

Таулы алқап сансыз белес қапталында,
Құба бел қиқу салған батты ағынға.
Будақтап тойлы думан күміс буы,
Жүйткіген желбіреді ат жалында.

Шарықтап ақын Ілияс 100 жылдығы,
Аксудың етек-жеңі жүз құбылды.
Қорқыттың «Жасыл астау» жазығында,
Паш еттік құс қанатты жыр-ғұмырды.

Өмірдің өзегінен арқау алған,
Тартысты сұм тағдырмен шалқар арман.
Ақынның арпалыста асыл кейпін,
Көрсетті көріністер сахналанған.

Тойбастар

Болады-ау сәнді тойдың басы құтты,
Жарқ етіп төрдің көркі ашылыпты.
Қазақтың бүгінгі үлкен ақсақалы,
Қарсы алды ел-жұрт Бәйкен Әшімовті.

Аңғартса сабырлы өңі мығым күшін,
Кәрі-жас мақтан етті бұрынғы ісін.
Қолтықтап үкімет басын мықтап тапқан.
Ақылын Қонаевтың ұғынды ішім.

Көл-көсір көкірегінде ғасыр үні,
Қазақтың Бәйкен аға асыл ұлы.
Бүгінгі Елбасына серіктесер,
Болса екен осындай бір «Әшімові».

Жететін әңгімесі талай таңға,
Тізбегін көп қызықтың азайтам да.
Рахманқұл күй төгілтсе қайран қалдық,
Сүйсінтті академик Жабайхан да.

Осында өнерпаздар Алматылық,
Ақын қыз Марфуға жүр алма қылық.
Марқакөл маралындай жаутаң қағып,
Барады салғызбастай жанға құрық.

Осында хас мүсінші Төлеген де,
Күш қосты Сұлтанов та көп өнерге.
Бастап жүр ғалымдарды Кенжеғали,
Рухы Қаныш аға жебегенде.

Осында Қабдолов пен Қирабаев,
Төлен, Ғафу, Тұманбай сыйға лайық.
Тұрсынбек Сәкенді айтып жарқ еткенде
Жүрегім тұрды әуеншіл жырға байып.

Жалғады Қабдеш ескі қызық сырды,
Ащы әнге Сәкен сері құныктырды.
Тұрсынхан тау теңселтіп шырқағанда,
Сұқ көзге нақты жасын ұмыттырды.

Күн жылжып, жылдар жүйткіп бара жатқан,
Қалың бұлт селдіреді нала батпан.
Соққылап килы заман тайғақ төсін,
Самғады сәйгүліктер заулап аққан.

Төгілді Ілияс сөзі, өлеңі де,
Кенелді тойлы алаң да кемел үнге.
Ақындар түптен тартып айтып жатты,
Өмірге сенбесін де, сенерін де.

Ақ бура арпаң-тарпаң маймаңдады,
Қақпасын ашты қазақ сайран бағы.
Ырғағын бипыл-типыл бұзбай ғана,
Су жорға ерсіл-қарсыл тайраңдады.

Би билеп қыз-бозбала күй ақтарып,
Орман, тау жаңғырықты құлақтанып.
Ақшаңқан ақбоз үйлер жарқырады,
Айдынға аққу конған сияқтанып.

Оралып ортамызға тарлангері,
Бұл тойға бірнеше жыл қамданды елі.
Алыстан «Шилікемер» қол сілтеді,
Ілияс кіндік қаны тамған жері.

Асықпай Ақсу жылжып саябырлы,
Балқашқа аңсап құшақ жая білді.
Тау жақтан сәйгел қуған самал келіп,
Ажары асыл аймақ жаңа кірді.

Сүйінші ләйлік талдан сұрап барған,
Көк шырша күлімдейді шұраттардан.
Тобылғы, қызыл шілік, лағыл шеңгел,
Қолпаштап қол соғады қыраттардан.

Ет жүрек күй селіне балқыды ма,
Жыр толқып, ән қамалды алқымыма.
Күйлері Нұрғисаның тулап, толқып,
Салтанат қаркын қосты қаркынына.

Жасалар муза сүйгіш түйін мейлі,
Қай қызық қарашыққа ілінбейді?
Жетісу аруының жанарын-ай,
Ұшқыны жүрек шетін тілімдейді.

Ақ семсер жігіттер де көрікті еді,
Мұрт қойып Ілекеме еліктеді.
Айтыста қызды жеңген ақындардың,
Қисайып бара жатыр бөріктері.

Ақынға егде тарту азап екен,
Қыршын жас көрінеді таза бөтен.
Ақсуға Қара Ертістен келген ару,
Пай-пай-пай! Сұмдық сұлу ғажап екен!

Жарасса жастарға көз тамсанғаны,
Қызық қой жолдан тосып қарсы алғаны.
Төстерін орден-медаль алқалаған,
Аланда ақсақалдар алшаңдады.

Халайық қарай қалса бір нүктеге,
Шіркін-ай, жетер дейсің бірлікке не?!
Сәлемін бар қазақтың алып тұрды,
Киелі Қоңыр шоқы – Кіндік төбе.

Жетісу той ордасы көк белеңде,
Алқа топ шабыт берді бапты өнерге.
Осында Алтай, Ертіс, Еділ, Жайық,
Ұлытау, Көкше, Атырау, Ақтөбең де.

Тұяғын хас тұлпардың тай басқандай,
Кімді ойға балалары салмас қандай?
Үміт пен Ильфа, Болат көз тойдырса,
Саят жүр аппақ басын қар басқандай.

Қам көңіл кейде мырза, кейде жарлы,
Қалтқысыз бөліп жеген қолда барды.
Ескі дос Саят сөйлеп топ ішінде,
Күндерді студент кез еске салды.

Мәскеуде оқу бітсе енші көріп,
Өсіп ек Жезқазғанда кеңші болып.
Ілекең аты жабық ауыр кезде,
Жүруші ем жүрегіне емші болып.

Еске алсам біздер үшін көне күнді,
Саяттар сан қыспаққа көне білді.
Жан аға, өзіңнің бір балаңдай боп,
Бұл тойдан аямадым өнерімді.

Ілеке, ақын, күйші, шабандозсың,
Шабысқа Құлагерді аман қостың.
Ұлымын Ақан сері ауылының,
Құлымын жер бетінде саған достың.

Зор думан беріп тұр ғой барын маған,
Сәт туды тасқын тілек ағындаған.
Ел шыркап «Үш арысты» дүбір қызып,
Қалды әрең қайран жүрек жарылмаған.

Бас исек аруағыңа сиынғандай,
Тізбектеу көз жетпесті қиын қандай?!
Дархан той қан базардай буы қызды,
Ақсуға бүкіл қазақ жиылғандай.

Саятта таудан түлкі ілгендеймін,
Жетісу осы десе бір сенбеймін.
Шырқамас «Құлагерді» бір адам жоқ,
Сайрандап Көкшетауда жүргендеймін.

Ілекем басқан ізін тергендеймін,
Жүректі бір жұмсартып, бір емдеймін.
Аркадан ақын Сара айтысына,
Біржан Сал бабамды ертіп келгендеймін.

Толғантты, тебірентті, күрсіндірді,
Аспанда ақша бұлтты исіндірді.
Әкімі Жетісудың Ақымбеков,
Той бастап бар қауымды сүйсіндірді.

Дүбірі тойдың жалғасты,
Жаңғыртты ән-күй жартасты.
Театрланған көрініс,
Өткенді бізбен барласты.

Шырайын бұзбай шындықтың,
Түтінін үзбей түндіктің;
Сайлаухан, Серік, Жамағат,
Тілегін тапты ел-жұрттың.

Басталды, әне, басталды,
Сахна көші астарлы.
Кең дала – шалқар театр,
Құлшынтып кетті жастарды.

Өткерген нелер дауылды,
Көтерген нешік ауырды;
Алдыңа жайып тастады,
Ілияс туған ауылды.

Берсүгір ата қилы арман
Жадынан шықпай жиналған.
Жансүгір жүр серуенде,
Серілік берген сыйды алған.

Телегей-теңіз ой-қиял,
Күдік пен үміт мол сыяр.
Толғатып жатыр келіні,
Толқытқан шалды сол шығар.

Шырағы жанып арманның,
Кірер ме өңі тарланның?
Отызға жеткен ұлынан,
Ұл көру көптен салған мұң.

Дүдәмал күші сенімнің,
Ақ тілек сезер тегін кім?
Өмір мен өлім айқасқан,
Толғағы ауыр келіннің.

Қосылып Ақсу ой-қыры,
Сыйынып Бәкең толқыды.
Матайдағы Молықбай,
Қобызшы келді сол күні.

Шұбар шал досы болатын,
Қыдыр ма осы қонатын?
Боздады қобыз-бозінген,
Төкті саз жүрек жонатын.

Сарнады қобыз аңырап,
Теңселді уық, шаңырақ.
Сырқырады сай-сүйек,
Отарда қой жамырап.

Қобызшы ерні жыбырлап,
Бірдеме дейді сыбырлап.
Құрсаудан бойды құтқарар,
Солқылдап ақты тың ырғақ.

Ұшан судай шашылып,
Күй тулады асығып.
Ақ борандай сыңсиды,
Дауылдай кейде ашынып.

Мұнар да мұнар, мұнар ма?
Мұң-зарын адам ұғар ма?..
Құйыннан кейін ақ нөсер,
Себелеп қандық құмарға.

Лықсып, толқып, қылмаңдап,
Бұлқынса әуез бұлғаңдап;
Қан тамырын дөп басқан,
Әр адам үнсіз тұрды аңдап.

Тіліңе тәтті тамдырды,
Жүректе шаттық жандырды.
Айналтып басын ел-жұрттың,
Тірлікті ұмыт қалдырды.

Бебеуге толы бел-белес,
Сыбырлап соқты жел кеңес.
Қара тас қырда балқыды,
Пенде жоқ қобыз зерлемес.

Ет жүрек қайтсын ерімей,
Қоймады сипап телімей.
Талмауратты, талдыртты,
Аруағы асқан перідей.

Тақырға тайғақ гүл шықты,
Сақауға сайрап тіл шықты.
Дәл сол кезде отаудан:
«Ұл туды!» деген шу шықты.

Сүйінші сұрап аталап,
Кәрі-жас шықты қаталап,
Келіндер салды алақай,
Сүйінші құнын атамақ.

Өрілген жаңа таспаша,
Төгілді әуен басқаша.
Желпінді озған жүйріктей,
Желдірте қайта бастаса.

Молықбай таңы атқандай,
Жолықты арман-сәт қандай?!
Шашырап көкке шаңдатты,
Көбік күй шашу шашқандай.

Масаурап естен танардай,
Аңсаған құмар қанардай.
Күй-сүйінші құйғытты,
Жар салған құтты хабардай.

Көңілдің басты еленін,
Берсүгір тапты керегін.
Күйшінің өңі түзелді,
Сырлы саз сарқып тереңін.

Лебіз берді той демі,
Қозғасын боска ой нені?
Молықбайға Берсүгір:
– Немерем атын қой, – деді. –

Намыспен осы тосканым,
Сайыска осы косканым.
Сен есімін атасаң,
Қостайды барлық достарым.

– Ұршықтай мені зор тұтпай,
Қинама, – деді Молықбай. –
Бақытты болсын тірлікте,
Жын, пері, шайтан жолықпай.

Диуана болған біздерді,
Дүбірден қуып күз келді.
Заманға лайық есімін
Атаса жастар ізгі еді.

Өзің де бекзат текті едің,
Біз үшін заңғар жеткенің.
Баланды мендей зарлаған,
Қобызшы болсын деп пе едің? –

Молықбай атап дос ниет,
Жалынды айтпай өсиет;
Шымшылап қобыз шындықты,
Ашылды асыл қасиет.

– Молықбай, осынау арызым,
Досыңа достық – парызың,
– Деп Бекең сөзден қайтпады,
Қазақтың қайрап абызын.

– Күй емдер көкірек жарасын,
Мен білген, – деді, – данасың. –
Жан баураған күйіңмен,
Жадында елдің қаласың.

Даналық кілтін жасырма,
Тартсын де сендей асылға.
Бейнетпен жетсе табысқа,
Атағы кетер ғасырға.

Ашынба, – деді, – ашынба,
Қарттыққа жылдам бас ұрма.
Сергектік саған бұйырды,
Қобызың барда қасында. –

Молықбай қайта ырғалтты,
Адамша қобыз тіл қатты.
Алмасып жатты күңіреніп,
Бір ащы менен бір тәтті.

Естілді перзент үні жас,
Қам көңіл қалай жылымас?
– Алланың аян бергені,
Ілияс, – деді, – Ілияс!

Әкелді сәби «тақсырды»,
Ата мирас салт құрды.
Шақыртты азан ат қойып,
Мойнына тұмар тақтырды.

Жеті рет «Ілияс» аталды,
Селк етпей сәби бата алды.
Молықбайға сый тосып,
Сипады Бәкең сақалды.

Тастаған ескі өмір із,
Түрленді дала-төріміз.
Туғанын ақын паш етті,
Сахнада сұлу көрініс.

Өмірге жаңа үн шығып,
Әуенін қосты гүл шыбық.
Шілдехана, той жасап,
Тіршілік кетті құлшынып.

Қол жайып, бата құраған,
Тілегін айтты мың адам.
Мұратхан шықты тік шыркап,
Соңынан халық шұбаған.

Әуені елге ұнаған,
Әйгілі сазгер бұл адам.
Төгілді төрге «Ақ бата»,
Құттыбек сөзін жаттата,
Алладан медет сұраған:

Тез өсіп, перзент толсын деп,
Тірлікте жолы болсын деп,
Барады бәрі әндетіп,
Басына бақыт қонсын деп.

Қай жүрек сонда жылымас,
Естілді сәби үні жас.
Жаңғырды дабыл жер-көкте:
«Ілияс туды, Ілияс!»

Жүз жасқа толды сол мезет,
Дауылпаз болды сол өжет.
Құрсауын ашты тар заман,
Тойлауға алдық ер кезек.

Дананы көрген ержүрек,
Барады қарттар селдіреп.
– Өкінбе! – деді, – өктембіз! –
Көгілдір туым желбіреп.

Құлшынған қырда жастық шақ

Салтанат құлаш жайды сәніменен,
Етеді әр кимылға жаным елең.
Кең алқа жер кілемдей сахнадағы,
Жанданып кетті сайда, жазық белең.

Алатау қуаныштан теңселгендей,
Шалқыды ақбас шыңдар дем бергендей.
Балқыған алмалы бақ тәжім етті,
Әжелер шашу шашып еңкейгендей.

Қараймын ат ойнаған қыр басына,
Бір күнде болдық куә бір ғасырға.
Бақ қонған Ақсудағы шағын ауыл,
Дайын тұр жаңа өмірмен сырласуға.

Жансүгір аңшы, сері аймақтағы,
Достары әнші-күйші жан-жақтағы.
Ілияс қанып әке үлгісіне,
Машық боп көп өнерге ән жаттады.

Саятта табиғатпен қауышады,
Сол еді-ау қайран фәни тәуір шағы.
Құс салып, жүйрік баптап, әкесімен,
Төңіректе сан арыспен жарысады.

Жас шәкірт молла үйреткен құбылаға,
Көп қарап дәріс жолын ұғына ма?
Көз салды өмір қия өріне де,
Жас қыран бейберекет тыныға ма?

Жансүгір тарту етті татымды ісін,
Дос етті елде азамат ақылдысын.
Төрт жаста айырылған анасынан,
Ұлынан аямады ақыл, күшін.

Сөз емес ел иланбас ала қашпа,
Жар салып жетті хабар сан алашқа.
Жер жарды Жәкең ашқан тұңғыш тума,
Атағы медресенің Қарағашта.

Құттықтап қыр мектебін Майра келді,
Жайлады Керекудің сайраны елді.
Әрі ақын, әрі әнші, әрі сұлу,
Отты өнер бойға жігер, қайрат берді.

Тамаша «Майралаған» әйбат әні,
Әр перне әз жүрегін сайратады.
Ән-күймен Жетісуда жәрмеңке ашты,
Ақын қыз жетіп тұрған айға атағы.

Қаз қаңқыл қара сырнай серпілді үні,
Орнады Қарағашқа жер кіндігі.
Асқақ ән қалың топты тамсантқанда,
Ер мінез жан құлшынтты еркіндігі.

Сандуғаш сайдан әуен қосқанда үні,
Ашылды күйші-дала қос сандығы.
Жүйріктей қызған сайын өршеленер,
Майраның ұнап кетті бостандығы.

Келеді сахна жасап пәуескемен,
Не деген ашық киял, әуез терең?!
Көз алмай тіл күрмеліп есім кетті,
Шындықты ажыратпай елеспенен.

Не дерсің заты әйел туса сері,
Көз бояп, көкірегіне тұнса лебі.
Сырнайын солқылдата созған кезде,
Үзіліп кетер дерсің қыпша белі.

«Қызы едім мен Уәлидің атым Майра,
Қызыл тіл, көмекеймен бірдей сайра.
Қолға алып домбырамды шырқағанда,
Ілесер сонда маған жігіт қайда?!»

Осылай мың құбылтса асыл Майра,
Селк етпес еті тірі ақын қайда?!
Ілияс тебіренді ойға шомып,
Берместей шабытсыз күн бақыр пайда.

Ақ жібек көйлегін-ай үстіндегі,
Ергендей қыр соңынан құстың легі.
Ақ жүзін қызыл шырай жайнатып тұр,
Ашық күн күзгі шуақ ыстық лебі.

Қос өзен түзегендей қатты ағысын,
Қос бұрым ажарлап тұр ақ шәлісін.
Келеді падишадай жайраң қағып,
Жоқ екен тірі жаннан сақтанысы.

Тік шырқап, демеу беріп қара сырнай,
Ән толқып кетті бүкіл дала тынбай.
Асқақ ән ақ тотыдай мың толғанды,
Аңсатпай алаканға конатындай.

Жайнаған ақ күмістей ақ маңдайы,
Секілді түнгі Ақсу атқан айы.
Қиядан бел-белеске жетіп жатты,
Асыл ән бебеулеткен бал таңдайы.

Басында үкілі бөрік желбіреген,
Тамсанып бұлттар көкте селдіреген.
Елжіреп жас пен кәрі үнсіз қалды,
Жаңбырдай жауған кезде мөлдір өлең.

Сәт туды киял көзге оралатын,
Соқпаққа сүрлем түсті жол салатын.
Тәтті түс, асыл арман осы ма еді,
Қам көңіл жаннат кешіп оңалатын?

Кәрі-жас бір көруге анталады,
Салтанат – Майраның да байқағаны.
Сұрады шәкірттердің арасында,
Кім барын әнге құмар жан талабы.

Ауылға аруақ қозғар сұрақ болып,
Ел састы қалмасақ деп ұят болып.
– Ілияс! Ілияс! – деп жұрт шулады,
Жас шәкірт тұрды жанған шырақ болып.

Жас бала әсемдігі атына сай,
Зер салды жақсылыққа жақын апай.
Жатқа айтты жас Ілияс уыз жырын,
Жасқанбай сынасын деп ақын апай.

Сұңғақ-ты бойы әсем жеткіншектің,
Құлаққа әрбір сөзі еркін жетті.
Кең маңдай, бота көзі жарқ еткенде,
Қалың жұрт көтермелеп екпіндетті.

Естілді есті бала татымды үні,
Байқалды қанат қаққан ақындығы,
Майра да күлім қағып масайрады,
Туғандай жас талапқа жақындығы.

«Қастерлеп Керекудей қатар елді,
Жас ақын, жарсын, – деді, – атағы елді!»
Дән риза сүйсінгендей Ілиясқа,
Бір сүйіп маңдайынан бата берді.

Сырнайын керіп, созып қалықтатты,
Ел-жұрттың ақ тілегін анық тапты.
Батаны әнмен беріп ақын Майра,
Әр сөзін жәмиғатқа машықтатты.

«Десендер ақын Майра сыры қалың,
Сұм жалған қабағынан суынамын.
Алдымда құлаш созған арманым көп,
Жас ұрпақ талабына жылынамын.

Мен көрдім балғын талант шын ғажабын,
Баянды болсын, Ілияс, жыр-базарың.
Самғап өт құс қанатты хас тұлпардай,
Өлең сөз сыйлай біліп мың азабын».

Созылды қара сырнай құс қанатты,
Қолдады дүлдүл ақын жас талантты.
Тойлы ауыл аумин – десіп тәмам етті,
Майраны Ілияс көрген салтанатты.

Әр кезде есіне алса бала кейін,
От салды санасына дана пейіл.
Аққу құс балапанын баптағандай,
Жебеді ақын Майра ана мейір.

Мол екен Талдықорған тойға қамы,
Әркімнің келіп тұрды ойлағаны.
Жетісу сандуғашы Гүлмайданның,
Тамаша Майра болып ойнағаны.

Көрініс болды айтарлық дәріс қылып,
Алған жоқ тірі жанды жалықтырып.
Жаңғыртты өткен күндер өрімдерін,
Қаз қалпы,
Сүттей таза, анық қылып.

Майраны Әсет келді өкшелеген,
Ағылды асқақ әуен, еңселі өлең.
Осылай ынта қосып ұшырасты,
Жас қыран Ілиясқа өңшең ерен.

Тасыған Ақсуындай ағын іші,
Өлеңнен басқаға жоқ бағынышы.
Қыз-шабыт қай қияға сілтесе де,
Басылмас жан анаға сағынышы.

Алатау куә болса мұз-қары да,
Тең құрбы арасында қызбады ма?!
Өтпейтін бір тиіспей Ілиясқа,
Жетісу әнші, сұлу қыздары да.

Жалғасам таңғажайып сезім үзбей,
Аруға ақын өтпес көзін сүзбей.
Жүрді ғой Ілияс та бозбала боп,
Қолтықтап ауыл қызын өзіміздей.

Отырса түңғиыққа терең бойлап,
Сыбырлап сөз сарасы келер ойнап.
Қыз-өлең бала-ғашық бабын тапқан
Салды ғой жас жүрекке нелер ойнақ.

Көз тойып жанға тылсым ілгендей боп,
Кенелдік ақын жолын білгендей боп.
Сезіндік аламан той бәйгесінде,
Ілекең бізбен бірге жүргендей боп.

Түскенде заман толқып бағы сынға,
Із қалды Құлагерше шабысында.
Жүйткітіп бара жатты жыр сүлейі,
Сикыр бар әрбір тұяқ қағысында.

Тайғақ кешу, тар тұзақ

Хош, ауыл! Кетті балаң алыстарға,
Омықпас от басында намыс барда.
Есімі ел құлағын еледетті,
Атағы шығып шулы жарыстарда.

Жас Ілияс өрістеді, есейді де,
Шарлады Ташкентті де, Ресейді де.
Қанықты қалың қазақ мұң-зарына,
Көп көріп есерді де, кеселді де.

Дауылға шықты ашық төсін керіп,
Досын да, жүрді алдамшы қасын көріп.
Алаштың баласына қайран қалды,
Жік салған жақсылардың көшін бөліп.

Ежіктеу ел білгенді кімге керек,
Мәніс көп дөп оралар тілге дерек.
Шабыты ақын Ілияс шарықтады,
Сөз тастап мұңы қалың елден ерек.

«Құр қалған табиғат жоқ танбай менен,
Мейлі алыс, мейлі қиын, мейлі терең.
Нөсерге қара денем малшынғанда,
Қойнымнан боран гулеп айтқан өлең».

Осылай ала құйын ағындады,
Жыр төгіп лапылдады жалын жаны.
Құйғытып келе жатты бәйге өрінде,
Тұлпардай қыза шапқан бабындағы.

Бәйгелер сан сайыста күтті дара,
Дастандар келді өмірге «Күйші», «Дала».
Кеңейді поэзия керегесі,
Зар заман сан сұмдығын ұқты сана.

Мөлдір жыр туды талай асқақ, асыл,
Сұм тірлік ашты айқындап маскарасын.
Басына Құлагердің тиген сойыл,
Өзіңе тиердей-ақ жасқанасың.

Осылай сансыз қырғын дауыл өтті,
Дауыл-жыр көкірегінен жауып өтті.
Атағын Ақан сері елге жайып,
Өлімін Құлагердің аңыз етті.

Көкшенің қайта туды «Құлагері»,
Дүлдүлдің тың дүбірін сынады елі.
Қазаққа мұңы қалың ақын келді,
Абайдың озық туған мұрагері.

Ақындық Құлагері – ағынды адам,
Дәл басты жан пернесін табылмаған.
Өмірдің өрекпіген өртін шалып,
Туды ақын өзі бірге жалындаған.

Жалғады жаңа күймен ескі аңызды,
Маң дала мұңын шертті ең маңызды.
Көп көрген жалғыздықтан жаны қорлық,
Қазақтың зарын жалғап шер тамызды.

Айтқанын адал, таза үкімді етіп,
Ол тапты індет басар ілкім тетік.
Жыр төкті Құлагерді тірілткендей,
Жүрегін бар қазақтың лүпілдетіп.

Ой салған санасына ғарыш-ғалам,
Туды ақын шын ардагер, қарышты адам.
Дәл айтқан әрбір заттың шын есімін,
Ілеке, әр сөзіңнен дәріс табам.

Тойлы ауыл Сырымбеттің саласында,
Көз салсақ оза шапқан қарасынға.
Құлагер жүйткіп жүрген елестейді,
Көкше мен Жетісудың арасында.

Болсам да жерім шалғай алыс туған,
Көремін бауыр басқан нағыз тумам.
Амал жоқ «Құлагер-ақын» атамаска,
Ақынды Ілиястай арыс туған.

Ұлы жыр – Абай ата арнасындай,
«Құлагер» – Ілияс алтын таңбасындай.
Көремін Жетісуды әрқашанда,
Көгілдір кербез Көкше жалғасындай.

Осылай жүрді Ілияс косып елді,
Жарқырап жыр көшіне есімі енді.
Құрасып поэзия тау-жотасын,
Бейімбет, Сәкен, Мағжан досы келді.

Сыйласа білді ақиық Сәкенменен,
Өткізді ақын тойын аты өрлеген.
Ақыры пәле-жала құйындатып,
Кер заман дәмін татты қатерменен.

Бейімбет, Сәкен, Ілияс сыралғы көш,
Ел-жұртқа етті өтірік бұларды өш.
Жасқанбай үш арысым жарқыл қағып,
Жасады жанқиярлық тынбай күрес.

Шинелге айырбастап шапанды да,
Таймады нелер дүркін от алдында.
Есерлер екіжүзді жала жапты,
Ақыннан бүлікші іздеп бет алдына.

Сұм тағдыр, соның бәрін елепсің бе,
Дүлдүлді жығып бердің келеңсізге.
Тасадан сойыл соққыш Қотыраштар,
Арысты жемтік етті өлекшінге.

Аңғардық ауыр күнді сахнадан,
Емес қой таққан жала атына тән.
Секілді күн сәулесі гүлге құмар,
Халқына жау болмайды ақын адам.

Сол ма еді ұядағы аққуды атқан,
Күн кештік үш ғаламат ақынды атқан.
Айырылдық үш дауылпаз, үш арыстан,
Айырылдық әділет пен ақиқаттан.

Кер заман зор қылмысқа батқан екен,
Масқара ел ұмытпай сақтап өтер:
«Халықтың жауы» атап ГПУ соты,
Бір түнде үшеуін де атқан екен.

Үш оқтың үрейді алды жаңғырығы,
Үш мәрте қайталанды жан дірілі.
Түбінде Алматының атылса да,
Халықтың жүрегінде қалды тірі.

Үзілді үш ғажайып таза ғұмыр,
Қансырап қайғы жұтты қазалы қыр.
Сол үш оқ өз кеудеме тигендей боп,
Көкіректен түсті үзіліп азалы жыр.

Үш оқтың зәре-құтты ұшырғанын,
Байқатып шықты өксіп, қысылған үн.
Үш оқтың от жарқылы тұтатқандай,
Қияға жүрек құсын ұшырды әнім:

«Қыранға оқ жұмсау қатерлі
Болса да қатерді әкелді.
Қай сотқар сескенбей атты екен,
Ақиық ақ сұңқар Сәкенді?!

Аз емес дауылпаз тартқан зар,
Түн болды-ау ол күткен ақ таңдар.
Аққуды атқандар секілді,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

Қаракшы қалт етпес сақ па екен,
Қансырап қалды ғой шат мекен.
Ақындық пырағы Ілиясты,
Қай жендет жасқанбай атты екен?!

Тұлпардың дүбірін сақтаңдар,
Ел кешпес күнәға батпаңдар.
Аққуды атқандар секілді,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!

Сұм тағдыр сұқ көзі қадалды,
Тағы да бір арыс қамалды.
Қай саткын атты екен қаймықпай,
Бұлан ер Бейімбет ағамды?!

Ақжолтай арманын ақтаңдар,
Ақынға жаман ат тақпаңдар.
Аққуды атқандар секілді,
Оңбайды ақынды атқандар!
Оңбайды ақынды сатқандар!»

Осылай шер толқытып қамығамыз,
Әр шындық ол кездегі – нағыз аңыз.
Ұлықтан беті қайтқан сорлы қазақ,
Тіл қатпай төрдегіге табынамыз.

Соқтығып кер заманның жарына құз,
Батса да суық ызғар жаныңа мұз;
«Доңызды доңыз жармас» деген сөздің,
Біз қашан мағынасына қаныққамыз?

Ұрынсақ талай кесір жұтына біз,
Жүнін тез үрпиткеннен ұтыламыз.
Бір қазақ бір қазақты түрткілеуден,
Ес жинап қашан ғана құтыламыз?!

Қазақты қазақ құртып қағынамыз,
Әділ іс көп бармаймыз ағына біз.
Дүлдүлді колда барда ардақтамай,
Дүниеден өткеннен соң сағынамыз.

Бейімбет, Сәкен, Ілияс – нұрлы айдарым,
Еріксіз үзіп кетті жыр-қайнарын.
Булығып бұл фәниден өтсе олар,
Бөленіп мұңға қалды нұрлы аймағым.

Жақсыны құрту жолдан – ең керегі,
Соны ойлап жалтақ қолдан жем тереді.
Қулығын жаудың ожар білмегендер,
Досын да жауға қиып сенделеді.

Күйдірмес білместіктің оты нені,
Жауыздың ішінде аю өкіреді.
Сыбырлап ел асылын ұстатқандар,
Кінәсін біліп үнсіз өкінеді.

Үш арыс емес елге шағын аңыз,
Күл шаштық «мұртты шалдың» тағына біз.
Қазақтың ірілері,
Абайдың інілері,
Сіздерге барша қазақ табынамыз.
Үш арыс, сіздерді біз сағынамыз.

Үш арыс, ғұмырыңа тамсанамыз,
Ардақтап аттарыңды ән саламыз.
Қазақтың ірілері,
Абайдың інілері,
Сіздермен мәңгі бірге мақтанамыз,
Ұмытпай тойлы күні қарсы аламыз.

Елге оралу

Қалың қайғы алмасқанда құрметпен,
Бізге қарап мұң жасырып, сыр шерткен.
Үш дауылпаз, үш арысы қазақтың,
Арғы беттен қарап тұрды суреттен.

Кең алқаның келбетіне сән кіріп,
Қағылғандай үш портрет мәңгілік;
Сәкен, Ілияс, Бейімбет тұр сабырлы,
Сымбаттары көрген жанды таң қылып.

Көп қасірет арты болды жұбаныш,
Ауыр күндер бұлдырайды тым алыс.
Сүйіншілеп кең сахна дүрлікті,
Ақталды деп қазақ сүйген үш арыс.

У-шу қызды, жан толқытты қуаныш,
Үдеп кетті әділет жеңген тың ағыс.
Атылғандар тірі қалған секілді,
Тұла бойға бітті тасқын бұла күш.

Қыл пернелі домбыралар ырғайды,
Керней қақты ән қалықтап сырнайлы.
Сахнадағы салтанатты көргенде,
Думан тойдың зор шаттығы ұлғайды.

Көрініске көз көруге талмаған,
Жүрек жамап, бір серпіліп қалды адам.
Құрмалдыққа шалып жатыр ауылдар,
Ақсарбасын үш арысқа арнаған.

Сұлу қыздар шықты билеп бұраңдап,
Отты ақындар тұрды өртшіл жыр арнап.
Арыстарын қарсы алуға шықты ел,
«Абылайлап», «Ағыбайлап» ұрандап.

Үш арысты желе жортқан көз шалды,
Жұрт тым-тырыс тілден шықпай сөз қалды.
Үш салт атты, үш ақбоз ат алдында,
Қырда тұрған үш сурет козғалды.

Бой балқытты «Үш арыстың» назды әні,
Ел қосылды, саз жаңаша маздады.
Үш ақбоз ат – Сәкен, Ілияс, Бейімбет,
Келе жатты қазақтың үш саңлағы.

Үш ағамыз ат үстінде көрінген,
Жарқырады барлық көңіл төрінен.
Көкіректегі қапа-шерді өшірді,
Жамап берді қабырғаны сөгілген.

Орнады сәт қаққан қазық қозғалған,
Құс қанатын алдымызға созды арман.
Үш ақбоз ат желе жортып келеді,
Қатар шауып үш арысым топ жарған.

Қарлығаштар шырылдап жүр тізілген,
Үш ақ сұңқар көкке өрледі түзімнен.
Туған елмен жан әкесін қарсы алып,
Сая келіп сүйіп жатты бетімнен.

Орнағандай әудем сәтте азат күн,
Біз шомылдық ғажабына ғажаптың.
Бүкіл дала «Үш арысты» шырқады,
Қарсы алғанда үш дүлдүлін қазақтың.

Үш ақбоз ат алшаң-алшаң басқанда,
Толқып кеттім қуаныштан сасқанда.
Мана естілген от жарығы үш оқтың,
Ұқсап кетті айдалаға қашқанға.

Тепең қақты үш ақбоз ат желдіртіп,
Еңселері өсті әлемді сендіртіп.
Сәкен, Ілияс, Бейімбетті көргенде,
Көздің жасын тұрды бүкіл ел сүртіп.

Мың құбылды әсем сазы өлеңнің,
Құшақ жайды аруаққа сенер күн.
«Үш арысты» шырқағанда бар халық,
Көкірегіме нұр жауғандай кенелдім.

Қызды молдау көрініске ел сонда,
Той қызығы түсті даңғыл кең жолға.
Егінбаев екеумізді ел-жұртқа,
Таныстырды академик Зейнолла.

«Үш арыстың» авторлары дегенде,
Ел сүйсінді Қабдоловтай еренге.
Қолымды алып, қаулап кетті кәрі-жас,
Қуаныштан қан дүрлікті денемде.

Тап осы күн бір туарын білгендей,
Жүруші едім іштей тілеп үн бермей.
Қазақтың ірілері,
Абайдың інілері,
Масайрадық арамызда жүргендей.

Жаным толқып, қайтсам қайран құмардан,
Шаттық шебін өлшеп, барлап біле алман.
Ілияс тойын ұлан-ғайыр өткізіп,
Орындалды тіршілікте бір арман.

Екі көзден шаттық оты тамшылап,
Қуаныштан әрең тұрдық жан шыдап.
Үш ақбоз ат шауып жетті ортаға,
Үш арысым үш тұлпарын қамшылап.

Үш ақбоз ат тізгіндерін тартып тұр,
Айтты бізге жанарлары сарқып сыр.
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің жарқ еткен
Мәртебесі мың-мың есе артып тұр,
«Үш арысты» тойлы дала айтып тұр:

«Кең даланың кемеңгер перзенттері,
Аңыз-дастан атқарған міндеттері.
Үш сұңқарын, үш тұлпар, үш арысын,
Ғаламат қой туған ел құрметтеуі.

Атқан таңға жар салып,
Жыр төгілтіп, ән салып,
Еңіреп туған елім деп,
Абайдың інілері,
Қазақтың ірілері
Сәкен, Ілияс, Бейімбет».

Шат-шадыман нұр шуағын құштым мен,
Бір ауыр жүк сырғып түсті үстімнен.
Үш ақбоз ат тосып тұрған секілді,
Үш қыранды тосып көлде құс ілген.

Көкте үш қыран қанаттары көлбеген,
Үш ақиық ұшты бұрын көрмеген.
Үш ақбоз ат, үш ақиық жарысып,
Сүңгіп кетті ақша бұлтқа өрлеген.

Үш ақбоз ат тойлы алаңды таң қылып,
Дүркіреді дүбірлері жаңғырып.
Күн батқанда күлім қақты үш жұлдыз,
Айлы аспанда сөнбестей боп мәңгілік.

Үркерленген жұлдыздар көш байлады,
Сөнбестікке жігер-қуат қайрады.
Кіндік төбе сол бір сәтте құлпырып,
Тәуелсіздік алаңындай жайнады.

15.06.1994.
Ақсу – Алматы

ЕСПАЙ СҰЛЕЙМЕНОВКЕ ОДА

Кербез еді Сырымбеттей тұлғалы,
Маңғаз еді қарағайдай шыңдағы.
Ер Тарғындай
Мың кісінің ішінде,
Көрінетін Еспай аға тұрғаны.

Мың тоғыз жүз отыз төртінші жылдарда,
Ауыр шақта ел оранған мұң-зарға
Еңбекшілер ауданының «Детдомын»
Құрған кісі түсіп талай сындарға.

Кер заманда айғақ етті ер күшін,
Ел аңғарды тәрбиегер зерлі ісін.
Жас шәкірті Шамжанова Розаға,
Сонда Мәскеу тақты «Құрмет Белгісін».

Мейлі болсын саясаты Кеңестің,
Орынсыз деп ортайтпайды оны ешкім.
Көкше қызы Кремльде жарқ еткен,
Ол да бірі көзден кетпес белестің.

Асыл аға соғыста өтті бес жылы,
Қырғын майдан қияметін кешті ірі.
Туған елдің шуағында серпіліп,
Құлағында «Катюшалар» өшті үні.

Ауыр күндер соғыс біткен жылдарғы,
Сырымбеттің мектебі зор құндалды.
Интернаты күтіп бізді жыл бойы,
Кешкізбеді қабақ шытар мұң-зарды.

Тағдыр берді Есекеңдей еренді,
Ол басқарды біздің асау белеңді.
Ұмыта алмас
Тәлім алған балалар
Интернаттың директоры дегенді.

Асыл арман, зор қияға ергеміз,
Білім алу, тәртібі де келді егіз.
Ұркия апай тәрбиешім болды ғой,
Еспай аға үйіндегі жеңгеміз.

Ұқсайтұғын Еспай аға көсемге,
Білгір еді, айтар сөзге шешен де.
Еске алайық
Бірге оқыған ұл-қыздар,
Бірі әкең, болды бірі шешең де.

Сонда туды Орал, Оңғар, Сәулелер,
Келді өмірге Зәрә, сұлу Зәурелер.
Еспай аға шаңырағы шалқыды,
Сәт оралды батырға да тәубе дер.

Шындықты айтсам көңіл ауып әр неге,
Пай-пай, шіркін! Қызығы көп әлде де.
Сол күндерде ғашық болып қалыпты,
Әжімұрат іниміз де Сәулеге.

Еске түсіп, бір көтерсем еңсені,
Біздің қиял қияларды көкседі.
Бірге оқыған Сырымбетте, Мәскеуде,
Сағынып кетем, Әжімұрат, мен сені.

Еспай аға әр баламен сырласып,
Отыратын көкірегінен нұр шашып.
Сөз біткенде бір жаңарып қалушы ек,
Көңілде ән, пәк жүректе жыр тасып.

Мейірбан-ды естен кетпес мәнері,
Қарапайым, кішіпейіл жан еді.
Балаларға баяндайтын қазақы,
Ата дәстүр, салт-сана мен кәдені.

Артық айтып, зекірмейтін балаға,
Ашық айтып, ой құятын санаға.
Ықтырмайтын,
Ол ұқтыра білетін,
Әрбір сөзі кетпеуші еді заяға.

Әр ұғымды өте зерлі милайтын,
Бұзбаушы еді-ау кең мінезді бір қалпын.
Жасы кіші директоры мектептің
Мұсаханды ақ патшадай сыйлайтын.

Құлагердің ұрпағы деп қолдатқан,
Мүсекеңде қос қарагер болды аттар.
Ес ағаң ғой қара арбаны сырлатып,
Пәуескелі «Есіл-корап» орнатқан.

Болды ағалар ата мирас құрбаны,
Аппақ күміс қос қара аттың тұрманы.
Тегін емес Мұсахан мен Еспайды,
Бүкіл аймақ өшпес аңыз қылғаны.

Жүйрік еді Сал қарагер – дарасы,
Тік қаратпас отты көздер шарасы.
Сан жарыста озып келдім
Болған соң,
Таңдап алған «ат айдаушы» баласы.

Бәйге алғанда:
«Сырымбетке құт», – дейтін,
Құлагер жайлы әңгімесі бітпейтін.

Озып келсем асханаға апарып,
«Бұл баланы он күн оңдап күт», – дейтін.

Солай бізге бақ ұшқыны қонатын,
Достарым да қыр соңымда толатын.
Нұртас, Қайрош, Нығметжанды апарсам,
Бір сылқиып «свежий етке» тоятын.

Қызғаншақтар сөз қылғанда жақыны,
Тез ұқтырар қызық еді ақылы:
«Сенің балаң атты соғып тастайды,
Кәкімбектің мықты дейтін тақымы».

Мектептегі ойлы ұстаздар бір бөлек,
Бұл интернат болды бізге шын көмек.
Жылы жерде,
Қарнымыз тоқ болған соң,
Жүрегіме жүрдім балғын жыр бөлеп.

Жүдеткен жоқ қозысы мол көгенін,
Алды ақыры баққан төлден көп өнім.
Шота, Айша бірге оқыдық Мәскеуде,
Үзілген жоқ елді ойлағыш өленім.

Жамал қыздың ән салғаны жарасты,
Биші дедік Зейнікеш пен Сарашты.
Еркеш, Нұртас суретші боп ұмтылса,
Ұлан бізбен күйшілікке таласты.

Өнерпаздар интернатта толған көп,
Қосылысты ну сайыста орман боп.
Қыз-бозбала бәрі өргек талапкер,
Арамызда осалымыз болған жоқ.

Ер балалар жігітікке қамданып,
Жақсы оқыдық ел алдында бақ жанып.
Тәрбиеші, мұғалімдерге мың алғыс,
Біз солардың ізгі араманын жалғадық.

Беру қиын ұстаздарға бағаны,
Олар бізге қақты берік тағаны.
«Тәрбиешілер генералы» атаймыз,
Нар тұлғалы абзал Еспай ағаны.

09.09.2005.
Астана

ТАҒДЫР

Тәңірберген Жалмағамбетовке

Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.
Абай

Толғаныс

Шырт ұйқыда кешкендей өрт-қамалды,
Есімді алды ауыр түсім таң алды.
Ақындардың барлығы да осындай,
Көкірек жарған толғаныстан жаралды.

Көруші едім шымқай киік-маралды,
Осынау түсім...
Астан-кестең жаңарды.
Алматыда қарға-құзғын қаптаған
Қаркылдаса тұрдым ұстап жағамды.

Қарқ-қарқ еткен көп қарғадан шошыған,
Қан оятты тамыр бойлап тасыған.
Өтіп бара жатыр екем мен сонда,
Карт генерал тұрған үйдің қасынан.

Ес білгелі етсең, Тәңірім, зерделі,
Бір адамның мұңын шегем ең кемі.
Көргеніме кетсе жаным жалындап,
Ол – шабыттың жан-тәнімді жеңгені.

Аласапыран ауыр ойдың келгені,
Тағы да бір тасқын ба еді, сел ме еді?!
Жыр сыбырлап,
Дауыл жеңсе көңілді,
Құтты жолға Алла бағыт бергені.

Тірліктегі қызығым мен азабым:
Ойдан толқып,
Көзден көлкір наз-ағын.
Сұм жалғанның ашсам жабық ырғағын,
Ақ жем етпей бәз қалпында жазамын.

«Кездейсоқ іс» деп біреулер сөкпесін,
Кездейсоқ па...
Ұрлап кету өштесін?!
Беу, ағайын!
Бақталасты ұрлату
Күнде соғар заңға айналып кетпесін!

Тура айтамын,
Сөз не берер астарлы?!
Алматылық КГБ-ны баскарды.
«Үндеместер» генералы,
Оған да
Қарға-құзғын қаркылдауы басталды.

Шетін байқап адам шеккен азаптың,
Келер кейде, нелер ойлы наз арткым.
Сәл саңлаудан сонда аңдап қаламын,
Әл-дәрменін елі-жұртым – қазақтың.

Ақын-кенші
Мен де пенде – адаммын,
Бірақ көптеу маңайыма алаң күн.
Көзге ілікпес көріністен сезем ін,
Келе жатқан құйын-желін ғаламның.

Алабүлік, қиян-кескі замана,
Мың толғаныс салдың бүгін санама.

Үңілдім де түңілдім мен:
«Бұл не, – деп, –
Көрсеткенің Тәңірберген ағама?»

Қайғы түсті өжет, қайсар шырайға,
Болбыр болса тар қыспаққа шыдай ма?!
Шарболаттай қызған отқа шыңдалған,
Тарлан екен тіл тигізбес Құдайға.

Көңіл-көлге туды қапа толған күн,
Арнасынан асып, қалам қолға алдым.
Аз уақытта шексе Тәкең үш соққы,
Шыдай алмай паш етуге толғандым.

Бірінші өлең

Келді өмірге Ақтөбе өңірінде,
Көркем Арал жайнап тұр көңілінде.
Осында өтті жастық шақ – асау толқын,
Ауыр жүкке аянбай жегілуде.

Көкше, Шымкент, Ақмола
Анықтама
Бере алады сыйлы деп халыққа да.
Кешегіні бопсалап көксеген жоқ,
Сәт тіледі ашқарақ нарыққа да.

Ашық сырын ағаның терең сездім,
Күні-туды қалтқысыз сенер кездің.
Тәңірберген – шын құлы,
Шын тірегі:
«Тәуелсіз ел, қазағым» деген сөздің.

Қай қиынға салсаң да табар тетік,
Ұл өсірді,
Қыз күтті бағалы етіп.
Сақ қырандай сақталды қарт генерал,
Бара жатыр деместей заманы өтіп.

Ұрпағы өсіп
Күн жетсе кемелденген,
Осы ма екен кездейсоқ әмір келген?..
Жетпіс бестен асқанда кесел меңдеп,
Бір аяғын тапсырды Тәңірберген.

Сыркыратқан сүйекті машақаты,
Бір құлатқан бейнет қой арғы заты.
Оқ тигендей ойлантпас сыннан өтті,
Егемен ел ардақты азаматы.

Зиялы жан құтты өмір жүрген кешіп,
Аз емес те....
Қызық күн күткен нешік.
«Үндемес» қой,
Ләм-мим үндеместен,
Берді аяқты тізе емес түптен кесіп.

Әлсіреген Аралдай сынақ батты,
Ұқсас тағдыр тәлкегін жүз аңғартты.
Суы қайтқан жағалау секілденіп,
Бір аяқтың сұлбасы құрғап қапты.

Ер Тарғын мен Маресьев келді есіне,
Ішкі намыс қаулап тұр зердесінде.
Аунап тұрған жүйріктей жүріп кетті,
Тың серпін бар қос балдақ сермесінде.

Бос налымай
Кейде қос қанаттана,
Құлаш жайды ой жеткен тағатқа да.
Шығып жүрді біздерден бір қалыспай,
Лифті жоқ бірнеше қабатқа да.

Көшкен «ақ құм» зіл салған еңсесіне,
Қайтқан Арал мұң-шері келді есіне.
Сол аймақтың қорғайтын балаларын,
Барып жүрді қасиетті кеңсесіне.

Мұңы бітпес тірлікте білікті ердің,
Беу, ізгілік!
Үзілмес үміт бердің.
Сол кеңседе есімін айқындайды,
Оралмаған майданнан жігіттердің.

Бойға біткен байсалды салмақ жеңіп,
Ойға келген талабын талдап берік;
Қос білекке қос тілек дем бергендей,
Келіп жүрді жұмысқа балдақ жегіп.

Айқасында Аралдың жүрген маған,
Генералдан үлкендеу көрінді ағам.
Күрт өзгерген өз күйін ойламастан,
Зардап шеккен аймаққа болды алаң.

Шағалалар сағынтса шалқып жүрген,
Құрбылары табынтса балқып күлген;
Ол – тарлан ғой,
Аралдың сұлу кезін
Әлдекайда біздерден артық білген.

Әрекетің – пәлекет, қайран ғасыр,
Табиғатта кесел көп болған масыл.
Осы Тәкең
Мен үшін кім десеңдер,
Арал үшін айқаста майдандасым.

Мәжіліс құрсақ басымыз құралысып,
Үндестерміз достасқан сыр алысып.
Кейде ертерек келгенде жұмысына,
Машинадан жүруші ем шығарысып.

Екінші өлең

О, Тәңірім!
Тоқталмай сонымен,

Секем алдың,
Шіркін-ай, оны неден?..
Көл қорыған қызғыштай ел қорыған,
Ол жүрді ғой жәдігер жолыменен.

Сокыр тағдыр,
Мойныңды бұрып алдың,
Тап осы үйдің алдында тұрып алдың.
Жығылғанға – жұдырық,
Зар әкелдің,
Серік атты нар тұлға ұлын алдың.

Шығандаса әл берген ел тілегі,
Мейірімді еді әлемшіл кең жүрегі.
Елшісі еді қазақтың Париждегі,
Естіген жан егілді, елжіреді.

Өрге тартар ауыр жүк берсең нендей,
Байыпты еді
Күшіне ел сенгендей.
Окыс қаза шошытты дос-жаранды,
Мұнарасы Эйфельдің теңселгендей.

Ертең елге жүрерде құлағаны,
Құтты әулетке орнады мұң аралы.
Балдақ мінген әкесін қуантуға,
Дертті жүрек бір түнге шыдамады.

Жайдың оғы түскендей бұтағына,
Аяқ қайда?..
Ұлды ойлап жұтады да;
Елмен бірге естіртті Тәңірберген,
Асыл жары,
Қарт ана – Жұпарына.

Бұлт түнерді,
Ай көкте жылап тұрды,
Алматыны Шалқармен ұластырды.
Бәйкен аға досына токтау айтса,
Қарт Алатау қамығып құлақ түрді.

Бірі кетіп, жатқандар бірі келіп,
Шын жұбатты ақ жүрек гүлін бөліп.
Тынысы аз болса да Тәкең біздің,
Құрыш екен жазмышқа діні берік.

Әзер қонған қырандай ұзақ ұшып,
Білдірмейді кетсе де ыза қысып.
Әр сөзінен досының қайраттанды,
Қолындағы балдағын қыса түсіп.

Генерал ғой...
Көрмейсің тозған шалды,
Үміт оты қамыққан өңін жарды.
Ардақты ұлы жерленді бар құрметпен,
Дін мұсылман рәсімі орындалды.

Жұбаттық та жылаудан сақтандырдық,
Серікжанның есімін мақтан қылдық.
Министр бар
Тоқаев Қасымжомарт,
Бүкіл ел боп аққа орап аттандырдық.

Құран сөзін
Тыңдаса ұйып бәрі,
Сол әлдимен жас қазақ ұйықтады.
«Торқа болсын топырағы» деген сөзбен,
Бар тілекті ағайын тұйықтады.

Елу жасқа жетпеген қыршын еді,
Ерте кеткен есімін білсін елі.
Тәкеңді аяп жеңешем бәйек болса,
Жұпарды ойлап...
Ағамыз күрсінеді.

Өмір салса үр жаңа арнасына,
Қайта-қайта қарайды тау басына.
Немересін иіскеп:
«Құлдық», – деді
Қарт генерал келгендей тәубасына.

Үшінші өлең

Тоқтамады-ау...
Құйын-жел сонымен де,
Долы доллар айқасты сорлы теңге.
Рэкет, мафия шошытты, мимырт етті,
Адамды ұрлау көбейді момын елде.

«Қолды болды...» – жөні сол бар хабардың,
Айналама келді шын таң қалар күн.
Жабық сырын дүниенің ашып па еді,
Түсімдегі қарқылы қарғалардың.

Ебедейсіз зор қырсық қоңсы қонды,
Із білдірмес түлкінің қосы толды.
Ұры «дөкей» болған соң
Тірі жанның
Көрген күні ендігі осы болды.

Сыбайласқан «ептілер» бабында тұр,
Құдай қосқан көреміз «бәрін батыр».
Аркалылар ойласа елдің қамын,
Қалталылар күнде ойран салып жатыр.

О, тағдыр-ай!
Сол ма еді әлің келген?!
Тағы түсті сұқ көзге Тәңірберген.
Мұрат атты кіші ұлы «қолды болды»,
Торға түсті барлаушы тәлім көрген.

Сұмдық жетті
Сұрқия жер-көктегі,
Сұр жыланның сиқын ел көрмек тегі.
Саналы жан есінен танып қалды,
Бала шошып оянды жөргектегі.
Сұрғылт тұман,
Сұқтанды кәрі күзде,
Селк етпеуге жетпеді әліміз де.
Мезі болып, мезгілсіз тұтылғандай,
Күн ұялып қарады бәрімізге.

Қалай жылдам бұзылды қалпың, заман,
Ардагерге қарашы қалтылдаған.
Қарт ананың көзіне маржан тұнды,
Жанып-сөнген түнгі оттай жалтылдаған.

Ой-хой, нарық!
Ел жұртты үмітті еттің,
Адамды ұрлау парқыңды күдікті етті.
Бір аптаның ішінде
Мұраттардай,
Алматыда бірнеше жігіт кетті.

Шәйкеновтей зор әкім...
Шарасы жоқ,
Кетті інісі... – бере алмай ағасы сеп.
«Тажал апта жұтқанның барлығы да,
Газет айтты, – қазақтың баласы», – деп.

Түн жасырды тым асып-тасқандарды,
Жоқ қылды олар өзінен асқан жанды.
Шейіттердің жалғасты рухтары,
Жұлдыздармен сыңсыған аспандағы.

Салма сөзді, беу, достым, қатал сынға,
«Кездейсоқ» деп осыны атарсың ба?
«Ұсталмаған ұрының» тірегі зор,
Қол сала алмас қуғыншы ожар сұмға.

Естігенде
Телефон жас баладай
Шырыл қақты, тік айтты таспаламай.
«Білдім, сездім,
Түсіндім, ұқтым...» – дедім,
Ішім суып ар жағын қазбаламай.

Көлеңкесіз көшеде
Күнгейді алдым,
Жеттім тізгін ұшымен,
Күймей жандым.

Тәке, Жұпар жеңешем,
Осынау жолы,
Не дерімді сіздерге білмей қалдым.

Білмей жүрмін
Әлі де не дерімді,
Сау сақтасын деймін жас терегіңді.
Жамандыққа қимаймын,
Тірі болсын,
Жақсылыққа жоримын дерегімді.

Аңғал жанға
Әккі қу еркін кетті,
Дұшпан ғой дер, сескенер ес кірмепті.
«Мама» деді ол ұялы телефонмен,
Өзге сөзге мұршасын келтірмепті.

Сол көрініс жанымды түршіктірді,
Шық түскендей маңдайға бүршік тұнды.
Сол кеткеннен мол кетті,
Жылға тақау
Хабар-ошар із салмай қырсықтырды.

Бұл шындықтың куәсі болғандығым –
Ар -ұяттың байқатты тозғандығын.
Адам емес,
Айуан ғой ұрлап кеткен
Қайғылы үйдің сайыста озған ұлын.

Сан жылпоска бұйырды-ау әзір несіп,
Әмірлесіп кетті олар мәлімдесіп.
КГБ-ның зар шексе генералы,
Жай адамдар
Десек-ші халі нешік?!

Тәубесі мол Тәкеңнің аз бақытқа,
Бүкіл елмен жүрді дәл бір бағытта.
Қатал екен сұм тағдыр
Үш соққысы,
Қатты кетті тигендей бір уақытта.

Біріншісі – Алматы ауасынан,
Екіншісі – тағдырдың дауасынан.
Үшіншісі – тік жұту адамды адам,
Қалай үнсіз шыдарсың дәл осыған?!

Ұрлық-зорлық – қарасаң қос елеске,
Екі сайқал ежелден дос емес пе?!
Адамды адам ұрласа жұттан жаман,
Азғындықтың нышаны осы емес пе?!

Біріншісі – шықпаған жан сұратты,
Екіншісі – қайырымсыз қансыратты.
Үшіншісі – Жұпар мен Тәкең түгіл,
Естір құлақ – естіні сансыратты.

Бірге шешіп қаншама сұрақтарды,
Дос-жарандар бастарын құрап қалды.
Тәкеңменен Жұпарға сүйеу болып,
Бірге кешті соншама сынақтарды.

Содан болар нар тұлға есендігі,
Немерелер сүйеніш – өсер гүлі.
Мұратты ойлап
Ертеңге үміт артса,
Ұмыт болар бастапкы кесел жүгі.

Тұлпар қайда?
Туды күн есек мінер,
Бұлт түнерді аспанда тежеп жігер.
Қанша мықты болса да Тәңірберген,
Жүдеп қалды,
Жаратқан, жебеп жібер.

Аса қатты аз күнде сынаттың да,
Біреу аз боп,
Қос туын құлаттың ба?!
Өзін есен сақташы,
Қуат берші,
Бір хабарын жеткізші Мұраттың да.

Аңғал жанмын
Ой бүктеп жасырмайтын,
Тоқтау қайда толағай ашылмай сыр?!
Жаббар ием,
Жар болшы, шын бар болсаң,
Әлі күнге қорқыныш басылмай тұр.

Пендеміз ғой
Сиынар бар ұрыпқа,
Мұң шағамыз таудағы жаңғырыққа.
Бір кездейсоқ іс болды деп ойласақ,
Айналмасын зомбылық заңдылыққа.

22.08.1998

МАЗМҰНЫ

Кісіліктің кілтіне ие 3

Бірінші бөлім
Өлеңдер

Жетісудың жаңа әні 11
Тілейтінім 11
Алматының ауасы 12
Аулақ жүр... 13
Ғұмырым 14
Ел тойына сеп болар 14
Алатаудың ақиығы 16
Естеліктер желісі 17
Қасымға 19
Қимастық 19
Менің батам 20
Бақыт жеңгем 22
Тебіреніс 22
Ел төрінде қарышта 23
Ән-жұмақ 25
Той дүбірі 26
Күтер карлы жоталар 27
Арнасын Алла асылын! 29
Сері қыз 30
Марат Жаркеновке 31
Сұлу ән 32
Хош, бауырым! 33
Мықтылықтың белгісі 34
Ескерту 36
Аңшылық 37
Данияр құдаға 38
Оңдасынға 38
Елді таптың – ес жидың 40
Романс 41
Рухың бара жатыр мәңгілікке 42
Арнау 44

Тасқын мен толқын 45
Барша қазақ бірлігінің белгісі 47
Қызылжардың қыздары 47
Есен бол өзің, Асқарым! 48
Інілерге ескерту 49
Келіндердің генералы атайық 50
Сексенге келген кеншіге 51
«Күн жақсы өтсе...» 53
Кіндік қаның тамған жер 53
«Күн аз болды...» 54
Серік Оспановқа 54
«Лала гүлі...» 55
Ақ тотықұс кетті ұшып 56
Алматыда «Тәуелсіздік алаңы» 57
Тулап қал, жүрек, тулап қал! 58
Той жыры 58
Күзгі романс 59
Қыздырды қызыл жыңғылың 60
Ұстазымның баласы 61
Шадиярдың көйлегі 63
Домбыра 64
«Көкірегіңе...» 65
Егделік 65
Шын махаббат сөнбейді 66
Күрсінбе бекер 66
Ұлар үміт 67
«Саяхатта жүргенде...» 68
«Алдымда орыс орманы...» 68
«Күрке тал сәнді ғұрпымен...» 69
Сәуір 70
Құштарлық 70
«Күмбірлейді домбыра...» 71
«Түні бойы...» 72
«Жас киіктер...» 72
«Періштем...» 72
«Жарқ етер...» 73
«Тойымсыз...» 74
Жаңа романс 74

«Мінезің ашық ғажайып...» 76
Жүрегім кетті жоғалып 77
«Шошытпасын...» 77
Бақұл бол, аға! 78
Ұмытпайық, мұрттылар 80
Шыркашы, қалқа, шыркашы 80
Махамбет – ерлік үлгісі 81
Шексіздік 82
Ғарышкер ән салғанда 83
Бұқпаға 84
Толғаныс 85
Тоқтамайды жұмыр жер 86
Тарих берген қосақтар 87
Ғаламаты әлемнің 87
Ардақты абыз ақсақал 89
Бөрте ханымның сөзі 90
Раушан гүл 91
«Кондуктор...» 91
Төрткүл дүние секілді 92
Өзі сұлу, сөзі сұлу жан еді 93
Ұлпанның би-болыска айтқаны 94
Мәңгіліктің жолдары 96
Той жалғасы 97
Ғабит тойы қызғанда 98
Ғабеңді сүйген еріндер 99
«Жақсы адам...» 100
Мен сені сағындым дедім ғой 100
«Ақ сүт...» 101
«Кәмпит жесек...» 101
Аққудың көгілдірі 102
Тыныш қана... 102
«Жылқы мінез...» 103
Қайда деп сұрайды 103
Дәрігерлерге сенемін 104
Тамшы дәру 105
Тойдағы жігіт өлеңі 106
Күлбәрәмді құттықтау 107
«Елдес те еді....» 108

«Талай жыл...» 108
Әділдіктің қорғаны 109
Атығай мен Қарауыл 110
«Хас тұлпардың тұяғы...» 111
«Ұқсамайды жүйрікке...» 111
Ініме хат 111
Ғашықтың тілі 113
Есіл таңы 114
«Ақбұлақ шеті...» 115
Қақпақыл 115
Жүрегіме 116
«Көп боп кетті-ау...» 117
Кел, достар! 117
Жағалауда отыр жалғыз келіншек 118
Түн ортасы ауғанда 119
Сұлулық пен махаббат 120
«Өтіп бара жатыр ма...» 121
Тыныштықтың сыңғыры 121
Соғыс жылғы балалар 122
Жалғыз аққу 123
Тіршілікті сақтап тұр 124
Естелік 124
Жапондарға құмартам 125
Салыстыру 125
Бәзиляға 126
Асықпайын 127
«Қайран жастық...» 129
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен? 130
«Жүзің қандай жылы еді...» 130
«Пай-пай, шіркін!..» 131
Туған жердің қымбаты 131
Ұлытауға тағзым 132
«Арнау өлең тасыттым...» 133
Мойылтал 134
«Ақымаққа...» 136
«Баласыз қалған...» 136
Тіршілікке құштарлық 137
Қайыршылар 137

Көңілім 138
Жетпістегі мектептестің жүрегі 139
Бұлттарға 140
Ертай Қазыбековке 140
Бойда сенім бекінді 141
Үміт 142
«Немерем...» 142
«Сақта, Құдай...» 143
Жетпіске жеткен тойымда 144
Ақын 145
«Қуатты бойда шамалап...» 146
Ақанға берген ақ бата 147
Келмейді оралып 148
«Салғандай-ақ...» 148
Қапшағайдың аруы 148
Майра Ілиясқызына 149
Құттықтау 150
Дүниеден озды екі сәйгүлік 151
Ұстазыма алғысым 152
Кеш қалған жоқпыз бақыттан 153
Бір анадан туғандай 154
Ардақты інім, самғай бер 154
«Тас жүрек...» 155
Мен қалайша ұйықтаймын? 156
Сағыншақпын... 156
«Жақсы адамды сергітсең...» 157
Елге естілді елудегі дүбірің 157
Қажымұрат Нағмановтың сөзі 159
Ақ сұңқар қанатында 160
Ақ батасын бергендей сегіз сері 161
Жеңге тойы 162
«Бір теңеумен...» 163
«Жөптейді тағдыр...» 164
«Биікте...» 164
«Мөлшер бар...» 164
«Қалай ғана...» 164
«Жүрекке...» 165
Қартаюды білмейді 165

«Дербестік елім алғанда...» 166
«Дүние...» 167
Ерлан Смайыловтың айтқаны 167
Үш сонет 168
Сапаржайым – «Сайраным» 169
Сезім селі 170
Әйел неден жасалған? 171
Әңгіме мен қорытынды 172
Ақындардың бергені 173
Ғалымға 174
Бақытхан салған сурет 174
«Оятты тәтті ұйқыдан...» 175
Махамбеттің әсері 176
Сирек туған құбылыс 177
Қыраны елдің – Қызылжар 178
Маратқа 179
Қарағанды 179
Кетпейтін не бар көңілден?! 181
Ғашық ән 182
Бұлақтың көзін ашқанда 183
«Жөндеп те айтпай...» 184
Немереме асыл сыр 184
Орыс дұрыс 185
Қызылжарым 186
Қазақтың партизандар көсеміне 187
«Бею, жүрегім...» 188
Не қызық? 189
«Ұйқыға кетті...» 189
Ұлытаудың гүлдері-ай 190
Өмір-арман 191
Көп оқудың бергені 191
Үміттену 192
«Жақындап...» 193
Махамбет 193
Алатауға 194
Үміт, қауіп, уайым... 195
Аттила 196
«Өзім сау...» 197

«Өзім сау...» 197
Мағжан аға сөйлейді орыс тілінде 198
Ән-күйдің Марғұланы, Магелланы 199
Өмірімнің өзі өлең 200
Берік бол, досым Бердібек 201
Баянғалиға 202
Көгілдір туы елімнің 203
Бағына біл ақылға 204
Асыл сыры алпыстың 205
«Шабыт мені арбады...» 207
Ибраһим мен Мираға 207
Ортақ ана 208
«Көңілдің құштар кезінде...» 209
Өмір-өлең 210
Жайна, «алтын домбыра» 211
«Таңғажайып келбетің...» 211
«Көз салсам...» 212
«Бір сүю...» 213
Қайталанбас өткен іс 213
«Жүректің...» 214
«Құлақ салсам...» 215
Ақтоты 216
Сүйгім келді 217
Анашым 217
Жұлдызың жансын, Астана! 218
Көктөбеге 219
«Тайғақта...» 220
«Ұлым-ау...» 220
«Жүйткісін...» 221
Бұлбұл қызы қазақтың 221
Сәлемімді ал, Астана! 223
Дәрігерге жалыныш 224
Әшірбектің достарына алғысым 225
«Бәйтерек» – Астананың бойтұмары 225
Көңіл назы 227
Киелі аймақ – Сарыарқа 227
«Көшіп келдім...» 228
«Жанымның жарасы көп...» 224

Қорқамын 230
Сұрақ белгі 231
Әулие 232
Кеншілікке алғысым 233
Қалалардың сұлтаны 234
Қос алып 235
«Қай заманда...» 235
«Нәзік жанға...» 236
Жасай бер, біздің Елорда! 236
Ұрпақ сыры 237
«Кештім бүгін...» 239
Дүние барады сырғанап 239
Желді сүйем 241
«Сұм жалғанның...» 241
«Бұрын досым...» 242
Ақ қағазға 242
«Обалды білмес...» 243
«Бұдан да жаман күн болған...» 243
Бір жұтым судың бағасы 244
Барша қазақ жан жылуын арнады 244
Сөз-жұлдыз аспанының ғарышкері 246
Керекудің қыздары-ай! 247
«Қамсақты...» 248
Сенім 249
Есіңе алшы... 249
Кеншілердің қаласында біздің үй 250
Құрдасым 252
Ауылдағы ақсақалға жауабым 253
Білмейді-ау деп қорқамын 254
«Көңілді көркі тозғанда...» 255
Аққу келді 256
Ақ сағыныш 256
«Ай сәулесі...» 257
Бүгінгі романс 257
Көңіл күзі 258
Күзгі романс 259
Омбыдан келген құдағи 260
Шекарадағы хикая 261

Омбыға жаңбыр әкелдік 262
Шаршағаным басылды 263
Омбыға сапар 264
Ақ тілекке мол жаңбыр 264
«Сұлумен...» 265
«Қолыма қалам алдым...» 266
Ән қуаты 267
«Көз шалса ақ нұрыңды...» 268
«Оятып таңғы ұйқыдан...» 269
Сағыныш – менің тірегім 270
Ата-ананың елесі 270
«Көзіңнен айналайын...» 271
«Ару-ана...» 272
Жігіт назы 273
«Кей арулар» 273
Кенші өмірі 274
«Құлан өтпес...» 275
«Түсіп тұр...» 275
«Бір қатеңді...» 276
«Әнші қыз...» 277
«Тер төгіп...» 277
Бүгінгі жазған өлеңдер 278
Ең жақсы өлең майдағы 279
Он алты қыз Көкшеде 279
Махаббат мерекесі 280
Сабыр Хамзинге 280
Қонақ екен қыз бала 281
Жыр әкелдім 282
Макбеттің хаты 283
Аққуды көріп қалыңдар 284
«Беу, тағдыр...» 285
Қазақтың зор мықтысы 285
Қарсақбай таңшолпаны 286
«Келдім, көрдім...» 287
Ақынға 288
Кенші қауым 288
Шахталас досым, аман бол! 289
Тебіреніс 291

Экспромттар 292
Ескі шахта қалқаны 293
Ақын Тайжан әндері 294
Құттықтау 295
Бекболат ән салғанда 297
Бір Алла оны кешірсін... 301
Балташқа жауап 302
Ауыл десем... 303
Ағатайым 304
Домбырамен сырласу 305
Қажымұратқа алғысым 306
Сағымда жүзің көрінді 307
Тәттімбеттің жан азасы 308
Бас құдамыз Бостонға 309
Тұманбайға 310
Тіліңді қорға, қазағым! 311
«Бәйгеге тұлпар кеш қостым...» 315
Бір шенеунік ініме 315
Тамаша 315
Дастарханы қазақтың 316
Ашық сыр 317
«Қарашы...» 319
«Өлең жеңіл ермек емес...» 320
Ақ күлкі 320
Жұлдызың жанды қайтадан 321
Өмір сыры 322
Жас Біржанға 323
Сал-серілер өрісі 324
Әйелдердің мінезі 325
Үмітжанға 326
Бас құда Нығметжанның сөзі 327
Астанаға ол бүгін сәлем берді 329
Гүлданаға 330
Бесік тойы 331
«Артымда...» 332
Жақсы ініме ақ тілек 333
Құтты болсын жетпісің 334
Оқыс қаза... 336

Ізгіліктен жаратылған жан едің 338
Еркіндік 339
Құдашаға экспромт 339
Асыл аға ақ құсы 340
Бір тыңдасаң Мақпалды 342
Мәлік аға аруағы кешірсін 344
Сегіз сері 346
«Хас бәйгеде...» 347
Қадыр Мәткеновке 348
Төрегелді Шармановқа 349
Тоқсан жаспен құттықтау 350
Досқа сыр 352
Құтты болсын алпысың 353

Екінші бөлім

Поэмалар, толғаулар мен одалар

Жарысбекке ода 357
Заман сыры 362
Ауыл жайлы толғау 365
Ұлттық бейне ойлантса 369
1932 жылы туғандар 373
Құлагер ақын дүбірі 391
Еспай Сүлейменовке ода 416
Тағдыр 420

КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

СЕГІЗІНШІ ТОМ

КҮЗГІ ШУАҚ

ӨЛЕҢДЕР, ПОЭМАЛАР, ТОЛҒАУЛАР МЕН ОДАЛАР

Жауапты редакторы *Қуат Құрмансейіт*
Техникалық редакторы *Раушан Тұрлынова*
Суретші-дизайнер *Жеңіс Қазанқапов*
Корректоры *Бибісара Рахатова*
Компьютерде беттеген *Динара Кенжебекова*

Басуға 09.07.09. қол қойылды. Пішімі 84х108 $^{1}/_{32}$. Қаріп түрі «Таймс».
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 28.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 0148.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000. Астана қаласы. Ш.Айманов көшесі. 13